«Дала фольклорының антологиясы» жобасы
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» еңбегінде көтерген бастамасымен
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының аясында
жүзеге асырылды

«ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ
МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ» ЖОБАСЫНЫҢ
РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ

Көшербаев Қ.Е., төраға

Әзібаева Б.У.
Әлбеков Т.К.
Жүсіпов Н.Қ.
Керім Ш.Т.
Қазтуғанова А.Ж.
Қасқабасов С.А.
Қирабаев С.С.
Қоңыратбай Т.Ә.
Қорабай С.С.
Матыжанов К.І.
Пангереев А.Ш.
Рахымов Б.С.
Ыбыраев Ш.Ы.

ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ АНТОЛОГИЯСЫ

ОН ТОМДЫҚ

6 ТОМ

ҒҰРЫПТЫҚ ФОЛЬКЛОР

Алматы, 2020

УДК 398
ББК 82.3
Д 15

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша шығарылды

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының докторы,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Матыжанов К.І.

Томның редакция алқасы: Матыжанов К.І. (*төраға*), Қалиева А.Қ. (*жауапты хатшы*), Қасқабасов С.А. (*ғылыми редактор*), Әлбеков Т.К. (*жауапты редактор*), Рақыш Ж.С. (*жауапты шығарушы*), Құрманғалиев Т.Қ. (*музыкалық редактор*).

Пікір жазғандар: филология ғылымдарының докторы, профессор Султангареева Р.А. (*Башқұртстан*), филология ғылымдарының докторы, профессор Ыбыраев Ш.Ы., филология ғылымдарының докторы, профессор Бұзаубағарова Қ.С.

Д 15 **Дала фольклорының антологиясы:** Он томдық. – Т. 6: Ғұрыптық фольклор / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Рақыш Ж., Әлбеков Т., Алпысбаева Қ., Әуесбаева П., Жақан Д., Сәкен С. – Алматы: Brand Book, 2020.

ISBN 978-601-08-0112-7

Т. 6: Ғұрыптық фольклор. – 2020. 484 б.

Дала фольклоры антологиясының алтыншы томына магиялық фольклор, кәсіпке қатысты фольклор, маусымдық ғұрып фольклоры мен отбасылық ғұрып фольклорының таңдаулы үлгілері топтастырылған.

Кітаптың аудиожазбасы мен электронды нұсқасын көрсетілген QR код арқылы танымал порталдар мен сайттардан жүктеп алуға болады.

Антология мектеп оқушыларына, арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттеріне, фольклорлық мұраны қастер тұтатын қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 398
ББК 82.3

ISBN 978-601-08-0112-7

© М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2020

«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасының аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері — ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады.

...Ұлы даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс.

Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжеттерінде, кейіпкерлері мен сарындарында шегара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемде дәріптеуге тиіспіз.

Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбегінен

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

«Дала фольклоры антологиясы» он томдық топтамасының алтыншы томына магиялық фольклордың түрлері (бәдік, арбау, бақсылар сарыны, тыйым, ырым, алғыс, қарғыс), кәсіпке және маусымдық ғұрыпқа арналған фольклор мен отбасылық ғұрып фольклорының таңдаулы үлгілері топтастырылды.

Адамның дүниеге келуі мен дүниеден өтуі арасындағы тыныс-тіршілігі түрлі ырым-тыйымдармен, ғұрыптық рәсімдермен тығыз байланысты. Онда қоршаған орта жөніндегі түрлі танымдық (мифтік, діни) көзқарастар мен наным-сенімдер, өмірлік тәжірибе кеңінен көрініс табады. Ғұрыптық фольклор — сөзбен түрлі рәсімдік іс-әрекеттің біртұтастығы арқылы синкретті қызмет атқаратын күрделі кешенді жүйе. Белгілі бір рәсім кезінде айтылатын дәстүрлі мәтіндердің тұрмыстық негізімен қатар бастапқы магиялық қызметі, кейін ұмытылған ғұрыптық мәні де сақталады. Ғұрыптық және магиялық фольклордың дені сөзбен және әрекетпен бірге атқарылады. Алғыс, қарғыс жанрларында сөздің күші басым болса, ал арбау, бақсылар сарыны, бәдік т.б.сөз бен әрекет тең дәрежеде көрініс береді. Өкінішке орай, магиялық фольклорға қатысты көп мәтіннің әрекеті толық сипатталып, жазылып алынбаған (сөз, саз, әрекеттің тұтастығындағы ғұрыптық жүйе бұзылып, келе-келе сөз ғана қалған).

Магиялық және ғұрыптық фольклорда көне заманғы жалпы адамзаттық түсініктермен қатар қазақтың дәстүрлі қоғамының өзіне тән қоғамдық-әлеуметтік ерекшелігін танытатын құндылықтар жинақталған. Бұл халықтың байырғы рухани мәдениетін, дәстүрі мен салтын, ғұрпын, дүниетанымын, жалпы этникалық болмысын тануда аса құнды мәліметтер болып саналады. Түрлі наным-сенім мен ырым, тыйымдардың, сондай-ақ отбасылық рәсімдер жүйесінің адамдарды түрлі қайшылықтан сақтандыратын, өмір, тіршілікті үйлестіріп, реттейтін функциялары танылады. Сондықтан ғұрыптық фольклордың ел өміріндегі орны мен қазіргі кездегі жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудегі мәнін жаңғырту — өзекті мәселе.

Ғұрыптық фольклордың жиналу, жариялану, зерттелу тарихында XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласын аралаған саяхатшылар мен зерттеушілердің еңбегі зор. В.В. Радлов, Г.Н. Потанин,

Н.Ф. Катанов, Н.Н. Пантусов, А.Е. Алекторов, Ф. Плотников сияқты ғалымдар оны түркі халықтарының ғұрыптық фольклорымен, этнографиясымен салыстыра қарастырды. Кейін ұлттық фольклортану ғылымының негізін салған Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин еңбектерінде жалғасын тауып, әрі қарай тереңдетілді. Б. Кенжебаев, М. Ғабдуллин, М. Сильченко, Ш. Ахметов, Б. Уахатов, С. Қасқабасов, Ш. Ыбраев т.б. ғалымдар еңбектерінде ғұрыптық фольклордың кейбір мәселелері ғылыми тұрғыдан тұжырымдалды.

Кеңес кезеңінде ғұрыптық және магиялық фольклордың дәстүрлі мәдениеттегі алатын орнын, жанрлық ерекшеліктерін тұтас тай зерттеу, жинақтап жариялау мүмкін болмады. Ел тәуелсіздігінен кейін қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры Б. Абылқасымовтың «Телқоңыр» (1993), К. Матыжановтың «Рухани уыз» (1995), «Қазақтың отбасы фольклоры» (2007) атты монографиялық еңбектерінде кешенді жүйе ретінде арнайы зерттелді.

Әр кезеңдерде В.В. Радлов, Н.Н. Пантусов, Ә. Диваев, І. Жансүгіров, М. Хакімжанова, Ф. Ғабитова, Б. Жақыпбаев, С. Жақыпов, М.Тілеужанов, М.Ғұмарова, Т. Сыдықов, Е. Тұрсынов, Қ. Саттаров, Ш.Ыбыраев, Б.Абылқасымов, К.Матыжанов т.б. ғалымдар ғұрыптық фольклор үлгілерін ел арасынан жинап, жариялауға атсалысты. Томға ұсынылған мәтіндердің басым көпшілігі М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың сирек қолжазба қорларынан, отандық және шетелдегі қандастар мекендейтін аймақтарға ұйымдастырылған фольклорлық-этнографиялық экспедициялар материалдарынан алынды.

Ғұрыптық фольклордың діни наным-сенімдерге қатысты және отбасы фольклорына арналған үлгілері «Ақ сандық, көк сандық: Балалар фольклоры» (Құрастырған Ш. Ыбраев, 1988), «Боздағым: Қазақтың жоқтау жырлары» (Т. Арынов, 1990), «Қазақ бақсы-балгерлері» (Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов, 1993), «Тал бесіктен жер бесікке дейін» (К. Матыжанов, 1996), «Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры» (Б. Абылқасымов, 2004), «Той: Құтты болсын тойларың» (Б. Сапаралы, Ж. Дәуренбеков, 1993), «Қазақтың музыкалық фольклоры» (1982), «Жетісу әуендері» (С. Медеубекұлы, Б. Мүптекеев, 1998), «Түс аяны» (Ж. Дәдебаев, 1992), «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» (2005, 2006) атты жинақтарда, «Бабалар сөзі» жүз томдығының 72, 79, 90, 91, 93, 94-томдарында жарық көрді.

Томды дайындау барысында аталған ғалымдардың еңбектеріндегі ғылыми ұстанымдар мен тұжырымдар және Институттың жетекші фольклортанушыларының ұсыныстары басшылыққа алынды. Мәтіндер араб жазуындағы қолжазбалармен және басылым

мәтіндерімен салыстырылып, бұрынғы жарияланымдарда қате берілген, болмаса қалып қойған сөздер мен тіркестер, редакциялық өзгерістер қалпына келтірілді.

Томның құрылымдық жүйесіне фольклорлық жанрлардың қысқаша анықтамасы, иллюстрациялық суреттер, ноталар, этнографиялық суретті сөздік, пайдаланылған әдебиеттер, түйіндеме (орыс, ағылшын тілдерінде) сияқты қосымшалар енді. Мәтіндерде кездесетін көне түркі, жергілікті және кірме (араб, парсы, орыс т.б.) сөздерге арналған түсінік сол беттің аяғында сілтемемен берілді. Іріктеліп алынған мәтіндер танымал әнші-жыршылар мен термешілердің орындауында арнайы студияда жазылды. Томның электронды, аудио нұсқалары бүгінгі заманға лайық форматта дайындалып, таңдаулы сайттарға жүктелді және олардың арнайы коды кітаптың мұқабасында көрсетілді. Иллюстрацияға суретші Ералы Оспанұлының жеке қорындағы суреттер пайдаланылды.

МАГИЯЛЫҚ ФОЛЬКЛОР

Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрімен, сана-сезімімен, болмыс-тіршілігімен, рухани табиғатымен бірге жасап, біте қайнасып, тек XX ғасырдың екінші ширегінен бастап біртіндеп ұмытыла бастаған көне жанрлардың бірі — наным-сенімдер ғұрпына қатысты магиялық фольклор. Магия — алғашқы қауымдық құрылыс дәуірінде пайда болып, кейін әртүрлі өзгерістерге ұшырап, әлі күнге дейін ел арасында сақталған сөздің немесе басқа бір іс-әрекеттің керемет қасиетіне сену. «Сөз бен іс-әрекеттің бір тұтас қызметі арқылы басқа адамға, затқа, аң-құсқа, жалпы табиғатқа оң немесе теріс әсер етуге болады» — деген магиялық түсінік көне фольклорда кеңінен көрініс тапқан. Мәселен, алғыс, қарғыс, бата, тыйым сияқты фольклор жанрларында бұл айқын көрінеді. Айтылу, орындалу сипаты магиялық мақсат көздейтін көне наным-сенімдер ғұрпының бірқатар жанрлары ғұрыпты атқарушылары мен ғұрыптық мәтіннің құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктеріне қарай: алғыс, қарғыс, бата, түс жору, тыйым, дұға оқу, арбау, жалбарыну, бақсы сарыны, дуалау, бал ашу, ұшықтау, аластау, құрт көшіру, жын шақыру т.б. түрлерге жіктеуге болады.

Ауру мен індет тудыратын қаскөй күштерді магиялық жолмен қуу мен көшіру арқылы жеңуді мақсат ететін көне ғұрыптық өлең үлгілері бәдік болып табылады. Ал, бақсы сарынының негізгі мақсаты — адам бойындағы түрлі сырқаттарды (әсіресе психикалық ауруларды) түрлі әдіс-тәсілдердің функциясы тоғысқан бақсылық ойынын өткеру арқылы айықтыру. Қобыз даңғыра аспабы мен басқа да бақсылық атрибуттардың сөз құдіретіне деген сеніммен үндесуі бақсының негізгі емдеу тәсілі болып саналса, оқылу сипатымен ерекшеленетін арбауда *емшіліктен басқа да қызметтер, мысалы: жауын шақыру, күн жайлату т.б магиялық сипат көрінеді. Ал ғұрыптық фольклордың қай-қайсында да маңызды орын алатын, өмірдің әр әрқилы жағдайынан дәстүрлі таным тұрғысынан сақтандыратын ырым, тыйым (табу) түрлері күні бүгінге дейінгі өмір салтымызда да маңызға ие. Мәселен, азалау салтына тән, «есікті кермеу», «бүйірді таянбау», «шаш жаймау» т.б. секілді тыйымдарда көне заманғы өлім зардабынан сақтандыру шаралары жатыр.*

Магиялық фольклор туралы Ш. Уәлиханов, Г.Н. Потанин, З.Н. Власов, Н. Познанский, В. Петров, Г.Ф. Чурсин, А. Будагов, Ә. Диваев, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, М. Ғабдуллин, Ә. Қоңыратбаев, М.С. Сильченко, Б. Уахатов, Е. Тұрсынов, Ш. Ыбыраев, Б. Абылқасымов, С. Негимов, З. Үмбеталина, А. Тойшан т.б еңбектерінде зерттелді.

БӘДІК

Бәдік — көне заманғы ауру мен індет тудыратын қаскөй күштерді қуу мен көшіру (басқа адамға, жан-жануарға, жансыз заттарға) мақсатын көздейтін магиялық фольклордың бір түрі.

Бәдік өткізу ғұрпындағы шулау, сабалау, мата жабу, айғайлау, өлеңді орындау т.б. жөн-жоралардың барлығы іңір қараңғысында, дүйім көптің қатысуымен өткізіледі және ол бір күн емес, бірнеше күнге, кейде жеті күнге дейін созылған. Бәдікті көп болып атқару — әлі де кәсіби (профессионал) тұлғалар жіктелмей тұрғандағы пайда болған көне ғұрып түрі екендігінің белгісі.

Бәдіктің жанрлық белгісін айқындайтын әрі жиі қолданылатын «бәдік» және «көш» сөздері, әсіресе «бәдік» сөзінің кез келген мәтін шумағында жиі қайталануы, шумақ, тармақ ішіне орналасуы мен белгілі бір ырғақ, үйқас заңдылықтарына бағынуы жанр үшін «бұзылмайтын, бұлжымайтын поэтикалық заңдылық» болып табылады. Бұл белгілі бір сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді, сөйлемдер тобын, шумақты, бүкіл мәтінді неғұрлым көп қайталаса, зиянкес күшке солғұрлым қатты әсер етуге болады деген көне сенімнен туындаған. Сондай-ақ, бәдіктің әрбір шумағының мағыналық жағынан бір-біріне өзара тәуелсіз, мүмкіндігінше еркін болып келуі де — жанрлық ерекшелігінің бірі.

Ал бәдік композициясының диалогқа құрылуы оның ұзақ уақыт бойына айтыс жанры аясында қарастырылуына себеп болды. Тек Б. Абылқасымов зерттеуінен кейін ғана бәдік диалогтарының өнер жарыстыру үшін табан астында қолма-қол айтылатын айтыс өлеңдерден басты өзгешелігі: дәстүрлі ғұрпты орындаушылардың қалыптасқан даяр үлгілердің негізгі магиялық мәнін сақтай отырып, белгілі бір ғұрпты атқару мақсатында орындайтын ғұрыптық фольклор үлгісі екендігі ғылыми тұрғыдан тұжырымдалды. Бәдіктің арбау мен бақсы сарындарындағы емдік магиядан спецификалық ерекшеліктері бар.

Бәдік өлеңдер

Бәдік *(I түрі)*

Бәдік самар, ендеше, бәдік самар,
Жақсы бие арғымақ құлын табар.
Тойдан қызық аулыңда бәдігің бар,
Хабарласып тұрмасаң, Құдай табар.

Бәдік кетіп барады таудан асып,
Таудан асқан бұлтпенен араласып.
Ей, жігіт, бәдігімді ұстап берсең,
Шын құмардан шығар ем сабаласып.

Бұқпа бәдік, ендеше, бұқпа бәдік,
Жүрген жерің сенің де жұқпа бәдік.
Жаман бала ішіне кіріп алып,
«Ойбай, өлдім» дегенше шықпа, бәдік.

Бәдік кетіп барады Сусамырға,
Жолда жатыр қайқайып қу қабырға.
Жатса жатсын қайқайып қу қабырға,
Алып барып тастайық бір адырға.

Сарттар сейіліп келеді үйегіне,
Үйім бар деп келеді түйегіне.
Тілімді алып жөніңе жүрсең, бәдік,
Бар да жабыс сұлу қыз білегіне.

Темір бәдік, ендеше, темір бәдік,
Балалардың шекесін кемір, бәдік.
«Кемір-кемір» дегенге көп кемірме,
Бүйрек майын жегін де семір, бәдік.

Бәдік құрғыр тау-тауда тырқырайды,
Тауда жүріп түтіні бұрқырайды.
Бұрқыраған жеріне жетіп барсаң,
Жіліншігі сынғандай сырқырайды.

Бұрша бәдік, ендеше, бұрша бәдік,
Босағада бұралып тұрма, бәдік.

Босағада бұралып тұрсаң, бәдік,
Егесінің көңіліне келер кәдік[1].

Есігінің алдында бір топ қамыс,
Арғы атасы бәдіктің бізбен таныс.
Егер менің тілімді алсаң, бәдік,
Бәдік айтқан жеңгеме бар да жабыс.

Есігіңнің алдында бір топ қоға,
Арғы атасы бәдіктің бізбен құда.
Тілімді алып бізбен жүрсең, бәдік,
Айтқан бәдік жеңгеме бар да құла.

«Бәдік» десе, біз келдік нарттай болып,
Жаз жайнаған қаракөк аттай болып.
Бес-алтауымыз қосылып бәдік айтсақ,
Өзі-ақ кетер жаураған сарттай болып.

«Бәдік, бәдік» дегенде бастай келдік,
Барша шапан астына жастай келдік.
«Осы ауылда бір бәдік бар» дегенге,
Етін алып, сүйегін тастай келдік.

Бір бәдігім бар еді, айда да жүр,
Ісін істеп орыстың пайдада жүр.
Сөйтіп менің тілімді алсаң, жігіт,
Алдыңа сап бәдікті айда да жүр.

Бәдік басын, ендеше, бәдік басын,
Бозша торғай басады жұмыртқасын.
Сүлейменнің үйіне кіріп кетіп,
Шоқпар қылып алып шық омыртқасын.

Бәдік кетіп барады айға таман,
Жүген ала жүгірдім тайға таман.
Сіз де айтыңыз бәдікті, біз де айтайық,
Итерейік кәпірді сайға таман.

Бәдік кетіп барады мекесіне[2],
Ешкі арығын білдірмес текесіне.

---

1 Кәдік — күмән, шүбә, күдік.
2 Меке — ыстық-суықта болып аттың, есектің сыртына шыққан қаны.

Сіздер айтқан бәдікті мен де айтып,
Қондырайын жездемнің шекесіне.

Енді көшсең, әй, бәдік, айыңа көш,
Қысыр емген биенің тайына көш.
Егер менің тілімді алсаң, бәдік,
Мен сүйген жігіттің жайына көш.

Енді көшсең, әй, бәдік, айлана көш,
Маған десең айладан айнала көш.
Сөйтіп менің жөніме жүрсең, бәдік,
Бұл жездемнің мойнына байлана көш.

Ешкі сырын айтпайды лағына,
Қойлар түсіп су ішер бұлағына.
Бәдік айтып отырған тап мына мен
Қондырармын жездемнің құлағына.

Енді көшсең, ей, бәдік, тауларға көш,
Тау үстінде қызарған бауларға көш.
Сөйтіп, менің тілімді алсаң, бәдік,
Ата-ана тілін алмаған жауларға көш.

Енді көшсең, әй, бәдік, раңға[1] көш,
Жер бауырлап сусыған жыланға көш.
Енді менің тілімді алсаң, бәдік,
Шәйі көйлек киетін бұраңға көш.

Бәдік кетіп барады жер жазыққа,
Жеті бидай алайын жол азыққа.
Жеті бидай біреуі жерге түссе,
Басын байлап кетейін қу қазыққа.

Көшер болсаң, әй, бәдік, осы ауыл қартына көш,
Шүлдірлеген Жизақтың сартына көш.

[1] Раң — көктемнің басында қар суымен өсіп шығатын, бойы аласа майда шөп.

Бәдік *(II түрі)*

«Бәдік» — қазақ қазақ болғаннан бері қарай келе жатқан өзінше бір әдет. Біреу «көш, бәдік» деп аузына не түссе, соны айта салады, «көш, бәдік» дейді. Бұрынғы заманда біреудің бір малы құтырса, яки аты делбе болса, яки бір малына жылан, қарақұрт тисе, ауруын көшіру үшін бәдік айтады екен. Бәдік айту реті мынадай болады, мәселен, әлгідей малы құтырған ауыл маңайындағы ауылдарға: «Біздің ауылға келіңдер, кішкене той қыламыз», — деп хабар айтады. Кешке қыз, келін, жігіт, бала жиылып келеді. Екі жігіт бір отырып, екі қыз, не келін бір отырып өлең айтады. Кемпір-шал болса да жиылған адамның бәрі аузына түскенін айта береді. Сондағы айтатындары:

Айт дегеннен айтамын-ау бәдікті,
Қара мақпал тоным барша әдіпті.
От оттамай, су ішпей жата берсе,
Бәдік емей немене бір кәдікті.
Әй, көш!

Бәдік кетіп барады шатқа таман,
Жүген ала жүгірдім атқа таман.
Құдай оңдап бәдікті қолға берсе,
Итере сал кәпірді отқа таман.
Әй, көш!

«Бәдік, бәдік» деседі,
Бәдік желдей еседі.
Асқар-асқар тауларға,
Ағыны қатты суларға,
Айнала соққан құйынға,
«Әй, көш!» — десе, көшеді.
Әй, көш!

Көшер болсаң, әй, бәдік, мекеге көш,
Кемпір миын мүжіген шекеге көш.
Көш айласын білмесең, мен айтайын,
Қойдан қойға жүгірген текеге көш.
Әй, көш!

Көшер болсаң, әй, бәдік, арқаға көш,
Қарағайды қақ жарған жаңқаға көш.
Көш айласын білмесең, мен айтайын,

Қойдан-қойға жүгірген марқаға көш.
Әй, көш!

Көшер болсаң, әй, бәдік, құланға көш,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ жыланға көш.
Көш айласын білмесең, мен айтайын,
Жердің жүзін қаптаған тұманға көш.
Әй, көш!

Жұрқаға көш, әй, бәдік, жұрқаға көш,
Құлан, киік жайылған қырқаға көш.
Көш айласын білмесең, мен айтайын,
Күресіннен[1] күл шашқан бұқаға күш.
Әй, көш!

Осындай қылып әлденеше рет айтып болған соң қайтарында етекжеңдерін сілкіп: «Біз де көштік, сен де көш», — деп, етектерімен ұшықтап қайта береді.

Бәдік *(III түрі)*

Әу, бәдік, көшер болсаң, тауларға көш,
Қызарған тау ішінде бауларға көш.
Таппасаң көшер жайлау, мен айтайын,
Ат мініп, арқыраған жауларға көш.

Әу, бәдік, көшер болсаң, қияға көш,
Қайымсыз қирап жатқан маяға көш.
Таппасаң көшер жайлау, мен айтайын,
Жартасқа жалғыз салған ұяға көш.

Әу, бәдік, көшпек болсаң, жүргенге көш,
Жорытқан жорық іздеп сүргінге көш.
Таппасаң көшер жайлау, мен айтайын,
Бүлінген бүлдіргенсіз бүлгінге[2] көш!

Әу, бәдік, көшер болсаң, алысқа көш,
Жан баспас, құлан жортпас қашыққа көш.
Таппасаң көшер жерді, мен айтайын,
От жаққан ормандағы қашқынға көш!

---

1 Күресін — бір жерге үйіліп қалған қоқыр-соқыр.
2 Бүлгін — азып-тозған, бүлінген жер.

Әу, бәдік, көшер болсаң, көшерге көш,
Көпірген аузы-басы есерге көш.
Таппасаң көшер жерді, мен айтайын,
Қақтыққан қалың қалмақ бес елге көш!

Әу, бәдік, көшер болсаң, сайларға көш,
Мұқтажсыз, мұғадарсыз байларға көш.
Таппасаң көшер жайлау, мен айтайын,
Қиғаш қас, қылымсыған қыздарға көш!

Бәдік *(IV түрі)*

Бәдікті баста десең, мен бастайын,
Түбіне шоңайнаның із тастайын.
Бәдігі бұл баланың қай жерінде,
Суырып ақ тікендей ап тастайын.

Бәдік пісте,
Бәдікті көшірермін шаңқай түсте.
Ежелгідей тілімді алсаң, бәдік,
Осының жағын байлап, тілін тісте.

Бір бәдігім бар еді, қоныста жүр,
Қоныс ойнап, қолына пұл ұстап жүр.
Ежелгідей тілімді алсаң, бәдік,
Осымен күні-түні жұлыс та жүр!

Бір бәдігім бар еді, қамыста жүр,
Шақырсам да келмейді, алыста жүр.
Тілімді ежелгідей алсаң, бәдік,
Сұлу қыздың мойнына жабыс та жүр!

Бәдік самар, тағы да бәдік самар,
Орамалға су құйсаң, бір-бір тамар.
Тойдан қызық ауылыңда бәдігің бар,
Хабар салып тұрмасаң, Құдай табар.

Бәдік кетіп барады таудан асып,
Таудан асқан бұлтпенен араласып.
Бәдігімді ұстап бер қамаласып,
Шер-құмардан шығайық сабаласып.

Бәдік айтыс *(I түрі)*

Жігіт:
— Қаратауым дегенге, Қаратауым,
Тау басынан соғады қара дауыл.
Сіздің үйде бір бәдік бар дегенге,
Қаптай көшіп келеді біздің ауыл.

Қыз:
— Бәдік кетіп қалыпты таудан асып,
Таудан арғы бұлтпенен араласып.
Енді екеуміз бәдікті тауып алып,
Шын құмардан шығалық сабаласып.

Жігіт:
— Жемір бәдік дегенге, жемір бәдік,
Қу қыздардың шекесін кемір, бәдік,
Ішіне семіз қыздың кіріп кетіп,
Же дағы бүйрек майын, семір, бәдік.

Қыз:
— Барады бәдік кетіп мекесіне,
Білдірмес ешкі арығын текесіне.
Жайыңды онан көшер мен айтайын,
Жігітім, бар да жабыс шекесіне.

Жігіт:
— Кей бәдік Қаратаудан асып кеткін,
Қыздарды аулақ жерде басып кеткін.
Бір табақ етегіне топырақ салып,
Көзіне көрген қыздың шашып кеткін.

Қыз:
— Көш, бәдік, үлкен таудың тасына көш,
Қаламдай сұлу жігіт қасына көш.
Жайыңды онан көшер мен айтайын,
Жігіттің шүйдесі үлкен басына көш!

Жігіт:
— Көш, бәдік, ыстық үйдің пешіне көш,
Жұманың айт күнгі кешіне көш.
Жайыңды онан көшер мен айтайын,
Қыздардың сұлу-сұлу шашына көш!

Қыз:
— Көш, бәдік, тон кигеннің қойнына көш,
Кішкене балалардың ойынына көш.
Жайыңды онан көшер мен айтайын,
Жігіттің жұдырығы зор мойнына көш!

Жігіт:
— Көш, бәдік, қашқан қыздың соңына көш,
Қыздардың түнде жүрген жолына көш.
Жайыңды онан көшер мен айтайын,
Нәзік бел сұлу қыздың қолына көш!

Қыз:
— Көш, бәдік, бозбаланың ағына көш,
Орыстың абат қылған бауына көш.
Жайыңды онан көшер мен айтайын,
Керауыз жігіттердің жағына көш!

Жігіт:
— Көш, бәдік, ақын қыздың тіліне көш,
Сарттардың бауда ашылған гүліне көш.
Жайыңды онан көшер мен айтайын,
Қыздардың баратұғын жеріне көш!

Қыз:
— Барады бәдік кетіп жер жазыққа,
Алыпты жеті бидай жол азыққа.
Сол жауды Құдай қолға берер болса,
Кетейік басын байлап қу қазыққа.

Жігіт:
— Сарттардың енді, бәдік, бөзіне көш,
Қыздардың өлең қылған сөзіне көш.
Жайыңды онан көшер мен айтатын,
Қыздардың сұлусынған көзіне көш!

Қыз:
— Көш, бәдік, бай ауылдың құртына көш,
Әр жерде көшіп кеткен жұртына көш.
Жайыңды онан көшер мен айтайын,
Ұрысқан батырлардың мұртына көш!

Жігіт:
— Көш, бәдік, қалың шөптің құрағына,
Қыздардың бар да жабыс құлағына.
Жайыңды онан көшер мен айтайын,
Қыздардың барып түскін тұрағына...

Қыз:
— Көш, бәдік, үлкен, кәрі кісіге көш,
Жігіттің ақ меруерттей тісіне көш.
Жайыңды онан көшер мен айтайын,
Жігіттің жаңа өспірім ішіне көш!

Жігіт:
— Барады бәдік кетіп сусамырға,
Қайқайып жолда жатыр қу қабырға.
Бәдікті Құдай оңдап қолға берсе,
Кетейік басын байлап бір тамырға.

Қыз:
— Барады бәдік кетіп шатқа таман,
Тағы жүрдім мінгелі атқа таман.
Бәдікті Құдай оңдап қолға берсе,
Кәпірді итерелік отқа таман.

Жігіт:
— Бар екен бұрын заман бұқпа бәдік,
Жегені күндіз-түнде жұқпа бәдік.
Ішіне үлкен қыздың кіріп кетіп,
Десе де «ойбай, өлдім» шықпа, бәдік.

Қыз:
— Бәдік шабар дегенге, бәдік шабар,
Арғымақ жақсы бие құлын табар.
Аулыңда тойдан қызық бәдігің бар,
Тұрмасаң хабарласып, Құдай табар.

Жігіт:
— Көш, бәдік, енді көшсең, сазыға көш,
Ораулы жаздыгүнгі қазыға көш.
Жайыңды онан көшер мен айтайын,
Қабаған қыз аулында тазыға көш!

Қыз:
— Барушы ек бәдік десе, шаба-шаба,
Суға салса, жібиді қатқан саба.
«Бәдігің көшпейтұғын қайдасың?» — деп,
Келгенмін көшіруге, Құдай тоба.

Бәдік айтыс *(II түрі)*

Жігіт:
— Бәдікке «бисмилла» деп дүкен құрдым,
Бәдіктің бір сабағын сізге бұрдым.
Бәдігім бәдігіңе сай келмесе,
Шамы жоқ, айыбы жоқ жайға тұрдым.

Қыз:
— Ұстасаң, өлтіріңіз бәдікті сіз,
Біз дағы қу бәдікке кәдіктіміз.
Бәдікті Құдай оңдап қолға берсе,
Тебелеп өлтірейік бәдікті біз.

Жігіт:
— Тезек пе, не алма ма қапта тұрған,
Сарт па екен, не қазақ па қақпан құрған?
Бәдікті Құдай айдап қолға берсе,
Бәдікті итере сал отқа таман.

Қыз:
—Айтайын мен бәдікті бұрынғыдан,
Сайтанның қу бәдік те жолын қуған.
Бәдікті Құдай айдап қолға берсе,
Бәдікті итере сал суға таман.

Жігіт:
— Айтпай ма батыр сырын елегіне,
Айтпайды батыр сырын білегіне.
Тілімді ежелгідей алсаң, бәдік,
Бар да жабыс осы қыздың біреуіне.

Қыз:
— Қазақ жарлы келеді мал жағына,
Өзбек епті келеді тал жағына.
Тілімді ежелгідей алсаң, бәдік,
Бар да жабыс жігіттің таңдайына.

Жігіт:
Ей, бәдік, енді көшсең, тарыға көш,
Не болмаса төбенің басына көш.
Тілімді ежелгідей алсаң, бәдік,
Қыздардың кесте тіккен қолына көш!

Қыз:
— Әй, бәдік, енді көшсең, ерінбей көш,
Тәшкеннің даңғыраған жолына көш.
Тілімді ежелгідей алсаң, бәдік,
Жігіттің еңкейетін беліне көш!

Жігіт:
— Әй, бәдік, енді көшсең, бөріге көш,
Не болмаса тұз түйген келіге көш.
Тілімді ежелгідей алсаң, бәдік,
Қыздардың сүрме қойған көзіне көш!

Қыз:
— Әй, бәдік, енді көшсең, келіге көш,
Жігіттің жататұғын жеріне көш.
Тілімді ежелгідей алсаң, бәдік,
Жігіттің сайрап тұрған тіліне көш!

Жігіт:
— Әй, бәдік, енді көшсең, мекеге көш,
Жүгірген қойдан қойға текеге көш.
Тілімді ежелгідей алсаң, бәдік,
Осы қыздың біреуін жетелей көш!



Бәдік.
Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры
(1090-бума, 4-дәптер, 43-бет)



Бәдік.
Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры *(1090-бума, 4-дәптер, 27-бет)*

АРБАУ

Арбау — түрлі наным-сенімдерге қатысты пайда болған магиялық фольклордың жанрлық түрі. Ол жалаң сөз түрінде емес, ғұрыптық іс-әрекетпен тығыз байланыста орындалады.

Арбаушы — адамды әртүрлі сиқырлы күштерден, сырқаттан арбау арқылы құтқаруға қабілеті бар тұлға. Арбаушылар ауруды тудырған зиянкестерді үрейлендіру, арбау мақсатында түрлі шөп атауларымен (адыраспан, алабота, жалбыз т.б.) де, мал аттарын да (қой, қозы, түйе, сиыр т.б) пайдаланады. Ежелгі танымда арбау арқылы жылан, қарақұрт және бүйінің уытын да қайтаруға болады деп сенген. Арбаушы емшіліктен бөлек жауын шақыру, күн жайлату т.б. магиялық қызмет атқарады.

Арбауда белгілі бір ғұрып, рәсімдік жораны атқару үстінде мағынасы түсініксіз сөздер техникалық әдіс ретінде қолданылады. Мәселен, арбау композициясындағы «Мары, мары, мары жылан, ұзын, ұзын, ұзын жылан, ұзын шашты келте жылан, марқары, сарқары» деген жолдардағы «мары» сөзінің мәні әр түрлі тұрғыдан болжанады. Мұндай мағынасы түсініксіз сөздердің арбау мазмұнында мақсатты түрде қолданылуы жұмбақ сөздерді неғұрлым көбірек қолданса, зиянкестерге әсер ету солғұрлым тез болады деген сенімнен туған. Арбаудың композициялық құрылымындағы кіріспеден басқа мақтау, жалынып-жалбарыну, зекуқорқыту, бұйыру сөздері әр түрлі сипатта көрініс тауып отырады.

Табиғат күштеріне арналған күн жайлату, бұлт шақыру, жауын шақыру, жел шақыру рәсімдері магиялық сипаты басым ғұрыптық іс-әрекет арқылы атқарылады. Ел арасында күні бүгінге дейін құрғақшылық жылдары тасаттық беріп, құрбандыққа мал шалатыны белгілі. Табиғат иелерін мейірлендіріп, жауын шақыру мақсатын көздейтін тасаттық ғұрпы ұжымдасып атқарылады. Қазақ арасында арбау сөздерін қолдану арқылы атқарылатын жауын шақыру ғұрпы екі түрлі (тасаттық беру арқылы ұжымдасып және жай тасын қолдану арқылы дара түрде) орындалады.

Жауын шақыру ғұрпы жүйесінде магиялық, анимистік, шамандық және исламдық түсініктер өзара қабысып, бір ғана мақсатқа, табиғаттан тысқары күштердің рақымын түсіруге бағытталады.

Арбау *(I түрі)*

Бүйі, бүйі деді,
Бүйі базар әулие
Дарын-дарын деседі.
Дарын базар әулие
Тайым ұлы секірген.
Сайымшайх әулие,
Мағырыпта[1] әулие,
Машырықта[2] әулие.
Баймұр ұлы берімен
Мақмурза ұлы әулие,
Хақ Сүлеймен пайғамбар,
Тақ Сүлеймен пайғамбар,
Енді Дәуіт пайғамбар,
Ұста Дәуіт пайғамбар.
Бүйі, бүйі, бүйі, шық,
Бүйі егес, Қамбар, шық,
Қамбар болсаң, қалмай шық,
Тас төбеден таймай шық,
Май табаннан қалмай шық!
Атқан оқтан жылдам құрт,
Ағын судан қатты құрт.
Айыр құйрығын аша шық,
Алақаннан аумай шық.
Мен де келдім, сен де шық,
Менің атым онан шық,
Онан келді, мұнан шық!
Бүйі, бүйі, бүйімін,
Мен бүйінің үйімін.
Қарақұрттың қанымын,
Қаса құрбас өзімін.
Өзі берген дертімін,
Шық Сүлеймен демімен.
Бүйі, бүйі, бүйімін,
Мен бүйінің кенімін.
Алмас қылыш жүзімін,
Айтулының өзімін.
Ақыраспан жүзімін,
Алабота гүлімін,
Өткір пышақ ұшымын.

---

1 Мағырып /араб/ — батыс.
2 Машырық /араб/ — шығыс.

Тұрымтай келді, тұрмай шық,
Заһарыңды[1] жаймай шық.
Әй, келеңгір, келеңгір,
Бабаң назар келеңгір.
Шатырыңды бұзайын,
Танауыңды тілейін,
Тәңірі ұрғандай қылайын.
Аққан суға салайын,
Тірі ғаріп қылайын,
Сеніменен болайын.
Қу пыраққа тоймаған,
Тоқсан би қоймаған
Ай, келіңкір, келіңкір,
Ала қонды, бәле қонды,
Яуры шұбар қонды. Ала мекер,
Қара мекер,
Шала мекер,
Шайша мекер,
Тола мекер,
Толшы, мекер,
Сен мекер,
Семек мекер,
Шығар болсаң, жылдам шық!
Шықпасаң, көкірегіңді бұзар мекер.
Шыңғыл оты жылаулар,
Кекіре[2] мен миялар.
Жаным деген жалбыздар
Және де қоймай шабарлар.

Құрт арбау

Ала құмда, бала құмда, зер құмда,
Зебер құмда, зеберлерің келгенше,
Неге тұрдың мұнша құмда?
Буын-буын құмалақ, құмалақ-ай,
Жұмалап тақ,
Сүлеймен пайғамбар
Деміменен гүл шықты.
Келең, келең, келеңгір,

[1] Заһар, зәхар — у, улы зат.
[2] Кекіре — бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін улы өсімдіктердің жалпы атауы.

Бауыры шұбар келеңгір.
Орманда қара суларға
Шатыр тіккен келеңгір.
Шатырыңды бұзайын,
Танауыңды тілейін.
Алмас қылыш алайын,
Басын баудай кесейін,
Қанын судай шашайын.
Мары, мары қылмасам,
Зары, зары қылмасам,
Менің атым — Аймаңдай.
Кәпірстан болсаң да,
Сеніменен болмасам,
Тұла бойың үш тоғыз
Тұрам-тұрам қылмасам.

Бүйі, бүйі, бүйі, шық,
Бүйі келсе, жиі шық.
Қамбар келсе, қалмай шық,
Заһарыңды жаймай шық.
Гүл сыпыра арбаулы
Үш қайтара айтайын,
Көшім, жылдам арман шық.

Қой келді, қозы келді,
Сиыр келді, сыпа келді,
Дегеніңнің өзі келді.
Пышақта қыты келді,
Қылышта жыты келді,
Сеніменен болмаса.

Байлауы:

— Айда меге, жайда меге, сәнді меге,
Егер байла мегер бақа, шаян,
Құрт, қоңыз,
Байлан, байлан.
Мәнт-мәнт байлан!
Ерке сарай, құм сарай,
Асты-үсті
Жөкеттен біз байлаймыз.
Өте алмайсың бөгеттен,

Ары жат,
Бері жат,
Орал, шырмал бәнт-бәнт.
Мұхаммет, гүнт гәрден!

Шешуі:

Ижнику, яки дінә қәйдән уахи-ти
Қәйдән нома илни хайрухә
Әминдгәки
Руайдан.

Жылан шаққанда уын қайтару арбауы

Кер, кер, кер жылан,
Кереге басты мер жылан.
Бір жылан бар — сұм жылан,
Бір жылан бар — сұр жылан,
Бір жылан бар — жеті жылғы ту жылан.
Құралай таудың басынан
Қуып келген қу жылан.
Пайғамбардың демінен
Дегелек келді, шық жылдам.
Ақ жылан, аты жылан,
Кіші жылан, мышы жылан,
Сары жылан, сары бас жылан,
Көр жылан, көбер жылан,
Шық, Тәңірден парман келді,
Парманнан қатты жарлық келді!
Мары-мары, мары жылан,
Ұзын-ұзын, ұзын жылан,
Ұзын шашы келте жылан,
Марқары, сарқары
Қылдыр-шылдыр болған түннің басынан
Лек-лек келді, шық жылан!
Ат жылан, қат жылан,
Ыс жылан, қара жылан,
Отыз бес көзді,
Қырық жүзді,
Орман түнінің басынан
Лек-лек келді, шық, жылан!

Жылан, қарақұрт шаққанда оқу *(I түрі)*

Қарағай оқай су қайтты,
Тілім оңай су қайтты.
Айдап келген алты құдірет,
Ай алдына барған құдірет,
Ханнан келген қара құдірет,
Хан алдына барған құдірет!
Хан алдында не дейді?
«Қатты демді сал», — дейді.
Құдірет болсаң, қыдыр сыйқат,
Жара болсаң, жабы сыйқат.
Таң атқанша, күн шыққанша
Бақты баят деміменен шық.
Бір Құдайдың жарлығымен шық,
Пайғамбардың өкімімен шық,
Тақ Сүлеймен пайғамбардың деміменен шық!

Жылан, қарақұрт шаққанда оқу *(II түрі)*

Темір, темір, теміржан,
Темірдің ұлы қауғажан.
Тасырқасаң, тас жаудыр,
Қаһарлансаң, қар жаудыр.
Буырқансаң, мұз жаудыр,
Мұздай темір құрсандыр.
Кел, кел, кел, бұлт,
Екі енеге тел, бұлт!
Ағысы қатты сулардан
Аса соғып кел, бұлт.
Шырай соғып, кел, бұлт.
Шөптің басын аймалай,
Жүгіре соғып, кел, бұлт!
Қайың басын айыра соқ,
Арша басын айыра соқ.
Тобылғы басын толғай соқ,
Атан түйені жыға соқ.
Ат бауырынан өте соқ,
Үзеңгіні үзе соқ,
Тебінгіні тебе соқ,
Мәңкі байды баса соқ,
Қошқарбайды қоса соқ!
Түрлі таудан тау қойма!

Ақ атыма мінейін,
Алладан сені тілейін.
Көк атыма мінейін,
Көктен сені тілейін.
Оныменен көк жирен,
Көк Сүлеймен пайғамбардың деміменен
Тасымнан медет тілейін!
Ербек-ербек бай атай,
Еркек қана күрең тай.
Шиын қара, шиын қара,
Құлан-бұлан тай,
Тартай, мартай,
Түрлен, қара бұлтым.
Дария шор, дария шор!

Ұшық

(*Ауру адамдарды ұшықтауға арналған*)

Ау, Бисмилла рахман рахим,
Иә, Қауыс, Қияс, Қызыр Ілияс.
Он екі имам, қырық сұлтан.
Баба түкті шашты Әзіз,
Шайқы Бұрқы диуана.
Кел, берекет,
Кет, пәлекет!
Жын-шайтанды қуала.
Жеті өлікке жан берген,
Жеті пірге қол берген.
Әуеден от түсірген,
Қайнатпай темір пісірген.
Ұлы жоққа ұл берген,
Қызы жоққа қыз берген.
Қолдасаң, қолда,
Қолдамасаң, қал жолда,
Әй, бетпақ, ұшық-ұшық!
Аржақтада ел бар,
Бер жақта да ел бар,
Бұл момында нең бар?
Буын-буын қамыстан,
Пәле қайдан жабысқан?
Әй, бетпақ, ұшық-ұшық!
Ұшынып сың көп ішіп.

Лаhи илаhа иллал ла,
Шайқы бұрқы дуана.
Кел, берекет,
Кет, пәлекет!
Жын-шайтанды қуала.
Әйт — сүф!

Күн жайлату

Тақ Сүлеймен, Сүлеймен,
Сенен медет тілеймін,
Алла, сенен тілеймін!
Қой басындай көк бұлт,
Қожам, сенен тілеймін!
Қоғалы көлдер құрыды,
Құба жондар шөлдеді,
Қолдан қара жауын бер!
Қара сабам қаусады,
Сары аяғым саусады.
Қасымнан қараң-құраң кетті ғой,
Маңдайымнан ащы шуақ өтті ғой.
Жандай досым, ақ бұлт,
Омыраудан соқ, бұлт!
Топай-топай ақ бұлт,
Омыраудан соқ, бұлт!
Есек желді сұр бұлт,
Зеріктірмей жете көр!
Мен тасымды торлайын,
Торсыққа салып қорлайын,
Тәңірі, өзің берсең, зорлайын.
Тұңғиық қара көлдерден
Шөп алайық, ақ бұлт,
Омыраудан соқ, бұлт!
Ербек-сербек бай атай,
Еркек қана күрең тай.
Шеп қара, шеп қара,
Құлан, жылан, бұлан тай,
Тартай, мартай,
Тері тоқым мар тұрғай,
Қай тұрғай.
Түрлен, қара бұлтым,
Мен де сенің ұлтың.
Дария шор!
Дария шор!



Арбау.
Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры
(1092-бума, 1-дәптер)

БАҚСЫ САРЫНЫ

Бақсы сарыны тек бақсы арқылы белгілі бір емге қатысты, белгілі бір орында ғана орындалады. Бақсы тұлғасы бақсылық ойынымен біртұтастықта қарастырғанда ғана табиғаты толық ашылады. Бақсы — шамандық сенімдегі адам мен тылсым арасындағы қайшылықты жойып, игілік сыйлау үшін магиялық ғұрыпты атқаратын басты тұлға. Ол ауру тудыратын зиянкестерді адам денесінен қуу үшін атқарылатын бақсылық ойынының барысында ғана күші қуатты, тылсыммен тілдесіп, рух-иелерді адам игілігі үшін айтқанына көндіре алады. Ғұрыптан тыс жерде ол болжамайды, сәуегейлік жасамайды. Қазақтың «жынынан айрылған бақсыдай» деген сөзі осыған қатысты. Бақсылық кие қону үшін де ерекше жаратылысты адамдар жылдар бойы түрлі қатерлі сынақтарды басынан кешіріп, азапты жолдан өтеді.

Бақсы сарынының қалыптасқан композициялық құрылымы пірлерге сиыну, жын шақыру, жын қайтару дейтін күрделі бөлімдерден тұрады. Бақсы ойынының құрылымындағы рәсімдер мен жоралар белгілі бір емдік мақсат бағытына шоғырланып, оның атқарылуында бірінен соң бірі келетін арнайы тәртібі, ауқымы, мөлшерінің заңдылықтары қалыптасқан. Әрбір бақсы осы дәстүрлі канондарды негізге ала отырып, өзінің дарын мүмкіндігіне, психикалық ерекшелігіне, қиял байлығына қарай аздаған вариацияларды ғана жасап отырады. Жындарына сүйене отырып жүргізетін бақсының емінде ең алдымен, аурудың себебін анықтаудағы болжаушылық қызметі басты мән иеленеді.

Қазіргі музыкатану ғылымында бақсылық сеансты өткерудегі қобыз, домбыра, даңғыра, дабыл т.б. міндетті аспаптар өнердің әу бастағы арнасы ретінде қарастырыла бастаса, фольклортану ғылымында бақсы сарынының импровизацияға негізделуін ақындықпен жақындататын белгі ретінде қарастыратын пікірлер бар. Алайда бақсылық ойындағы қазіргі музыкалық аспаптардың да, импровизацияның да мағынасы қазіргі түсініктен мүлде бөлек. Олар бақсылық ғұрып аясында эстетикалық мағынада емес, утилитарлық-магиялық қызмет атқарады. Мәселен, бақсының әр түрлі кейіпке енуі (жын болып көріну, бура боп бақыру, тауық боп шақыру т.б.) драмалық өнердің элементтерімен жақындастырғанымен, бақсының мақсаты ауру себебін анықтауға, емдеу жолындағы тәңір-иелердің тілін табуға бағытталады. Яғни, бақсылықтағы синкреттілік мәні: бақсы ойынының өткерілу уақыты мен орны, ойын үстіндегі сөз бен саз, түрлі әрекет, қимыл мен әралуан дыбыстар, заттық атрибуттар біртұтастықта қызмет атқарғанда ғана мақсатына жетеді дейтін түсінікпен сипатталады.

Бақсы сарыны *(I түрі)*

Бақсы жын шақырғанда белін байлап, жігіттерді сайлап, қай-қайдағы сұмдықты ойлап, есінеп, аузын ашып, түсі қашып, киімін тастап, белін байлап, отқа май салып, өзін-өзі аптап, жындарын жаттап, түсі құбылып, шарт жүгініп, қамшыны сайлап, желбауды байлап, пышағын қайрап, талтайып тұрады. Дәретсіз келгенді ұрады, ойнағанда күліп қойсаң, «Үйден шық», — деп қуады. Аузына жұрт қараған соң, өз білгенін қылады. Қобызын қолына алып, әл-мінажат сұрайды.

Қобызын қолына алады,
Қабағын түйіп қарады.
Қобызының қылына
Қарағайдың шайырын
Әдейілеп жағады.
Ышқынып тартып ішегін,
Сонда бір әнге салады.
Гүрілдеген дауысы
Талай жерге барады.
«Бақсы ойнап жатыр
Қайда?» — деп,
Естіген соң дауысын.
Көңіліндегі мұңы бар,
Баласы жоқ, кірі бар,
«Зікірін түсір», — деп,
Әркім оған барады.
Шанағына қобыздың
Тентек күйді салады.
«Ақ сөйле, — деп, — жарықтық», —
Құлағына қобыздың
Бір топ үкі тағады.
Шанаққа түскен ақшаны
Жолдасы барып алады.
«Бақсы біліп қояд», — деп,
Дәретін жөндеп алады.
«Жын келгенде күркіреп,
Қызып тұрсын дайын», — деп,
Отқа темір салады.

Жын атасы — Жирентай:
«Айдаушы, бермен айда», — деп,
Қобызын бунап шалады.

Қыз-келіншек, жігіттер:
«Айыбымызды табар», — деп,
Қымсынып іші қалады.
Барлық жынын шақырып,
Айғайын сонда салады:
— Жын атасы Жирентай,
Талай бақсы мінген тай.
Ұятқа мені қалдырма,
Айналайын, Құрмантай!
Ішінде азық болып ең,
Тоқшылықта туғаным,
Кешікпегін, Сұрмантай!
Шақырдым сені, Қарабас,
Еріншек едің сарамас.
Қанша жұрт қарап тұрғанда,
Кешіккенің жарамас.
Жолдасыңнан қалмай кел,
Көрінгенді айдай кел.
Зияндыны байлай кел,
Жан жолдасым Алабас!
Әй, қобызым, қобызым,
Әбден болжа, доңызым.
Осы жолы келмесең,
Жөнін айтып бермесең,
Жылап жатқан науқасқа
Себеп тауып бермесең,
Бір сен үшін мен сорлы
Жаным шығып тірілсем,
Өмірімде көрмеспін.
Осы жолы келмесең,
Айтқаныма көнбесең,
Шашыңнан алып сабармын,
Тірі болып өлмесем.

Қобызын тартып шабынып,
Пірлеріне жалынып,
Тері шығып бақсының,
Өзінен-өзі қағынып:
— Жандай досым Қаратас,
Сырласым едің Алатай.
Алпыс қойдың терісі
Ау болмаған Алатай.

Жетпіс қойдың терісі
Жең болмаған Алатай.
Барлық жыным жабылса,
Тең болмаған Алатай.
Қатарыңның ішінде
Кем болмаған Алатай.
Құлағың сенің қалқандай,
Мұрыныңа қарасам,
Сығымдаған талқандай.
Үміт еткен қанша жұрт,
Ойдағысын айта алмай.
Бал ашып беріңіз,
Талабын жұрттың қайтармай?!

Әй, Нұрманбай, Нұрманбай,
Мұрының сенің құмғандай.
Жер жүзіне сыймастан,
Қойқапқа кеттің, қу маңдай.
Менен көңілің қалды ма?
Шақырғанда келуші ең,
Оқ жыландай жел маңдай.
Қаһарлы едің қарымды,
Кетірме менің арымды,
Бұл науқасқа дауа қыл!
Аямағын мен үшін,
Жан досым, қолда барыңды.
Қобызымды қолыма ап,
Салып тұрмын сарынды.
Әй, Бияшбай, Бияшбай,
Бойың сенің құлаштай.
Атқа мінсең, кісідейсің,
Жер түссең, жалмауыздың тісіндейсің.
Өз айтқаныңа болмаса,
Басқа жанның сөзіне түсінбейсің.
Әлімбет-ау, Әлімбет,
Жер-жаһанға мәлім бе ед?
Зиянкесті өлтірген,
Басына қаза келтірген,
Кап тауына мәлім бе ед?
Мына көптің көңілі үшін
Кеселіне дауа ет!
Баласы жоқ пендеге

Көзіңнің қырын сала кет!
Зияндыны ала бер,
Мына жатқан кеселді
Себебін тауып, дұға бер!
Айтқаныңнан шықпайды
Тау менен тас, қара жер.
Қобызымды қолға алып,
Болып тұрмын қара тер.
Дәретін алып, сыйынып,
Таза киім киініп,
Жолыңды тосып отыр ғой,
Дауасын сұрап мынау ел.
Күн көзінде әулие,
Жер жүзінде әулие,
Мағрыптағы әулие,
Машрықтағы әулие —
Соның бәрін айдағын,
Жаратушы бір Ие.
Осы кесел жазылса,
Алатыным — бір бие.
Баласы жоқ ұл тапса,
Иә болмаса қыз тапса,
Батамды беріп аламын,
Түйіншегін бір түйіп.

Қобызын тартып тағы да,
Жан-жағына қарайды.
Жын қабады білініп,
Қызып тұрған темірді
Тіліменен жалайды,
«Дақ салма», — деп айтқын деп.
Ауырып жатқан кісіні
Бауырдақты[1] қамшымен
Тарсылдатып сабайды.
Бақсы сонда ашынып,
Қанын тартып ішіне,
Түсін жаман қашырып», — деп,
Көтеріліп, басылып,
«Айдашы, бермен, айда», — деп,
Желбауға барып асылып,
«Көк перім көкке тартар», — деп,

[1] Бауырдақ — былғары бұйымдарға түсті металдан салынатын өрнек, әшекей.

Жаны қалмай асығып,
Шаңыраққа мінеді,
Кісіміз болып шашылып.
Әулиені шақырды,
Атын айтып бас ұрып.
Сайрамда жатқан сансыз бап,
Отырарда жатқан отыз бап:
«Кіші Мекке» — дер еді.
Қазіретті Қаратау
Әулиенің кебі еді.
Түркістанда түмен бап,
Ең үлкені Арыстан бап —
Бәрі де мұның жын еді.
Құл Қожа Ахмет Ясауи —
Әулиенің пірі еді.
Шаңыраққа мінеді,
Жындарынан тіледі.
«Айдаушы, бермен айда», — деп,
Енді қайта жүреді.
«Қарабура келді», — деп,
Бүкең-бүкең желеді.
«Тамақ бер», — деп, талтайып,
Тізесін бүгіп шөгеді.
Дайындаған шөбі бар,
«Мінеки, — деп, — жолдасы», —
Құрмет етіп бақсыға,
Ауызына береді.
Күртілдетіп шайнайды.
Тұрып-тұрып азырақ,
«Бұқ», — деп, жынын төгеді.
Шықырлап тісін қайрайды,
Қара бура шабынып,
Аузынан көбік қайнайды.
Екі көзі жалтырап,
Жанып тұрып қалтырап,
Үйдің ішін бүлдіріп,
Бура болып аунайды.
«Нысаппен, — деп, — нысаппен», —
Елдің бәрі шулайды.
«Жирентайым келді, — деп, —
Тілеуді Құдай берді», — деп,
Аспанға қарғып тулайды.

Пысқырып тұрып қорсылдап,
Жер тарпынып тұрмайды.
«Ақ басып кетер», — деп,
Жүрегі қорқып сулайды.
«Су ішер, — деп, — бұл Жирен», —
Бақыр алып бір адам,
«Моно-моно», — деп зырлайды.
Ауырып жатқан кісіні
Бақсы барып тебеді.
Су ішкелі Жирені
Құрылдап жақын келеді.
«Тәк, жануар, тәк-тәк», — деп,
Бақсыға суды береді.
Тұмсығымен бір түртіп,
Бақырда суды төгеді.
«Дақ салма, — деп, — жануар», —
Ел жауабын береді.
Осы түрлі өнермен
Жирентай қайтып кетеді.
Өз әлінше науқасқа
Біраз себеп етеді.

Қобызды қолға алғанда,
«Болмағын», — деп арманда,
Жолбарыс жыны жетеді.
Жолбарыс болып шабынып,
Түрі қашып қабынып,
«Дақ салма», — деп шуылдап,
Бақсыны байлар жабылып,
Ыңыранып, қыңырсып,
Әркімді қабар қағынып.
Үйді барып жол қылып,
Гүрілдеп тұрар шабынып.
«Сап-сап», — дейді нысаппен,
Елдің бәрі жалынып.
Үйді барып қозғайды,
Шаршамайды шалығып.
Бір қатынды бассалар,
Ашулы болып мауығып.
Бір әйелге асылып,
Гүрілдеп тегін болмайды.
Жолбарыс келіп шөккен соң,

«Таптым», — деп бала ойлайды.
Бақсы барып шөкпесін,
Осындай ерім етпесін.
Ойлағаны зайыбы,
Мақсаты қабыл болмайды.
Онан кейін бақсыекем
Қобызын алып қолына,
Қаратып елді жолына,
Тағы да біраз толғайды.

Қобызды тастап бақсыекем,
Есікке қадам басады.
«Абжыланым келді, — деп,
Құрметтеп есік ашады.
Елге қарап ысқырып,
Жалақтап тілі пысқырып,
Отта жатқан темірді
Өз тіліне басады.
«Үй ішінде жау бар», — деп,
Ақтарып жүріп шашады.
Үйдің ішін қарайды,
Ауырып жатқан кісіні
Тіліменен жалайды.
«Құйрығым», — деп, белбеуді
Ширатып алып қолына,
Елдің бәрін сабайды.
Ысқырғанда ширығып,
Халықтың есі қалмайды.
«Зиянды нарың бар ғой», — деп,
Әр қатынды жанайды.
Абжыланын «ап-ап»деп,
Пышақтың жүзін жалайды.
Қобызын алып қолына,
Тағы жынды шақырар.
«Алып Қара, келгін», — деп,
Ойдағысын сапырар.
«Жан серігім сен едің,
Қай жынымнан кем едің,
Кешікпе!» — деп бақырар.
«Мұнысы қандай екен? — деп,
Қайран боп жұрты отырар.
«Алып Қара шақырдым,
Келе қойғын, шырағым.

Қабыл еткін бұл елдің
Ойындағы сұрағын.
Басқа жанға бітпейді
Салпиған сенің құлағың.
Азуың сенің ошақтай,
Мұрыныңа қарасам,
Ойып қойған ошақтай.
Ауру халін көріңіз,
Себебін айтып беріңіз.
Неғып тұрсың ерініп,
Нашарды жаудан босатпай?
Танауыңа қарасам,
Үңірейіп кетіпті,
Тәуіп барған қос аттай».

Аларып бақсы қарады,
Отырған жұрт нанады.
«Алып Қара келді», — деп,
Келсапты қолға алады.
«Дақ салма» деп айтқын», — деп,
Өзін-өзі сабады.
«Алып Қара келді», — деп,
Ауруға барады.
Ламекенге[1] барам деп,
Арқалап оны алады.
«Дақ салма», — деп шуылдап,
Ел дабырды салады.
Түскенін аударып,
Басқа жерге салады.
Алып Қара сонымен
Енді қайтып келеді.
Шақырғанда, қобызбен
Айдаушы Қара жетеді.
Барлығын айтып біртіндеп,
Содан үміт етеді.
«Келіп қалды кісім», — деп,
Жұлқына бастап өтеді.
«Дақ салма», — деп айдайды,
Беліне арқан байлайды.
Құшырланып, шабынып,
Ауруды шайнайды.
Керегені ұстап ап,

[1] Ламекен /араб/ — мекенсіз, орынсыз.

Үйді жұлқып ойнайды.
Қамшыны қолға алады,
Бір әңгіме болады.
«Зікірге бәрің отыр», — деп,
Қирата елді сабады.
Елдің бәрі жүгініп,
Дөп-дөңгелек болады.
Қамшыны бақсы алып тұр,
Зікірді «ә» деп салып тұр.
Кімдер адал, кім арам,
Ішінен бәрін танып тұр.
Салдырлатып шығыршық,
Асасын жерге қағып тұр.
Науқастанған кісіні
Ортасына алып тұр.
Бала табар-таппасын,
Әйелдерге назарын
Шын ақиқат салып тұр.
Қасына бақсы бармаған,
Назарын тауып салмаған
Әйелдер үні налып тұр.
«Дәретсіз мұнда келдің, — деп, —
Нитәніңді бөлдің», — деп,
Қалжыңбастау жігітке
Жаласын тағы жауып тұр.
Қорыққаннан жігіттер
Бірін-бірі кимелеп,
Зікір салып, зіркілдеп,
Үсті-үстіне үймелеп,
Шетке шыққан адамды
Ортаға салар сүйрелеп.
Қара терге түседі,
Бешпентін кең түймелеп.
Бәз біреулер желігіп,
Айғайлап сонда кетеді,
Бақсымен біргелеп.
«Дақ салма, — деп тұрады,
Қобызын шалып сөйлейді:
«Тағы бір асқан жын келед.

Айдаушы бермен төрт бөрі,
Төртеуі де көк бөрі.
Жаным қалмай шақырдым,

Болып па ең маған өкпелі?!
Сыйынбасқа нәрім жоқ,
Сенсіз менің сәнім жоқ.
Тілегіңді тіледім,
Жаным бар да, тәнім жоқ,
Сұп-сұр болдым қуарып,
Етім бар да, қаным жоқ.
Зияндыны байлай кел,
Пайдалыны айдай кел.
Саған қарап отыр ғой,
Үміт етіп мына көп.
Төртеуіңді шақырдым,
Сабыр етіп бірден кел.
Біреуіңіз тесіктен,
Біреуіңіз көлден кел.
Біреуіңіз жабықтан,
Біреуіңіз судан кел!
Мал сұраған біреу бар,
Жан сұраған біреу бар,
Мұддағасын[1] айтып бер.
Қолдарыңнан келеді!
Сені басар жыным жоқ,
Асып туған сендер ер».

Отты сонда сабады,
Жыны келіп қалады.
«Бірінші бөрі келді», — деп,
Шоқты тістеп алады.
Бір уыс күлді қолына ап,
«Түпәй-түпәй ұшықтап,
Ауырып жатқан кісіге
Демін сөйтіп салады.
«Екінші, енді, келгін», — деп,
Жабыққа сонда қарады.
Келіп қалды деп айтар
Екінші бөрі жабықтан.

Аямағын жанымды,
Мына отырған халықтан.
Біреуіңе мал керек,
Біреуіңе жан керек.
Сені күтіп көпшілік,

[1] Мұддаға /араб/ — тілек, мақсат, арман.

Жолыңды бағып тарыққан.
Жабықты жүрді жағалап,
Үйдің ішін аралап.
Қолына алып қамшысын,
«Айда-айда», — деп сабалап,
Жүгінің бәрін ақтарды,
Қалмасын деп паналап.
Әйелдерді сабады
«Бұзықтықпен жүрдің, — деп,
..... ақ жағалап.

«Үшінші бөрі, келгін, — деді, —
Ақырындап тесіктен».
— Сенен үміт етеді,
Атағын біліп естіген.
Осы үйдегі зиянды
Қаһарыңмен қалдырмай,
Адамдарды шалдырмай,
Айдап шыққын есіктен!

«Зияндыны шығар», — деп,
Есікті ашып тұрады.
Үйдің ішін аралап,
Қамшыменен ұрады.
Жастау келген әйелді
«Жүрегің жаман екен», — деп,
Арт жағында зіркілдеп,
Аяқпен басып тұрады.
«Бақсыекем тауып айтты, — деп,
Отырған қанша халайық
Көңілін шындап бұрады.
Өзінен басқа мықты жоқ,
Өз білімін қылады, — деп,
Кеселдің халін сұрады.
«Дақ сал, — деп, — бақсыекем», —
Ауру мен сау қатын
Сыпыра жүріп ұрады.

— Төртінші, келгін, — деп айтты, —
Айналайын Су бөрі,
Білесің бәрін қу бөрі.
Осы жерде қинадың,

Жақсылап кел, сен, бермен,
Жолыңда сенің жүрмін мен.
Қуат етіп бір сені,
Қобыз алып қоқаңдап,
Кезіп жүрмін дүнияны.

«Көк бөрі келді», — деді де,
Отыра қалды шоңқайып.
Екі көзін алартып,
Құлағын тігіп қалқайып.
Бір-екі ұлып әупілдеп,
Ауырып жатқан адамның
Қасына барды тоңқайып.
Тұмсығын тығып бұтына,
Жатты барып томпайып.
Түрегеліп аздан кейін,
Үйдің ішін қарады.
Ауру-сауды аралап,
Әркімді бір жалады.
Отырғандыр ойлайды:
«Білгіш екен бұл бөрі,
Ойымызды табады».
«Зиянды иең бар-ды», — деп,
Баз бір еркек, әйелді
Бассалып сонда талады.
Жүрістері жаман ед,
«Тапты», — деп жұрт налады.
Әркімге істеп ем-домын,
Сонан соң кетіп қалады.

Сонан соң бақсы шақырды:
«Бұл жаушы Қара келсін, — деп. —
Мына отырған халықтың
Балын ашып бергін», — деп.
Бұл жаушы Қара келеді,
Балын ашып береді.
Алғашында науқастың
Жөнін айта көреді.
«Жындарым айтып отыр», — деп,
Бақсы жауап береді.
Қанша отырған халықтың
Ойын айтып береді.

Қобызын алып қолына,
Ал, енді, сөзді төгеді:
— Бұл науқастың кеселі
Даладан, — дейді, — жабысқан. —
Керіліп бір келін жатқан-ды,
Ішіне жел қарысқан.
Төсегінен болған жоқ,
Кез болыпты алыстан.
Ішін жаңа бір түртіп,
Кетіп еді арыстан.
Ішін ұстап басында,
Денесіне жайылған.
Жауырыны тұтасып,
Бар денесі ауырған.
Күннен-күнге ұлғайып,
Қабырға басы жабысып,
Ауырып содан қорынған.
Және бір тәуір болғанда,
Ескермеген абайлап,
Суық суға шомылған.

Дауасын тағы айтамын,
Қорықпағын мұныңнан.
Өмір жасың тіпті ұзақ,
Қорықпағын, әй, шырақ.
Айтпасыма қоймай тұр,
Кісілерім шымшылап.
Жалқы туған басында
Бар екен қойда қара лақ.
Сонымен көшірем,
Боласың сау тып-тым-ақ.

Ауруға мұны айтып,
Сау адамға барады.
Дені-қарны оның сау,
Арманы оның бала-ды.
Бір қатынға бақсыекем
Аларып сонда қарады.
«Ойнасымды айтар», — деп,
Жерге кіріп барады.
— Арманың сенің бала ма?
Боз бастыға қарама.
Таза жүрсе жас әйел,

Баласыз тегі қала ма?
Мен айтпай-ақ, шырағым,
Өзің айтшы ұялмай.
Кешікпей-ақ табарсың,
Түс көріпсің анада.
Күйеуіңмен қандай ең,
Тіліңді сенің ала ма?
Бір-екі күн дем салғыз
Қара қасқа танаға.

Содан кейін бақсыекем
Бір жігітке қарады.
Тігілініп көздері
Қасына жетіп барады.
«Сайтанның бәрі сендей», — деп,
Қамшыменен сабады.
— Арманың шіркін бар екен,
Көптен бері жабырқап,
Көңілің оты сол екен,
Кешікпей ет садақа.
Жаға-жеңі кірлеген
Бір шапаның бар екен.
Пайда бермес өзіңе,
Өз денеңе тар екен.
Құдайы ғып шапанды,
Батасын оның аласың.
Қырсығынан ажырап,
Жұрт қатарлы боласың.
Не тілегің әзір боп,
Адам болып қаласың.

Басын иді бір қатын,
«Бақсыеке, мені қара, — деп. —
Көтермедім ешқандай,
Келгелі мұнда бала», — деп.
Қабыл алып бір сөзін,
Қарады тәуіп және кеп.
— Келінім, бала табасың,
Жасың ұзақ, шырағым,
Нақ жетпіске барасың.
Өсек айтып жол қыпсың
Екі ауылдың арасын.
Сүйреңде, ей, шырағым,

Содан зиян табасың.
Талығыңа қарадым,
Екі бала табасың.
Аласа бойлы қатыннан
Көз тиіп, содан қағасың.
Ебін тауып, білінбей,
Сол қатынның шашынан
Аздап қиып аласың.
Шашын алсаң қатынның,
Алып маған келесің.
Тілімді алсаң, келінім,
Бір жақсылық көресің.
Үйіңде бар бір баспақ,
Зиянды екен сол саған.
Кешіктірмей баспақты
Бір адамға бересің.

Оны қойып сонымен,
Бір қатынға қарады.
«Түсіңнен шошып қапсың», — деп,
Оған жапты жаланы.
— Сары қызың бар екен
Өзіңе қатты зиянды.
Аса зарын таппасаң,
Таппассың, келін, баланы.
Үш күн ойнат бақсыны,
Бес күн оқыт молдаға.
«Сонда болса, болар», — деп,
Көңілім саған еріп тұр.
Ол әйелдің мұддасын
Осылай айтып беріпті.

«Науқастанып жүрмін», — деп,
Бір еркек сонда келіпті.
«Жүрегіңнен таптың», — деп,
Көк желкеден теуіпті.
«Дауасы болар енді», — деп,
Тепкенін жақсы көріпті.
Кесел болу себебін
Бастан айтып беріпті.
«Әулие» деп бақсыны,
Барлығы бұған сиынды.

— Көп болыпты бұл кесел
Жабысқалы өзіңе-ей.
Көрсеткенін айтайын,
Құлағың сал сөзіме-ей!
Бар сүйегің сырқырап,
Көрінер жаның көзіңе-ей!
Екі саның бастырмай,
Салмақ түсер беліңе.
Абайламай кез бопсың
Жынның жатқан жеріне.
Анда-санда, шырағым,
Басың қатты шағады.
Майға қосып құрт ішсең,
Бұныңа аздап жағады.
Суық тисе денеңе,
Тырысып мойның қалады.
Ескермесең бұрыннан,
Ұлғайып күнде барады.
Оған дәрі айтайын,
Боз бұға мен сер бұға
«Зәптір» деген дәрі бар.
Анар менен жұм-жұма,
Үкіл-мәлік он сегіз,
Қырық болсын күшала[1].
Осының бәрін дайындап,
Соғымға сой бір тана.
Өз қолымнан емдеймін,
Барамын бір күн мен жана.
Бір қойменен көшірем,
Ақысыз болсын мың қара.

Онан кейін бақсыекем
Бір кемпірге жетіпті.
Жалғыз ұлы кемпірдің
Алғалы қатын кетіпті.
Көптен бері кешігіп,
Арада бір ай өтіпті.
«Амандығын айтқын», — деп,
Бақсыдан үміт етіпті.

— Алдай қақ, — депті — сөз басы,
Қобызым, енді, қозғалшы.

[1] Күшала — емдік қасиеті бар улы өсімдік.

Қайыңа бала кетіпті,
Қасында бар жолдасы.
Талығына қарасаң,
Жаман болмас бір басы.
Түнде жалғыз жатпайды,
Қасында бар ұрғашы.
Сай жағалап жүреді,
Болмас оған қыр басы.
«Осыдан үйге қайтсам, — деп, —
Әжем қандай боп жүр», — деп,
Бір өзіңді сағынып,
Тыйылмайды көз жасы.
Балаң онда барыпты,
Құшақтап қызды жатыпты.
Құдай ұрып құдаңды,
Қайталап мал салыпты.
«Берейін», — десе, малы жоқ,
«Бермейін», — десе, жары жоқ,
Қайғыда сондай қалыпты.
Құдаңның құрысын бәйбішесі,
Жолдасы мен балаңның
Аударып атын алыпты.
Осы жаққа жете алмай,
Жарын тастап кете алмай,
Сол жақта жаяу қалыпты.
Аударып атын алған соң,
Қыз беретін ойы жоқ.
Тойға сояр салыпты,
Құдаң сондай тар екен.
Көңілі жақын өзіңмен
Сол тараптың бәйбішесі
Бір жегжатың бар екен.
Тойға сояр ол күні
Арықтау ғана тана екен.
Қиылған соң балаңыз,
Сол жегжатыңа барыпты.
Бастан-аяқ жай айтып,
Жегжатыңа налыпты.
«Ақия банда пірім», — деп,
Құйрығы шолақ, өзі ақсақ,
Қой, қозыға көп мінген
Бір кер тана алыпты.

Балаң бұған қуанып,
Жолдасымен екеуі
Бірі бастап, бірі айдап,
Енді қайта салыпты.
Шыққан күні жете алмай,
Жолға қонып қалыпты.
Шаршап келген жаяулап,
Бұлар ұйықтап қалыпты.
Сыпырып тастап бұйдасын,
Тана кетіп қалыпты.
Қайда барса, оңалмай,
Балаң сөйтіп тарықты.
Ауру болған балаңыз,
Жаяу іздеп тананы.
Жасыңда жаман жүрісің,
Кесірің тиіпті бұл күнде,
Әй, кемпірім, балаға.
Бір лағың бар екен,
Меңсіз өзі ақ екен.
Үйден тамақ бермейтін,
Пейілің осы тар екен.
Ұрлап алып есіпсің,
Әр адамның үйінде
Ұсталмаған өмірде
Бір ала арқан бар екен.
Арқанды байла лаққа,
Баланды салма тұзаққа.
Құдайы ғып кетіргін,
Бермеген саған бірақ та,
Айтып отыр жындарым
Ақырындап құлаққа.

Иіліп сәлем етеді
Жастау келген бір қатын.
Оқ жыландай жылмаңдап,
Порымдаған сымбатын
«Талығымды қара», — деп,
Бақсыға айтты ол қатын.
Қобызын алып қодаңдап,
«Тауып бер, — деп, — ол жағын», —
Бақсы айтты қатынға:
— Екі бала тауыпсың,

Тоқтап қалған себебің
Пиғылыңнан тауыпсың.
Көңілдесіп жігітпен,
Бір орамал алыпсың.
Бейуақта, шырағым,
Өзен-суға барыпсың,
Сонымен тоқтап қалыпсың.
Қиын емес, шырағым,
Айтқаныма көнесің,
Бұл сөзіме сенесің.
Жігіттен алған орамал
Өзіне қайтып бересің.
Бір-екі күн түкірсем,
Түнде-түнде келесің.
Ақ көйлегің бар екен,
Құдайы ғып бересің.
Батасын алсаң бақсының,
Кешікпей-ақ баланы
Үсті-үстіне төгесің.
Аққұбаша жігіт-ті
Көптен бергі сырласың,
Оны жақсы көресің.
Ол пиғылды тастағын,
Осы менің кеңесім.

Осыменен халықтың
Балын ашып береді.
Қуанғаннан халайық
Енді қайтып жөнеді.
«Білгіш, жақсы екен», — деп,
Мақұлдасып келеді.
Ойынға барған әйелі
Үйде жатқан еріне
Мақұлдата береді.
«Олай болса, бақсыға
Қарта қой», — деп күйеуі,
Көңілін қимай әйелдің,
Ризалығын береді.
Демін алып бақсыекем,
Басқа сөзге келеді.
«Көшірем», — деп әйелді,
Бір бас тауып алады.

Қара ала қылып бояуды,
Әлгі басқа жағады.
Қуыршақты істетіп,
Әр жеріне тығады.
Қатын менен бақсыекем
Жеті жолдың айырылған
Жеріне таман барады.
Бір жерінде ағы жоқ,
Қара қойды алады.
«Түпə, түпə!» ұшықтап,
Қамшыменен сабады.
«Қарама, — деп, — артыңа», —
Қатынға жауап қылады.
Мақұл көріп ол əйел,
Жеткенше үйге шабады.
Қойды өңгеріп бақсыекем,
Өз үйіне барады.
Бұл ойынның аяғы
Осыменен тынады.

Бақсының сөзі

Əуелі, Құдай, сен оңда,
Сен оңдасаң, біз мұнда.
Тілеген тілек жəне бер,
Қас бедеуге бала бер!
Жақсы Құдай, жай Құдай,
Мырза Құдай, би Құдай!
Əуелі Құдайым көк жасаған,
Онан кейін жер жасаған.
Сиынайын бірінші, Құдай,
Екінші, сиынайын, Мұхаммед!
Біріңе біз құл болдық,
Біріңе үмбет болдық.
Үшінші, Тəңірім,
Төртінші, төрт жар,
Сексен сегіз машайық,
Жүз жиырма төрт пайғамбар,
Меккеде əулие,
Мединеде əулие,
Хан Шыңғыста əулие.
Қызыл таудың басында

Қыз әулие,
Өгіз таудың басында
Өгіз әулие,
Қошқар таудың басында
Қоңырбас әулие,
Таудағы бұланың,
Іштен шыққан айдаһар әулие.

Бекбау ата — Бек Әзіл
Өлі десем, өлі емес,
Тірі десем, тірі емес.
Ата Қорқыт әулие,
Уақ атасы — Ер Көкше,
Ерлігінің белгісі —
Садағына келген сан кісі,
Мылтығына келген мың кісі.
Сарыбай, Сарыш, Өтеулі,
Үш жүз сексен ат
Бәйгеге қосқан Көрпебай.
Арғын атасы — Қарақожа,
Ханда — Абылай, қарада — Қазыбек.
Жалаңаяқ Әзіз,
Дуана жырық,
Төрт ұлды Торайғыр,
Нағашы Тұрдыбек,
Өзім нағашы атам —
Жағалбайлы Тұңғат,
Қаракерей Қабанбай,
Қаздауысты Қазыбек,
Қаракерей Мұрында Қандыбай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Тобықтыда Дөненбай,
Ішіндегі Доғалбай.

Өте шықты Құнанбай заманында,
Таздың арғы атасы — Шойынқара.
Қара, Сары, Қондыбай
Әулие қасиетті өткен.
Терістен бала, —
Арғы атасы — Кетбұға,
Көкей Көшек
Өте шықты ішінде —
Аманқұл бақсы.

Бәсентиін арғы атасы — Барлыбай,
Ішінде Тасыбай.
Тұрлыбек дуан басында.
Әуелі Құдай жын жасаған,
Бірінен-бірін мол жасаған.
Жынның арғы атасы — Кетбұға,
Жын атасы — Сары Азбан,
Әуре қылма, сен, Азбан!
Жын атасы — Бердібай
Жын ұраны: «Екеу, екеу!»

Аспандағы менің бес перім,
Қырық пышақ салдырып,
Қырық ине маған түйретіп,
Төбеме айдар қойдырып,
Жынға мойын қойдырып,
Көнбегенге көндірген,
Қу ағашқа төндірген.
Ақсақалдыдан бата алдырған,
Ақсарбас қойды сойдырған.
Бес бала, бес асау тай үйге кіргізген,
Ерегіскен жерге дерт салған.
Жын болып байланған,
Кірне болып айналған.
Ойдан келген он қожа,
Қырдан келген қырық қожа,
Ол қожаның ішінде
Әзірет Қожа
Жат өлікке жан берген,
Жамағат жанды тең көрген.
Белсізге бел берген,
Перзентін тең берген.
Оң қолымды ораймын,
Сол қолымды сұраймын.
Шежіреге басын сүйеген,
Күнге шашын тараған.
Ата қадірін білмеген,
Ана сүтін ембеген.
Жерден жеті қоян айдаған,
Дұғаменен байлаған.
Жеті кетпен шот басқандай болдым,
Жеті қазанға түскендей болдым.

Он екі ақбоз ат
Ойнағандай күн қайда?

Жын шақырдым Қамбардан,
Қияда жатқан жандардан.
Теміржанға сәлем де,
Хабар бер!
Ауыр қол жисын,
Темірден тон тіксін.
Ойдан келген он бөрі,
Сол бөрінің ішінде
Алты ауызды көк бөрі.
Көк жендет Қондыбай елінде
Жұмабайдың баласы
Қосыр Құда көк қабан,
Жын ішінде сен жаман.

Маңдай терісі құрысып,
Жын біткенмен ұрысып,
Жөргегімде жабысып,
Он бір жаста табысып,
Қаракерей Мұрыннан келген
Жиенім туған жиен бар —
Тоғыз ұлдың кенжесі.
Мырзабай Қабыл
Сары ала қамқа тон киген,
Сары арғымақ ат мінген,
Қылышын қынға қынаған.
Келдің бе бұл жылда
Қисан қатынның ағасы,
Қаралып жатқан шаңырақ басында?
Тоқымы жоқ кісіде
Тобықтыдан келді
Қара жігіт Қойқап.
Алтайдан келген алтауым —
Шабдар атты Кемеңгер.
Елден келген екеу,
Желден келген жетеу,
Елден келген екі Азыл.
Шаңдуы басынан келген Шаңдаяқ,
Қайдан келген ентелеп,
Бәйге атындай ентелеп.

Көк ала сақал Көзімбет,
Алпыс атты қырық жаяу
Меңрай Жүзей,
Сен, жарқыным, жолдасым!

Жоғарыдан келген төрт ат,
Төменнен келген бөрте ат,
Кейінде айыл жетпес сары ат.
Адым-адым басқан,
Адымы жерді қуырған,
Тұяғы құмды суырған.
Тозаң-тозаң жүгірген,
Тозаңды жерге суырған.
Жол-жол, жол жатыр,
Жол жағалай қол жатыр.
Сонша қолдың ішінде
Қарабек атты сұлтан жатыр.
Хан Тілеуберді сұлтаным,
Арымқазы ұлтаным,
Ойдан кірген ойпатым,
Қырдан келген бекзатым,
Дәуіт пайғамбар, ер Дәуіт!

Ұзақбай бақсының сарыны

Жақсының басы — бисмилла,
Құранның басы — бисмилла,
Алхамның басы — бисмилла.
Бисмилла деп тәу етсек,
Сіз — Мұхаммед, біз — үмбет,
Үмбетіңе жәрдем ет!
Қарағай қобыз мен алдым,
Оңды-солды мың шалдым.
Бес саусақты қыл кескен,
Көкіректі жын кескен.
Өкпе менен жүректен,
Бүлкілдеген бүйректен
Ат жібердім шабарға,
Шарымтай мен қабырға.

Мінгені Көрекеңнің маржан жал-ды,
Көрекең Балқияға хабар салды.

Қой көзді әсіре жайсаң
Қыз Балқия талықсып,
Ертемен хабар салды.
Маңдайында сексен шоқ,
Табаным бар да, өкшем жоқ.
Көтім бар да, бөксем жоқ.
Алпыс қойдың терісі
Ау шықпаған Көроба.
Жетпіс қойдың терісі
Жең шықпаған Көроба.
«Жоғары жақта бар, — дейді, —
Ер Тотай деген әулие».
«Төменгі жақта бар, — дейді, —
Зілғара деген әулие».
Ал, сиындым сендерге,
Жәрдем бергей біздерге?!
Әлгі менің Пишугам,
Анда менің Пишугам.
Ақылымды алмай кел,
Ауруыңды шалмай кел,
Сыпайдың үйінде
Ойран-ботқа салмай кел!

Айда біздің сары орыс,
Сүймендерін сүйреткен,
Сүңгілерін түйреткен,
Көзі шегір сары орыс.
Жын атасы — Жирентай,
Жын келеді апалай...
Үйдегі мен қырдағы,
Құбан менен Сырдағы
Арқаны сары жүндіге
Нағашылы-жиенді,
Келіп бізге хабар сал!
Ителгі мұндар, бермен кел!
Шақырайын жындарды,
Топалаң келген мұндарды.
Тәшкен кеткен Жалғабай,
Бұхар кеткен Жалбағай.
«Жалбағай», — деп шақырсам,
Жынның бәрі қалмағай.

Қатарда-қатар қара нар,
Шын жібектен бұйдам бар.
Желкілдеген шудаң бар,
Ақыл білмес адам бар,
Шайнайтұғын адам бар.
Әлгі менің шұбарым,
Әшекейлі тұмар бар.
Шұбарым менің келгенде,
Тарқамайды құмарым.
Жер жүзінде әулие,
Күн көзінде әулие,
Машайықта әулие,
Мағырыптағы әулие,
Ал сиындым сендерге,
Жәрдем бергей біздерге?!
Жәдігөйім, жарғышым,
Жарып бір ауруды алғышым.
Айда бермен, Ағалмас,
Ағалмастан дем қалмас.
Ағалмастан қалған жын
Қараса да мал болмас.
Дүйсенбі бақсы атанған,
Үлкен бақсы бата алған.
Аузы қисық демесең,
Үлкен де бақсы атанған.
Көндірмеске көндірген,
Қу ағашқа төндірген.
Айда біздің қара жын!

Ел шетінде жау бар ма,
Сүйреңдеген тіл бар ма?
Қазулы тұрған көр бар ма?
Бес жасымнан қағынған,
Он бесінде табылған.
Ұзын жолдың үстінде
Тапа бір түсте жабысқан.

Ешмұхамед бақсының сарыны

Әуелі, Алла, ал, оңғар,
Айтатұғын сөзім бар.
Дүниеге жайылған
Шақырамын, ал, жындар.

Жын шақырсам, келгендер,
Жүгіре басып жүріңдер.
Тобыңды жазба, Сарым сер,
Дертке дауа беріңдер.
Жынның басы — Жирентай,
Жын келеді, алақай!
Төменгі ерні жер тіреп,
Жоғарғы ерні көк тіреп,
Келе жатыр Қорабай.
Тас бұршақтай ойнаған,
Найзағадай қайнаған...

Дертін ұстап байлаған.
Маған шаппа, дертке шап,
Дауа болар жөнін тап!
Есен де менің алмай кел,
Ауызыңды шалмай кел.
Түркістанда тоқсан ер,
Бұхардағы сексен ер,
Бірің қалма, бәрің кел!

Ақ сәлдең бар басыңда,
Асатаяқ қолында,
Бір Алланың жолына
Келер алды дауылдай.
Балқия мен Наркүміс,
Шақырамын сендерді.
Шығатұғын мал бар ма,
Өлетұғын жан бар ма,
Аузын ашқан көр бар ма?
Білгеніңді рас айт,
Өтірік айтып сандалма!
Жын үлкені — ер Шойлан,
Кідірмей бері кел, Шойлан,
Өтірік айтпа, жын, ойлан!
Басыңды баудай қағармын,
Қаныңды судай шашармын.
Аспандағы айдаһар,
Ұзындығың мың құлаш,
Жуандығың он құлаш.
Дегенін де істеген,
Аузына салған алмасты
Шықырлатып тістеген.

Айда бермен, Қара нар,
Жібектен ескен бұйдаң бар,
Желпілдеген шудаң бар.
Қара нарым келгенде,
Абайлаңдар, бозбала,
Шайнайтұғын адам бар.
Алдымдағы мейманның
Захмет жеңін байлаңдар.
Қысылып отыр хан иең,
Шыбын жанын қиналтпа,
Өтірік айтып ұялтпа.
Үйде отырған бозбала,
Көнесіз жынды шайнама!
Аспанда екі қара тас,
Екі иінін мықтап бас.
Есімді менің алмай кел,
Азуымды шалмай кел!

Ишандарға қол берген,
Үлкендерге жол берген
Айда бермен, ер Көбен.
Білгеніңді дұрыс айт,
Сөз сұраймын мен сенен.
Осы ауру дауасы
Болады екен, ал, неден?
Өтірік айтпа, шыныңды айт,
Дауа болар жөнін айт!
Мұнан жылдам елге қайт,
Жылқуанға хабар айт!

Дүние кезіп шарласын,
Дертінің жөнін барласын,
Не боларын ойласын.
Жын үлкені — Дәу перім,
Жын ішінде бір серім.
Ұзындығы тоқсан қар,
Көлденеңі сексен қар.
Жалғыз көзді, бермен кел,
Талай жерге еттің ем,
Бізден сізге пәрмен бар.
Бол, аяғың жиыл де,
Дауасын дерттің ойлаңдар.

Ортаға алып қамаңдар,
Дерт иесін байлаңдар.
Жасырынып қалмаңыз,
Іздеп, тінтіп қараңдар.

Аспандағы ақ ауыз,
Жердегі біздің көк ауыз,
Бәрің бірдей абайла.
Не жақсылық, не жауыз
Секілденген асылым,
Ақ жұмыртқа сары уыз.
Жын күйіне қосылшы,
Екі ішекті ал қобыз.
Біздер бақсы болғалы,
Алдымнан мейман кеткен жоқ.
Менен бақсы өткен жоқ,
Бізге бақсы жеткен жоқ.
Қарағай қобыз алған соң,
Оңды-солды шалған соң,
Мұнарланған шаң шықты.
Шаң астына қарасам,
Тоқсан жерден ту шықты.
Ту астына қарасам,
Тоқсан бөлек қол шықты.
Қол ішіне қарасам,
Сансыз әскер жын шықты.
Мекке, Мысыр жайлаған
Қолдың басы — Көгаман,
Нөкерімен сол шықты.
Үйсін Қоңыр қыстаған,
Самарқан, Бұхар ұстаған.
Талай жерді аралап,
Қолын бастап шамалап,
Жынның басы — Жоламан,
Салбырап ту сол шықты.
Қытайдың жерін ұстаған,
Әскер қойып қыстаған,
Жылдық жолды түсте алған,
Сары ала түйе салбырап,
Темір Шойын ер шықты.
Қараңғы түнде күн шықты,
«Жетемін», —деп, жындар ынтықты.

Сырдың бойын жайлаған,
Жағалай бие байлаған,
Қорқыт баба демеген,
Әзірет Сұлтан сүйеген,
Сараман мен Қараман
Он екі жерден ту ұстап,
Сексен мыңдай бел ұстап,
Тамашамен сол шықты.

Еділ, Жайық — екі су,
Күн батыстан шықты бу.
Кереметпен көп перім,
Келе жатыр қырық ту.
Дүниежүзін шаң басты,
Істен бақсың адасты.
«Байлап дертті алам», — деп,
Пері мен жындар таласты.
Ал байландар, алыңдар,
Дертке дауа салыңдар.
Дүниені қаптаған
Неше миллион саның бар.
Әрқайсысың, перілер,
Жүз кісілік әлің бар.
Он арыстандай әрбірің,
Топтанып шаң шығарған.
Айда бермен, үйірлеп,
Ойылды мен Қиылдым,
Жын шіркіндер жиылдың,
Дертке дауа бере гөр!
Хан иеңіз сиынды
Тау мен тасты қиратқан.
Бүйрегімде ұнатқан
Дерт шарасын беретін
Келдің бе бүгін, Таңатқан?
Сабыр суың себе бер,
Хан-Генде демей гөр.
Келмей қалған жын бар ма,
Келгендерге сын бар ма?
Ретсіз жерге сыналма,
Сынға қалып сандалма.
Дерт дауасын беріңдер,
Жалап-жұқтап қойыңдар.

Неше бөлек үйің бар,
Дертке көзің салыңдар,
Бөтен осы, қойыңдар.

Қарақай біздің келер ме,
Келіп хабар берер ме?
Атын атап шақырсам,
Қояндай шауып жүрер ме?
Маңдайында жалғыз көз,
Екі айтпайтын жалғыз сөз.
Он бесімде жабыстың,
Жиырма бесте табыстың.
Бірге қатар шабыстың,
Жауға болмай қарыстың.
Дәу перімен алыстың,
Қайратпенен қарыстың.
Қарсыласқан дұшпанға
Жібермедің намысты.
Буырқанып, бұрсансаң,
Мұздай темір құрсансаң,
Жақын еттің алысты.
Пір қожамның бес ұлы,
Ер қожамның үш ұлы
Алға келдің бас ұрып.
Қайратыңды асырып,
Алдымдағы мейманның
Үстінен дертін қашырып,
Дауа салдың мейманға.
Разы бол, жын мұндар,
Басыңды қосып жиғанға.
Мұнан қоймай хабар айт,
Ертең күні қалмасын,
Келуінен танбасын
Тоқсан тоғай толғана.

ەبز كەلدك اۋ دلينا قلب چابس،
كەينگى آتى قالغان اەتەر نامس.
سزدەرگە ساسكەلك جەر قالغان چاقتا،
قۋلاققا آرقامزدان جەتتى داۋس.
كوڭلگە ەتۋسب كەتدى قايغى باتر،
آرابى اۋزاق جولدك مڭغا ناتر،
داۋيسى جەرمەن كوكدى كۋگرەندىرب،
جۋمالاب بزدەن اوزدى قوبز باتر.
آغاسز ەبرك سۋلتان برك خانم،
سارغايار زاغفاراندای مەنك ەتانم،
قوبزدا قيانات جوق اۋلق بە ندەر،
آيتبايمن جالغان ەسوزدى سزگە جانم.
بايگەنك باسن آلدى قويلى باى اەر،
اولارغا كەرەك اەمەس آلتن مەن زەر،
جاماغات بارلق جۋرتدار قالدى قايل.
باقسيغا جننك قلغان قزمەتن كور.

باقسينك ساريمى

ەسوزدك باسى بسمللا،
بسمللاەسز اس قلما،
بسمللا دەسەك قودای بار،
ەجن ەبر چايتان كورنسە،
سرتمنان ەآرى قۋۋا-آى بەر.
جەر جۋزندەگى آۋليە،
كۋن كوزندەگى آۋليە،

Бақсының сарыны.
Тарту / Құрастырған Ә. Диваев. – Ташкент, 1924. – 167-бет

БАТА

Бата жанры — магиялық фольклордың аса көркем, мазмұнға бай, тәлім-тәрбиелік, өнегелік маңызы зор түрі. Оның ежелгі үлгілері сөз магиясына байланысты туындап, сол арқылы тылсым күштерге әсер етіп, мейір-шапағат сұрау, тілек тілеу, кесір-кесапаттан сақтану, қорғану мақсаттарын көздеген. Бата заманына қарай жаңғырып, толығып отырғаны байқалады. Мәселен, ежелгі дәуірдегі рух-иелерден медет тілеу үрдісі Ислам кезеңінде мұсылмандық түсініктегі Аллаға, пайғамбарға, періштеге, әулие-әнбиелерге сыйынуға ауысып, жалғасын тапқан. Сондықтан бата сөздерінде Тәңір, Алла ұғымдары баламалы түрде айтыла береді. Бата сөз адамға жақсылық тілеуге байланысты болатындықтан, ол алғыс сөзбен мазмұндас болып келеді. Дегенмен, айтылу, орындалу тұрғысында өзіндік ерекшеліктері де бар. Алғыстың ауқымы кең болып келеді және оны кез келген адамның айтуына шек қойылмайды. Қазақ қоғамында батаның берілуіне айырықша көңіл бөлінген. Сол себепті көпке белгілі тұлғалардан бата алу адам өмірінде үлкен рөл атқарады деп есептеледі. Әсіресе, белгілі бір өнердің, кәсіптің ірі өкілдерінен, тарихи тұлғалардан бата алудың қалыптасқан өзіндік заңдылықтары, жолдары болады. Мәселен, жас талапкер ақын атақты айтыскер ақынның алдынан сүрінбей өтіп, бата алуы оның алдағы шығармашылығына зор ықпал еткен. Сондай-ақ жорыққа аттанған немесе жекпе-жекке шыққан батырға, елші-жаушыға, ел атынан сөйлейтін тұлғалы адамға берілетін баталардың мазмұндық, әлеуметтік мәні аса зор болады. Ал ел ішінде ұйымдастырылатын басқосуларда, той-жиындарда данагөй қариялардың халыққа, дастарқан иесіне беретін баталары да сол жиындардың аса маңызды бөлігі болып саналады. Бата берудің қалыптасқан үлгісі бойынша бата алатын адам немесе адамдар тобы алақанын жайып, бата берушіге ерекше назар аударып отырады. Өмірдің маңызды мәселелерін қозғап, әуезді үн мен мәнерлеліп айтылатын бата көпшілікке жағымды әсер етіп, олардың келешекке деген үміт-сенімін арттырады. Батада қамтылған жақсы ниеттердің іске асуына бата беруші де, жиналған көпшілік те тілектес болады. Мұны көне замандағы тылсым күштерге көпшілік болып әсер ету магиясының сарқыны деуге негіз бар.

* * *

Кел, жігіт, кел, жігіт,
Бұған бата бер, жігіт!
Ауылыңның қонғаны
Жылға-жылға сай болсын.
Ұл баланың мінгені
Жорға-жорға тай болсын.
Жорғалатып келгенде,
Атаның көңілі жай болсын!
Қара ешкінің мүйізі
Ербегей де сербегей.
Саған келген пәлекет
Өзен суды өрлегей!
Менің атым — Сарыбай,
Сақалыма сары май.
Татам мезгілі болғанда,
Төсегіңнің басынан,
Жастығыңның астынан,
Бақ-дәулет келіп дарығай!

* * *

Бисмил-ләһир-рахманир-рахим!
Бүлшіл, бүлшіл, бүлшіл бол,
Бозторғайдай түршіл бол,
Адам таппайтын сөзшіл бол!
Бұрама темір, сом алтын
Суға салса батпасын.
Тәңірім берген дәулетің
Тепкілесе кетпесін!
Қораң қойлы,
Шараң майлы болсын.
Қазаның қаспақты,
Сиырың баспақты болсын!
Ұл-қызың үбірлі-шүбірлі болсын,
Ғұмыр жасың ұзақ болсын.
Періште әумин десін!

* * *

Аяңда аяңдасаң, қаракердей,
Сөз таптық қапияда қайлалы ердей.

Той бастап жолдық енді алғаннан соң,
Біз сонда кетеміз бе бата бермей!

Әуелі бір Құдайым басын берсін,
Екі елі ұзақ ғұмыр жасын берсін.
Дұғамыз мүштаракта қабыл болып,
Шын күміс, алтын аяқ тасын берсін!

Онан соң бір Құдайым бақыт берсін,
Дәреже, өзіңізге тақыт берсін.
Дұғамыз мүштаракта қабыл болып,
Он жігіт күзетшіге сахит тұрсын!

Онан соң бір Құдайым миды берсін,
Үстіңе ақ күмбездей үйді берсін.
Үстіңде ақ күмбездей үйің болып,
Ішіне лайқаттап күйді берсін!

Жиһазың ақ орданда толып тұрсын,
Үйіңе қонақ-қопсың қонып тұрсын.
Терісін бес биенің саба қылып,
Қымызың жүз кісіге болып тұрсын!

Самаурын төрт-бес жерден қайнап тұрсын,
Бұлбұл құс тұғырында сайрап тұрсын.
Үстінде түрікпен кілем жабуменен,
Белдеуде төрт бедеуің ойнап тұрсын!

Ақ отау ойға тіккен қырға қонсын,
Ақ жүзің алақандай нұрға толсын.
Мүстажап[1] Сізден байлық кеткенде,
Үйіңе Қыдыр ата келіп қонсын!

Қара су мал жериді лайынан,
Тілей көр күнде тілек Құдайыңнан.
Мал-басың дәулетіңмен бірдей өсіп,
Бір Құдай айырмасын жұбайыңнан!

Шырағым, қадірлі екен қара басың,
Ауызға бал татиды берген асың.
Мүстажап менің батам қабыл болса,
Алдыңнан ақ күн туып, жарылқасын!

[1] Мүстажап (араб) — қабыл болу.

* * *

Әуелі Құдай оңдасын,
Қыдыр ата қолдасын.
Бай дәулетін берсін,
Пайғамбар берекесін берсін!

* * *

Бал дәмі кірсін асыңа,
Береке берсін басыңа.
Томашадай қорғалап,
Дәулетің келсін қасыңа!

* * *

Әуелі, Құдай, сен жарлық,
Сүйгеніңмен тең жарлық.
Айдан аман сақта,
Жылдан есен сақта!
Бай қыл, төрт түлігін сай қыл,
Жан-жақты қыл,
Малды, бақты қыл!

* * *

Халыққа жағам десең, әділ бол,
Судан таза, жерден ауыр бол!
Аузыңнан шыққан сөзің
Естіген халыққа қуат болсын,
Айналаң ашық суат болсын!

* * *

Иә, Құдай, оңғара көр,
Бәлеңнен қорғай көр,
Аруақ, қолдай көр!
Несібең үйден болсын,
Абиыр түзден болсын.
Қызықты көңіл болсын,
Бақытты өмір болсын!
Әумин, Аллаһу акбар!

* * *

Бүлшіл, бүлшіл, бүлшіл бол,
Бозторғайдай төршіл бол!
Бұрама темір, сом алтын
Отқа салсаң күймесін,
Суға салсаң батпасын!
Балаларың мінгені
Жорға-жорға тай болсын.
Жорғалатып келгенде,
Байдың көңілі жай болсын.
Айдағаның қой болсын,
Шайнағаның май болсын!
Аллаһу акбар!

* * *

Ағайынның алды бол,
Отыз ұлды орда бол,
Тамам жұрттың басы бол!
Лұқпандай мың жаса,
Береке дарысын басыңа,
Дұға тисін асыңа!

* * *

Сұрасаң, бата берейін,
Үстем болсын мерейің.
Ықыласпен қол жайсаң,
Ақ тілекті төгейін.
Дастарқаның мол болсын,
Абыройың зор болсын!
Көк жайлауды жайласаң,
Тай, құлынды байласаң,
Келін тұрсын керіліп,
Салтанаты көрініп.
Сабаң толсын қымызға,
Шараң толсын уызға!
Өрісіңе мал толсын,
Ақ тілеуің жар болсын!
Көре алмаған бағыңды,
Сындыра алмас сағыңды.
Балаңыздың сәні өссін,

Толған айдай тағы өссін,
Абыройы тағы өссін!
Қорған болғын халқыңа,
Ел сүйінсін даңқыңа.
Талдырмай білегіңді,
Қалаған тілеуіңді
Басып жүрген жерден берсін,
Ағайының қолдай берсін,
Дос-жараның қорғай берсін!
Көліңде балық қайраңдасын,
Ел-жұртың жайраңдасын!
Әумин!

* * *

Е, Құдайым, бала бер,
Бала берсең, дана бер.
Тал таяғы қолында,
Талтайып тұрған бала бер!
Онан берсең, мұны бер,
Ақ, қара май қойдан бер,
Жирен ала тайдан бер!
Е, Құдайым, оңдасын,
Әулиелер қолдасын.
Ата-бабаңның аруағы
Қысылған жерде қолдасын!
Қыдыр болсын жолдасың,
Бес жүз қойың қоздасын.
Сексен түйең боталап,
Сегіз келін қомдансын!
Жегенің адал ас болсын,
Өзіңнен туған балаңыз
Ел-жұртыңа бас болсын!
Айдағаның қой болсын,
Шайнағаның май болсын.
Мінгенің жорға болсын,
Төрт түлігің сай болсын,
Уайымсыз көңілің той болсын!
Қазаның қаспақты,
Сиырың баспақты,
Қызың моншақты,
Ұлың он шақты болсын!
Әумин!

* * *

Құдай жарылқасын,
Бай қылсын,
Бақ дарысын!
Дастарқанға береке берсін,
Ерге дәулет берсін.
Шыққанның есесін берсін,
Қалғанның берекесін берсін!
Кең пейіл берсін,
Ұзақ өмір берсін.
От айнала бас берсін,
Өріс толы мал берсін.
Мал берсе, қайырлы,
Берекетімен берсін,
Бас берсе, азық —
Несібесімен берсін!

* * *

Бүлшіл, бүлшіл, бай,
Бозторғайдай төлшіл бай.
Орама темір, сом темір,
Отқа салса, күймесін,
Суға салса, батпасын!
Сізден байлық кетпесін,
Сізден байлық кеткенде,
Мұратына жетпесін.
Ала биең құлындап,
Айдалаға сыймасын.
Құла биең құлындап,
Құла далаға сыймасын!
Балаңыздың мінгені
Жорға-жорға тай болсын.
Жорғалатып келгенде,
Көңіліңіз жай болсын!
Ауадан түскен қорғасын,
Сізді Құдай оңдасын!
Алалатсын, бұлалатсын,
Бұл жеңешемді балалатсын!
Ұл да тапсын,
Қыз да тапсын,
Бәрімізге қолғанат болсын!
Әумин!

* * *

Ақ бата берейінші жастарыма,
Құдайым бақыт берсін бастарыңа!
Алдарыңнан күн тусын,
Арттарыңнан ай тусын!
Табалдырықтарың биік болсын,
Шаңырақтарың кең болсын!

* * *

Жарылқасын, бай қылсын,
Төрт түлігін сай қылсын.
Бала-шаға өрбіп, өсіп,
Ата-ана көңілін жай қылсын.
Қуаныштан айырмай,
Күнде-күнде той қылсын!

* * *

Әумин десең, міне, бата,
Дарысын Қыдыр ата!
Иә, Шопаната,
Беретін малыңның атын ата.
Баратын кісінің орайы жоқ,
Өзің әкеп мата!
Иә, Құдай, сиыр бер,
Сиыр берсең, биыл бер.
Одан кейін түйе бер,
Түйе берсең, тимей бер.
Одан кейін жылқы бер,
Ойын менен күлкі бер.
Жирен аттай жолды қыл,
Өзен-судай талды қыл.
Жаңа үйленген екі баламды,
Өз құрбысының алды қыл!

* * *

Ей, Құдайым, мұның жолын ашық қыл,
Дұшпаныңнан қашық қыл!
Ей, Құдайым, мұны астыр, тастыр,
Жұлдызбен жалғастыр!

Жамандардан адастыр,
Жақсылармен жолдас қыл!
Ей, Құдайым, мұны көп ет,
Көлдей мамыр ет,
Тілегенін қабыл ет!
Қарағанда көзің жіті болсын,
Қармағанда қолың ұзын болсын.
Құдайдан не тілесең, соны берсін,
Алдың базар, артың шаһар болсын!
Ей, Құдайым, бұған жаздай бер,
Жаздай берсең, жазбай бер.
Ей, Құдайым, бұған күздей бер,
Күздей берсең, үзбей бер.
Ей, Құдайым, бұған қыстай бер,
Қыстай берсең, қыспай бер!
Бақыт қонсын, қыдыр дарысын,
Кең пейіл берсін, кетпес дәулет берсін,
Алхам беллахи, алхамның берекетін берсін!
Аллаһу акбар!

* * *

Иә, өмір қызығын бере берсін,
Не бергеннің қайырын берсін!
Еңбектерің жемісті болсын,
Тұрмыстарың келісті болсын,
Бақ қарасын, Қыдыр дарысын.
Деннің саулығын берсін,
Дастарқанның байлығын берсін!
Берген дәмің бал болсын,
Өріс-қонысың бар болсын.
Осы үйге қастық қылған
Дұшпаның дал болсын,
Өміріңе Жасаған Тәңір жар болсын!
Ел басына туған ер бол,
Ақылың дария көл бол.
Көпке бірдей күн бол,
Халық аузында жыр бол,
Халқыңа лайықты ұл бол!

* * *

Ал, бастайын «бисмилла» деп,
Құрбандығын қабыл ет,
Имандыны кәміл ет!
Ғұмыр берсең, бақытты,
Тұжырымды қып бер.
Дәулет берсең, қайырлы қып бер,
Әйел берсең, қызыл жүзді,
Жұмсақ сөзді, қылықты қып бер.
Келін берсең, келбетті қып бер,
Ат берсең, жүрісті қып бер,
Бала берсең, ырысты қып бер.
Тірісінде тамақ бер,
Өлісінде жұмақ бер.
Осы айтқанның барлығын
Үйіп-төгіп бір-ақ бер!
Батагөйден сөз қалған жоқ,
Беруші өзі біледі.
Аллаһу акбар!

* * *

Құдайым оңдасын,
Әулиең қолдасын.
Кеткенің келсін,
Кемтігің толсын!
Аллаһу акбар!

* * *

Құдай жарылқасын,
Бақ қарасын,
Қыдыр дарысын.
Айдан аман,
Жылдан есен қылып,
Үйдегі-түздегі
Мал, басты аман қылсын!
Аллаһу акбар!

* * *

Е, Құдайым оңдасын,
Қыдыр келіп қолдасын.
Бас аман, мал түгел болып,
Береке, бірлік орнасын!
Аллаһу акбар!

* * *

Қайырлы береке берсін,
Тауфиқ[1] Жан иесі — Хазірет,
Бақ пен сәулет берсін,
Ізгі ниет берсін!
Кәсібіңе береке берсін,
Деніңе саулық берсін.
Көңіліңе шаттық берсін,
Халыққа бірлік берсін.
Отанға тыныштық берсін,
Берілген бата, тілеген тілек
Қабыл болсын!
Аллаһу акбар!

* * *

Бір Алла бере берсін тілегіңді,
Түзетіп иманменен жүрегіңді.
Бақ қонып, өмір жасап денсаулықпен,
Мал мен бас түгел берсін керегіңді!

* * *

Құдайым жарылқасын, бай қылсын,
Төрт түлігіңді сай қылсын!
Кетпес дәулет берсін,
Кең пейіл берсін!
Құрбандығың қабыл болсын,
Тілегің дұрыс болсын.
Мұратың асыл болсын,
Тілеген тілегіңізді берсін!

---

[1] Тауфиқ /а/ — көмек, жәрдем, табыс.

* * *

Түнде жүрген ұрыдан сақта,
Жатақтағы бөріден сақта!
Жаз-жайлауды жаусыз ет,
Қыс-қыстауды қарсыз ет,
Ұл мен қызды мұңсыз ет!
Шыққанның есесін бер,
Кіргеннің берекесін бер!

* * *

Жаздай жарылқасын,
Жазбай жарылқасын.
Күздей жарылқасын,
Күдерін үзбей жарылқасын,
Қыстай жарылқасын!
Жарылқа, жанды қыл,
Есіркеп малды қыл,
Тең құрбымның алды қыл!
«Әумин» десең маған,
Екінші бата берем саған.
Үшінші бата беремін,
Үш түрлі көйлек кимеске.
Төртінші бата беремін,
Түбек тақтай таймасқа.
Бесінші бата беремін,
Белгілі жерден айырылып,
Алтыншы бата беремін,
Жалғаның сая болмасқа.
Жетінші бата беремін,
Кіндік жерден оқ тиіп,
Жер таянып қалмасқа.
Сегізінші бата беремін,
Сергелдең жолға түспеске.
Тоғызыншы бата беремін,
Тоқсанға келген бабандай
Тоңқайып өліп қалмасқа!

* * *

Бисмилла рахмани рахим!
Иә, Құдай, оңдай көр,

Әулиелер, қолдай көр.
Байсалды қоныс бере көр,
Байтақ ырыс бере көр!
Тілеген әр тілекті де дұрыс бере көр,
Өсетін мал бере көр,
Көп жасайтын жаннан бере көр!
Мал берсең, құрарыменен бере көр,
Бас берсең, тұрарымен бере көр,
Әр нәрсенің де баяныменен бере көр,
Екі дүниенің абыройын бере көр!
Алhамдуллах раббил,
Ғаламның алхамын ақ,
Берекетінен бере көр!
Жай қолыңды, Аллаhу акбар!

* * *

Берейін мен бір бата, қолыңды жай,
Батамды қабыл етіп, болғайсың бай.
Ақылың ат жүзетін көлге қонып,
Үйірін қысырақтың қырықтан мата-ай!

Барғанда екінші елге бағың болсын,
Сүлеймен патшадай тағың болсын.
Бұл сөзді періштелер салған шығар,
Құдайым пірім етіп, қабыл қылсын!

Барғанда анау елге балаң болсын,
Жинаған ауыр дәулет қараң болсын.
Балаңның ең үлкені батыр болсын,
Біреуі жұрттан озған ақын болсын!
Біреуі үш жасында Қызыр болсын,
Әр затқа іштен жақын болсын!

Біреуі қақпан құрып, аң ауласын,
Біреуі болыс болып, дау дауласын.
Біреуі ел қондырып, қоныс қонып,
Кең қоныс, тұщы суды пайдалансын!
Басқадай соныңменен бірге қонсын,
Балаңның ең кенжесі басын бақсын,
Дәулеті арылмайтын тасып жатсын!

Алты қыз, он екі ұлдың анасы бол,
Атаңның жақсы көрген баласы бол!
Ақ жүзді «әмин» деп бетің сипа,
Аллаhу акбар!

* * *

Иә, Құдайым, оңда,
Оң жолыңа баста,
Қыдыр ата!
Қыдыр ата қырық болып,
Қыдырдың өзі дарысын!
Жылқышы ата Қамбар,
Жарылқасаң, өзіңен басқа кім бар?
Шірендіріп жатқыз,
Көсілдіріп жүргіз!
Жаз жайлауын жаусыз ет,
Қыс қыстауын қарсыз ет.
Дүниеде мұңсыз ет,
Толғатқанын ұл ет,
Тамызғанын май ет!
Бәледен сақта,
Жаладан сақта.
Қауіптен сақта,
Қатерден сақта!
Түн қатып тұсына шыққаннан сақта,
Ашыққанды бөріден сақта.
Аузы қарды ұрыдан сақта,
Күле кіріп, күңірене шыққаннан сақта,
Дос болып, қас болғаннан сақта!
Әзіретті қадір ет,
Шыққан тауын биік ет.
Кімді жарылқасаң,
Соның қасында ет!

* * *

Жаздай берсең, жазбай бер,
Қыстай берсең, қыспай бер.
Күздей берсең, үзбей бер,
Тобыменен жазбай бер!
Қазаныңнан ас кетпесін,

Үйіңнен қонақ кетпесін!
Қазаның майлы болсын,
Келген қонағың жайлы болсын!
Алла абырой берсін,
Дүниеде жиғаның бұйырсын,
Ақыретте иманың бұйырсын!
Мінген атың жалды болсын,
Қораңыз малды болсын.
Сатқаныңыз пұлды болсын,
Келін ұлды болсын,
Ұзақ ғұмырлы қызметкер болсын!
Біздей келген қонақтың
Дұғасы қабыл болсын.
Барған жерде жолың болсын,
Қызыр Ілияс жолдасың болсын!

* * *

Иә, Құдайым, залымнан сақта,
Азғырылған алымнан сақта.
Уақытсыз келген жалыннан сақта,
Орала жауған қарыңнан сақта.
Жабулы жатқан торыңнан сақта,
Қазулы жатқан орыңнан сақта.
Айтқан сөзді тыңдамайтын
Тым сауатсыз сорыңнан сақта!

* * *

А, Құдайым, жаз жарылқасын,
Жазбай жарылқасын.
Күз жарылқасын,
Үзбей жарылқасын.
Қыс жарылқасын,
Қыспай жарылқасын!
Тасқа тары шыққандай жарылқасын,
Мұзға бидай шыққандай жарылқасын!
Мал сегіздеп өссін,
Басы ұл мен қыздың
Егіздеп өссін.
Қиямет таңы атқанша жарылқасын,
Жұмаққа кіріп жатқанша жарылқасын!

Абыройы аса берсін,
Дұшпанын баса берсін!
Аллаhу акбар!

* * *

«Әумин» десең бізге,
Бата берелік сізге.
Жасың келсін жүзге,
Желің кетсін құла түзге!
«Мал мен басты,
Иман мен жасты
Қабат бермеді екен», — деп,
Тәңірден күдер үзбе!

* * *

Құдай-ай, тоба,
Тәубасын қабыл ет,
Дұғасын мұстажап ет.
Мәдинада Мұхаммед,
Түркістанда Қожа Ахмет!
Е, Мұхаммед, болғайсың,
Мына үмбетіңе жар, медет!
Бұ дүниеде жиғанды ет,
Ақыретте иманды ет!

* * *

Екі дүниенің абыройын берсін,
Төрт түлік малға жарытсын.
Алғаныңмен қоса қартайтсын!
Төрт түлік малыңа берсін,
Ата-бабаңа тие берсін!
Әуелі бір Құдай жарылқасын,
Екінші, Мұхаммед пайғамбарың жарылқасын!
Үшінші, төрт мұхарраб[1] періште жарылқасын,
Төртінші, төрт шарияр жарылқасын!
Бесінші, Қараман қатибин періште жарылқасын,
Алтыншы, Хазірет Біләл палуан ата жарылқасын!
Е, жылқышы ата — Қамбар,

1 Мұхарраб /а/ — жақын.

Төртеуіннің ынтымағың бір болса,
Қорлайтын кім бар?!
Жетінші, жердің жүзіндегі,
Күннің көзіндегі,
Мекке, Мәдинадағы әулиелер жарылқасын!

* * *

Е, патша Құдай, есіңе ал,
Өзің жарылқасаң, былайғының несі бар?!
Е, патша Құдай, әуелі өз кәріңнен сақта,
Шайтанның шерінен сақта.
Патшаның кәрінен сақта,
Қадамы қаттыдан сақта!
Дос болып, қас болғаннан сақта,
Күле кіріп, күңірене шыққаннан сақта.
Жиылған нудан сақта,
Тасыған судан сақта!
Ұйытқып жанған өрттен сақта,
Ыңыранып жатқан дерттен сақта!

* * *

Шырағым, мырзалығыңа,
Момындығыңа халқың бақсын,
Аллаға қылығың жақсын!
Таңда махшардың күнінде
Алдыңнан бұлақ ақсын.
Періштелер маңдайыңнан сипап,
Жауырыныңнан қақсын!
Қаршығадай қайқайып,
Ителгідей талпынып,
Жүруші едің, мырзажан!
Көкірегің ақ болса,
Алтын басты әулием,
Алтыннан болсын тұмарың!

* * *

Бір Жасаған — Құдайым,
Бермесін басқа уайым!
Тең құрбыңның ішінде

Үстем болсын талабың.
Үйіңе мейман келгенде,
Ашық болсын шырайың!
Қолдарың жайып тілей бер,
Айрандай болып ұйыған
Бір өзіңе қылайын!

* * *

Жарылқа, Құдай, қабыл ет,
Жарылқаудың қамын ет.
«Жарылқайын» деп келед,
Кішкене ғана сабыр ет!
Бақ бер, бәледен сақта,
Қауіптен, қатерден сақта!
«Әумин» десең бізге,
Бата берелік сізге.
Әуелі, Құдай, жаздай бер,
Жаздай берсең, жазбай бер.
Әуелі, Құдай, күздей бер,
Күздей берсең, үзбей бер.
Әуелі, Құдай, қыстай бер,
Қыстай берсең, қыспай бер!
Бұл үйдің бізге берген дәмі тары екен,
О да өзінің бары екен.
Бұл үйге қас қылған адамды
Көтеріп тұрған жер ұрсын,
Аспандағы көк ұрсын!
Менің берген батам емес,
Бұрынғы Пайғамбардың берген батасы,
Оның болмас қатасы!

* * *

Шалқар көлдей көп болсын
Қымыз бенен айраның.
Атаның мен атыңнан
Жұртқа тисін қайраның!
Айдағысыз малды бол,
Ағайынның алды бол.
Отыз ұлды орда бол,
Ұдайы жұрттың басы бол!

* * *

Жарылқа, Құдай, қабыл ет,
Жарылқаудың қамын ет.
Бай ет, мамыр ет,
Батамды мұстажап ет!
Құдайдан не тілесе, соны әзір ет,
Құдай Тағала, мұның ақ ниетін қабыл ет!
Бұған, Құдай Тағала,
Назар Сәңкебайдың малы мен басын бер,
Ұрпағына Хакім Лұқпанның жасын бер.
Ғалидың айбатын бер,
Діннің қуатын бер!

* * *

Е, Құдайым оңдасын,
Оң жолына бастасын,
Бір жарылқап тастасын.
Жамандыққа жазбасын,
Жақсылыққа бастасын!
Мал иесі — Мұхаммед,
Жан иесі — Хазірет,
Не тілегін әзір ет,
Еткен ниетін қабыл ет!

* * *

Иә, Құдай, оңдасын,
Оң жолына толғасын.
Аспанда Құдай, жерде әулие,
Ақсақалды қорғасын!
Иә, Құдай, сақтасын,
Ауылын аймағымен сақтасын!
Қазанын қаймағымен сақтасын,
Биесін тайларымен сақтасын.
Түйесін тайлағымен сақтасын,
Қойын көгенімен сақтасын!
Туысқандарын дегенімен сақтасын,
Кемпірін шалымен сақтасын.
Бала-шағасын,
Келін-кепшігімен сақтасын!
Аллаһу акбар!

* * *

Шалқар көлдей көп болсын
Қымыз бенен айраның.
Атағың мен атыңнан
Жұртқа тисін қайраның!
Айдағысыз малды бол,
Ағайынның алды бол.
Отыз ұлды орда бол,
Оман[1] жұрттың басы бол!

* * *

О, Тәңірім!
Көрік берме, көлік бер,
Ақыл-ес бер көріпкел!
Таудай талап, ерік бер,
Ұл бер, қыз бер,
Ақылды етіп теріп бер.
Бақытты өмір сүрерлік
Ұл-қызыма серік бер!
Жігерімді құм қылма,
Досымды қу, сұм қылма,
Болмасын дұшпан сұңғыла!
Өмір сүрер ашық-айқын бет бер,
Бақытына ұл-қыздың
Өзің болшы себепкер!
Өзің берсең бақытты,
Қыдыр ата, періште қондыруға ептер.
Ұрпағыңмен мың жасап,
Бақытың демін жүз асап,
Маңайың ақылдыларға толсын!
Әумин!

* * *

Атамекен аман боп,
Ақ шаңырақ жайнасын.
Отау тігіп ұрпақтар,
Тоты құстай сайрасын!
Саулықтарың мықты боп,

1 Оман — бүкіл, барлық.

Өріс-ойлар шалқысын.
Тату-тәтті өмірде
Көңіл күйлер балқысын!
Қиын-қыстау кездерде
Аспанды бұлт шалмасын.
Үлкендерге ұрпақтар
Тауқыметін салмасын!
Қабыл болсын тілегім,
Шындықты шерткен жүрегім.
Ата-баба жар болып,
Құдірет болсын тірегің!
Осылай айтқан тілек орындалсын,
Бұлжымай түгелімен қабылдансын.
Қазақтың ақ ниетті азаматын
Құдайым бергенінен айырмасын!
Шаңыраққа бақыт қонсын одан әрі,
Ел аман, тыныш болсын жұрттың бәрі.
Ұрпақтар ата өмірін жалғастырсын,
Сол үшін «Әумин» дейік, жас пен кәрі!

* * *

Алдыңа қара түспесін,
Көзіңнен күлкі кетпесін!
Ғұмыр жасың мол болып,
Қызыр Ілияс қорғаның
Әр уақыт сені қолдасын.
Бақытты болып өмірің,
Басыңда қайғы болмасын!
Аруақтар сені қолдасын!
Әумин!

* * *

Иә, Құдайым оңдасын,
Еш жамандық болмасын!
Ұл менен қызың ержетіп,
Басыңа дәулет орнасын.
Келінің болсын келімді,
Ұлың болсын білімді.
Бермесін қонақ төріңді,
Билесін ұлың еліңді!
Аллаһу акбар!

* * *

«Әмин» десең маған,
Бата бердім саған.
Қабыл болсын тобаң,
Қолтығыңнан демесін
Қыдыр бабам!
Уа, дәм ішкендер терлесін,
Маңыңа дұшпандар келмесін.
Тәңірім берген несібең
Күннен-күнге өрлесін.
Талабыңды жүргізіп,
Тәңірім өзі оңдасын!
Гүл-гүл жайнат,
Тайдай ойнат!
Басың аман, бауырыңды бүтін қылсын,
Жорытқанда жолың болсын!
Қожа Пәуеддин қолдап өтсін!
Аллаһу акбар!

* * *

Бата, бата, баудай бол,
Басы биік таудай бол.
Көкала шапан көлдей бол,
Көшіп жүрген елдей бол!
Қазаның қаспақты болсын,
Сиырың баспақты болсын.
Ұл балаң он шақты болсын,
Қыз балаң моншақты болсын!
Әумин!

* * *

Денсаулығың зор болсын,
Дастарқаның мол болсын.
Күнде-күнде қой сойып,
Қызғылықты той болсын!
Аллаһу акбар!

* * *

Уа, пірім!
Жаралғанмен жолдас ет,
Ораздымен аттас ет.
Жаз жайлауын жаусыз ет,
Қыс қыстауын қарсыз ет.
Айдаған малын даусыз ет,
Дүниеден мұңсыз ет,
Иә, Құдайым, бұған берме дерт!
Кетпес бақыт бер,
Кең пейіл бер,
Ұзақ өмір бер,
Екі дүниенің абыройын бер,
Абыройлы ғұмыр бер,
Алhам дилләхи,
Алқамның берекетін бер!

* * *

Міне, бата, ақ ниет,
Бола берсін берекет.
Қиын дейді қиямет,
Жақын дейді ақырет.
Құлшылық қыл Аллаға,
Қыл көпірден таймай өт!
Кірсін дәулет,
Шықсын бейнет,
Алла атымен ниет ет,
Жоқ-жітікке рақым ет!
Тәңір сені қолдасын,
Уайым-қайғы болмасын.
Қабыл болсын оразаң,
Әулетіңді оңдасын!

* * *

Байдың көңілі жай болсын,
Мың жылқылы бай болсын.
Айдағаның қой болсын,
Шайнағаның май болсын.
Азын-аулақ дәулетің

Күнде өзіңе той болсын!
Жұртта қалған жырымың
Домалап келіп қой болсын.
Жұртта қалған тулағың
Тулап келіп тай болсын,
Тай болсын да туласын!
Бір тамырың сұрасын,
Сұраса да бермесін!
Атың-атың, ату бол,
Ағайынмен тату бол.
Жаз кигенің құлпы[1] бол,
Қыс кигенің түлкі бол!
Бағаналы таудай бол,
Шағалалы көлдей бол,
Үстінен қаз қаңқылдап кетпесін!
Бұрама темір, сом алтын
Суға салсаң батпасын.
Тәңір берген несібең
Тепкілесең кетпесін.
Желінің бір шетіне
Оқ шығарсаң жетпесін,
Сенен байлық өтпесін!
Есігіңнің алдынан
Елу інген боздасын,
Қораңнан бес жүз саулық қоздасын!
Қойшыңды мықтап салғайсың,
Күн бұлт, жауын жауғанда,
Адырлы жерге жайғанда,
Қойынан айырылып қалмасын.
Қасқырға қойын бермесін,
Сөйтіп Құдай оңдасын!
Жылқың сенің мың болсын!
Жылқы деген жақсы мал,
Бес ұлыңа бақтырып,
Бес айдыннан суартып,
Бетегелі тауға жаба сал!
Сиырың сенің мың болсын,
Қысың қатты болғанда,
Қамысты жерге айдап сал!
Бисмилла, Аллаһу акбар!

[1] Құлпы — жібек шапан.

* * *

Уа, Құдайым оңдасын,
Кедергі жолда болмасын!
Екі жастың тілегін
Періштелер қолдасын.
Ғайып ерен қырық Шілтен
Қашанда болсын жолдасың!
Арандатқан араны
Қаскүнемдер оңбасын.
Ел ырысы молайып,
Малың көкке тойынсын.
Қуанышың құтты боп,
Ұзағынан сүйіндірсін!
Әумин!

* * *

Сезімнің пәктігін берсін,
Көңілдің ақтығын берсін.
Жыл сайын отбасыларыңа
Сәбидің шаттық үнін берсін!
Пейілдерің тарылмасын,
Есіктерің жабылмасын.
Шаршап-шалдыққандар
Төрлеріңде дамылдасын!
Көлденең кеселден сақтасын,
Күңкіл өсектен сақтасын.
Дау-жанжалдан сақтасын,
Достан көңіл қалғаннан сақтасын!
Шайтанның азғыруынан,
Елдің жазғыруынан сақтасын.
Асып-тасқаннан сақтасын,
Алшаң басқаннан сақтасын!
Отауларың елге сән болсын,
Өмірлерің бал болсын.
Бибі Бәтима анамыздың
Аруағы өздеріңе жар болсын!
Әумин!

* * *

Беташар — тойдың атасы,
Сөзімнің бар ма қатасы.
«Бет ашам» деген болады
Жастарға берер батасы.
Соған жылжып келейін.
Құдайым, әуел баста басты берсін,
Қайырлы ұзақ ғұмыр жасты берсін!
Құдайым енді берсе, миды берсін,
Мүбәрак[1] берген батам қабыл болсын!
Тұяқ риза, бұлбұл, торғай сайрап тұрсын,
Самаурын төрт-бес жерде қайнап тұрсын.
Сүт ішіп төрт көнектен төрт бедеуің,
Шарбақта асыр салып ойнап тұрсын!
Үйіңе күнде қонақ қонып тұрсын,
Сыйысып ақ ордалы тасып тұрсын.
Терісі бес айғырдың саба болып,
Қымызын қыз-келінің құйып тұрсын!
Баласы көргендінің мен де бір ер,
Ей, Алла, бұл жастардың тілегін бер!

* * *

Құтты болсын шаңырақ,
Пана болсын жалғыз Хақ!
Қосағыңмен қоса ағар,
Өмірлерің болсын шат.
Адал жанға бақ қонар,
Еш адамды көрме жат!
Берер батам келінге,
Сүйкімді бол еліңе.
Ата-енеңді құрметте,
Қияңқы келін дегізбе!
Айтар сөзім балаға,
Ұмытпай сақта санаңа.
Жан-тәніңмен сый көрсет
Ақ сүтін сорған анаңа!
Сүйген жарың аман болсын,
Ел сүйсінер ақ пейіл, санаң болсын.
«Балалы үй — базар» деген ата-бабам,

[1] Мүбәрак /араб/ — қайырымды, мейірман; құт, береке.

Сүйгеніңнен он шақты балаң болсын!
Балаларың алмастай өткір болып,
Ел қорғаны, ақылды адам болсын.
Отыңның басы басқа толып,
Дастарқаның асқа толсын!
Немерелерің — мұрагерің
Ұзақ өмір-жасқа толсын!

* * *

Балам, зерделі, дана бол,
Адасқанға пана бол!
Ісіңе ақылың серік болсын,
Жүзің ыңғай ашық болсын.
Лебізіңе жұрт ғашық болсын,
Жүрегің Құдай сөзіне ашық болсын!
Әкеңнің жіберген кемтігі толсын,
Қасыңнан азғырушы қашық болсын!
Қиындық көрсең, мұңайма,
Ауырлық көрсең, жұқарма.
Себебі жарылқайтын олар емес,
Дүниеқоңыздық өмір емес!
Біріншіден,
Тәңірден панаң болсын,
Қиында оның сөзі шипа болсын!
Екіншіден,
Алған жарың жақсы болсын,
Ата-анаңды сыйлайтын болсын!
Үшіншіден,
Балақанмен бесік іші жыбыр болсын,
Отбасы баламенен дүбір болсын!
Лайым солай Құдай қолдай берсін,
Ақ тілектеріңді қабылдай берсін!
Аллаһу акбар!

* * *

Бақытты болыңдар,
Бақтарың ашылсын,
Әр күндерің шаттыққа толсын!
Босағаларыңа жамандық жетпесін,
Төрлеріңнен жақсылық кетпесін.

Ұлдарың он шақты болсын,
Қыздарың моншақты болсын!
Бастарыңа бақ қонсын,
Жаратқан Ием жақ болсын.
Ынтымақтарың серік болсын,
Шаңырақтарың берік болсын!
Несібесі еселі болсын,
Дастарқаның жайыла берсін.
Қызықтарың тең болсын,
Ауыл мерекелі болсын,
Өмірлерің берекелі болсын!
Жолдастарың ақ болсын,
Жақсылыққа тап болсын!
Сән-салтанатты болыңдар,
Мал-дәулетті болыңдар!
Әумин!

* * *

Е, Құдайым оңдасын,
Малымыз бен жанымызға,
Еш жамандық болмасын.
Жортқанда жолымыз болсын,
Қыдыр ата жолдасымыз болсын!
Жалындаған оттан сақта,
Сарқыраған судан сақта.
Бәле-жаладан сақта,
Алланың кәрінен сақта.
Түн жүріп, түс қашқаннан сақта,
Дос болып жүріп,
Қас болғаннан сақта!
Құдай Тағала!
Жайған дастарқандарың жайыла берсін,
Бауырсақтарың шашыла берсін!

* * *

Ақ дастарқан жайылды,
Табақ толы ас келді.
Бізге берген асыңыз,
Көбейе берсін басыңыз.
Бізге берген жілігің,

Арта берсін білігің.
Бізге берген омыртқаң,
Малың болсын шұбыртқан.
Бізге берген жамбасың,
Аман болсын жан-басың.
Бізге берген жауырының,
Ауырмасын бауырың!
Әумин!

* * *

Жарылқа, Алла, қабыл ет!
Жарылқаудың қамын ет.
Атақ-абырой, бақ қонып,
Алла Тағала, не зат тілесең, қабыл ет!
Періште әумин десін!

* * *

Дастарқаныңа береке берсін,
Бастарыңа мереке берсін.
Астарыңа адалдық берсін,
Бастарыңа амандық берсін!
Жандарыңа тыныштық берсін,
Дендеріңе саулық берсін.
Қызметтеріңе табыс берсін,
Еңбектеріңе жеміс берсін!
Дастарқаның мол болсын,
Ағып жатқан көл болсын.
Бала-шаға өніп-өсіп, өркендеп,
Алды-алдына ел болсын!

* * *

Дастарқандарың тоқ болсын,
Уайым-қайғы жоқ болсын.
Тепкілесе кетпейтұғын,
Маңдайға біткен бақ болсын!

* * *

Дастарқанға берейін мен бір бата,
Соңымнан еріп жүрсін Қыдыр ата!
Бізге жайған дастарқаның мыңға жайылсын,
Қайнамаған самауырын жүз қайнасын.
Төр алдында топырлап бала ойнасын,
Су қайнамай, қазаныңда май қайнасын!
Қора толған төл қоса ойнасын,
Құда менен құдағи қатар келіп,
Домбыра алып, ән салып, күй ойнасын!
Айтамын мен «бәрі де жақсы болсын»,
Осыменен батамыз тамам болсын,
Жылдан-жылға Отаным аман болсын!

* * *

Берейін бата асыңа,
Амандық берсін басыңа!
Мұратың асыл болсын,
Жарылқап Тәңірі бақ берсін.
Дастарқанға ақ берсін,
Бұл үйге мол дұға берсін!
Ізгі хабарды ұқтыра берсін,
Мерейің үстем болсын.
Нәсібең артық болсын,
Үй ішің, ұрпағың аман болсын,
Ақ тілегің қабыл болсын!
Бір Құдайым оңдасын,
Ізгі бастауыңды қолдасын.
Ақ батамда айтқаным
Қабыл болсын!
Аллаһу акбар!

* * *

Айдай жарқыра,
Жұлдыздай жарқыра!
Маңдайың ашық болсын,
Дұшпаның қашық болсын!
Аллаһу акбар!

* * *

Құдайым осынау үйге дұға берсін,
Тіл-аузын дұшпанының буа берсін.
Келіннің балағынан бала саулап,
Салпы ерін, сары ұлдар туа берсін!
Аллаһу акбар!
Үбірлі-шүбірлі бол,
Аллаһу акбар!
Қосағыңмен қоса ағар,
Аллаһу акбар!

* * *

Дастарқаныңа береке берсін,
Бақ-дәулетің өсе берсін!
Әз-Жәнібектей көсем бол,
Жиреншедей шешен бол,
Әрдайым аман-есен бол!
Отанға тыныштық берсін,
Халқымызға бірлік берсін.
Тірілерге ризық берсін,
Өлілерге иман берсін!
Осылай деп тілейік тілекті,
Бір Алла өзі қабыл етсін!
Аллаһу акбар!

* * *

Дастарқанның парызы
Батасымен жарасар.
Жиналған жұрт масайрап,
Бір-біріне қарасар.
Бастайды енді қария
Дастарқанның батасын.
Мұндай құрмет келгенде,
Ойланып қалай жатарсың.
Сыйға арналған дастарқан
Ризығымен толыссын.
Қабыл алып тілекті,
Пайғамбарым болыссын!
Бақыт қонсын басыңа,

Қыдыр келсін қасыңа.
Шаттық өмірге кенелсін
Үлкені де, жасы да!
Өміріңіз сәнденіп,
Болыңыз сау-саламат.
Тап осылай жарасып,
Бұл өмірде ғаламат
Үлкен-кіші, ағайын!
Батаны мен де болайын,
«Әумин» деңіз ниетке,
Бір жасап мен де қалайын!
Әумин!

* * *

Дастарқанның байлығын берсін,
Деннің саулығын берсін.
Шарбағың кең болсын,
Төрт құбылаң тең болсын.
Іші толған бау-бақша болсын,
Үйің толған бала болсын.
Аллаhу акбар!

* * *

Ішкенің шай болсын,
Жегенің сары май болсын.
Шай бергенде қонаққа,
Көңіл күйің жай болсын!
Қандай тағам қойсаң да,
Ниетіңе сай болсын.
Қысқа арнаған соғымың
Арда емген тай болсын.
Қазы-қарта жиырылып,
Балқыған жая, жал болсын!
Саулықтарың құрыштай,
Өміріңізге сән болсын!
Шайға жайған дастарқан
Ұлы тойға ұлассын.
Әр қонақтың жаршысы
Шай ішуден басталып,
Өмірге солай жарассын!
Әумин!

* * *

Иә, Тәңірім, сақта,
Бақыт бер басқа,
Таупық бер жасқа.
«Бармын» деп таспа,
«Жоқпын» деп саспа!
Береке бер
Ішіп-жейтін асқа!

* * *

Әуелі, Құдай, есен ет,
Жиреншедей шешен ет,
Атымтайдай көсем ет!
Ақылдың құлпын берсін,
Ибраһимнің бақытын берсін,
Сүлейменнің тақытын берсін!
Қыдыр құсы қонсын қасыңа,
Бұлбұл құсы қонсын басыңа.
Жортқанда жолың болсын,
Жолдасың Қыдыр болсын!
Жоғары болсын жұлдызың,
Бақытты болсын ұл-қызың.
Ал иесі байысын,
Ойлағаның жақсылыққа сайысын!
Дәмді сөзден бата қылмақ бізден,
Аллаһу акбар!

* * *

Бала туды бір адам,
Кең дүниеге келген соң
Бүгін мұнда мың келсін,
Бала туған күн болсын!
Бала жайлы жыр болсын,
Халайық, тілек тілейік.
Осы бала кім болсын?
Таудай болсын бақытты!
Тау болғанда шың болсын,
Бейне бір шоқ гүл болсын.
Мықтылығы піл болсын,

Пілдей мықты болса егер,
Бұдан мықты кім болсын?
Бұл үйге емес жалғыз-ақ,
Барлық елге ұл болсын,
Халық аузында жыр болсын!

* * *

Аса бір соққан желдей бол,
Алыстағы сары белдей бол.
Арқаның ақ төсіндегі
Ақ айналы көлдей бол!
Толқысып жатқан елдей бол,
Қарқаралы, Көкенедей көрікті бол,
Бурабай көліндей мөлдір бол.
Көңілді өміріңе көлеңке түспесін,
Таудай биік, парасатты бол!
Даладай дарқан бол,
Теңіздей терең, ақылды бол,
Құшағың кең, мейірімді анадай бол!
Иә, мен ақ шашты атамын,
Күн сайын саған, ұрпақтар,
Ақ тілеу тілеп жатамын.
Алдыменен, аман болсын Отаным,
Өмірің күрсінбесін,
Ұяңның жұмы сілкінбесін,
Ата-анаңның қызығы таусылмасын,
Дос түгіл, ұрпақтарды жау сыйласын!

Шілдехана батасы

Құтты болып биігің,
Артық болып несібең,
Дастарқаның жайылып,
Ашық болып есігің,
Өре берсін балалар!
Дұшпандарың болмасын,
Күншілдікпен табалар.
Алпамыстай тағы да,
Ұл артынан ұл тапқын!
Жарқыраған шолпандай,
Қыз артынан қыз тапқын!

Құтты болсын бүгінгі,
Шілдехана тойларың.
Тілектерің қабыл боп,
Орындалсын ойларың!
Әумин!

* * *

Нәрестенің бауы берік болсын,
Ата-анасына серік болсын.
Азамат боп ержетіп,
Ақсақал боп төрлетсін!
Азамат болсын көрікті,
Ғұмыры ұзын, берік-ті.
Қолғанаты көп болып,
Арт-артынан бере берсін серікті!
Азамат болсын ардақты,
Мінезі болсын салмақты.
Өнері болсын жан-жақты,
Осы айтқанның бәрі келіп,
Алла берсін зор бақты!

Тұсаукесер батасы

Тұсауың кесілді, құлама,
Тізеңді жаралап, жылама!
Құлындай құлдырап жүгірші,
Кәнеки, өзіңді сына да.
Секірсең құздардан, сүрінбе,
Шыңдарға шыққанда бүгілме!
Болаттай қабырғаң қатайып,
От ұшқын ойнасын түгіңде!
Ұзақ боп, иншалла, өмірің,
Тасысын шаттықтан көңілің.
Жарқырап күн санап өсе бер,
Жарқылдап семсердей сенімің.
Кесілді, балам, тұсауың,
Жалтақтамай аяқ бас!
Биік болып ұшарың,
Асқарлармен қанаттас.
Қасың қылар айла, мұң,
Қапылыста сүрінбе!
Әумин!

Сүндет тойға бата

Би-исми-л-лаһи-р-раһманир-раһим,
Мұсылман болдың, қарағым,
Кәне, бері қарағын!
Шырағын жағар ұлысың
Ата менен ананың.
Таудай болсын талабың,
Алтын менен күмістен
Жасалсын барлық жарағың!
Көрімдігің мінеки,
Бар ма тағы қаларың?
Қой сұрасаң, қой берем,
Тай сұрасаң, тай берем.
Зат сұрасаң, зат берем,
Ат сұрасаң, ат берем,
Батырлығың байқалса,
Сауыт берем ақберен.
Мұратыңа жете бер,
Күннен-күнге өсе бер.
Ұзақ болып өмірің,
Өміріңнің түйінін,
Өз қолыңмен шеше бер!
Әумин!

* * *

Жас ұрпақ өмірлі болсын,
Тұрмысы көңілді болсын.
Ата-анаға мейірлі болсын,
Ағайын-туысқа пейілді, қадірлі,
Өнегеге зейінді болсын!
Он саусағы майысқан шебер болсын,
Жанқожа батырдың аруағы қолдап,
Ел қорғайтын батыр болсын!
Үш жүздің биіндей
Шындықты айтар ақын болсын,
Халқым деген жүрегі болсын,
Жұртының қамқор тірегі болсын!
Абыройы өрлесін,
Ел алдында ерлесін,
Жаманшылық көрмесін!
Аллаһу акбар!

* * *

Жортқанда жолың болсын,
Жолдасың Қызыр болсын.
Құрығың ұзын болсын,
Түтінің түзу болсын!..

* * *

Қайырлы болсын қадамың,
Сапарыңды оңдасын,
Қыдырдан болсын жолдасың.
Ата-баба аруағы
Сапарыңды оңдасын!
Жаратқан жаппар бір Құдай,
Бір өзіңе тапсырдым!

* * *

Мына берген басың,
Аман болсын кәрі-жасың.
Мына берген жамбасың,
Аман болсын жолдасың!
Мына берген жілігің,
Аман болсын ілігің.
Мына берген төсің,
Бақ-дәулетің өссін!
Мына берген омыртқа,
Жамандыққа жолықпа.
Мына берген қабырға,
Ынтымақ-бірлігіңнен айырылма!
Жолға шықсаң, жолың болсын,
Жолдасың Қыдыр болсын!
Аруаққа иман берсін,
Пайғамбарға салауат берсін!
Жарылқасын Құдайым,
Болмасын ешбір уайым.
Шаңырағың биік болсын,
Босаған берік болсын.
Алла ісіңді оңдасын,
Ауру-сырқаудан қорғасын,
Адал іске жолдасын!

Көрген күндер ашық боп,
Аспаннан бұлт төнбесін.
Дос болған адам қас болса,
Бұл дүниеде оңбасын!
Арыстанның айбатын,
Жолбарыстың қайратын берсін.
Абырой бер, амандық,
Бере көрме жамандық!
Жарылқа, Құдай, қабыл ет,
Нұрмұхаммед, жәрдем ет.
Ғайып ерен қырық Шілтен, қолдау ет!
Жарылқасын Алла,
Көңілге қайғы салма.
Ынтымақ-бірлік, жомарттық
Берекесін алма!
Жарылқасын Құдайым,
Тарттырмасын уайым.
Тілегімді қабыл ет,
Балаларды ғұмырлы ет,
Дертіне дауа ет!
Қатын-бала, мал-мүлкіңнің
Қызығы мен ғұмырын берсін.
Жортқанда жолың болып,
Қожа-Пәуеддин қолдап өтсін!
Аллаһу акбар!

* * *

Мекеніңіз құтты болсын,
Саулығыңыз мықты болсын.
Жұмысыңызда жеміс болсын,
Баршаңызға тегіс болсын!
Өмірлерің ұзақ болсын,
Гүлденген нұрға толсын.
Мақсатыңыз орындалсын,
Ойыңыздай бола қалсын!
Шаңырағыңыз сәнді болсын,
Дастарқаныңыз майлы болсын.
Дос-жараныңыз көп болсын,
Мұқтажыңыз жоқ болсын!
Құдірет жарылқасын,
Тілекті қабыл алсын.

Ойын-күлкі қызықтан
Бұл өмірде айырмасын!
Қолдасын ата-баба аруағы,
Таңдансын сізге қарап жұрттың бәрі.
Айтылған батамызды қабыл ал деп,
Қол жайып «әумин» деңіз, жас пен кәрі!



Бата.
Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры
(1084-бума, 9-дәптер)

боранына кеітірāр,
аз кісігā көп кісі
орамына кеітірāр.

11.

Көп нені аітады?
азға кылған зорлуғын аітады;
аз нені аітады?
көптөн көргөн зорлугын аітады.

II. БАТА СӨЗ.

Е кудајым қарылға!
қарылғасаң малды кыл!
біткін қурттан алды кыл!
буған кас сағынғаның
малын алып қарлы кыл!
алла'ы екпāр!

Е кудајым бала берсін!
малмāн басты қана берсін!
саған кас қылған туспанға
табаның астына сала берсін!
алла'ы екпāр!

Е кудајым оң дасын!
мың саулуғын коздасын!
сегіз төөң боталан
сегіз кеін комдасын!
Тілāшінің [1]) біāсін берсін!

1) Тілāшінің āкāсі Казы Бек, Тілāшінің баласы Алпын Бāі, қалын Бāі баласы Дāсын. Каз дауысты Казы Бек Кара Кежікурāны.

Бата сөз.
В.В. Радлов. Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары... 3 том. – СПб., 1870. – 4-бет

АЛҒЫС

Алғыс — игі істер істеген, жақсы мінез-құлық көрсеткен, адамгершілік қасиеттерімен көзге түскен адамға ризашылық сезімін білдіру мақсатында айтылатын магиялық фольклордың түрі. Бұл мазмұндағы шығармалар өзге халықтардың фольклорында да кездеседі. Ол көне заманда «алғыс» ұғымында қолданылып, Ислам дәуірінде «фатиха» терминіне балама болып, жеке жанр ретінде орныққан.

Қазақ фольклорында алғыс сөз кейде тұрақты сөз тіркесі, кейде еркін айту арқылы туындайтын қысқа тұжырымды сөз түрінде ерекшеленеді. Халық өмірінің түрлі жағдайында адамға жылы лебіз, жақсы ниет білдіру ұлттық тәрбиенің басты қағидаларының бірі болып есептеледі. Алғыстың қалыптасқан дайын үлгілері жастар инабаттылық, ізеттілік көрсеткен кездерде үлкендер тарапынан айтылады. Халық әдебиетіндегі мұндай сөздер толықтай фразеологиялық сипатқа ие болған. Даму барысында алғыстың мазмұндық сипаты өзгеріске түсіп отырғаны аңғарылады. Қазіргі алғыс бастапқы үлгілері сияқты рух-иеге немесе басқа бір құдіретті күшке жалбарынудың құралы емес, керісінше, адамдар арасындағы ризашылықтың, ізгі ықылас-ниетінің белгісі болып саналады. Қазақ қоғамында тәрбиелі қызға «көсегең көгерсін», жас келіннің қайын жұртына сәлем салып, ізет көрсетуіне орай «көп жаса, қарағым» деп алғыс білдіріліп жатады. Осындай алғыс сөздер айту өзге де жағдайларға байланысты қолданылуы дағдылы дәстүрге айналып кеткен.

* * *

Тілегіңіз қабыл болсын,
Жүрегіңіз жалын болсын!

Келісім келте болмасын,
Сөзің жалтақ болмасын!

Жылың құтты болсын,
Өмірлерің мықты болсын!

Аспандарың ашық,
Жұлдыздарың жарық болсын.
Абыройларың асқар таудай болсын!

Көш көлікті болсын,
Мал төлді болсын!

Айың оңыңнан тусын,
Жұлдызың солыңнан тусын!

Талабың таудай боп,
Өмірің өрге өрлей берсін!

Өмірің өрісті болып,
Ұрпағың молая берсін!

Сырбаздығыңа сызат түспесін,
Адал көңіліңе қаяу түспесін!

Жақсылық әр кез шыңнан аса берсін,
Жамандық әр кез шаңдақта қала берсін!

Өзің де, өнерің де ғұмырлы болсын!

Айдай ашық, күндей ыссы бол!

Күйің қаймақтай бал татысын,
Жырың жүректен жалын боп атылсын!

Қайғыңды әзілге жеңдір,
Зілді сөзге жеңдір!

Анаңды гүлдестедей құшақта,
Әжеңді нәрестедей құшақта!

Қайғыға болаттай берік,
Жездей төзімді бол!

Жақсымыз жадымызда жүрсін,
Жаманшылық шаңымызда жүрсін!

Астыр-тастыр,
Жақсымен жанастыр,
Жаманды адастыр!

Аузыңнан ақ кетпесін,
Басыңнан бақ кетпесін!

Бала мен келін мықты болсын,
Жыл құрғатпай жүкті болсын!

Азасыздан сақ бол,
Азалыға жақ бол!

Ошақ басының оты сөнбесін!

Айқасқан құшақ жазылмасын,
Табысқан жүрек басылмасын!

Қадірің қашып шашылмасын,
Қуатың қайтып басылмасын.

Ұлың ұядан ұшсын,
Бірақ тұғырын ұмытпасын.
Қызың қияға ұшсын,
Бірақ құтты жерін ұмытпасын!

Тілеуімді берсін,
Айтқаным келсін!

Халқыңа қалаулы,
Еліңе елеулі азамат бол.

Еңкейгенде етегің толсын,
Шалқайғанда шалғайың толсын!

Бейбітшілік ақыр-ақырына дейін кете берсін,
Адамгершілік ұрпақтарға жете берсін!

Құлағыңыз суық сөз естімесін,
Көзіңіз жаманшылық көрмесін!

Ауылыңның таңы бол,
Маңдайдағы бағы бол!

Бағың жемісті болсын,
Далаң егісті болсын!

Ырысты, тірлікті,
Ауызбірлікті өмір берсін!

Үйіңізден құт-береке таймасын,
Аузыңнан киелі сөз аумасын.

Балаң азамат боп өссін,
Мінгені пырақ болсын,
Көргені шырақ болсын!

Көшің көлікті болсын,
Жайылымың өрісті болсын.

Егінің орымды,
Астығың төгімді болсын!

Күнің шуақты болсын,
Махаббатың тұрақты болсын!

Өнерің өрлей берсін,
Бақытың төрлей берсін!

Дастарқаныңда береке,
Үйіңде мереке бола берсін!

Ойға терең бол,
Өсекке керең бол!

Дастарқаның қуатты болсын,
Өзенің суатты болсын.

Жылың жеміске толсын,
Өмірің бақытқа толсын!

Көңіліңіз көңілді,
Еңбегіңіз өнімді болсын!

Ойың орамды,
Сөзің шұрайлы болсын!

Өркенің өссін,
Қарағым, дегеніңе жет,
Көп жаса, көсегең көгерсін!

Бақытты бол,
Қосағыңмен қоса ағар!

Еш жамандық көрмей өт!

Аспаның ашық,
Жұлдызың жарық болсын!

Тілегің қабыл,
Жүрегің жалын болсын!

Үйіңнен қонақ кетпесін,
Қазаның оттан түспесін.
Адам көңілі қартаймасын,
Дастарқаның ортаймасын!



Алғыс.
Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры
(1084-бума, 11-дәптер)



Алғыс.

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры

(1084-бума, 7- дәптер)

ҚАРҒЫС

Қарғыс — жәбірлеушіден зәбір-жапа шегіп, қорлық көрген адамның ашынып айтқан зілді, кейіс сөзі, яғни сөзбен көрсеткен қарсылығы, лағнеті. Сөз киесіне сеніп, басқа адамға қастандық жасау мақсатында арнайы шартпен айтылатын магиялық фольклордың шағын түрі. Нақтырақ айтқанда, ол — қатерлі магия. Оның мақсаты — өзінен күші басым адамға сөзбен қастандық жасау. Яғни қарғысты айтушы табиғаттағы тылсым күштерге сеніп және мифологиялық зиянды кейіпкерлерді қару етіп, белгілі бір адамға сес көрсетеді. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде, әсіресе, М. Қашқари сөздігінде қарғыстың «қарғағ», «қарғыш» сияқты түрлері ұшырасады. «Қарғыс» сөзінің төркіні болар-лық алғашқы мағына осы сөздікте: қырға — ұрысу, балағаттау, ал қырғаг — ашу, ыза, қаһар, жаза ұғымдарында пайдаланылған. Салыстыра қарағанда, бастапқы мағына — «ашу», «ыза», одан туындағаны — «ұрысу», ал мағына ауысуының тоқтаған шегі — «жаза» болып шығады. Якут тілінде «харгыс» сөзі «кедергі, бөгет болу, қиындық туғызу» сияқты мағыналарда қолданылады.

Қазақ халқы қарғысқа өте сақтықпен қараған. Бұл өз ұрпағына «қарғыс алма, алғыс ал» деген өнегелі өсиет қалдыруынан айқын көрінеді. Халық арасында қарғысты тілінде қара дағы бар, бір көзі шегір адам, яғни Тәңірі ерекше етіп жаратқан жан айтса, оның қарғысы орындалады деген сенім сақталған. Сондай-ақ халықтың тұрмыс-тіршілігінде ең маңызды рөл атқаратын, өмірінің басты қажеттілігіне айналған, қасиетті саналатын заттарына сөз бен көз жылдам тиеді деген түсінік те бар. Олар: шаңырақ, босаға, күлдіреуіш, ат, ер-тұрман жабдықтары т.б.

* * *

Қиналған кейбір кезіңде,
Қасыңа досың бармасын.
Опасыз болып жүрсең сен,
Ел болып әр кез қарғасын!

* * *

Саған қас қылған кісінің
Базарға барып аты өлсін.
Ерте кетіп, қайтқанда,
Үйіне келсе, қатыны өлсін!
Өзіне тышқақ тисін,
Өңменіне пышақ кірсін!
Тышқағы тыйылмасын,
Төсегі жиылмасын!
Шаңырағы шартылдап,
Шандырына қадалсын.
Босағасы борпылдап,
Борбайына қадалсын.
Күлдіреуіші күрт сынып,
Борша етіне қадалсын!
Аллаһу акбар!

* * *

Саған қылғанды тас қылсын,
Көңілін сенен пәс қылсын!
Құлындатып, биелетіп,
Боталатып, түйелетіп,
Саған қастық қылғанды
Моласына үйелетіп,
Көлдетіп көзін жас қылсын!

Қысқа қарғыстар

Адамға қастық етсең, екі дүниенің қызығын көрмей өт.

Ақ сүтімнің айы ұрсын.

Албасты басқыр.

Ант ұрсын.

Арақтан өлгір, өлігіңе жан бармағыр.

Арам қат.

Аруақ атсын.

Аруақ ұрсын.

Аузыңа қара қан толғыр.

Аузыңнан шығып, жаныңа жайылсын.

Ауысып кеткір, жынды.

Аяқтағы суға тұншығып өл.

Бақытың тайғыр, шошқа.

Барғаныңнан келме.

Бармасаң бадал, қара жерге қадал.

Басқан жерің қылмыс болып, түрмеден басың кетпегір.

Басың даудан кетпегір.

Басың желкеңе шыққыр.

Басың кеткір, жүгермек.

Басыңды ит жегір.

Батпақтан шықпағыр.

Бауырың қан боп ақсын.

Бауырыңнан қағынғыр.

Бетпақ, бетің қара болғыр.

Бүйіріңнен қолың кетпесін.

Бір қайғыңды екінші қайғың басқыр.

Дәмім ұрсын.

Дегеніңе жетпе.

Досыңнан қасың көп болғыр.

Екі дүниеде жүзің қара болсын.

Етпетіңнен түсіп, есіңнен танғыр.

Жабығыңнан жалын шықсын, уығыңнан өрт шықсын.

Жабығыңнан су шықсын.

Жағың қарыссын.

Жағыңа жылан жұмыртқаласын.

Жазаңды Құдай берсін.

Жалғызың жайрағыр.

Жаның жаһаннамға кетсін.

Жатқаныңнан тұрма.

Жексұрын күшік, желкең қиылсын.

Желкең қиылсын.

Жемтігіңді ит жесін.

Жер бауырлап қал.

Жер жастан.

Жер жұтсын.

Жермен жексен болғыр.

Жетпей желкең қиылғыр.

Жеті қабат жер ұрсын.

Жуадай солғыр.

Жұлының үзілсін.

Жүрсең, жолың болмағыр,
Отырсаң, орның болмағыр,
Жатсаң жарың болмағыр.

Ит бауырыңды тартқыр.

Кебініңді жалма.

Көгермегір.

Көзің алдыңа түскір.

Көзің аққыр.

Көзің ашылмағыр.

Көзің көр болсын.

Көзің шықсын.

Көзіңе көк шыбын үймелегір.

Көзіңе көр топырағы құйылсын.

Көзіңмен көріп, қолыңмен ұстама.

Көк шешек келгір.

Көк шешектен өлгір.

Көріңде өкір.

Күлдей пәле жұққыр.

Күлің көкке ұшсын.

Кісіге тілеген пәлең өзіңе келсін.

Қабырғаңнан қабірің қыссын.

Қағынды келгір, көк шешек.

Қаңғырып өлгір.

Қара қағынды.

Қара түйнек болғыр.

Қара шашың қанға боялсын.

Қаратүйнек келсін.

Қарашығың батсын.

Қарғысың қара басыңа болсын.

Қарныңа қара пышақ енгір.

Құдай атсын.

Құдай ұрсын.

Құдайдың қаһарына жолық.

Құйын соғып, делбе болып қалғыр.

Қызғанғаның қызыл итке жем болсын.

Мазаң кеткір.

Мал-басыңның игілігін көрме.

Мешел болғыр.

Мойның үзілсін.

Мысың құрысын.

Ойламаған жерден өлім тапқыр.

Отырған орнында қатып қалғыр.

Өлігіңді көрейін, жалмауыз.

Өмір бойы аурудан айықпағыр.

Өмірің өксумен өтсін.

Өмірің өшкір.

Өмірің ұзаққа жетпегір.

Өміріңде ізгілік көрме.

Өсектен басың кетпегір, жақсыға қолың жетпегір, пәледен басың кетпегір.

Сен мені зарлатсаң, сені Құдай зарлатсын.

Суға батып, күлге аунағыр.

Суға кеткір.

Сүйгеніңнен айырыл.

Сібірге кеткір.

Табаныңнан тартыл.

Табаныңнан тозғыр.

Табаның жер тартқыр.

Таңдап жүргеніңде тазға, ақылы азға жолыққыр.

Тас төбеңнен түсіп, табаныңнан шықсын.

Тәңірдің оғы тиер, оттың шоғы тиер.

Тосқауылға жолық.

Төбеңді көрме, шешек.

Төрт аяғым төбеңде ойнасын.

Тұқымың құрысын.

Түйіншек болғыр.

Тышқағың тыйылмасын, төсегің жиылмасын.

Тіл-аузың байланғыр.

Тіл-аузың байлансын, ымдаумен күнің өтсін.

Тіліңді тістеп өт.

Тіліңе күйдіргі шыққыр.

Уылдырығың шірісін.

Үйің күйсін.

Үнің өшсін.

Шалқаңнан түскір, шешек.

Шешек шыққыр.

Ішегің жарылып, әйеліңе жолықпай өлгір.

Ішкен-жегенің бойыңа жұқпасын.



Қарғыс.
Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры
(1084-бума, 7-дәптер)

ТЫЙЫМ СӨЗДЕР

Тыйым сөздер — жас ұрпақты жат іс-әрекеттерден тыю мақсатында ырымдармен тығыз байланысты туындаған магиялық фольклордың түрі. Оның бастапқы үлгілері алғашқы қауымдық дәуірдегі адамдардың мифтік-діни наным-сенімі негізінде табиғаттағы ие-киелердің, жұмбақ күштердің, тылсым заттар мен құбылыстардың белгісіз бір қатерінен, пәле-жаласынан, түрлі кесапаттардан сақтандыру, олар тұғызған үрейден арылу мақсатында айтылып, қалыптасқан. Қазақ тыйым сөздерінің халыққа тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбиелік маңызы аса зор. Ол өркениет үрдісінің әр кезеңінде ұдайы толығып, жүйеленіп, кемелденіп отырды. Ұлттық құндылықтарды, адам — табиғат — қоғам арасындағы қатынастарды реттеп, сол арқылы қазақ қоғамындағы тәртіпті сақтап, әлеуметтік ереже-қағида ретінде қызмет етті. Ел адамдары тыйымды бала кезден бастап естіп, санасына сіңіреді, әрі өмірінің соңына дейін орындауға міндетті болады. Кейінгі ұрпақты жаман әдеттен, арам пиғылдан, ерсі қылықтардан, теріс мінездерден сақтандырып отырды. Сан ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасап, біте қайнасқан тыйым сөздер ұлттық салт-сананың, әдет-ғұрыптың, тіл мен діннің т.б. құндылықтардың сақталып қалуында айрықша рөл атқарды. Қоғамдық өмір мен іс-әрекетке дәнекер болып, үйлестіріп, ұлы дала руханиятындағы қалыпты қоғамдық моральдің дамуына зор септігін тигізді.

Балаға байланысты тыйымдар

Бала қырқынан шыққанша түнде алып жүруге болмайды.
Баланы оқтаумен ұруға болмайды.
Баланы шошытпа.
Баласы өлген әйелге көп жылауға болмайды.
Бейуақытта баланың киімін далаға жайып қоюға болмайды.
Бесікті ашық қалдырма.
Бесікті аяқасты етпе.
Бесікті көрінгенге берме.
Бесікті кір қолмен көтерме.
Бесікті сатпа.
Бесікті теппе.
Бос бесікті тербетпе.
Жас баланы ұрма.
Кісіге қарап бала емізбе.
Нәрестенің бетіне айдың сәулесін түсіруге болмайды.
Нәрестенің еңбегін баспа.

Әйел адамға қатысты тыйымдар

Ата-енеңнің, қайын ағаңның атын атама.
Ата-енеңнің, қайын ағаңның төсегіне отырма, төсегін басып өтпе.
Атқа мініп келе жатқан еркектің жолын кесіп өтпе.
Аяғы ауыр әйелге керілген арқаннан аттауға болмайды.
Аяғы ауыр әйелге қоян етін жеуге болмайды.
Аяғы ауыр әйелге түйенің етін жеуге болмайды.
Әйелге жолаушының алдын кесіп өтуіне болмайды.
Әйелдің бүйірін таянып тұруына болмайды.
Әйелдің түнде суға баруына болмайды.
Еркектің бес қаруына әйел адам тиіспес болар.
Жүйрік атқа әйел адам мінбес болар.
Кәрі жілікті әйел балаға ұсынба.
Қыз балаларға дөрекі сөз айтуға болмайды.
Қыз баланы босағаға отырғызба.
Қыз баланы жасқама, ұялтпа, ұрма.
Қыз ұлдың, ұл қыздың киімін кимесін.
Қызға ер баланы тебуге болмайды.
Қызды қырық үйден тый.
Оң жақтағы қыздың төсегін баспа, отырма.

Төрт түлікке қатысты тыйымдар

Беттеп келе жатқан көп малды бойлай бөліп өтпе.

Беті-қолыңды жуынбай тұрып, малды өріске шығарма.

Бөтен адамды мал ортасына кіргізбе, көз тиеді.

Буаз малды қуалама.

Ер-тоқымды аударып қойма.

Ер-тоқымды теріс салма.

Жатқан малдың үстінен аттама.

Жылқы ұстайтын құрық, құлын байлайтын желі, қозы көгендейтін көген, жүген, ноқта, шаңырақ көтеретін бақан және т.б. заттарды, әсіресе әйелдерге аттап өтуге немесе оларды басуға болмайды.

Көгенді аттама.

Қой жүнін өртеме.

Қой қырқатын қайшыны иесіне қайтарғанда, қол жалғап берме.

Қой төлдеп жатқанда, мал берме.

Қораға дәрет сындырма.

Қотанда ысқырма.

Мал қораға түнде от алып кірме.

Мал қораның есігін ашық қалдырма.

Мал қораның сыртында болмаса, ішінде ысқыруға болмайды.

Мал қоршауына шықпа.

Мал сауатын ыдысты төңкеріп ұстама.

Мал сауып жатқанда, иесімен сөйлесіп, сауынның жанына келуге болмайды.

Мал төлдеп жатқанда, қарызға ештеңе берме.

Мал төлдеп жатқанда, тесіліп қарама.

Мал туып жатқанда, жанында адам тұруға болмайды.

Малға баскиім лақтырма.

Малға зекіме.

Малға теріс қарап мінбе.

Малды басқа ұрма.

Малды бөтен адамға саудыртпа.

Малды зорықтырып қума.

Малды шошытпа.

Малдың аяғын бумай бауыздама.

Малдың бітіміне, сүттілігіне сұқтанба.

Малдың сүйегін баспа.

Малдың сүйегін отқа жақпа.

Семіз малды қуалама.

Соғым малды қуалама.

Сыйлаған немесе сатқан малды жүген, ноқтасымен жіберме.

Тоқымды төсенбе.

Тұмса малды алғаш сауған соң, «сүтті екен» деп мақтама.

Тұмса малдың алғашқы сауған сүтін бөтенге берме.

Аңшылыққа қатысты тыйымдар

Аңға алғаш шыққанда, олжаңды ешкімге сыйлама.

Аңшы аңға шығарда қаруы мен қамшысына әйел адамның қол жалғауына болмайды.

Жабайы аңды үнемсіз аулауға болмайды.

Жолаушыдан «Қайда барасың?» деп сұрауға болмайды.

Жолаушының жолын кеспе.

Жолаушының сыртта тұрып тіл қатуына болмайды.

Жүрер жолыңның уақытын кесіп айтпа.

Көктемде жан-жануарға тиіспе.

Құндыз аулама.

Табиғатқа қатысты тыйымдар

Ағын суды бұруға болмайды.

Ай сәулесін бетіңе түсіртпе.

Ай толғанда, желі тартпа.

Ай толғанда, жолға шықпа.

Ай толғанда, көшпе.

Ай толғанда, қыз ұзатпа.

Ай толғанда, үй тікпе.

Айға қарап, дәрет сындырма.

Айға қарап отырма.

Айды қолыңмен көрсетпе.

Бұтақты сындырма, гүлді үзбе, көкті таптама.

Егінді, шалғынды бейсауат басуға болмайды.

Жалғыз ағашқа тиіспе.

Жалғыз ағашты кеспе.

Жұлдыз санама.

Жұлдызды саусағыңмен көрсетпе.

Көк шөпті жұлма.

Көкөрім шыбықты сындырма.

Көктемде күн күркіремейінше, қазақтар өсімдік жемістерін жеуге рұқсат етпеген.

Күн батар алдында ұйықтама.

Күн батарда күнмен таласып жұмыс істеме.

Күн батқан соң, қорадан мал шығарма.

Кез келген жерді себепсіз қазба.

Қара жерге қазық қалдырма.

Қара жерді қазулы қалпында қалдырма.

Қара суды сапыруға болмайды.

Құдыққа түкірме.

Орманды беталды бүлдірме.

От айналма.

От басын сабама.

От кеспе.

От шашпа.

От шығарма.

Отқа су құйып сөндірме.

Отқа түкірме.

Отпен ойнама.

Оттықты жақпа.

Ошақты аттама.

Өсіп тұрған ағашқа балта тигізуге болмайды.

Су, бастау, су көздерін лайлама.

Су шашып ойнама.

Суға дәрет сындырма.

Суға түкірме.

Суды сапырма.

Түн ішінде тырнағыңды алма.

Түнде айнаға қарама.

Түнде бақырып жылама.

Түнде жалғыз суға түспе.

Түнде жүгірме.

Түнде күл шығарма.

Түнде кір жайма.

Түнде сандық ашпа.

Түнде судың бетін ашық қалдырма.

Түнде түсіңді айтпа.

Түнде үй сыпырма.

Түнде шаш алма.

Тұрмысқа қатысты тыйымдар

Адамға қарай түкірме.
Адамға қарап, бейберекет күлме.
Адамға қарап, қолыңды шошайтпа.
Адамға қарсы үй сыпырма.
Адамға пышақ, мылтық оқтанба (кезенбе).
Адамға, тамаққа қарай түшкірме.
Адамды даттама, балағаттама, айналып жүрме.
Адамды санама.
Ала жіп аттама.
Алаң-жұлаң етіп жүрме.
Ант ішпе, әбес сөйлеме.
Ат құйрығын кеспе.
Аттандама.
Ауған елге тиіспе.
Аузыңа ерік берме.
Аузыңды керме.
Ауруға күлме.
Ауылға, үйге қарай шауып келме.
Ауылдан аттанарда шаба жөнелме.
Аhілеме.
Аяғыңды айқастырып жатпа.
Аяғыңды басыңнан жоғары қойып жатпа.
Аяғыңды көтерме.
Аяғыңды тұсама.
Аяғыңның басына қарап жүрме.
Аяқкиімді төрге қойма.
Аяқкиіміңді сол аяқтан бастап киме.
Аяқ-қолыңды жіппен байлама.
Әбес іс жасама
Әдепсіз болма.
Баскиімді айналдырып киме.
Баскиімді баспа.
Баскиімді босағаға ілме, теріс қаратып киме.
Баскиіммен ойнама.
Байлығыңмен мақтанба.
«Бақ келді» деп таспа, «жау келді» деп саспа.
Бар болсаң бергеніңді айтпа, ер болсаң жеңгеніңді айтпа.

Басқаны қор санама.

Басың ауырса, тіліңді тый, көзің ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса, аузыңды тый.

Басыңа қара не қызыл байлам тартпа.

Басыңды босағаға беріп ұйықтама.

Басыңды салбыратып отырма.

Бәлеқормен бастас болма.

Бейуақытта бейғам болма.

Бейуақытта кісіден көңіл сұрама.

Бейуақытта ұйықтама.

Белді таянба.

Беліңді босқа бума.

Беталды жылама.

Беталды күлме.

Бет-аузыңды қисаңдатып отырма.

Бетті баспа, қолды тарақтама.

Босағаға сүйенбе.

Босағаны керме.

Босағада отырма.

Бөтен жерге баса-көктеп кірме.

Бөтен үйге рұқсатсыз кірме.

Бұтыңды ашып отырма.

Бүгінгі істі ертеңге қалдырма.

Бір қолыңмен су құйма.

Біреуге қарап ерніңді шығарма.

Біреуге қиянат жасама.

Біреуге тесіліп қарама.

Ғайбат сөйлеме.

Даудың жолына түспе, жаудың қолына түспе.

Дауысыңды шығарып сөйлеме.

Дәретсіз жүрме.

Діниңді, ұлтыңды, арыңды сатпа.

Екі кісінің арасынан өтпе.

Екі қолыңды төбеңе қойма.

Елмен дауласпа, ермен жауласпа.

Елсіз жерде жалғыз ұйықтама.

Елшіге тиіспе.

Еліңді тастап шетке кетпе, шетке кетсең де көпке кетпе.

Еркекке жүрелеп отыруға болмайды.

Ескі дауды еске алма.
Есікті керме.
Есікті қатты серіппе.
Есікті теппе.
Етпетіңнен жатпа.
Жағыңды таянба.
Жайдақ атқа мінбе.
Жақсы істі қызғанба.
Жақсыны әжуалама.
Жақсының жасын сұрама.
Жақын адамдарыңа ит, мысық берме.
Жақын адамдарыңа пышақ, мылтық сыйлама.
Жақыныңа міндетсіме.
Жалған сөйлеме.
Жаман сөз айтпа.
Жаңа байығаннан қарыз алма.
Жаңа үйленгенмен қоңсы болма.
Жаралы басқа жұғыспа.
Жастықты аяғыңмен баспа.
Жатқан кісінің үстінен аттама.
Жатқанда аяғыңды құбылаға берме.
Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме.
Жаяу қамшыланба.
Жәндікті жәбірлеме.
Жер таянып отырма.
Жер томпайтпа.
Жерді орынсыз қазба.
Жерді сабалап, тепкілеме.
Жерошақты аттама.
Жеті атаға толмай қыз алыспа.
Жетім-жесірге тиіспе.
Жетім-жесірдің ақысын жеме.
Жозының қасында тырнақ алма.
Жуған қолыңды сілікпе.
Жұма күні кір жума.
Жұма күні үйді ақтама.
Жұрт алдында қатты күрсінбе.
Жұрт алдында құлағыңды, мұрныңды шұқыма.
Жұрт көзінше кекірме, қасынба.

Жылан үйге кіріп кетсе, өлтіруге болмайды.
Инені тістеме.
Ит баласын үйде ұстама.
Итке ожаумен ас берме.
Итті, мысықты теппе.
Иттің құйрығынан тартпа.
Кек сақтама.
Кемтар адамға күлме.
Киімді желбегей жамылма.
Киімді теріс киме.
Киімнің жағасын баспа.
Көбікті төкпе, көпті сөкпе.
Көзі соқырға жолдас болсаң да, көңілі соқырға жолдас болма.
Көзі тірісінде өзіне көр қазуға болмайды.
Көзіңді алайтпа.
Көп сөйлеме.
Көп ішінде жалғыз мақтанба.
Көпке топырақ шашпа.
Көптен дараланба.
Көршілердің тамақ әкелген ыдысын бос қайтаруға болмайды.
Көршіңе жамандық ойлама.
Күлге қарап дәрет сындырма.
Күлді баспа.
Күні түскенге кісәпір[1] болма.
Кірдің суын баспа.
Кірдің суын есік көзіне төкпе.
Кісі ақысын жеме.
Кісі төсегіне отырма.
Қара, қызыл, ақ түсті шүберекті үй үстіне жайма.
Қарт адамның алдын кеспе.
Қатты сөйлеме.
Қолыңды айқастырма.
Қолыңды артыңа қусырып жүрме.
Қолыңды сермеп сөйлеме.
Қолыңды таянба.
Қолыңды төбеңе қойма.
Қонағыңа ашуланба.

[1] Кісәпір — қалтаға түсетін ұры.

Қонағыңды жұмсама.
Қонаққа кетік кесемен шай құйма.
Қонақтың алдын орама.
Құбылаға қарап дәрет сындырма.
Құдайға тіл тигізбе.
Құмырсқаның илеуін бұзба.
Құран оқығанда жалаңбас отырма.
Құран оқығанда күлме.
Құран оқығанда сөйлеп отырма.
Құран оқығанда түрегеп тұрма.
Құранды жерге тастама.
Маңдайшаға төбеңді тіреме.
Мас қылатын ішімдік ішпе.
Мойныңа жіп, белбеу салма.
Намазды бөлме.
Ойбайлама.
Ойланбай іс бастама.
Ордалы жыланға тиіспе.
Орынсыз кінә қойма.
Өз басыңа лайық емес сөз айтпа.
Өзіңде жоққа мақтанба.
Өзіңді зор санама.
Өзіңді қорсынба.
Өзіңе ұнамағанды өзгеге теліме.
Өрмекшіні өлтірме.
Өрмекшінің өрмегін бұзба.
Өсек тасыма.
Саусағыңды шығарма, тарақтама.
Саусағыңды, қолыңды орынсыз аузыңа салма.
Сыпырғышпен ұрма.
Сыпырғышты тік қойма.
Сырыңды көрінгенге шашпа.
Табалдырыққа шықпа, босағаға отырма.
Табалдырықты баспа.
Табалдырықтың сыртында тұрып сөйлеме.
Табаныңды тартпа, тізеңді құшақтама.
Таңдайыңды қақпа.

Таяққа сүйенбе.

Тәкаппар болма.

Теріс қарап отырма.

Төрге қарап жүрелеп отырма.

Түсінді аузы бейпіл адамға жорытпа.

Тырнағыңды аузыңа салма.

Ұя бұзба, жұмыртқаға тиме.

Үйге сыртыңмен кірме.

Үйде ысқырма.

Үйді айналма.

Үйіңе келсе, үйдей дауыңды айтпа.

Үлкен адам алдында аяғыңды созып отырма.

Үлкен кісіге сыртыңды берме.

Үлкенге «сен» деме.

Үлкенге қарсы келме.

Үлкеннің сөзіне араласпа.

Үлкеннен бұрын билік айтпа.

Үлкеннен бұрын төрге шықпа.

Үлкеннің сөзін бөлме.

Үш күн айтта кір жума.

Шақырған жерден қалма.

Шақырмаса, барма.

Шалбарды басыңа жастама.

Шаңыраққа сәлем бермей кірме.

Шапанды желбегей жамылма.

Шаш пен тырнақты баспа, отқа тастама.

Шашыңды жайма.

Шашыңды, тырнағыңды өсірме.

Шәйнектің шүмегін төмен қаратпа.

Шелектегі суға аузыңды батырма.

Шошқа етін жеме.

Шырақты үрлеме.

Ішегіңді тартпа.

Ішетін суға аузыңды батырма.

Шот, айыр, күрек, сыпырғыш, кетпен, сияқты мүліктің басын жоғары қаратып қойма.

Қазаға қатысты тыйымдар

Адам өлімі туралы хабарлап (естіртіп емес) жүрген хабаршы табалдырықтан айтып қана кетеді, үйге кіруіне, тамақ ішуіне болмайды.

Бейіт басынан қайтқанда, басқа үйге кірме.

Жаназа шығарылып жатқанда жалаңбас отыруға болмайды.

Зиратқа қарап, қол созба.

Қабырды созба.

Қабірдің топырағын үйгенде, топырақ тастаушылар күректі аяқпен баспайды және бірінің қолынан бірі күректі алмайды.

Қаралы елге тиіспе.

Қаралы үйде дауыс көтеріп күлмейді.

Мәйіттің кебінін жиі тігуге болмайды.

Молаға қарай жүгірме.

Молада дәрет сындыруға, мал жаюға болмайды.

Моланың басында жүрелеп отырма, тізерлеп отыр.

Өлген адамға дауыс көтеріп жылағаннан кейін беті-қолды жумай тамақтан дәм татуға болмайды.

Өлген адамның ақымын өзінен үлкен етіп қазуға болмайды.

Өлген адамның тірі кезінде пендешілікпен істеген жамандықтарын еске алып, ауыр сөздер айтуға болмайды.

Өлген кісіні жамандама.

Өлген кісінің қабірін басуға болмайды.

Өлік жатқан жерді 40 күнге дейін адам аяғы басуға болмайды.

Өлік иесіне көңіл айтып келе жатып, жолда басқа үйге кіріп, тамақ ішуге болмайды.

Өлік шығарылып әкетілісімен үй жинауға болмайды.

Өлік шыққан үйдің малын саума.

Өліктің дене топырағын сәндеме.

Өлім бар да қаза бар екенін ұмытпа.

Үйде өлік жатқанда от жақпа.

Тағамға байланысты тыйымдар

Ақ төгілген жерді баспа.

Ақты төкпе.

Ақтың жуындысын ағынды суға төкпе.

Ашыққанға қазан астырма, тоңғанға от жақтырма.

Ас қайырмай, дастарқаннан тұрма.

Ас ішкен ыдысты төңкеріп қоюға болмайды.
Ас ішкенде қомағайлықтан сақтан.
Асқа немесе тойға қымыз құйып әкелген сабаны мүлде сарықпа.
Асығып тамақ ішпе.
Аузында нан барда жаман сөз айтпа.
Бір қолмен нан үзбе.
«Бисмиллә» демей ас татпа.
Дастарқанға бірінші нанды әкеліп қой.
Дәм ішуді қонақтан бұрын доғарма.
Дастарқан басында керілме.
Дастарқан бұрышына отырма.
Дастарқанды аттама.
Дастарқанды баспа.
Ертеңгі асты тастама, кешкі асқа қарама.
Ертеңгілік астан бас тартуға болмайды.
Жерге төгілген ақты басуға болмайды.
Жатарда көп тамақ ішпе.
Жатып тамақ ішпе.
Жер таянып отырып, ас ішпе.
Жүріп келе жатып, тамақ ішпе.
Қазан ернеуін босағаға қарай қисайтып аспа.
Қазанды ашық қалдыруға, төңкеруге болмайды.
Қазанды төңкерме, теппе.
Лас қолыңмен нанды ұстама.
Нанды баспа, жерге тастама, рәсуа етпе.
Нанды төңкеріп қоюға болмайды.
Нанмен ойнама.
Нанның ұнтағын тастама.
Нанның үгіндісін аяқпен баспа.
Нанның үстіне басқа нәрсе қойма.
Өзгенің алдындағы асқа сұғынба.
Сол қолмен тамақ ішпе.
Сүттен жасалған тағамдарды жерге түкіріп тастауға болмайды.
Сүтті отқа төкпе.
Сүтті үрлеп ішпе.
Сүттің бетін ашық қалдырма.
Тамақ ішкен қолыңды сілікпе.
Тамақ ішіп отырған кісіге тесіле қарама.

Тамақ ішіп отырып тұрып кетпе.
Тамаққа қос қолмен сұғынба.
«Тойдым» деме, «қанағат» де.
Тұзды баспа.
Уыздан соң іле суық су ішпе.
Үй қожасы дәм татпастан бұрын асты жеуге болмайды.
Үлкен кісіден бұрын дәмге қол созба.
Ыстық тамақты қомағайланып ішпе.
Іркітті ашық далада пісіруге болмайды.

سەبەپكەر ەكەنىن ايقىنداپ تۇسەدى.

اسراپ العان بالا ەرجەتكەن سوڭ ءوز ەلىنە نە اكەسى مەن شەشەسىنە كەتەم دەسە، وعان قارسىلىق بىلدىرە المايدى. اسرەسە ۇيلەنگەننەن كەيىن بولەك تۇرۋعا ەرىكتى. اسراپ العان بالانىڭ تەگى بوتەن رۋدان بولسا، اكەسى ولگەن سوڭ ءتىستى مۇرا ۇلەسىن السپ ءوز ەلىنە كەتۋگە ەرىكتى بولعان. ال ءوز تۇستارىنان العان بالا بولسا، ول زاڭدى تۇردە مۇراگەرلىك ەتەدى. تۇسقان ادامدار ءبىر - بىرىنەن بالا اسراپ العان جاعدايدا ول بالالار تەل ەمگەن قۇلىن سياقتى ەكى وتباسىنىڭ ورتاق قامقورلىعىنا بولەنگەن.

ال كۇيەۋى ولگەن جاس ايەل ءوز قۇرساعىنان بالا كوتەرەگەن بولسا، كۇيەۋىنىڭ جاقىن تۇستارىنىڭ ءبىرىنىڭ بالاسىن اسراپ السپ، ەكىنشى رەت كۇيەۋگە تيمەي وتىرا بەرۋگە ەرىكتى دەپ سانالعان.

جالپى قازاق حالقىنىڭ باۋىرمالدىعى، بالاعا دەگەن قامقورلىعى ەرەكشە.

بالانىڭ دەنە بىتىمىنە بايلانىستى سىندار مەن
ىرىمدار، تيىم سوزدەر

ەرتەرەكتە قازاقتار ىرىمداپ، سابيگە تۇلىمشاق پەن كەكىل قويعان. بالاسى تۇرماي جۇرگەن كەيبىر انا - انالار ەر بالانىڭ ولگە قۇلاعىن تەسىپ، سىرعا تاققان. بالاسى ەرجەتكەن سوڭ ۇلان - اسىر توي جاساپ، وسى تويدىڭ ۇستىندە بوزبالانىڭ قۇلاعىنان سىرعاسىن الادى. بۇل توي سىرعا توي دەپ اتالادى. جاستارعا ۇلكەندەردىڭ باتا بەرىپ، تىلەك تىلەۋى، سىن - ەسكەرتپە ايتىپ، باعىت سىلتەۋى ەجەلگى داستۇرى بولعان. باتالى ءسوز، اق تىلەك جاس ورکەننىڭ

329

Тыйым сөздер.
Қазақтың тұрмыс-салт білімдері / Құраст. З. Сәнік. – Үрімжі, 1998

ЫРЫМДАР

Ырым сөздер — ежелгі дәуірден келе жатқан наным-сенімдерге, сөз құдіретіне негізделген магиялық фольклордың түрі. Қоршаған орта жөніндегі діни-мифологиялық көзқарас, түрлі түсінік-пайымдар көптеген ырымдарды тудырған.

Ырымдар өмірді реттеуші, жақсылықты жаңғыртушы, жамандықтан сақтандырушылық рөл атқарған. Бұл ең алдымен адамның өзін қоршаған табиғатты, мәселен күнді киелеуге қатысты: жаңа істі бастау үшін күннің шығуы мен бату мезгілдерін ескеру және ай фазалары ауысымының тіршілікке әсеріне сенімді танытатын айға сәлем беру, айдан ауруға демеу сұрау, от киесіне қатысты: көшіп-қонған қонысты аластау, мал отарын аластау, отқа май құю т.б. ырымдар жүйесінен танылады. Халқымыздың отбасылық салт-дәстүрінде, тәлім-тәрбиесінде, тыныс-тіршілігінде, өмір сүру салтында қағидаға айналған ырымдар мол кездеседі. Бір ғана сәбиге қатысты: сәбидің кіндігін жақсы адамға балтамен не кездікпен кестіру, кіндігін туған жерге көму, жас босанған әйелге қалжа жегізу, жеті кемпірдің астынан өткізу, баласын сатып алу т.б. ырымдар жүйесінің әрқайсысы таратып айтарлық тағылымға толы. Қазақ халқының ұлттық болмысына, өмірлік тәжірибе мен халық даналығына негізделген ырымдар берік ұстаным ретінде қабылданған. Ырымдау түсінігінде табиғаттың, аң-құстың киесіне сену мен соның жұрнағы арқылы баланың болашағына әсер ету, зияндықтан қорғау көзделіп, қоршаған дүние жайындағы түрлі түсініктерімен қатар ұрпақ тәрбиелеудегі ой зердесі көрініс тапқан. Елге қадірлі кісіге баласының аузына түкірту, сондай болсын деген ниетпен батырдың, ақынның сарқытын жегізу немесе атын қою, шешен болсын деп малдың тілін жегізу сияқты ырымдар осының дәлелі. Сондай-ақ халқымыз «жаман ырым етеді, ырымы қырын кетеді» дейтін тұжырым арқылы шектен шықпауға сақтандырған.

Балаға арналған ырымдар

Ертеде қазақ өз баласының кіндігін балтамен кесетін. Мұнысы — «кіндігін балтамен кескен бала ержүрек, батыр болады» деген ырымы.

Баланың кіндігін кескеннен кейін ұл баланың кіндігін қырдан асырып лақтырып жібереді, қыз баланың кіндігін оттың басына, ошақтың түбіне көмеді. Бұл — «ұл үйкүшік болмасын, ел-жұртпен емін-еркін араласатын, түзде жүріп мал табатын, ел қорғайтын ер болсын, қыз бала далабезер болмай, үйдің құты, иесі, берекесі болсын, жаманаты жайылмасын» деген ырым.

Баланың қарыншашын беталды тастамайды. «Қарыншашты беталды тастаса, оған шайтан ұялап кетеді, шайтаннан бала шошынады, есейгенде қоян жүрек болады» деп ырымдайды.

Баланы бейуақытта үйге жалғыз тастамайды, бейуақытта жайған бесікті далаға қоймайды, баланың киімін далаға бейуақытта ілмейді. «Бесікті түзге, далаға қойса, баланың киім-кешегін түзге, далаға тастаса, оны шайтан ұялайды» деп ырымдайды.

Баланың бесігін, түбегін, шүмегін төңкеріп жаймайды. Оны жел қақтырып, күн көзіне жаяды. Бұл — «балаға пәле-жала жабысып, баланың қуығы тұтылады» деген ырым.

Бесіктегі бала шошып жылай берсе, ұйықтай алмаса, қорғасынды ерітіп жерге құяды. Сонан құйылған қорғасынның қатқаннан кейінгі бейнесіне қарап, баланың неден шошынғанын жориды да, сол қорғасынды бесіктің басына қадап қояды.

Бос бесікті тербетпейді. «Бос бесікті баласы шетінеп, қайғы-қасіреттен есі ауысқан ана ғана тербетеді» деп ырымдайды. Бос бесікті тербету — жаман ырым тілегендік.

Бала бесіктен шыққан соң, бесікті тазалап сүртіп, бетін жауып сақтап қояды. Бұл — «бесік ұрпақ шақырады, келешек ұрпақ тезірек келсін» деген ырым. Сонымен өзіне жаққан бесікті ұрпақтан-ұрпаққа сақтайды.

Бесікті бейуақта сыртқа шығармайды. Нәрестені алты айдан асқанша үйде жалғыз қалдырмайды. Өйткені қараңғылық пен жарық жер бетінде таласып тұрған кезде Бақ пен Сор да тез алмасады. Перілер мен жын соғысып жатады дейді. Осы кезде ұйықтауға да болмайды. «Бейуақтың күнәсі жабысады» деп ырымдалады. Кіндігі қатпаған сәби осы мезгілде үйде жалғыз жатса, шошынады, «перілер баланы алып кетіп, орнына өздерінің ақыл-есі дұрыс емес баласын тастап кетеді» деп жориды. Кейде баланың ұрық безі бұзылып, рухынан айырылады, сондықтан қасынан адам үзілмеген жақсы деп иландырады.

Бесікті көбінесе баланың нағашы жұрты алдын ала арнайы жасатып, бесік тойына тарту етеді. Онысы — «жиен, жегжат, үрім-бұтағым өсе берсін, өрісім кеңейе берсін» дегені.

Бала емізіп отырған әйел омырауын басқа кісілерге көрсетпеуі тиіс. Баланы қалқалап отырып емізеді. Бұл кезде сөйлемейді. Себебі, «бөтен кісінің көзі омырауға түссе, емшегі ісінеді, сыздауық шығады» деп ырымдалады. Ал сөйлесе, бала шашалып, қолқасы қабынады да, ауруға шалдығады.

Бала көтермей жүрген әйел жаңа туған күшіктердің үстінен аттайды. Егер әйел аттаған соң күшіктердің бірі өлсе, «әйел жүкті болады екен» деп ырымдалады.

Бала қаспақты көп жесе, үйлену тойында жаңбыр жауады.

Бала тұрмай, шетіней берген жағдайда оны басқа адам өтірік сатып алады.

Бала тілін шығарса, тіл келеді, яғни «хабар келеді» деп жориды.

Нәресте анасының омырауын тас қылып ұстап емсе, онда ол шықбермес сараң болады, ал алақанын ашып, алаңсыз емсе, онда ол жомарт болады. Ер бала көзін ашып ұйықтаса, онда ол ержеткенде бақытты, алған жары сұлу болады.

Бала үнемі жастықтың үстіне ұйықтайтын болса, кейін ол ел басқаратын көсем болады, ал көрпені тұмшалап, оранып жатса, есейгенде ынжық, жігерсіз болады. Бүк түсіп ұйықтайтын болса, уайымшыл, қайғышыл болады. Етпетінен жатып ұйықтайтын болса, қызғаншақ немесе ойшыл адам болады. Қол-аяғын төрт жаққа созып, бей-жай ұйықтайтын болса, төрт құбыласы тең кемеңгер әрі батыр болады.

Балаға бұғана қабырғаны мұжытпайды. Бұлай істесе, бойы өспей, тапал боп қалады.

Балаға қарғыс өтпеу үшін үш кемпірдің бұтының арасынан өткізіп алады.

Балаға «шешен болсын» деп, таңдай жегізеді.

Баланы бесікке салып жатқанда, әйелдер үн шығармай жым-жырт отырады. Сөйлеп қойса, «бала жылауық, есейгенде өсекші болады» деп ырымдайды.

Баланың ит жейдесін далаға тастамайды, біреуге бермейді. Себебі, нәрестенің бақыты сол жейдені киген күннен басталады, «ит жейде баланың бақытын сақтайды» деп жориды. Бұрынғы заманда дауға барған адамдар, жауға шапқан батырлар баласының ит жейдесін қойнына

тығып ала жүрген. Себебі, «ит жейде қауіп-қатерден, пәле-жаладан сақтайды» деп ырымдалған.

Баланың маңдайынан қақпайды, бір адамның бақ пен соры оның маңдайына жазулы болады. Маңдайға ұрса, бақ қашады.

Баланың мойны тез және түзу бекуі үшін оның шілдеханасына сойған қойдың мойын омыртқасын тұтасымен асып, тесігінен шыбық өткізіп, кептіріп қояды.

Баланың төбе шашын ұзын өсіріп, моншақ араластырып өріп қояды. Бұл «айдар» деп аталады. «Айдарлы адам айбарлы көрінеді, оған тіл-көз тимейді» деп біледі.

Баласы тоқтамай өле берген немесе түсік тастай берген әйел бір баланы аман-есен туа қалған жағдайда жеті әйелдің бұтының арасынан өткізіп алып, оған Жетпісбай деген ат қояды. «Ғұмыр-жасы ұзақ болсын, артынан өзіндей ұл мен қыз өрби берсін» деп ырымдаған.

Баласы тұрмай жүрген адам жаңа туған баласына кигізетін ит көйлегін иттің басына кигізіп алып, сонан соң баласына кигізеді.

Батырдың, ақынның, палуанның сарқытын жегізсе немесе олар сәбидің аузына түкірсе, жақсы қасиеті мен өнері балаға қонады.

Кәрі адамның киімдерін балаға жаялық еткені — «балаға сол кәрінің жасын берсін» деп жасаған ырымы.

Кішкене бала енді қаз-қаз тұра бастағанда аяғын тез бассын деп, аяғына малдың ішегін байлап, тұсауын кеседі. Баланың тұсауын ел ішіндегі елпек, қимылы тез адамға кескізеді. «Тұсауы кесілмесе, бала сүріншек болады, аяғын тез баспайды, есейгенде қимылы баяу, ісі шабан болады» деп ырымдайды.

Жас бала тоңқайып, екі бұтының арасынан артына қараса, «үйге қонақ келеді», «алыстан жолаушы келеді» деп ырымдайды.

Сүндетке отырғызған баланың шертпесін беталды тастамайды, қайта ержетіп отау көтергенде «бастары мықты, босағасы берік болсын» деп ырымдап, оны үйдегі құрулы шидің басына іліп қояды.

Баланың етпетінен жатқаны — жаман ырым. «Жанашыр жақыннан айырылған, жетім қалған бала етпетінен жатады» деп ырымдайды.

Алдыңғы баласы тоқтамай жүргенде көрген баласының иығына қасқырдың асығын тағып қояды. Мұнысы — «бөрінің киесі баланы тілден, көзден, пәле-жаладан қағады» деген ырым.

Баланы отпен, сумен ойнатпайды. Оттың да, судың да киесі бар, «бала отпен, сумен ойнаса, оның киесі шамырқанады, балаға зақымы жетеді» деп ырымдайды.

Балаға жұлдыз санатпайды. «Бала жұлдыз санаса, жұлдызы таяды, өмірі қысқа болады» деп ырымдайды.

Баланы көсеумен, сыпыртқымен ұрмайды. «Көсеумен ұрса, оттың киесі атады, сыпыртқымен ұрса, жын соғады» деп ырымдайды.

Баланы бетке, басқа ұрмайды. «Баланы бетінен ұрса, беті қайтады, жалыны ұшады, басынан ұрса, бағы таяды, періштесі шамданады» деп ырымдайды.

Үйге қыдырып келген жас баланы үй иесі құр қол қайтармайды. Бала құр қол қайтса, оның меселі қайтады, жалыны бәсейеді. «Баланы құр қол қайтарған шаңырақтың байлығы, дәулеті шайқалады, әуелі бағы таяды» деп ырымдайды.

Егер баланың анасы балаға сұқтанып қараған адамды көңіліне алып, әртүрлі жаман ойлап мазасызданса, жанып жатқан отқа тұзды салып жатып: «Құдай тілден, көзден сақтасын», — дейді. Бұдан бұрын баланың басынан айналдырып балаға түкіртеді. Бұны тек балаларға ғана емес, жаңа туған төлге де жасайды. Немесе тұзды тіл тиеді деп қорыққанда жасауға болады. «Көздінің көзінен, тілдінің тілінен сақта» деп ұшықтайды. Егер жас баласы бар адам бала туралы сөз айтқанда көңіліне алып қалса, ол жаңағы айтқан адам есіктен шығар-шықпастан соңынан іле-шала тездетіп баланың маңдайынан сүйіп, босағаға қарай: «Тіліңе шоқ түссін», — деп, үш түкіреді.

Егер баланың ерніне, болмаса саусақтарына сүйел шықса, ақ жіп пен қара жіпті араластырып, денеде қанша сүйел болса, сонша рет түйіп, жерге көміп тастау керек. Сонда тез кетеді. Болмаса жаңа туған айға қаратып тұрып: «Ай, ау, ай, сүйелімді ал да, қолымды бер!» — деп, үш реттен үш күн қайталаса, сүйел кетіп қалады.

Егер баланың үлкен башпайы шұлығын тесіп шыға беретін болса, өскенде өткір мінезді, іске алғыр, жұрт сүйсінген адам болады.

Егер жас бала өзінің үйіне өзі сәлемдесіп кірсе, төрге тұрып алып тоңқайып жол қараса, үйге қонақ келеді.

Егер жас нәресте туғанда арқасында жалы болса, не батыр, не бай, не бақытты адам болады.

Есіктің тұтқасын жуған сумен көз тиген баланың бетін, екі қолының алақанын, екі аяғының табанын жуса, «көз сұғы қайтады» деп жориды.

«Сәбиге көз тимесін» деп, бетіне күйе жағып, өңіріне әртүрлі жылтыр түйме, тана, тиын т.б. тағып қояды.

Арқан-жіп ескен кезде жасөспірім балалардың керілген жіптің астынан өтуіне тыйым салынады. «Бойы өспей тапал болып қалады» деп жориды.

Балаға асықтың етін мүжітпейді. «Алты жыл аш қалсаң да, асық етін мүжіме» деген сөз бар.

«Тілдің ұшын жесе, сүйрелендеп сөйлей беретін болады, таңдай жесе шешен болады» деп ырымдайды.

Әйелге қатысты ырымдар

Әйел аттылы ер адамның жолын, үлкендердің алдын кесіп өтсе, бақытсыз жағдайға душар болады.

Әйел үй ішінің мүлкін, ыдыс-аяқты салдыратпауы қажет. Адам тамақ ішетін ыдысты «итаяқ» деп атамайды. Бұлай атаса — ыдыстың ырысы қашады, адамның дәм-тұзы төгіледі.

Әйел кісі итке тас лақтырмайды. Бұлай істесе, құты қашады. Ит — жеті қазынаның бірі, шамданады. «Әйел қолының берекесі қашады, ырысы кетеді» деп ырымдалады.

Әйелге бүйірін таянып тұруға болмайды, өйткені күйеуін жоқтаған әйелдер ғана солай істейді.

Әйелге түнде суға баруға болмайды, өйткені қорқып, шошыма ауруына ұшырауы мүмкін.

Әйелге шашын жайып жүруіне болмайды. Өйткені қаралы әйел ғана шашын жайып жіберетін болған.

Әйелге шашын отқа тастауына болмайды. О дүниеде Құдай әйелдер мен қыздардан: «Саған берген шашымды қайда тастадың?» — деп сұрайды. Әйел тарақ жүзіндегі шашты жинап, аяқ баспайтын жерге қоюы керек.

Әйел адам қайтыс болса, әйелдерге ине-жіп үлестіреді. Бұл — «ауыл әйелдері арасында әдетте ине-жіп ауысу жиі кездесетіндіктен, сол ауыс-күйістен қалған қарызы болса,мойнында кетпесін, ол дүниеге қарыз арқалап бармасын» дегені.

Келін түскенде, қыз ұзатылғанда, жолаушы сапардан оралғанда, құда не туыс-туған келгенде, тағы басқа қуанышты күндерде ауыл әйелдері құрт-ірімшік, қант-кәмпит, күміс тиын араластырып, топтасып тұрған адамдардың ортасына «шашу, шашу!» деп айғайлап тұрып шашады.

Шашуды барлығы теріп алып, ырым ретінде үйіндегі балаларына апарып береді. Шашуды балаларға берудің себебі — «ырысты болсын» дегені.

Әйелқасын бояп, жұлып, тақырласа, «қастасы көбейеді, жауы басына шығып, басынады» деп жориды.

Әйел өзінің әдейілеп басына салып жүрген арнаулы жаулығын басқаларға бермейді. Олай етсе, «басымдағы бақ басқаға көшеді» деп ырымдалады.

Бір үйге алып барған өзінің сыбағасынан өзі жемейді. Онда «әйелі қыз табады» деп ырымдайды. Ұдайы жаугершілікке ұшырай берген қазақ елді қорғайтын ер-азаматты көксегендіктен ұл баланы ерекше тілейді.

«Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» дейді. «Ырымы жасалмай ұзатылған қызды, оны алған күйеу жігітті ананың ақ сүті, атаның ары мен кәрі атады» деп ырымдалады.

Бойжеткен қызға кәрі жілік тартпайды. Қыз кәрі жіліктің етін жесе, отырып қалады деп ырымдайды.

Жаңа түскен келін күйеуі бір жаққа кеткенде орын ауыстырып жатуға тура келсе, өзінің некелі төсегін құр тастамайды. Жастық астына балта, пышақ секілді заттарды қойып қояды. Онысы — «иен қалған төсекте жын-шайтан ойнамасын» дегені.

Жаңа түскен келін отқа сәлем бергенде: «От ана, Май ана, жарылқа!» — деп тілек тілейді. Басқа әйелдер отқа май құйып, алақандарын қыздырып алып, келіннің бетін сипайды. Бұл — «келіннің жүзі жылы, дидары ыстық болсын, тіл-көз тимесін» дегені.

Жаңа түскен келін өзінің киім-кешегін албаты қысқарта бермейді. Өйткені, «бұлай еткенде дүниеге келетін нәресте кем туылады немесе түсік боп түсіп қалады» деп ырымдайды.

Жаңа түскен келіннің бетін ашқанда, жыр айтушы ақын оң қолымен ашады. Жеміс ағашына немесе тобылғы сапталған қамшының сабына қызыл торғын орамал байлап, сонымен ашады. Онысы — «Келіннің беті айдай жарық болсын, жемісті ағаштай ұрпағы көп болсын» деп ырымдағаны.

Жаңадан келіп, қоныс қонғандарға ауыл ерулік береді. Қоныс құтты болсын айтады. «Көрші ақысы — тәңір ақысы» деген сөз бар. Ерулік бермесе, дән қысырайды, босаға сөгіледі, жер жериді деп ырымдалады.

Жүкті әйел босана алмай қиналғанда, «жын-шайтан, албасты басып қиналып жатыр» деп, үйге бүркітті әкеліп қондырып қоятын болған. «Жын-шайтан бүркіттің тегеурінінен қорқып қашады да, әйел тез босанады» деп ырымдаған.

Жүкті әйел жеңіл босану үшін толғатқан кезде оған тиісті барлық сандықтар ашылып қойылады.

Жүкті әйел толғатқан кезде сол үйдегі қыз бала киіп жүрген көйлегінің етегін жыртып қояды. Ұл бала киген шалбардың балағын сөгеді. Онысы — «толғақ жеңілдесін, баланың беті тез ашылсын» дегені. Толғатып жатқан әйелді күзетіп отырған әйелдерден біреу сыртқа шықса, «толғақ ілесіп кетпесін» деп, қолжаулығын немесе бір тал түймесін үзіп алып қалады.

Жүкті әйел шашын кеспейді. Өйткені, «мұндай қылықтан бақ таяды, іштегі баланың бақыты сөнеді, кемтар туылады, қол-аяғы қысқа болады» деп ырымдалады.

Жүкті әйелге ара, қайшы ұстатпайды, ұстаса, мерзімінен бұрын босанады.

Екіқабат әйелге түйе етін жеуге болмайды. Жесе, баланы он екі ай көтереді, толғағы қатты болады деп ырымдалады. Түйенің етін жеп, уағында толғатып, мезгілінде босана алмаса, сол үйдің төріне өлген бураның бас сүйегін іліп қояды. Онысы — «әйел қиналмай, тез босансын» дегені. Әйтпесе бураның мойнына ақ мата салып, содан аттап өтуі керек.

Жүкті әйелдің күні жақындағанда: «Жер-ана, қуат бер», — деп, оны жалаңаяқ жүргізеді.

Екіқабат әйел керулі тұрған немесе шұбатылып жатқан арқаннан аттамайды. Бұлай істесе, босанған кезде баланың кіндігі мойнына оралып, өміріне қауіп төнеді.

Жерік болған әйел жерік асын жеуі керек. Жерігі қанбаған әйелдің баласы су ауыз болып туылады, ондай бала суайт болады.

Қарттар екіқабат әйелге: «Қай аяғын алдымен басар екен?» — деп қарайды. «Егер оң аяғымен табалдырықтан бұрын аттап кірсе, ұл туады. Сол аяғымен кірсе, қыз туады» деп жориды.

Әйел босана алмай қиналғанда, әйелді «қара басты», «нас басты» деп біліп, сыртынан иір мүйізді қошқарды айналдыру, басынан бүркітті айналдыру ырымы болған.

Әйел толғатып, қиналып жатқанда қыздар жағы жылдамдатып қазан қыздырып: «Қатын бұрын туа ма, қазан бұрын қыза ма?» — деп, бидай қуырады. Қуырған бидайды бала-шағаға үлестіреді екен.

Емшекте баласы бар әйел жалаңбас отырып, бала емізбейді, орамал салып алуға тиіс. «Жалаңбас болса, қайызғағын шайтан баланың аузына салып жібереді, бала есейгенде мәңгүрт болады, анадан безеді, басына шығып, аяқасты етеді» деп біледі.

Жас келіннің емшегі, малдың желіні ісісе, қайтыс болған адамды жуған қолғаппен аптайды.

Жаңа босанған әйел қырық күнге дейін қолын суық суға малмауы керек. Салқын заттарға қол тигізбеуі керек. «Жаңа туған нәресте суық жүрек, тасбауыр болып өседі» деп ырымдалады.

Жаңа босанған әйел үйге кірген итке «шық» демейді. Бұлай істесе,«әйелдің тісі түсіп қалады, бойынан қайраты жойылады» деп ырымдалады.

Жаңа босанған әйелге ақсарбас қой сойып, ақ тілеу айтып, қалжа жегізеді. Себебі, «туыттағы тері шықпаса, ана мен баланы қырық түрлі қырсық шалады, қалжа жемеген әйелдің баласы ынжық болады» деп ырымдалады.

«Жас балалы әйел дәметеді» деп, бұл үйге кіретін кісі тағам, дәм ала келеді. «Дәметіп қалса, омырауы іседі, сүті тартылады» деп ырымдайды. Емшекте баласы бар әйелдің омырауы іссе, бір қарт ана жаңа піскен ыстық нанды қойнына тығып әкеліп, сонымен аластайды.

Қазаға қатысты ырымдар

Адам қайтыс болған соң, мәйіт көмілмей тұрғанда, көп жылауға болмайды. «Көп жыласа, көрі көз жасына толып кетеді» деп жориды.

Адам өлім алдында жанталасып жатқанда жанында әйел адам тұруға болмайды.

Есіктің босағасын екі қолмен керіп тұрмайды. Табалдырықты баспайды. Маңдайшаға артылмайды. Өлім шыққан, жау шапқан, қаралы күнге ұшыраған үйлерде ғана сондай көріністер болады. Сондай жаман ырымды істеуге тыйым салынады.

Жайшылықта түндікті бақанмен тіремейді. Себебі өлім шыққан үй ғана осылай істейді. «Жақсы күнде жаман ырым жасалмауы керек» деп ұйғарылады.

Беталды жер шұқымайды, жер қазбайды. Бұл қылық «өлім шақырады, ажалды хабарлайды» деп, жаман ырымға балайды.

Біреуді қайтыс болды деп естіп, кейін бұл хабар жалған боп шықса, «ол адам көп жасайды екен» деп ырымдайды.

Мәйіт шығарылып әкетісімен үйді жинастырмайды. Бұл —«аруақ разы болмайды» дегені.

Мәйітті ораған кілемді түнде жұлдызға қаратып жайып барып істетеді.

Мәйіттің жанында қатты сөйлеуге, қызу әңгіме айтуға, жылап-сықтауға болмайды.

Мәйіттің кебін тігісін жиі тікпейді. «Үйден шығатын өлім жиілеп кетеді» деп ырымдайды.

Түн ішінде қазаға көңіл айтпайды. «Бұлай істесе, өлім көбейеді» деп жориды.

Өлімге көңіл айтуға келгендерді қандай адам болса да алдынан шығып қарсы алмайды және аттандырмайды. Бұлай істеу — «өлім шақырғандық, аруақ рухын таптағандық» деген ырымдау.

Пышақтың жүзі көкке қарап жатқанды жаман ырымға жатқызады. Ондай пышақ «өлім тілеп жатыр» деп ырымдап, пышақты жалпағынан жатқызады.

Ымырт кезінде жатып ұйықтамау керек. Өйткені бұл мезгілде жарық пен қараңғылық, бақ пен сор, өлім мен өмір ауысады. «Адамның ымырт кезінде жатқаны — өлім тілегені» деп ырымдалды.

Бейіт топырағын сәндемейді. Табиғи қалпында жатқанын, көгеріп өсімдік өсіп тұрғанын ұнатады. Бейіттен бір шым-шым топырақ алып тастайды. Бейітті айналмайды.

Төрт түлікке қатысты ырымдар

«Адамға немесе малға біреу сұқтанып қараса, көз тиеді» деп түкіртеді.

Ақ болып ауырған малды қасқырдың бас сүйегімен қағып ұшықтайды. «Бұнымен қасқырдың киесі дертті қуады» деп сенеді.

Бостан-бос тасты шықылдатпайды. «Бұлай істесе, қасқырдың тісі қышиды, қорадағы, өрістегі малға шабады. Мал шығыны көбейеді» деп ырымдалады.

Жазғытұрым мал төлдеген кезде бірінші сауыннан алынған иінді-ні асқа қолданбайды. Майды да жемейді. Маймен есіктің жақтауы, маңдайша, қазан-ошақтың құлағы мен сирағы майланады. Себебі, ол — «ақ мол болсын, індет шалмасын, сауар көбейсін, ақ пен бақ қонсын, мал басы артсын» деген ниеттен туған ырымның жоралғысы.

Жазда, яғни жазғытұрым ақ жауын жауса, «құт құйды, жер ииіп, егін мол өнім береді» деп жақсылыққа жориды.

Жайлау үстінде далаға қазан асқанда түбіндегі судан жұлдыздар шоғыры көрінсе, «мал өседі, төл көбейеді, байлық артып, дәулет шалқып, рақат өмір сүреміз» деп ырымдайды. Отқа май құйып қоздандырып, ақ тілеу тілейді.

Жал-құйрығының арасында шоқ-шоқ ақ қылы бар жылқы құтты саналады. Ол сатылмайды, біреуге берілмейді. Себебі, сол малмен бірге құт-береке кетеді.

Ел жайлауға шыққан соң желі тартып, алғаш бие байлаған кезде үйірдің бастаушысы — айғырдың сауырына май жағады. Бұл — «үйірдің төлі көбейсін» деген тілеудің ырымы.

Ат әбзелдерін лас жерге, аяқ астына тастамайды. Оларды арнайы таза орынға іліп қояды. Әйтпесе, мал иесі өкпелейді.

Мал етін бұзғанда балта, шот қолданылмайды. Сүйектерді жүйесін тауып, пышақпен ғана ажыратады. «Балталаса, берекесі кетеді» деп ырымдайды.

Мал қораға дәретке отырса, малдың желіні іседі, сүті азаяды деседі.

Мал өріске кеткен соң мал қораның есігін ашық тастамайды. Жыншайтан кіріп кетеді деп ырымдайды.

Мал сауылып жатқанда бөгде біреу келіп амандасса, араласса, малдың сүті қайтып кетеді деп ырымдайды.

Мал сойған кезде төс шеміршегін кесіп алып, жарға не босағаға лақтырғанда жабысып қалса, ол үйдің аты бәйгеден бірінші болып келеді.

Мал төлдеп жатқан кезде сақал, мұрт, шаш алуға тыйым салынады. Өйткені «төл шала туады, дертке шалдығады» деп жорылады.

Мал төлдеп жатқанда басқа біреуге мал сыйламайды. Төлді біреуге атамайды және сатпайды. Бұлай істесе, Шопаната шамданады, шамырқанады. Жаңа туған төл қырық күн өткенше иесіз болады. Сондықтан «бақ пен байлық басқаға ауысады, мал шығынға ұшырап, індет жайлайды, қора бос қалады» деп ырымдалады.

Мал төлдеп жатқанда кереге басына, бақанға, қойдың құйрығына қызыл шүберек байлап іліп қояды. Ол —«елдің көзі төлге түспей, құйрыққа түссін» дегені.

Мал төлдеп жатқанда, балалардың асық ойнауына тыйым салынады. Өйткені, асық ойнағанда сақа мен кенейлерді соғыстырып, шықылдаған дыбыс шығарады. Міне, «осы дыбыс мал киесін ызаландырады, төл шығыны болады» деп ырымдалады.

«Малға баскиімді лақтырса, сүті азаяды» деседі.

Малға ұсталатын құралдарды (құрық, бұғалық, көген т.б.) аттамайды. «Бәрінің киесі бар» деп сенеді.

«Малды қу шыбықпен, көсеумен айдаса, сүті күйіп кетеді» деп, жас шыбықпен айдайды.

Малды сатқанда оның ноқтасын, бас жібін алып қалады.

«Малдың алдынан бос ыдыспен шықса, сүті азаяды» деседі.

Малдың басын үйіткенде алдымен бауыздау жағынан бастап үйітеді. Бұл — «пышақтың жүзіндегі қылау өртенсін» дегені.

Малдың жетім бауыр аталатын бауыры да болады. Оны балаларға жегізбейді. Егер жеп қойса,«жетім қалады» деп жориды.

Малшылар беті-қолын жумай тұрып, мал өргізбейді. Олай істесе, «мал өлім-жітімге ұшырайды» деседі.

Ат жер тарпып тұруы — жақсы жолды көксегені. Алыс сапар басталады. Мұны «жылқы жер көксеп тұр» деп, жақсылыққа жориды.

Атпен келе жатқан адам бейіттің қасынан шауып өтпейді. Қайта іштей дұға оқып, аруаққа сиынады. Оң аяғын үзеңгіден шығарып, «Қиямет жақын, қиямет жақын» деп, тәубе етеді, әйтпесе аруақ атады деп нанады.

Аттарының жалы оң жағына қарай жығылып жатса, оны мінген кісінің жолы болады деп жориды.

Әдетте түйені басқа ұрмайды. Өйткені түйенің басында жылды бастайтын бақыты тұрады деп жориды.

Егер жолаушы жол бойында тұмсығы өзіне қарап жатқан аттың немесе түйенің басын кездестірсе, бұл жақсы ырым, ал керісінше болса, онда жолы болмайды.

Егер жолда келе жатып, аттың тағасын тауып алсаңыз, үйде сәттілік болады.

Бие сауға қолданатын көнек пен үйдегі сабаны төңкермейді. Түбін қолмен немесе таяқпен қағып ұрмайды. Бұлай істесе,«көнек пен саба түбіндегі құт ұшады, ақ тартылады, ырыс шайқалады» деп ырымдалады.

Тағамға байланысты ырымдар

Ас үстінде қолын сілкімейді. Бұлай істегенде, ас сілкінеді, дәм-тұз атады.

Асқа сойылған малдың етінен үй иесі дәм татпай тұрып қан-жынын итке жегізбейді. «Адал малдың етін иман айтып жемей тұрып, қан-жынын ит жесе, адал несібе арамданады, ас дәмі бұзылады» деп ырымдалады.

Асқа, тойға, мереке-мейрамға бағышталып сойылған малдың еті сол үйдің адамдары ауыз тимей тұрып, басқаларға берілмейді. Қанын итке иіскетпей көміп тастайды. Бұл — «жақсы тілеу басқаға аумасын, оң тілек ит-құсқа жем болмасын» дегені. Сондықтан мұндай кезде ылғи да дені сау көк қасқа тай, ақ сары бас қой, атан түйе, атан өгіз, ту бие

секілді нысаналы мал сойылады. Мұндай мал сойылғаны — «қасиеті кетпесін» дегені.

Асқа, тойға арнайы әкелінген қымызы толы сабаны түгел сарықпайды. Түбінде азғантай болса да сарқыт қалуға тиіс. Себебі, саба кеуіп, семіп қалмауы керек. «Саба кепсе, малдың желіні семіп, сүті тартылады, құт-береке кетеді, сарқыт ішер жан қалмайды» деп ырымдалған.

Асты оң қолмен алып жейді. Шыны ұсынғанда немесе біреуге бір нәрсе бергенде, оң қолымен береді, оң қолымен алады. Бұл — «ісім оңға бассын» дегені.

Астың соңында ат бәйгесі, жорға жарыстыру, балуан күрестіру, көкпар тарту, теңге ілу, қара ату сияқты ұлттық ойындар өткізіледі. Бұл — «қайғының соңы қуанышқа, астың соңы той-думанға ұласа берсін» дегені.

Ас-тамақтан, жел-құздан, иіс-қоңыстан ұшынған адамдарды ұшықтау — ертеден келе жатқан емдеу тәсілі. Жығылған адамның бір жері ауырып қалса да, сол жерді: «Кет, пәлекет, кет», «Ұшық-ұшық», — деп ұшықтайды. Науқас адамды күн батар алдында жерге жатқызып ұшықтап, үйге әкеліп жылы жауып тастайды.

Ас-тұзды төгіп шашпайды. Кесірлі кесапат сөздерді айтпайды. Нан тептілік істемейді. Бұл — «ашаршылық тартпасқа, тоқшылық қадіріне жетеді» дегені.

Дастарқан басында, ас алдында, тамақтанып отырғанда сырттан сәлем беріп кірген кісінің қолын алмайды. Бас изеп: «Асқа кел», — деп шақырады. Жуылмаған қолды астан артық көру — адамдық қасиетке жатпайды. Астан аттауға болмайды. Майлы ас жеп отырып, қолды сілікпейді. Бұлай істегенде «ас сілкінеді, дәм-тұз атады» деп ұйғарылады.

Дастарқан басында, кісі көп жерде керілмейді және адамға қарсы қарап тұрып керілуге де болмайды. Бұл қылық тосыннан болатын өлінің елесі саналады.

Дастарқан оң бетімен жайылады. Дастарқан қос қабатталған болса, қонақ келгенде оның тұйық жағын қонаққа қаратып, оң бетін келтіріп жаяды. Мұны «дастарқан оң болмай, ісінде жол болмайды» деп ырымдайды. Дастарқан береке-бірліктің, тірліктің бейнесі ретінде қастерленеді.

Дастарқанға нанды теріс қаратып, төңкеріп қоймайды. Оң қояды. Нанды жалғыз қолмен жерге басып тұрып сындырмау керек. Оң қолмен алып, сол қолмен ұстап тұрып, сындырып жейді. Саусағы тиген бір жапырақ нанды тауысуы керек. Бұл — «несібе шала қалады» деген жору.

Үй тұрмысына қатысты ырымдар

«Айналмақ» деген — өзін-өзі садақа етіп, құрбандыққа қиятын ырым. Өзін біреудің жолына құрбан еткісі келген кісі ауырып жатқан науқасты үш айналып шығуы керек. Қазақтың жақсы көрген адамын «айналайын» деп атайтыны осыдан шыққан.

Аяқкиімді төңкеріп қоймайды. Шешкеннен кейін қатарлап қояды. Төңкеріліп қалса, оңынан қайта орналастырады. Бытырлатып шашып тастауға да болмайды. Аяккиім төңкеріліп қалса,«иесі қайғыға ұшырайды» деп ұйғарылады. Шашылып жатса, жолы кесіледі.

Аяқты көкке көтеру — жақсы қимыл емес, оспадарлық. Онда «аспаққа асыласың, аяғың көктен келеді, үйге өлім-жітім, қорада мал шығыны болады, Көк тәңірі шамданады» деп жорылады.

Адамның алақаны қышыса, ақша ұстайды, табаны қышыса, жол жүреді.

Адамның құлағы шуылдаса,оны екі түрлі ырымға жатқызады. Сол құлағы шуылдаса, өлімнің хабарына жориды. «Жақын-туыс, ағайын-алаш, құда-жегжат, ауылдастардан біреу өлген екен», — деп ойлайды да, — оң құлағым, оң құлағым», — деп үш рет айтады. «Жақсылыққа көріне гөр» деп тілеу тілейді. Оң құлағы шуылдаса, қуанышты хабарға жориды. «Оңына бастай гөр» деп, оң құлағының түбін оң қолының басбармағымен үш рет қағады. Онысы — «жақсылық орнықты болсын» дегені.

Егер қандай да бір адам елінің патшасын, өз баласын, өз жұбайын қарғаса, онда тіліне күйе жағып қарғау керек. Бұл — «қарғысың күйеде қалсын» деген ырым және «патшаға, балаға, жұбайыңа жуымасын» деп те ырымдалады.

Егер киіз үйге кіріп келе жатқан адам сүрініп кетіп құласа, үй иесі кенеттен мал-мүлікке ие болып, дәулеті артады.

Алғашқы некеге пайдаланылған бұйымдар бұзылмайды, той киімдері сөгілмейді. Себебі, «бұлай етсе, тату неке бұзылады не адам өледі, көңіл жыртылады, араға суық түседі, ыстық құшақ суиды. От жүректе тұтап, өрт кеудеде лапылдап тұрған махаббат сезімі өшеді, әуелі адамдар бірбірімен жауласады, бітпес дау басталады» деп ырымдалады.

Бейуақта үйге шам жағып қою керек. Себебі, «бұл кезде де қараңғыны жамылып жүретін шайтан оттан, жарықтан сескенеді, үйге кіре алмайды» деп жориды.

Алыс жолға шыққан адамдар қара шаңырақтан немесе үлкен кісінің үйінен дәм татып аттанады.

Алыс сапарға шыққанда жолға сары май, тұз алып шықпайды. Оның мәнісі — «жолым сарғайып, зарықтырмасын, тұздай ащы азап тартпайын» деген ниетті бейнелегені.

Аң аулауға алғаш шыққан адам тұңғыш олжасын басқа біреуге сыйламайды. Онда қанжыға қурап құр қалады, қанды болмайды, жол болмайды. Бақ пен несібе басқаға кетеді деп ырымдалады. Ал келесі саятта олжасын дос-жаран, туған-туыстарына сыйлауға болады.

Аңшылар далаға түнесе, өзі жатқан жерді айналдыра сызып қойып жатады. «Шеңберге бәле-қаза, жыртқыш аң жоламайды» деп ұйғарады.

Аптаның сейсенбі, жұма күндері жолға шықпайды, ағаш кеспейді. Ал жолға шығу қажет болған жағдайда бір затты не ақшаны (жеті, он, қырық теңге) жолға тастайды.

Ағын суға кір шайқамайды, кірдің суын төкпейді. Олай істесе, бұл — «судың басы су, аяғы у болады, судың киесі атады» дегені.

Ағын суды беталды бөгемейді. «Бөгесе, жол болмайды» деп жориды.

Кір жуғанда кірдің суын жолға, аяқ астына төгуге болмайды. Кірдің суын басқан адам жаманшылыққа ұшырайды.

Отқа түкірмейді. Отқа, шалаға су құймайды. Отқа су құйса, пырылдап, үй ішін күл басады. Күл басса, нас басады. От киесі қашады. Оттай ыстық жалын суиды. Құштарлық сөнеді. Адам өледі. От бар жерде — жан бар. От — тірліктің негізі. Отқа су құю — жамандықтың нышаны.

Түнде далаға сыпырынды төкпейді, үй сыпырмайды. Сыпырыла қалғанда: «Үйге бүйі кіріп кетті» дегенді айтып барып сыпырады. Себебі, сыпырынды жатқан жерге жын жиналады. «Түнде сыпырындының ласы денеге шашыраса, адамға жын жабысады да, жазылмайтын науқасқа тап болады» деп ырымдалады. Түнде үй сыпырмайтыны — сыпыртқының ұшына жын жабысады. «Төсек салатын орынға жын орнығып алса, адам төсегінен суынып, ұшынады» деп жорылады.

Байғыз — түнде ұшатын құс. Ол шаңыраққа қонып шақырса, жаман ырымға жатқызады. Көсеудің басын отқа күйдіріп: «Жамандық қара басыңа көрінсін!» — деп отпен аластайды. Байғыздың шаңыраққа қонуы — «қара түнде қара ниет таратын сайтанның сілтемесі, сол үйдің шаңырағын шайқайды» деп, жаман ырымға балайды.

Ит жатқан орынға таңертеңгі мезгілде «ит тиген» (рахит) сәбиді үш рет аунатып алса немесе сары иттің құлағын шертіп, қан алып балаға жақса, ол тәуір болып кетеді.

Ит жатып үрсе, өлім-жітім көп болады, апат туылады, ханды қара басады, жол ауыр болады деп жорып, ақсарбас сойып, Алладан мейір-шапағат тілейді.

Ит ұлыса, шаңырақта жаманшылық болады. Ит шөп жесе, жақсылыққа жорылады. «Ілгері басқанның иті оттайды, кері кеткеннің келіні ұрлық жасайды» деп ұйғарады. Итті үйге кіргізіп, төрге шығармайды. Ас ішіп отырғанда есіктен сығалатпайды. «Иттің демі лас, асты былғайды» деп есептейді.

Ауылдан атқа мініп аттанғанда артынан ит ере шықса, қуалап зорлықпен кері қайтармайды. Өйткені, ит иесіне опадар. Мүмкін, жолы болар, сапары оң болар деп, жақсылыққа жориды.

Әдетте бұта-бүрген, ши түбіне саритын ит үй іргесіне сарыса, «құт құйды» деп ырымдалады.

ۋلكەن بولسا ـــ سەرى: بارماعى مايىسقان بولسا ـــ شەبەر؛ ساۋساقتارى سالالى بولسا ـــ كۇيشى؛ بەتىنىڭ قالى بولسا ـــ بالۋان، ت. س. س. بولادى دەپ جورىعان. ارينە، مۇنىڭ ٭بارى ٭داپ باسىپ تاۋىپ ايتاتىن كورىپكەلدىك «اۋليەلىك» ەمەس، ٭ومىر تاجىريبەسىنە سۇيەنىپ جاسالعان جورامال. دەگەنمەن سوزگە ايرانداي ۇيىپ، ىرىم ەتكەن اتا ـ بابامىز «باتىر بولادى» دەگەن ٭سابىدى «٭تىل ـ سوزدەن» تاسا، ەشكىمگە كورسەتپەي، جەكە تاربيەلەۋدى ٭راسىم ساناعان. «كىمى بولار بالانى كىمەسىنەن تانيتىن، كىمى بولماس بالانى مۇشەسىنەن تانيتىن» سىنشىلار تۇرالى ەل اۋزىندا اڭىزدار كوپتەپ كەزدەسەدى.

ارينە ادام جاراتىلىسىنان جاقسى ٭يا جامان بولىپ تۇلمايدى. ادامنىڭ جاقسى، جامان بولۋى وسكەن ورتاسىنا، العان تاربيەسىنە بايلانىستى.

ەل اراسىنداعى تۇسىنىكتەر بويىنشا تومەندەگىدەي سىن، ىرىمدار دا كەزدەسەدى. نارەستە اناسىنىڭ ومىراۋىن تاس قىلىپ ۇستاپ وتىرىپ ەمسە، وندا ول سارالۋ بولادى؛ كەرىسىنشە الاقانى اشىق، الاڭسىز ەمسە، وندا ول وسكەن سوڭ مىرزا جىگىت بولادى؛ ەر بالانىڭ كوزىن اشىپ ۇيىقتايتىن ادەتى بولسا، وندا ەرجەتكەن سوڭ باقىتتى، جارى سۇلۋ بولادى، ال قىز بالادا وسىنداي ادەتتەر بولسا، كۇيەۋى كورىكتى بولادى؛ ەگەر بالا ۇنەمى جاستىقتىڭ ۇستىنە ۇيىقتايتىن بولسا، كەيىن ول ەل باسقارۋىن كوسەم بولادى؛ ال كورپەنى تۇمشالاپ وراپ الىپ جاتسا، وسكەندە بىنجىق، جىگەرسىز بولادى. ەگەر بۇكتۇسىپ ۇيىقتايتىن بولسا ۇايىمشىل، قايعىشىل بولادى؛ ال شالقاسىنان جاتىپ ۇيقتايتىن بولسا سىنەزى جايدارى، اقكوڭىل ازامات بولادى؛ ەتپەتىنەن جاتىپ ۇيقتايتىن بولسا ـــ قىزعانشاق، كەيدە ويشىل ادام بولادى؛ ال قول ـ ايامىن ٭تورت

331

Ырым сөздер.
Қазақтың тұрмыс-салт білімдері / Құраст. З. Сәнік. – Үрімжі, 1998

ТҮС ЖОРУ

Түс жору — дәстүрлі мәдениетте символдық мәні зор магиялық фольклордың түрі. Ол физиология ғылымы тұрғысынан біршама қарастырылғанымен, фольклортану мен әдебиеттану ғылымында әлі күнге дейін толық зерттеліп болмаған сыры жұмбақ, құпиясы мол құбылыс. Бұл көне заманғы таным-түсінікте тылсымнан келген жақсы-жаман хабарды жеткізу функциясын атқарған. Түс көрген адам да, оны жорушы да түстегі аян, хабарға шексіз сеніп, соған орай әрекет жасаған. Сондықтан да «жаман түс көргенде ешкімге айтпау», «қандай түсті де тек жақсылыққа жору» т.б. сияқты тыйымдар қалыптасқан. Түсті жору міндетті болғанымен, оның мәнінде шарттылық басым. Түстің табиғатындағы құпиялылық пен жұмбақтыққа байланысты әртүрлі адамның түсіне кірген бір зат жайында түс жорушының ой-танымына байланысты әр қилы жорамал жасалған. Түс жорудың этнографиялық мәні мен символикасы толық сыры ашылмаған күрделі жүйе болып табылады. Көрген түсті міндетті түрде талдап, жору әлем халықтарында кездеседі. Қазақ дүниетанымындағы «түс садақасын беру» деген ұғымда түстің адам рухына тигізетін әсер-ықпалы жайындағы көне сенімнің сілемі бар. Халық қандай түсті де міндетті түрде жақсыға жори отырып, түсте меңзелетін қауіпті садақа беру арқылы болдырмаудың әрекетін жасаған. Бұған ел аузында айтылатын өз сарбаздарының түстерін тек жақсыға жорып, түс садақасын бергізген Абылай жайындағы аңыздар куә.

Дәстүрлі танымдағы түс жорушы кез келген адам емес, олар арнайы маманданған түс жорушылар я болмаса халық өмірімен етене жақын, ақыл-ойымен көптен дараланған тұлғалар. Әсіресе, ортағасырларда түс жору кең өріс алып, онымен тек білгір мамандар кәсіби түрде айналысқан. Түстің жақсылыққа немесе жамандыққа жорылуы түс жорушының кісілік қасиетіне, білім деңгейіне, таным-түсінігіне байланысты болады. Дәстүр бойынша түсті түс ауып кетпей, көргені көп, ақыл тоқтатқан жасы үлкен, аузы дуалы адамға жорытқан.

Түс көру мен оны жору салтындағы халықтық наным-сенімдер ізі күні бүгінге дейін жалғасқан. Ол қазақ фольклорының эпикалық жанрларының композициялық құрылымында маңызды сюжеттік бөлшек ретінде әртүрлі (оқиғаны өрбітуге түрткі, оқиғалар арасын байланыстырушы, жанрлық ерекшелігін даралайтын) функция атқарады. Ал жазба әдебиетіндегі «түс көру мотиві» кейіпкердің ішкі рухани әлемін тереңдей ашу үшін қолданылатын психологизмнің поэтикалық тәсіліне айналған.

Жақсылыққа жорылатын түстер

Ағаш тасу — байлыққа кезігу.

Адамның басын көрмек — басшы болмақ.

Ай — бақ-дәулет, мұрат, қуаныш.

Айран ішсең, көңілің көтеріледі, жолға шығу.

Ақ боз ат көру — істің оңға басуы.

Ақ бұлттардың көшуі — жолға шығу.

Ақ кептер — зор табыс, жора-жолдастың адалдығын білдіреді.

Ақ көйлек кию — қуаныш.

Ақ сақалды қария көру — істің оңға басуы.

Ақ тон кисе, дәулеті артылады.

Ақ түсті киім кию — о дүниеде де, бұ дүниеде де сый-құрметке бөлену.

Ақ түсті киім кисе, онда ол бұ дүниеде де, о дүниеде де сый-құрметке бөленетіндігін білдіреді.

Ақ үйректер ауылдағы үйдің айналасында жүрсе, бұл — жақсы өнім жинаудың белгісі.

Ақсары түсті киім кию — өте жақсы нышан. Оның өңінде барша тілектері орындалады.

Алқызыл гүлдер — қуаныш, көңілді кештер.

Алма — қуаныш.

Алма жеу — өңінде тілегіне жету.

Алмаағашы — қуанышты жайт.

Алтын көру — үлкен адамдардың шапағатына ие болу.

Алтын сақина — үйлену тойы.

Анар жеу — байлық.

Аппақ қарлы қыс — көңілдің ақтығы.

Ара. Қол арамен аралау — болашақтағы қыруар іс пен шаттыққа толы отбасылық өмір. Үлкен ара —үлкен қызметте тұрып, елеулі адамға айналу.

Ас үй — молшылық нышаны.

Ас ішу — мол дәулетке ие болу.

Аспанға көтерілу — мансапқа ие болу.

Асыл тасты сақина — табыс.

Ат — құрмет, салтанат. Бие — құрметті, ізгі қатынға кездесу.

Атқа міну — арман-тілектің орындалуы, байлықтың артуы.

Атқа мініп, көкпар шапса, болыс болады.

Ауланың кір-қоқысты болуы — табысқа кенелу.

Ауланың таза болуы — қуаныш.

Аурухана да жату — қандай да бір жәрдем келу.

Ауыра қалу — керісінше, денсаулықтың жақсаруы.

Ашық аспан — көңілдің көтерілуі.

Аю — көлденең олжаға кезігу.

Әйелдің босанып жүруі — бақыт, жақсылық.

Әйел — сәттілік.

Әйелдің қарбыз жеп жүруі — сол әйелдің бала көтеретіндігі.

Әйел өзін сақалды күйде көруі — күткен нәрсесін алуы.

Әмиян. Ақша толы әмиян — жаны тыныш, бақытты өмір сүру.

Әшекей бұйым. Әйелдің әшекей бұйымды сыйлық алуы — сол әйелді сүйікті күйеу, керемет үй-жай күтіп тұрады.

Бағалы заттар тауып алу — істегі сәттіліктің молаюы.

Байғыз көрсе, өкіметтен бір жақсылық көреді.

Байлық: түсте байлыққа кенелу — қуану, рызыққа бөлену, молшылық.

Бақа — оқыс, оңай олжа.

Баққа кіріп, оны аралау — жақсылықтың белгісі.

Бақта серуендеу — қуаныш.

Балалар — жұмыста табысқа жету, қуаныш.

Балалар арбасы — жақын туысың үлкен сыйлықтар сыйламақ.

Баларасын қуып жүру — пайдаға жолығу.

Балуан көру — күш-қуаттың артуы. Күресші, боксшы — өмірдегі күрестің қиыншылығы.

Балық ұстау немесе жеу — дәулеттің артуы.

Барыс — досқа жолығу.

Барқыт: қандай да бір адам барқыт немесе жібек алғанын көрсе, бұл — жақсы бір жұмысқа тұру белгісі. Барқыт киім кию — қызметінің жоғарылайтындығы. Әйеліне барқыттан тігілген бір көйлек беру — отбасылық бақыттың белгісі.

Бастау, бұлақ көрсең — қуанасың.

Басынан құс айналып ұшқан кісі бақытты болады.

Басына құс қонатын болса, онда ол өңінде бір қызметті алады.

Баскиім — басшылық пен үйленудің белгісі. Біреудің түс көрген адамға баскиім беруі — жолаушылық пен ұзақ сапар. Баскиім кию — абыройдың өсуі. Қыз басына тақия киіп жүрсе, жуық арада тұрмысқа шығады. Жүкті әйел баскиім көрсе, ұл бала босанады.

Беделді адам: түсінде беделді адаммен танысып немесе кездессе, онда дұшпандарын жеңіп, ісі оңға басуын білдіреді.

Бетке секпіл түсу, ол — бақыттың белгісі.

Биіктен құлау — табыс.

Бидай — амандық пен шаттық.

Бидай орып жүру — молшылық белгісі.

Бидай, арпа, тары — ғайыптан бір істің кездесуі.

Бидайдың ортасында жату — байлық.

Бит — ақшаға, жақсылық хабарға тап келу.

Биік жер: түсінде шыңның немесе одан да биік жерде тұрғанын көрсе, мәртебесінің артатынын білдіреді. Саудада жолы болады.

Бойжеткен сабынмен жуынып жатса, бүкіл ғұмыры жетістікке толы болмақ.

Боққа бату — байлыққа кенелу.

Бөшке — қуаныш.

Бұлақ — үлкен жаңалық, қуану.

Бұлбұл — қуанышты хабар.

Бір үлкен молда бата берсе, өңінде ойлаған іс оңға басады.

Гауһар тасының болуы — табыс.

Гүл — қуаныш, кездесу.

Дастарқан — молшылықты, қуанышты білдіреді.

Дастарқанның басында отырғанын көрген адам — жақсы әрі жомарт адаммен әңгімелеседі.

Дастарқанда дәмді тағамдардың толып тұрғанын көру — достарының көптігін; аз тұрғанын көру — достарының аздығын білдіреді.

Дастарқаннан көп нәрсе жеу — түс иесінің өмірі ұзақ болатынын білдіреді.

Дән сеуіп жүрсең — байлыққа, мол жалақыға кезігесің.

Дән — баланың белгісі. Сондай-ақ ұрпақты да білдіреді.

Доспен кездесу — күтпеген жақсы жаңалық.

Досың өлейін деп жатса — жақсылықтың белгісі.

Есек — дәулет, байлық.

Ешкі сауып жүру — кездейсоқтық, күтпеген қуаныш.

Ерттеулі атқа мініп жүрсе, онда ол өңінде тілегіне жетеді.

Жабайы қаз — арзаншылық пен берекет, молшылықтың белгісі.

Жағалауда жүру — тыныш өмір сүру.

Жай шұлық көру — жақсылық.

Жақұт — қуаныштың белгісі. Сәби күтіп жүрген адамның қызы дүниеге келеді.

Жалғыз жұлдыз — қуаныш.

Жанартау, лапылдаған от — өмірінде үлкен өзгеріс болады.

Жаңбыр жауғанын көру — табысқа кезігу.

Жаңа аяқкиім кию — жаңа орынға ауысу мүмкіндігі.

Жаңа киім кию — жаңа олжа.

Жаңа туған қыз бала көрсе, ауырлықтың соңынан жеңілдік болар, құрметтілік.

Жаңбыр суы — рақмет, жақсылық, егер көп жерде күшті жауса, ол орында ауырлық болар.

Жаңғақ шағып жүру — ақша алу.

Жардан өтіп кету — қауіптен құтылу.

Жарық жұлдыз — нәтижеге жету.

Жас адамдар табыт көрсе, ол — үйлену тойының белгісі.

Жас әйел түсінде өгіз көрсе, тағдырын жақсартуға ұсыныс түседі.

Жасыл жапырақ сапарға бастар.

Жасыл түс — жолға, сапарға шығу.

Жасыл шалғында жүру — қонаққа бару.

Жауһар — байлық.

Жемісті ағаш — игілік.

Жеңу: түсінде біреуді жеңгенін көру — қиыншылықтан құтылуы, ауру болса, ауруынан жазылуды білдіреді.

Жер көрмек — дүние, тіршілік.

Жиде: түсінде жиде көру немесе жеу — айналадағы адамдар арасында беделдің артуы.

Жиһаз — қуанышты кездесудің нышаны.

Жоғары үкімет бастығын көрсе, сүйінішті іске кездесер.

Жолаушы қасқыр көрсе, сапары сәтті болады.

Жуыну: түсінде өзен-көлде, таза суда жуыну — қиыншылықтан құтылудың белгісі. Түсінде тек қана басын жуу — зорлық істеген адамдардан құтылу. Қол жуу — қуаныштың, денесін жуу — құрметке бөленудің белгісі.

Жұмыртқа көрсең, табыс, мейман келеді.

Жұмыс істеу: егер түсінде қайырлы бір іс істейін деп жүргенін көрсе, мұратына жетеді.

Жұмыс істеп жүрсе (бақшада, егіндікте немесе фабрикада) денінің саулығын, байлық пен молшылықты білдіреді.

Жұмыс істетіп, оған бас-көз болып қасында жүрсе, оңды іс істейді.

Жұмыстан босау — қалаған ісіне жетудің белгісі. Кімде-кім түсінде жұмыстан шығарылып, орнына қария адамның орналасқанын көрсе, ол адамның ісі оңды болады. Өзінің орнына жас жігіттің тағайындалғанын көрсе, ондай жағдайда ісінің оңды жүретінін білдіреді.

Жұлдыздар көрген кісінің балаларының мұрат-тілегі жақсы болады.

Жүгері жеу — табыс.

Жүгері жинау — малы көбейіп, бақ дәулетті болу.

Жүзу: түсінде теңізде жүзіп жүргенін көрген адам ғалым болса, мұрат-мақсатына жетеді. Теңізде жүзіп, кейіннен жағаға шықса, егер ол білім іздеген адам болса, бәріне қол сілтейді. Теңіздің терең жеріне барып, сол жерде рақаттанып жүзіп жүрсе, үлкен іске орналасады. Кімде-кім суда жүзіп жүрсе, дұшпанын жеңеді.

Жүзім — үлкен табыс.

Жүзім жеу — өмірде бағы жанатындығын білдіру.

Жүзіп жүрген балықты көру — перзент сүю.

Жүкті болғанын көрген әйел жұмыстарының орынды жүретінін және абыройының артатынын білдіреді.

Жүкті болса (жесір әйел немесе қыз) , тұрмысқа шығады.

Жүктілік түс көрушінің дүниелік нәрсесінің артатынын білдіреді.

Жылан — жақында қуанышқа кенелу.

Жылан қуып жүргенін көрсе, өңінде бір пайдаға жолығады.

Жылау — қуану.
Жылқы мініп жүру — қуанышқа кенелу.
Жылқы сатып алып жүрсең, жаңа хабар аласың.
Ит көрсең, адал досыңа байланысты сәттілік.
Кәмпит — мейман келер.
Кәуап — жақсылық.
Кәуап сатып алу — мол табыс.
Кемеде жүзу — хат-хабар алу.
Кемпірқосақ — ұнамды хабар.
Кең соқпақпен жүру — жақсылық.
Кептер — қуанышты өмір сүру.
Киім жуу — қиын істерден құтылу.
Киімдерді үтіктеу — ісі ретке келу.
Көгершін — ұзақтан келетін жақсылық, пайда.
Көгершін ұстап алу — үйлену, қызды болу.
Көк түс — үлкен әңгіме, салмақтылық.
Көгөніс жесең, қуаныш келеді.
Көкпар шабу — бір нәрсеге таңырқау.
Көл көрсең — жаңалық, хабар.
Көлбақа — біржақты сүйіспеншілік нышаны.
Көң — кіріс.
Көп құмырсқа — өмірінің ұзақ болуы, бала, малдың көптігі.
Көп сиыр — дәулет, жақсылық.
Көпірден өту — жақсы қызметті қалдырып, одан да жақсы қызметке бару.
Көшет егу — бақыт, байлық.
Көшу: түсінде көшкенін көру — маңызды өзгеріс болып, аз уақыт қиындық көрген соң, көңілдің жай табуы.
Көгершін — өңінде оның ісі оңғарылады.
Көк түсті киім кию — барша тілектердің қабыл болып, мұратқа жету.
Көп жеміс көрсе, піскен жүзім көрсе, дәулетке жетеді.
Көпірден өту — қауіптен құтылу.
Көкек — жоғы түгенделуі, табысының артуы.
Күміс көру — бақытты әкім болу, бай болу.
Күн — мәртебенің көтерілуі.
Күн сәулесі — оң өзгеріс.
Күн шығып, жаңбыр жауып тұрса — ұтыс.
Күн шығып келе жатқан кезді көру — өмірдің жақсара түсуі.
Күрек — жақсылыққа тап болу.
Күріш — біраз ғана ақша табу.
Кір жусаң, жолға шығасың.
Қан көрсең, жақыныңмен жолығасың.
Қар басып жүрсең, ұнамды хабар аласың.

Қарбыз жеп жүрсең, күтпеген жерден жолға шығасың.

Қазан — сол үйдің иесі мен әйелін білдіреді.

Қазанда тамақ пісіп жатқанын көру — күшті, қуатты кісінің белгісі.

Қазаншы көру — ұзақ өмір.

Қазына табу — қуаныш.

Қаймақ — молшылық, қуаныш.

Қайнаған су — бақыт.

Қайтыс болғанын көрсе — ұзақ өмір сүреді.

Қайықта жүзу — жолға шығу, сапар.

Қайың — қуаныш.

Қайыр-садақа беріп жүру — жәрдем алу.

Қалың шаш — табыс.

Қамшы ұстаса, ұл сүйеді.

Қант көрсең, табыс келеді.

Қараторғай — ұнамды адамына кезігіп, шаттану.

Қария кісіні көру немесе сәлем берсе, сол адамның жұмысының алға басатынын білдіреді.

Қарияның алғысын алу — адамдардың сізге разы екенін білдіреді.

Қарияға айналғанын көрсе, (жас адам) білім үйренеді.

Қару көрсе, дұшпанын жеңеді.

Қаруды құшақтап жүру — білімінің, күш-қуатының, кедейліктен құтылудың белгісі.

Қаршыға көрсе, ел ішінде құрметті кісі болады.

Қаршыға немесе басқа бір кішкене құс ұстаған кісінің өңінде дәулеті тасып, балалы болады.

Қастың ағарып кетуі — табыс.

Қауын-қарбыз жесе, сол адамның досы байиды.

Қисық жол — табыс.

Қозықұйрық — бала көтеру (әйелдер үшін), табыс.

Қой — басшы қызметке тұру.

Қой етін жеу — табыс.

Қоңды атқа міну — байлығының артуы.

Қоңды сиыр малына (өгіз, бұқа) мініп жүрсе, онда бұл оның билігі барлық халыққа жүретіндігін білдіреді.

Қоңды түйеге міну — мұратына жету.

Қоқыс — күтпеген ақша.

Қоңыз — күткен қонағының келуі, қуаныш.

Қора-қопсы — жаңа орынға ауысу.

Қорған — тілектің орындалуы.

Қосаяқ, тышқан көрсе, шеттегісі келер, яки қызы болады.

Қоян — барлық тілектеріне жетудің белгісі.

Құрма жеу — ұзақ ғұмыр.

Құс ұстап алу — қатын алу.

Құрт жеу — жаңалық есту.

Құрт жасау — қонақ күту.

Қызықты кітап оқысаң — бақыттың нышаны.

Қызғылт түс — сыйлық.

Қырғи — бақытты да дәулетті өмір.

Құмыра: түсінде құмыра көру — жақын туысыңыздан әдемі сыйлық алудың белгісі.

Қырғауыл — барлық ісі ойдағыдай болуы.

Қыш құю — балалары көп болу. Қыш кірпіш — дүние-мүлік. Қыштан үй соғу — абыройы өсу.

Мазарат — тыныштық белгісі.

Мақта — байлық.

Маржан — қуаныш, табыс.

Мейіз, жаңғақ жеу — олжалы табыс.

Меруерт тасын көрсе, қыз баласы болады.

Мола — күтпеген жақсылық.

Нан — байлық, олжа, несібе.

Оң қолы жаралану — туысынан келетін пайда.

Орамал — қуаныш, орамал сатып алу — олжа, орамал сыйлау — перзент.

Орман — молшылық пен берекет.

Отқа қарап отыру — үй-ішілік бақыт, алаңсыз ғұмыр.

Отын арқаласаң — олжа.

Өзеннен өту — жақсылықтың белгісі, үйленуі мүмкін.

Өзен көрген кісі, өңінде үлкен олжаға, пайдаға кезігеді.

Өзеннен су ішер болса, онда ол өңінде мақсатына жетіп, құрметке ие болады.

Өліп қалу — өмір жасының ұзақ болуы.

Өлген адамдардың қолынан бірдеңе алса, онда ол өңінде пайда, табыс табады.

Өткелден өту — қауіп-қатерден құтылу.

Пышақ көрсе, әйелі ұл табады.

Пілге не айдаһарға, арыстанға не жолбарысқа, барысқа, не мүйізтұмсыққа мінсе, онда ол өңінде барлық жауларын тізе бүктіреді.

Піскен ет жесе, онда ол өңінде ішіп-жемінің көбейгенін көреді. Пияз — күткен қонағы келеді.

Піскен, тәтті жеміс жесе, байлыққа, сәттілікке кенеледі.

Райхан гүлі — бақыт немесе күтпеген кездесу.

Сақалы өсіп кетсе, пайдаға батады.

Сандық толы болса, көп ақша табады.

Сарқырама — аңсаған арманның орындалуына қол жеткізу. Тағдырдың өзі сол адамға жол ашады.

Сауда жасап жүру — байлыққа бату.

Сәбіз — қуаныш.

Семсер немесе мылтық көру (ұстау) — дәулеті таситынын білдіреді.

Суға жуыну — қуанышты олжа.

Суға шомылу — күтпеген жаңалық.

Суда жүзу — қуат, иман, бір жақсы жолды тұтыну.

Судағы балықты көрсе, жақсы перзент көреді.

Сурет салып немесе жазу жазып отырса, өмірі ұзақ болады және ешқандай қиыншылық көрмейді.

Сұлу әйел — байлық белгісі.

Сүт — көңілдің ағаруы.

Таза көйлек кию — сәттілік.

Таза маталар — тойдың белгісі.

Таза суға сүңгу — ақталып, ел қатарына қосылу.

Тау — жоғары мәртебеліні көру.

Тарақ — үйленудің, тұрғын орынды ауыстырудың белгісі.

Тары көрсе, дәулеті күн сайын арта бермек.

Тауға шықса, мәртебесі көтеріледі.

Тауыс — асқан сұлуға үйленудің белгісі.

Тәтті жеміс — байлық.

Терек көру — күтпеген қонақ.

Тон кию — байлық белгісі.

Таза су ішіп жүрсең, жағдайың жақсарады.

Тырнақ тазалау — қуаныш.

Тірі кісіні өлік ретінде көрсе, оның өмір жасы ұзақ болар, басына келетін ауыртпалықтан құтылар.

Тісі қарайып, сасып кетсе, ол — табыстың нышаны.

Тары көрсе, онда ол өңінде тілеген тілегіне жетеді.

Тауық көрсе, онда ол өңінде досының ісіне сүйсінеді.

Тауысты (қырғауыл тұқымдас ұзын құйрықты әдемі құс) көрсе, онда ол өңінде асқан сұлуға үйленеді.

Тістері түсіп, тістері қолына, етегіне жиылса, өмірі ұзақ болады.

Тұрымтайды көрсе, онда ол өңінде тілеген тілегіне жетеді.

Түйеге мінсе, оны әулиелер қолдар.

Ұшып жүрсе, онда ол өңінде пайда, табыс табады.

Үйде тышқанды көп көрсе, малы көп болады.

Үйрек көрсе, онда ол өңінде мұқтаждықтан құтылады.

Ұйықтап жатқанын көрсе, онда өңінде табысқа жетеді.

Үйлену — тілегіне жету.

Үйіңе ұры кірсе, қонақтар келер.

Үстіне жара шығып жүрсе — барша мұратына жетер.

Ұя көрсең — жақсылық.

Шатыр көрсе — табыс.

Шаш — мал-мүлік пен өмір.

Шаш өру — қуаныш.
Шаш өсіп кетуі — байиды.
Шәйнек — отбасындағы берекет пен бақыт.
Шеге — сәттілік, мақсатқа жетудің белгісі.
Шелекпен су тасып жүрсең, пайда келтіресің.
Шөлдеп барып, арықтан су ішу — қайғы-мұңнан құтылу.
Шымшық көрсе, ісі оңғарылады.
Ыдыспен су алып жатсаң, табысқа бастайды.
Ілмек — тұрмысы жақсару не ынтымақты қауымға қосылу.
Інжу — әйел үшін жақсылық.
Інжу алу — білімдар болу.
Інжу мен маржан көрсе — үйден байлық үзілмейді.
Інжір жеу — ұрпағы көп болу.

Жамандыққа жорылатын түстер

Ағарған сақал — ауру белгісі.

Ағын су — шығындану.

Айна көрсе, жұмысында үзіліс болады.

Айранның төгілуі — дертті болу.

Ант ішу: түсінде ант ішу немесе ант беру салтанатында жүргенін көрсе, бір залымның сізді ренжітетінін және қиыншылықты білдіреді.

Ара көрсең, қауіпті адамға кез боласың.

Арқан көрсең — қиыншылық.

Асқабақ жесең, ішің ашиды, өкінесің.

Аспаннан жауған бұршақ — өкініштің белгісі.

Ашық терезе — өкініш нышаны.

Әйнек — қорқыныш.

Бақыр ақша — дұшпанның даттау сөзі.

Балығы бар көл — жайсыз хабар.

Батып бара жатқан күнді көру — көңілсіз күндерге тап болу.

Бастығыңды көрсең, жайсыздыққа ұрынарсың.

Батпақ — қиындық пен кедергінің белгісі. Батпаққа бату — еңбектің зая кеткендігі. Батпақтан шығу — істің сәттілігі.

Баю: түсінде бай болу — кедейлік. Сондықтан түсінде байығанын көрген адам қанағатшыл болу керек.

Биіктен төмен түсу — қолындағы мал-мүлкінен айырылудың белгісі. Кімде-кім таудан түскенін көрсе, ол — жақсылықтың белгісі. Кімде-кім

ескі баспалдақпен төменге түскенін көрсе, ол адамның саудада жолы болмайды. Баспалдақтан құлайтын болса, дұшпанынан жеңіледі.

Бос шелек — үміттің алдануы.

Ботқа жеу — әурешілік.

Бұқа көрсең — қайғы, ауру тап келеді.

Бұлақ — үлкен жаңалық, қуану.

Бұлт басқан аспан — мазасыздық белгісі.

Бүлдірген — сырқаттану.

Біреудің шашын алып жатсаң, оның қаза табуы мүмкін.

Бір нәрсені сандықтан алып жатқан кісі өңінде қамығар, ал түсінде сандыққа бір нәрсені салып жатқан кісінің көңілі қам-қайғыдан арылар.

Біреу үйінің шығыс жақтағы қабырғасының құлағанын көрсе, өңінде шешесінің туысы қайтыс болады, үйінің оңтүстік қабырғасы құласа, қызына бір қатер бар, үйінің батыс жақ қабырғасы құлағанын көрсе, әкесінің туысы қайтыс болар.

Дақ: түсінде киімінде дақ бар екендігін көру — мұң-қайғының белгісі. Күн көзінде дақ бар екендігін көру — қорқыныш пен үрейдің белгісі.

Дауыл: түсінде тұрып жатқан жерінде дауыл болғанын көру — жұмысында яки үйінде келіспеушілік туындайтынын; дауылдан зиян шеккенін көру — айтыс-тартыстың нәтижесі жамандықпен бітетінін; дауыл үйдің шатырын ұшырар болса, отбасы мүшелерінің біреуі о дүниелік болатынын білдіреді.

Дария суын көрсе — қатер бар.

Денедегі жара — жамандық.

Доп: түсінде доп көру — дұшпандық, әзіл-оспақ, дүние-мүліктің белгісі. Кейде жолаушы болудың немесе бір жерден басқа жерге көшудің белгісі. Доппен ойнау — дұшпандық пен әзіл-оспақтың белгісі.

Егер еркек қарбызды жесе, уайымға батады.

Егер кісі түсінде бір қабырғасының алынып қалғанын көрсе, онда ол өңінде әйелінің өлгенін көреді.

Егер кісі түсінде ит көрсе, онда ол өңінде кішігірім уайымға түседі.

Егер кісі түсінде күрек тісі сынса, қатыны өледі, азуы сынса, баласы өледі, ең түбіндегі азуы сынса, өзіне шікәс[1] жетеді.

Егер кісі түсінде қасқыр көрсе, онда ол өңінде дұшпанын көбейтеді.

Егер кісі түсінде оң жақ азу тісінің түсіп қалғанын көрсе, онда өңінде оған анасы жағынан туыс болып келетін біреу қайтыс болады.

Егер кісінің түсінде өлген адамдар бірдеңе сұраса, онда ол өңінде шығынға ұшырайды.

---

[1] Шікәс — жеңіліс, ұтылыс.

Есікті таппай жүрсең, ісіңде кедергі кездесер.

Жабық терезе — бос уайым.

Жалаңаш әйел — өтірік, өсек.

Жалаңаш еркек — кедейлікке тап болу.

Жаман сөз есту — күнә істеудің белгісі.

Жанып жатқан есік — өлімнің белгісі.

Жаңбыр — жылау, реніш.

Жапырақсыз ағаш — жақсылық емес.

Жапырақтың әртүрлісі — күн райының бұзылуы.

Жер қазу — мұңаюдың белгісі.

Жер сілкінісі: түсінде жер сілкінгенін көру — жақсылықтың нышаны емес. Ақша мен мал-мүліктен айырылуды және қиыншылықты білдіреді.

Жуылған кірді сатып алу — аурудың нышаны.

Жұлдыздың сөнгенін көрсе, жақынынан айырылуы мүмкін.

Жұлынған шаш — досыңның немесе жақыныңның өлуі мүмкін.

Жүгіру: түсінде жүгіру — жамандықтың белгісі. Жүгіріп келе жатып құласа, бастаған ісі бітпей, қиындықтарға кездеседі.

Жүзінің сарылығы — сырқаттылық.

Жүн шұлық — сырқат.

Жылан — дұшпан.

Ине — дұшпанның қоршауында қалу белгісі.

Ит қабу — жалаға ұшырау.

Кесілген ағаш өлім мен қаралы күндердің белгісі болуы мүмкін.

Киімдегі жамау — сәтсіздік нышаны.

Киімшең жуыну — зиян мен сырқат белгісі.

Көбік — өтірік хабар алу.

Көз ауруын сезу — баласы үшін уайымдау.

Күйе — сәтсіздік белгісі.

Күйе-көбелек — шығын, ұнамсыз шашылып-төгілу.

Күлу — көз жасының белгісі.

Кімде-кім семіріп, не арықтап жүрсе — аурудың белгісі.

Кір көйлек кию — кедейлік.

Кір-кір тырнақ — өсек.

Күйеуге шығу — сүйіктісінен алыстау.

Қалыңдық болып жүру — сәтсіздікке ұрыну белгісі.

Қағаз ақша — әурешілік, ұрыс-керіс, хат.

Қағаз парақтау — шығынның нышаны.

Қаз санау — алдану.

Қара ат — сәтсіздікке ұрыну.

Қара бұлттар — шығын.

Қара бұлттардың көшуі — сырқаттан сауығу.

Қара түс — ұрыс-керіс, мұң.

Қарға — мұң, қайғының белгісі.

Қасқыр — ұрыс-керіске кезігу.

Қауын — уайым-қайғы.

Қолсағат — жаудан келетін қауіп-қатер.

Құлпынай жесең — әңгіме, сөз.

Құлып — сенімсіздік белгісі.

Құрғақ жапырақ жинау — кедейлік.

Қызыл көрпе жамылу — ауруға тап келуі мүмкін.

Лай су — реніш.

Маса — дұшпан. Маса шағу — тісін батыра алмай жүрген қас дұшпан.

Май жағылған нан жеу — шығын.

Моншаға кіру — үмітсіздікке тап болу.

От — ұрыс-керіске тап болу.

Сары түс — айырылысу, мұңды сағыныш.

Сау тістің түсіп қалуы — жақынды жоғалту белгісі.

Суға тұншығу — тарығу, қиналу, реніш.

Сүңгу — уайымға бату.

Сынған ағашты көру — ұрыс.

Сынған көпір — ақша жоғалту.

Таза ыдыс — шығын.

Тауық — әуре-сарсаң, өсек, ұрыс-керіс белгісі.

Түтін — өсекке қалу.

Кір тырнақ — өсекке қалу.

Тырнақ алу — шығын.

Тісті жұлдыру — өлім хабаршысы болуы мүмкін.

Тілдеу — сәтсіздік.

Тостаған сынса, ішінде суы қалса, қатыны өледі, егер тостаған сынбай, суы төгілсе, баласы өліп, анасы қалар.

Төбелесу — күтпеген шығын.

Тұншығу — қауіп пен сәтсіздікке ұрыну.

Түсте тісін сындырып алу — өңде досын жоғалту.

Ұрсысу — ауру.

Үй жанып жатса, шығынға ұрынады.

Шаш алдыру — кедейлену.

Шикі ет — кейіс көру.

Шөл — жалғыздық.

Шыбын көрсең, ұрыс-керіс болады.

Жорамал түстер

Ағаштың жапырағы: түсте ағаштың жапырағын көру, көбінесе сүйіншіге жорылады. Бірақ інжір ағашының жапырағы қайғыға жорылады.

Азу тістер — жақын туыстары, жоғарғы тістер — туыс ер адамдар, төменгі тістер — туыс әйел адамдар.

Ақ ешкі — алда атқарылар жұмыстар.

Ақ киім — жол жүру.

Анар — дүние-мүлік, кейде әйелді, кейде бала-шағаны білдіреді. Жаңа піскен анар — тұрмысқа шықпаған қыздың белгісі. Дәмі, иісі жаман анар көру — әдепсіз әйелдің белгісі. Қышқыл дәмді анар — харам мал.

Аспандағы от — бастықтың ауысатынын білдіреді.

Бақша: түсінде бақшаны реттеп жүру — ұзақ өмір. Жеміс ағаштары мен гүлдермен безендірілген бақшаны көру — бойдақтар үшін қайырлы болады, ол — үйленудің белгісі. Өз үйінің бақшасын көру — сенімділік әрі тазалық, мал. Бақшадан гүл жинау — істеп жүрген ісіңізге жәрдем берілмейді. Бақшаға ағаш отырғызу — бақытты өмір сүру. Бақшаны суғару — қиыншылықтан құтылу. Бақшада жер аудару, қураған бақша көру — істеген күнәсі үшін тұтқындалуды білдіреді.

Бал — көбінесе жақсылықты білдіреді. Нанға бал жағып жеу — қиындықсыз мол табысқа жету. Бал жалау — үйлену. Бал жинау — жаңа табысты іс. Бал сату — қайғылы хабар. Бал сатып алу — жақсы ниетіңіздің сауабын аласыз. Балды біреуге беру — зиянды іс. Діндар адам бал көрсе, игі іспен дәрежесі жоғарылайды.

Балға: түсінде балға алғанын көрген адам берекетке кенеледі. Балға сатса, бір заты жоғалады, ал балға сатып алса, бақытты болады. Балғамен шеге қағу — қуанышты хабар есту. Балғамен бір нәрсені сындыру — ойын-сауықтың, көтеріңкі көңіл күйдің белгісі. Балғаның дауысын

есту — бір жерге шақырылатынының нышаны. Бір адамды балғамен ұрса, мәртебелі адамның көмегі тиеді. Шеге қағып жатып, қолын ұрып алса — айналадағы адамдардан сөгіс естиді. Балғамен жұмыс істеп жатып, балғаның басы шығып кетсе — жұмысынан шығады, саудагер болса, шығынға батады, үйленген болса, ажырасады.

Балта: балтамен ағаш кесу — ғашықтықтың тұзағына түсу және істелген қателігі үшін кешірім сұрау. Сабы жоқ балта болса, отбасындағы көңілсіздік. Балта немесе шабатын құралдармен отын шабу, тақтайды жону — үйленгендер үшін бақытты болудың белгісі, ал бойдақтар үшін үйленуді білдіреді. Балтамен адам өлтіру — әйел баласы үшін жүктілік, ал ер адам үшін— табыс пен жетістік. Жабайы аңды балтамен ұрып өлтіру — дұшпанын жеңу. Балта көру — жұмыстан шығарылады, балтаны қайрау — ұрыс-керіс.

Баспалдақ — сапардағы қиыншылық. Ағаш баспалдақтың сынғанын көру — ауруға душар болу. Баспалдақпен шығу — атақ-абырой. Баспалдақтан түсу — қызметінен босатылатындығын білдіретін нышан. Бұл түсті науқас адам көрсе, ауруынан жазылады. Егер баспалдақ кірпіштен өрілсе, бұл — жақсылықтың белгісі. Шығып бара жатып баспалдақты санау — өмір-жасының ұзындығын білдіру.

Батпақ — қиындық пен кедергінің белгісі. Батпаққа бату — еңбегіңіздің зая кеткендігі. Батпақтан шығу — істің сәттілігі.

Бауырлары: түсінде туған-туыстарын көру — жұмыс пен денсаулықта уақытша кемшілік болатындығы. Бауырларын көру — сенімділік, жәрдем алу мен күш-қуат.

Биіктен төмен түсу — қолындағы мал-мүлкінен айырылудың белгісі. Кімде-кім таудан түскенін көрсе, бұл — жақсылықтың белгісі. Кімде-кім ескі баспалдақпен төменге түскенін көрсе, бұл —саудадағы сәтсіздік. Баспалдақтан құлау — дұшпаннан жеңілу.

Бір нәрсені сандықтан алып жатқан кісі өңінде қамығар, ал түсінде сандыққа бір нәрсені салып жатқан кісінің көңілі қам-қайғыдан арылар.

Дауыс: түсінде дауысының гүрілдеп шыққанын көрген адамның халық арасында мәртебесі өседі. Баяу шыққан дауыс — қорқыныштың белгісі. Жан-жануардың дауысын есту — қуаныштың белгісі. Аттың кісінеуі — жақсылықтың белгісі. Есектің аңырауы — ақымақтың көретін жамандығын білдіреді.

Дәліз: түсінде дәліз көру — үлкен істерді және адал нәрселерді білдіреді. Кейде ауру адамның жүретінін және тұрмысының жақсаратынын білдіреді. Дәліздің жарық әрі әсем екенін көру — жақсылықтың, қараңғы тар екенін көру — жамандықтың белгісі.

Дойбы: дойбыдан ұтылғанын көру — табыстың азаятындығы; жеңгенін көру — табыстың артатындығы. Түсінде дойбы ойнау — уақытын бос өткізіп жүргендігі, бұл бос қиялдауды, саудада зиян көретіндігін білдіреді.

Дуал: кімде-кім дуалдың үстінде жүргенін немесе дуалға міниіп алғанын көрсе, ол дуал оның жағдайын білдіреді. Дуалдың әлсіз болуы — халінің нашар екендігінің белгісі. Дуалдың айналасындағы әшекейлер —адамның ұрпағы. Үстіне дуал немесе басқа бір нәрсе түскенін көрген адам көп күнә іс істейді. Бір дуалға жабысып тұрғанын көру — беделінен айырылатынын білдіреді. Дуалға қарап одан өзінің түрін көрген адам — өліп, есімі қабірінің басына жазылады. Қолына алтын білезік тағып, дуалдың үстінде отырғанын көрсе — жоғары мәртебеге шығады. Кірпіштен үй салғанын көрген адам — игі іс істейді.

Егер жоғарғы тісі түсіп қолына алса, ол кісіге мал түсер. Ал егер алдына түссе, бір ер баланы Құдай берер. Егер жерге түссе, өлім қайғысы болар.

Егер кісі өлген адамды түсінде жақсы киімде көретін болса, онда бұл — жақсы белгі. Егер кісі өлген адамды түсінде жаман киімде көретін болса, онда бұл жақсы емес.

Егер кісі түсінде биікке шығар болса, онда ол өңінде үлкен дәрежеге жетеді. Егер ол биіктен құлар болса, онда ол өңінде қапалы болады.

Егер кісіге түсінде өлген адам бір нәрсе берсе, ғайыптан қолына бір нәрсе келер.

Етік — байлықтың белгісі. Етік тіктіру — қиыншылықты, екі адамның арасындағы достықтың бұзылуы. Үлкен етік — той-томалақтың белгісі немесе сүйінші хабар. Кішкене, қысқа етік — түс көруші туралы айтылатын сөздер.

Жаз мезгілі: түсінде жаз мезгілі болғанын көру — қалауының орындалатындығы, қыс кезінде жазды көру — қиыншылыққа тап болу.

Жел — махаббат нышаны немесе мұң.

Жүгірген ит көрсең, жаңа орын іздейсің.

Киім тоқу — ұзақ жерге сапарға шығу. Жүннен киім тоқу — ауа райының бұзылуы.

Көйлегін теріс кию — жағдайы өзгеріске ұшырау.

Көсеу — перзент.

Күбі: түсінде күбі көру үйдің отағасын немесе жүкті әйелді білдіреді. Шараптың күбісі — қазына. Суға толы күбі — бай әйел. Сірке суына толы күбі — тақуа адам. Ер адамның күбіні сындыруы — әйелімен ажырасатындығының белгісі.

Кілт көрсең — жаңа махаббаттың нышаны.

Қамыр илеу — үміттің белгісі.

Қанат — отбасындағы ұл балалар. Түсінде екі қанат біткендігін көру — екі ұлының болатындығын білдіретін белгі. Түсінде қанаты бар екенін көру немесе ұшып жүргендігін көру — жолаушылық сапардың белгісі. Түсінде қанатының сынуы — балаларының ауруға душар

болатындығы, қанатының жұлынғанын көру — балаларынан айырылатындығын білдіретін белгі. Қанаты өзінен үлкен, ауыр екенін көру — күнә іс істегендігі.

Қанжар: қолына қанжар ұстап жүргенін көрген адам — мал-мүлікке ие болады. Қанжарды немесе пышақты қынына салғанын көрген адам — бір әйелмен некелеседі. Түсінде біреуге қанжар сату немесе беру — берген адамына жәрдем беретінін білдіреді. Қанжарды сындыру яки жоғалту — күш-қуатынан айырылып, дұшпанынан жеңілу.

Қара бұлттардың көшуі — сырқаттан сауығу.

Қарлығаш — дүние-мүлікті немесе әдепті бір кісіні, әйелді немесе бір баланы білдіру белгісі. Түсінде үйінде көп қарлығаш көру — тапқан табысының адал екендігін білдіреді. Өзіне қарлығаштың пайдасы тигенін көру — ол кісінің досына жәрдемі тиетіндігін білдіреді. Қарлығашты ұстап алғандығын көру — бір әйелге зұлымдық жасау. Қарлығаштың етін жеу — жаман іс. Түсінде қарлығаш көру — бойдақ кісі үшін сенімді, пысық, тәрбиелі бір әйелге үйленетіндігін білдіретін белгі.

Қол жуу — мазасыздықтан арылу.

Құртты жайып жүру — аурудан айығу.

Қыз бала: түсінде кішкентай қыз көру — молшылық, атақ-абырой. Түсінде емшектегі қызды көру — жақсылықтың белгісі. Түсінде қыз бала тауып алу немесе отбасында қыз бала туғандығын көру — түс көрушінің жамандықтан құтылатындығы, бақытты өмір. Ауру кісі қыз туғанын көрсе, ауруына шипа табылатындығын білдіреді. Әйелінің қыз тууы — арманына жететіндігін, жақсылық пен табысты білдіреді. Жөргектегі қыз баланың сөйлеуі — жора-жолдастар қызғанатындай қызметтің өсетіндігін білдіру. Ал кішкентай қыздың ауыруы немесе өлуі — жоқшылық, жаманшылықтың белгісі.

Отын жинау — күтпеген олжа; отын ұстау — ризық пен берекет; отын шабу — шығын.

Ошақ — мал-мүліктің белгісі. Ошақтың басында жалғыз отырғанын көру — зиянға ұшыраудың белгісі. Жақсы көретін адамдарыңызбен ошақтың басында отырғаныңызды көру — айлалы іске араласуды білдіреді. Ошақ соғу — жұбайыңызбен бақытты ғұмыр кешу. Ошақтың бұзылғанын немесе отының сөнгенін көру — отбасының берекесі кетеді деген белгісі.

Өлген адамның тіріліп жүргенін көру — ауа райы, іс барысы өзгеруі.

Өлген кісі су сұраса, аруақтың риза болмай жүргенін білдіреді.

Өткелден өту — қауіп-қатерден құтылу.

ЭПИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТҮСІ

Жүсіп пайғамбардың түс жоруы

...Келгенде он бір жасқа Жүсіп нәби[1],
Жақып сушы қасында ұйықтап еді.
Ғажайып ұйқысында бір түс көріп,
Тәкбірін[2] атасынан сұрай келді.

Құранда Алла Тағала былай деп бұйырыпты: Расында да мен (түсімде) он бір жұлдыздың, күн мен айдың маған сәжде етіп жатқандарын көрдім.

— Әй, ата, түсімде толған ай мен бір күн көрдім,
Он бір жұлдыз қасында бірге көрдім.
Он бір жұлдыз ол айға сәжде қылды,
Тәкбірін, ата, сізден сұрай келдім.

Құранда Алла Тағала былай деп бұйырыпты: Расында да мен (түсімде) он бір жұлдыздың, күн мен айдың маған сәжде етіп жатқандарын көрдім.

— Әй, ұлым, бұл түсіңіз — мүбәрак түс,
Құдайым берер сізге нығмет пен күш.
Саған құрмет пен рифғат[3] қылар Сұбхан[4],
Ешкімге бұ түсіңді айтпағыл еш.

Күншығыс, күнбатысқа кетер атың,
Алланың көрерсіңіз ғинаятын[5].
Ғаламға сенің атың мәшhүр болар,
Көрерсіз пайғамбарлық рисалатын[6].

Менің айтқан тілімді алғын, балам,
Сұбханыңа хамду сәна[7] айтқыл, балам.
Естісе ағаларың күндер сені,
Қорлық көріп жүрерсің, нанғын, балам.

Басыңа бақыт, дәулет қонар екен,
Он бір аған қызметкер болар екен.
Патшалық, пайғамбарлық бәрі сізге,
Құдайым нәсіп қылып, келер екен...

---

1 Нәби /араб/ — пайғамбар.
2 Тәкбір /араб/ — болжам, жорамал, тұспал.
3 Рифғат /араб/ — жоғарылау.
4 Сұбхан /араб/ — Жасаған, Құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.
5 Ғинаят /араб/ — ізгілік, мейірімді.
6 Рисалат /араб/ — міндет.
7 Хамду сәна /араб/ — Аллаға мадақ айту.

Мәлік Дұғардың түс көргені

Мысырда болған екен бір саудагер,
Үлкен бай, аты оның — Мәлік Дұғар.
Ғажайып ұйқысында бір түс көріп,
Тәкбірін жорушыға қылды хабар.

Дұғар айтты: «Ұйқымда бір түс көрдім,
Түсімде саудаменен Кінған[1] бардым.
Аспаннан күн түсіп бір жерлерге,
Жағалап ғад қоймасын[2] жүріп едім.

Аспаннан ол күн келіп жерге түсті,
Етегімнің астына ол жабысты.
Етегімнің астынан өрлеп келіп,
Қойнымнан жоғары өрлеп, көкке ұшты.

Інжу-маржан жаңбырдай жауды көктен,
Кезек-кезек мен тердім екі етекпен.
Теріп-теріп сандыққа салып едім,
Сандық толып, үйіме сыймай кеткен.

Тәкбірші, осы түсті көрдім анық,
Қуанғаннан барамын ішім жанып.
Бұ түсім, қалайша түс, жорып берші,
Тәкбірші, естиін құлақ салып».

Тәкбірші жори берді түсін оның:
— Дәулетің өседі екен енді сенің.
Ғад қоймасын жағалап жүрген болсаң,
Үстіне бір шығарсыз барша елдің.

Және сатып аларсыз бір жақсы құл,
Аузыңа бір қарайды оң менен сол.
Патшалардан дәрежең артық болар,
Қазынасынан Құдайым ашады жол.

Және иман Құдайың нәсіп қылар,
Қанша шаһар атыңды бәрі білер.

---

[1] Кінған — Палестинаның көне аты — Ханаан.
[2] Ғад — араб еліндегі тайпа атауы, Йемен жерінің оңтүстігін мекендеген көне қауымдардың бірі.

Дінді нәсіп қылады Тәңірім қалап,
Көңіліңе иман, шам нұры келер.

Пайғамбар болар сатып алған құлың,
Мұнан мың есе өсер малың, пұлың.
Кәпірліктен құтылып, иман тауып,
Екі дүние рақатын бірдей алың.

* * *

...Сақи жатып бір күні түс көріпті,
— Жорушы бар ма? — деді хабар салып.

Жүсіп айтты: «Түсінді жориын мен,
Не деген түс көріпсің, айтып көр сен».
Сақи сонда Жүсіпке түсін айтты:
— Жорытып білсең егер, ақылы кең.

Сақи айтты: «Ұйқымда бір түс көрдім,
Түсімде үш бау жүзім сығып тұрдым.
Қызыл алтын кесеге суын құйып,
Ішіп қойды, Риянға беріп едім».

Хабаз тағы: «Бір түсті көрдім, — депті, —
Төбеме нан көтеріп жүрдім, — депті.
Нанымды алып Риянға беріп едім,
Құстар келіп, басымнан талап кетті».

Екеуінің жорыды Жүсіп түсін,
— Сақидың оңғарады Құдай ісін.
Мәлік Риян — қылады сізді уәзір,
Беріңіз, бұ түсіннің сүйіншісін.

Хабазға айтты: «Қатерлі сенің түсің,
Оңалмас мұнан былай қылған ісің.
Кешікпей-ақ өлтірер Риян сені,
Құстар жеп, ада қылар тәннен басың...».

* * *

...Бар Құдай жарылқады Жүсіпті енді,
Мәлік Риян патша бір түс көрді.

Еш адам біле алмады түс тәкбірін,
Падишаһ жұртты жиып айтып еді.

Құранда Алла Тағала сөзімен былай бұйырды: Патша айтты: «Расында мен (түсімде) жеті семіз сиырды жеті арық сиыр жеп жатқанын және жеті жасыл масақпен басқа да қураған масақтар көрдім. Әй, жамағат, түсті жори білсеңдер, түсімді жорыңдар.

Түсімде жеті семіз сиыр көрдім,
Бәрін де алдыма салып айдап жүрдім.
Бірінен соң бірін міндім жетеуін де,
Онан соң жеті арық сиыр көрдім.

Тіпті арық жеті сиыр, түрі жаман,
Ілініп өлгелі тұр, бәрі һаман.
Жеті семіз сиырды жеті арығы
Жеп бітірді түк қоймай, бәрін тамам.

Және тұр жеті астау толы бидай,
Жеті астау және де тұр құрыдай.
Үш түйір бидай сонда жерде қалды,
Өзге бидай көкке ұшты бәрі бірдей.

Еш адам түс мәнісін біле алмады,
Алдында бұрынғыдай күле алмады.
Жұрттың бәрі сандалды жори алмай,
Сәлемге уәзірлер де келе алмады.

Жұртына патша сонда ашу қылды,
Сол уақытта Сақи жүгіріп жетіп келді.
— Падишаһ, қаһарыңды қайтарыңыз,
Түс жорушы адамды білдім, — деді.

Мұны айтып ол Сақи көп өкінді,
Патша айтты: «Ойладың сонша кімді?
Басың шайқап осынша неге өкіндің?
Бұ ісіңнің мәнісін айтшы», — деді.

Сақи айтты: «Тыңлаңыз, шаһ жиһан[1],
Зынданда көріп едім ғабри[2] ұғлан.

[1] Шаһ жиһан /парсы/ — әлем патшасы.
[2] Ғабри /парсы/ — еврей, иудей.

Бұ түсіңнің мәнісін сол біледі,
Данышпан жаратып-дүр Қадір Сұбхан».

Патша айтты: «Оны сен нағып көрдің?
Оның түс жоритынын қайдан білдің?»
Сақи айтты: «Зынданда жатқанымда
Түсімді жорып еді, сонан білдім».

Айтқанының айнымай келді бәрі,
Періште сипатындай нұр дидары.
Өзі — ғалым, мінезі — жаннан артық,
Мақтай берсе, таусылмас онан әрі.

Сақи айтты: «Тәңірі тағдыр жаман,
Он екі жыл зынданда ғұмыр кешті».
Патша айтты: «Ендеше, баршы жылдам,
Менім түсім мәнісін сұрашы жылдам.
Қызмет қылып алдына тіке тұрып,
Мәнісін әбден сұрап келші жылдам».

Сақи айтты: «Баруға бата алмаймын,
Жүзім шыдап, жауапты қата алмаймын.
Сізге арызын айтпаққа уағда қып ем,
Енді жүзін көрерге бата алмаймын».

Сонда патша Сақиға айтады сөз:
— Сіз менің жауабымды есітіңіз.
Жақсы болса Тәңірден, біледі ол,
Ұялмай-ақ алдына барыңыз тез.

Сонда Сақи зынданға келіп жетіп,
Жүсіпке сәлем берді тағзым етіп.
Ұялып тұр бейшара төмен қарап,
Қор болдым, — деді, — тақсыр, ұмытып кетіп.

Сонда Жүсіп Сақиға ізет қылды,
Ұялып тұрғанын анық білді.
— Не қылсам, маған Тәңірім өз құдіреті,
Сізде қате емес, — деп жауап қылды.

Жүсіпке айтты сонда Сақи тұрып:
— Патшамыз жаман састы бір түс көріп.

Жұрт жиылып, тәкбірін біле алмады,
Мен айттым сонда сізді хабар беріп.

Алла Тағаланың сөзі: «Жүсіп, әй, шыншыл, жеті семіз сиырды жеп жатқан жеті арық сиыр және жеті жасыл масақ пен қураған масақ туралы пәтуа (түсінік) бер».

Жүсіп айтты: «Жеті жыл тоқтық болар,
Арзан болып, астыққа жаһан толар.
Онан кейін артынан жеті жылдай
Дүнияға жаһан қатты тарлық келер.

Онан кейін берекет қайтып келер,
Дүнияға Рахман ием рахмат қылар.
Жесір қатын, жетім ұл мың қой айдап,
Уаллаһи ағлам[1], арзандық, тоқтық болар...».

Мөңке бидің түсі

Мөңке би түс көріп, сол түсін Сырым батырға жорытпақ болады.

— Бір жолы бәйгеге қырық ат қостым, біреуі де бәйгеден келмеді. Отыз ат қостым, біреуі де келмеді. Бес ат қостым, төртеуі бәйгеден келмеді де, біреуі ғана аман жетті. Аман жеткені сол, келе сала пышаққа ілікті. Әлгі аттың ішін жарып жібергенімде, қасқыр шықты, қасқырды жарғанда түлкі шықты. Түлкіні жарғанда, қоян шықты. Осыны жорып берші, — дейді Мөңке би.

Сырым түс жорудың жолын Мөңкенің ұзатылып кеткен қызына беруді ұйғарады. Бірақ ол би үш рет шақыру жібергеннен кейін әрең келеді. Қыз түстің жайын білген соң Сырымға:

— «Түсті жездеңе жорытпа, жиеніңе жорытпа, әйелге жорытпа» деген сөз бар еді. Сонда да айтайын, — дейді. — Түс адал түс, қияли түс, шайтан түс деп үшке бөлінеді. Мұны қай түске жатқызарымды білмеймін, бірақ оның шешуі мынандай: Қырық ат дегеніміз — мұсылманның қырық парызы орындалмай қалатын заман болады екен; отыз аттың бәйгеден келмей қалатыны — отыз күн ораза ұстамайтын заман туады екен; бес аттың төртеуі келмей, біреуі келгені — бес уақыт намаз қаза болып, оны біреу оқып, біреу оқымайтын кез келеді екен; қасқырдың шыққаны — кісінікін тартып алып, ұрлап жейтін зорлықшыл заманның туатыны шығар; түлкі шыққаны — алдаушы мен арбаушы көбейетін, түлкідей бұлаңдаған заманның күтіп тұрғаны шығар; қоян шыққаны — ұрпақ үрейленіп өсетін, көлеңкесінен қорқып жүретін заман.

[1] Уаллаһи ағлам /араб/ — Алла жақсы біледі.

Осыны айтып болғаннан кейін Мөңке бидің қызы:

— Маған түс жорытқандарыңыз қате болды, күндердің күнінде әйел билеген заман келеді. Ол заманда әйелден ұят кетеді, еркектен намыс қашады, менің үш рет шақырғанда зорға келуімнің сыры осында еді, — депті.

Харон Рашид патшаның түсі

Харон Рашид түс көріпті; түсінде оның аузындағы барлық тісі түгел түсіп қалған екен. Таңертең ол түс жорушысын шақырып алып: «Бұл түстің жоруы не болмақ?» — деп сұрайды. Түс жорушысы былай дейді: «Мұсылмандардың әміршісінің өмір жасы ұзақ болғай! Туысқандарыңның бәрі сенен бұрын өліп, қасыңда олардан ешкім қалмайды екен».

Харон Рашид қасындағыларға: «Мына түс жорушыға жүз шыбық соғыңдар. Мұндай азалы сөздерді ол менің бетіме несіне айтады? Егер менің туысқандарымның бәрі менен бұрын өліп қалса, онда менің кім болғаным!» — дейді.

Одан соң ол басқа түс жорушыны алдырып, көрген түсін енді соған айтып береді. Түс жорушы: «Мұсылмандардың әміршісінің көрген түсінің мәнісі мынада: ол өзінің туысқандарының бәрінен де ұзақ ғұмыр кешеді».

Харон Рашид сонда:

— Ақылдың көрсетуі бірдей, — деп айтыпты.

Кейінгі жору алдыңғы жорудан мағынасы жағынан алшақ кетпейді, бірақ айтылу жағынан мүлде бөлек. Кейінгі жорушыға патша жүз динар сыйға тартқан екен.

Ақсақ Темір туралы

Түркі тұқымдас барлас руынан шыққан Шахрисабз биі Тарағай түс көреді, түсінде биік таудың басында тұр екен. Түн тастай қараңғы. Тарағай бидің қолында болат қылыш бар. Қолындағы қылышынан сол шақта найзағай оттары жарқылдай айнала жап-жарық бола қалады. Тарағай би оянып кетеді. Бірақ сол түні оған ақ киімді, ақ сәлделі, ақ атты адам аян береді: «Тарағай би, қазір әйелің Тәккине бір ұл туады. Ол әлемді билейтін жаһангер болады», — депті. Ол Қызыр ғали әссалам әулие екен. Бұл жору ертеңіне Қазаған ханға да жетеді. Ол болашақ жаһангер Әмірдің тууынан сескеніпті, нөкерлеріне бұйрық беріп, бидің жоқ кезінде толғатып жатқан әйелдің қарнын іштегі бала өлі түсуі үшін ауыр таспен үйкелетеді. Әйткенмен бала мұнымен өлмейді, мезгілі жеткенде туады. Бірақ тастың салмағымен ана қарнынан бір аяғы солып түседі.

Әмір Селжүктің түсі

Әмір Селжүк жүз жыл жасады. Бірде ол түнде түсінде кіші дәретін отқа жіберіп тұрғанын, ол оттан ұшқан ұшқындардың жердің шығысы мен батысына шашырап түсіп жатқанын көреді. Бұл көрген түсін түс жорушысына айтқанда, ол: «Сенің тұқымыңнан әлемнің алыс елдерін жаулап алатын патшалар шығады», — деп жауап береді.

Шындығында да солай болды. Әмір Селжүктің ұрпақтары шығыс пен батысты жаулап, аса қуатты мемлекет құрды.

Бабыр мырзаның Самарқан қаласын алар алдындағы түсі

«Сол кезде ғажайып түс көріппін: маған әулие Қожа Убайдолла келген екен деймін. Оны қарсы аламын. Қожа үйге кіріп, төрге отырды, оның алдына дастарқан жайылды, тағам мол тартылмағандықтан ба, әулие Қожа маған реніш білдіргендей сезінемін. Баба молда мен жаққа қарап, ымдап белгі берді. Мен де оған: «Бұл — менің кінәм емес, дастарқан жайған адамның кінәсі», — деп ымдадым.

Қожа айтқанымды ұғып, ишарат білдірді. Ол орнынан тұрады, оны шығарып салмақ болып ілесемін. Сол үйдің ішінде ол менің екі қолымнан ұстап, тік көтеріп алды, бір аяғыммен жер тіреп қалдым. Қожа түрікше: «Шейх қайырымды кеңес берді», — деді. Сол бірнеше күннің ішінде Самарқанды алдым».

Ұлы Моғол империясының негізін салған Бабырдың көзі тірі кезінде оның күші мен атағына тең келер ешкім болмады.

Бекет атаның түс жоруы

Бекет атаның әулиелігі қалың елге кеңінен жайылған кез болса керек. Маңғыстауға аты танылып үлгірген домбырашы сері жігіт ел аралап жүріп, жұмаға қараған күні түс көреді. Түсінде астындағы аты омақаса құлап мертігіп, домбырасы ортасынан омырылып, өзі белінен шойырылып, жүре алмай қалғанын сол ауылдағы көпті көрген қарияға жорытады да, ақсақал тұшымды ештеңе айтпаған соң, жоспарлап қойған жолынан бас тартпай, кете береді. Жолда дәл түсіндегідей атының аяғы інге кіріп кетіп, омақаса құлайды, өзі омыртқасын зақымдап жүруден қалады. Баласының азап шегіп жатқанын көрген әкесі арнайы ат арытып келіп, Бекет атаға баласының жағдайын баян қылады. Бекет ата жігіттің жұмаға қараған күнге түс көргенін, сол түсті жорытқаннан болғанын айтып, келе алмай үйінде қалған жігітке сыртынан бірнеше айға шарттап, ем жасайды. Атаның емі қонып, домбырашы жігіт жазылып, бұрынғыша серілігін жалғастырған екен.

Ертеден жеткен аңыз

Баяғыда бір жүкті келіншек қайын сіңлісіне:

— Еркем, түсімде емшегіме қос қасқыр жармасып жатыр екен, — дейді. Сонда өмірден көрген, түйгені аз еркетотай қыз:

— Жеңеше, төркініңе бара жатқаныңда сені қос қасқыр жеп кетеді екен, — деп, жеңгесін шошындыра әзілдеген екен. Айтқандай-ақ, біраз күннен кейін келіншек төркініне бармақ боп жолға шығады. Әлдеқандай сөз арасында бұл әңгімені құлағы шалып қалған атасы:

— Әттеген-ай, бұлай дегенің бекер болған. Келінім арландай қос ұлды болмақ екен, — деп, дереу артынан шапқыншы жіберіпті. Сөйтсе, ойсыз айтыла салған сөз шындыққа ұласып, келіншектің әлі өмірге келіп үлгермеген қос ұлымен бірге қасқырға жем болып, қанға бөгіп жатқанының үстінен шықса керек.

Алпамыстың әкесі Байбөрінің түсі

...Өстіп өксумен өмірін өткізіп, кәрілікті басына жеткізіп, аңсаумен арып-ашып жүрген Байбөрі бір күні түс көреді. Түсінде ғажайып іс көреді. Аспандағы күн мен ай ағылып келіп алақанына түседі. Шошып ояна келсе, түсі екен. Сол елде сексенге келіп селкілдеп отырған ақсақалды қарт бар екен. Соған келіп түсін жорытады.

— Е, қарағым, айды көрсең, сымбатты қызың болар, күнді көрсең көңіліңнен шыққандай, атса оқ өтпейтін, отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын бір ұл бала көреді екенсің, — деп жориды қарт. Көп кешікпей Байбөрінің әйелі жүкті болады...

Қобыланды батырды Құртқаның түсінде көруі

...Ұйықтап жатып Құртқа түс көрді,
Қиыншылық іс көрді.
Тұрып Құртқа жылады,
Айтпаған нәрсе қалмады,
Қайдағы нәрсе қозғалды.
Көзінің жасы төгіліп,
Жағасының бауы сөгіліп,
Өзінің туған анасы
Ақзарбапқа барады.
Барады да жылады,
Жылады да толғады:
Бүгін түнде түс көрдім,

Түсімде жаман іс көрдім.
Кешегі кеткен балаңның
Қанатына қаз қонып,
Қайырыла алмай барады.
Мұртынан мұз жауып,
Бұрыла алмай барады.
Қараша таудай нас басып,
Көтеріле алмай барады.
Екі көзі балаңның
Жұмылыңқы көрінді.
Ақша беттің ажары
Құбылыңқы көрінді.
Балаңның аман еместігі
Мен залымға білінді.
Ақзарбап та жылады,
Жылап тұрып қозғады:
Айналайын құлыным,
Бауыр да, өкпе жұлыным,
Мен де бір түс көргенмін.
Өз қолымнан балама
Бір аяқ балды бергенмін.
Баламның аман емесін
Мен де енді білгенмін.
Батыр аңқау, ер көдек,
Қобылан батыр ер еді.
Ерлігінің белгісі
Қобыланның ұйықтап қалғаны
Қалмақтың жері еді.
Ұйықтап жатқан Қобыланның
Үстіне қалмақ келеді.
Жаңылып Қобылан тобасын,
Сол себептен қалмаққа
Түскен шығар шамасы.
Бұл Қобылан енді өлмейді,
Өлімнің жолын көрмейді...

Едігенің түс жорытуы

...Едіге бір күні түс көріп, шошып оянады. Ояна сала жолдастарына айтты:

— Әй, он жеті дос, сүйінші!
Түрегеліп, киінші.

Беліңді қынай буыншы,
Беті-қолың жуыншы.
Мен бүгін бір түс көрдім,
Жақсылық түс сол болса,
Жақсылыққа жорышы.
Жамандық түс сол болса,
Осы он сегіз кісіні
Төңіректеп, қорышы.
Мен бүгінгі күн түсімде
Алтынды ерлі ақбоз ат
Жалынан тартып мініппін.
Ақсұңқар құс болыппын,
Көкке таман ұшыппын.
Көкте жүрген періште
Оларға барып сөйлесіп,
Онан да аса ұшыппын.
Төбеде жүрген қоңыр қаз
Көк үстінде іліппін.
Тор тауына қоныппын,
Төс етіне тойыппын,
Ол не болар, он жетім?

Он жеті дос ұйлықты,
Ұйлыққанның белгісі —
Бір-біріне жолықты.
Еш амалды таппады
Тұрған енді бәрісі.
Бір ақылды тауыпты,
Бар екен елдің ішінде
Бір көп жасаған қарт кісі.
Түс жоруын сол тапты:
«Алтынды ерлі ақбоз ат
Түсіңізде сен мінсең —
Ат мұратқа жеткенің.
Көкке таман сен ұшсаң —
Жұрт алдына шыққаның.
Көкте жүрген періште —
Оларға барып сөйлессең,
Ерендер қолтықтап жүрген-ді.
Онан да асып сен ұшсаң —
Қызыр сүйеп жүргені.
Төбедегі қоңыр қаз —

Көк үстінде алсаң сен,
Тор тауына қонсаң сен,
Төс етіне тойсаң сен,
Кеше сені жұртыңнан қуған Тоқтамыс —
Соны быт-шыт қыларсың,
Тояттап мейірің қанарсың»...

Мамайдың анасы Қараүлектің түс жоруы

...Мамайдың қатыны жатып түс көрген. Қалмақтың ханы Темірхан Мамайды алып барып, жетпіс құлаш құдыққа салдырды. Бұ Мамайдың Қарашаш деген қатыны бар еді, түнде жатып түс көреді. Тоқсан бесте Мамайдың шешесі бар еді. Мамайдың қатыны Қарашаш көрген түсін Қараүлек деген Мамайдың шешесіне жорытты.

Хан Мамайдың қатыны
Түнде жатып түс көрді.
Әжептәуір іс көрді,
Шошып оянып түсінде,
Жатыр еді ұйықтап,
Мақпал тонын тұйықтап.
Тоқсан бесте Қараүлек,
Басын шайқап Қарашаш,
Оятып алды енесін.
— Өлгенде көрген балаң-ай,
Аруақты Мамай-ай,
Мінсіз қара кемем-ай,
Болаттан соққан жебем-ай.
Түнде көрген түсімді,
Оңғарғай, Құдай, ісімді,
Түсімнен қорқып ояндым,
Жорышы көрген түсімді.
Жатыр едім ұйықтап,
Мақпал тоным тұйықтап.
Құбыладан көрінді
Бір шаншылған бір құйын.
Ордамды жығып кетер деп,
Үйіме жазым етер деп,
Ұзын алтын сырықты
Соған қарсы тіредім.
Сырығым тұтқан болмады,
Ортасынан үзілді.

Бұ не болар, енеке?
Ыржия күліп келетін,
Шешеге сәлем беретін,
Иман жүзді хан Мамай
Ақша беті балаңның
Жығылыңқы көрінер.
Бұ не болар, енеке?
Екі көзі балаңның
Жұмылыңқы көрінер.
Бұ не болар, енеке?
Түнде көрген түсімді,
Оңғарғай, Құдай, ісімді.
Түсімнен қорқып ояндым,
Жорышы, ене, түсімді.
Сорлы болған Қараүлек
Көтеріп басын алады:
— Алла, оңғарғай ісімді,
Жориын көрген түсінді.
Тұла бойым тұңғышым,
Өлгенде көрген құлыным
Ноғайлы тілін алмады.
Алжыған қақбас хан Мамай
Өлмесе тұрсын деп еді.
«Күнім толса көрем, — деп, —
Ажал жетсе өлем, — деп, —
Аманатын Алланың
Осы сапарда берем», — деп,
Бозмойнақ атын тебініп,
Қиғаш деген ала тау
Қалмақтың «кел» деген
Жауының жері еді.
Басына соның барғаны,
Қарауыл қарап тұрғанда,
Келмеген соң Темірхан,
Астындағы тұлпарының
Сыпырып ерін алғаны.
Арқан тағып ойнатып,
Құйрығыменен қунатып,
Арқандап атын салғаны.
Ер қаруы — бес қару
Жастығына салғаны.
Орай садақ, қырық кез оқ,

Жамбасының астына
Батыр Мамай салғаны.
Тасбұлақтың басында,
Адамы жоқ қасында,
Жапанда жалғыз хан Мамай
Ұйықтап жатып қалғаны.
Үйге тіреген алтын сырғының
Сығылыңқы көрінсе,
Мамай жаяу қалған соң,
Әнекей, солай болғаны.
Ақша беті баланың
Жығылыңқы көрінсе,
Туғалы жаяу жүрмеген,
Табаны жерге тимеген,
Тұлпардан басқа мінбеген,
Сұлудан басқа сүймеген,
Қамқадан басқа кимеген,
Екі қолын артына
Шынжырменен таңған соң,
Арбаға жаяу салған соң,
Тірідей қорлық көрген соң,
Әнекей, солай болғаны.
Екі көзі баламның
Жұмылыңқы көрінсе,
Жетпіс құлаш құдыққа
Алып барып салғаны.
Атасының өші бар,
Тірідей кегін алғаны.
Арыстан аш та, түлкі тоқ,
Түгел ерге қайғы жоқ.
Жыласақ та, бейшара,
Қарағым, Мамай бізге жоқ...

Ер Сайынның әйелі Аюбикенің түсі

...Аюбике — сол сұлу
Түнде жатып түс көрді,
Түсінде талай іс көрді,
Өз басына күш көрді.
Таң сәріден тұрыпты,
Екі етегін түріпті,
Енесіне келіпті:

«Мен бүгін бір түс көрдім,
Жауырыным тола қара шаш
Жайылыңқы көрінді.
Бедерлеген бес тырнақ
Қанға малыңқы көрінді.
Шешем берген боқшасы[1]
Шашылыңқы көрінді.
Жауда жүрген балаңның
Астында жүрген Ақбозат
Құйрығы келте көрінді.
Қолына алған ақ сұңгі
Ортасынан, әй, ене,
Үзіліңкі көрінді».
Сонда енесі жорыды:
«Жауырының толған қара шаш
Жайылыңқы көрінсе,
Ертеменен қой қыдыр,
Енеңнің сөзіне нан, балам!
О да соған көрінсін!
Бедерленген бес тырнақ
Қызыл қанға, ә, балам,
Малыныңқы көрінсе,
Таңда, тал түс болғанда,
Қызылменен боятсаң,
О да соған көрінсін!
Жауда жүрген баламның
Астындағы Ақбозат
Құйрығы келте көрінсе,
Жау қарасын көргенде,
Ақ құйрығын сүзген-ді.
Қасындағы жолдасы
Жау көрмеген жамандар
Жаннан күдер үзген-ді.
Қолына алған ақ сұңгі
Ортасынан, ә, балам,
Үзіліңкі көрінсе,
Жүрген шығар жалғызым
Қалмақтың белін сындырып.
Келеді екен жалғызым
Барған ісін тындырып,
Жамандарға қуғызып»...

[1] Боқша — киізден, матадан тігілген қалта, дорба.

Қыз Жібектің түс көруі

...Шақырып алды Қыз Жібек
Өзінің жақын жеңгесін,
Омырауда алтын теңгесін.
Сырласатұғын жерінде,
Келтірмейді екен өңгесін.

— Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
Мінезің еді өңгеше-ау.
Төлегенге барып кел,
Тілімді алса, жүрмесін.
Ата-анасы бар ма екен,
Жал-құйрығы сай ма екен?
Иә, болмаса, Құдай-ай,
Бір қаңғырып өскен қу ма екен?

Атасының аты кім болар,
Анасының аты кім болар.
Сұрап келгін, жеңеше-ау,
Қандай заман, күн болар.

Мен бір бүгін түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.
Төлеген мінген көк жорға ат
Ер-тоқымсыз бос көрдім.

Ел жайлаған Ақжайық,
Жағалай біткен бидайық.
Алдымда жанған шырағым,
Біреу үрлеп өшіріп
Көзімнен болды сол ғайып.
Қолымдағы тұйғынның
Заулап келіп аспаннан,
Желкесін қиды бидайық.
Пендем десең, Құдай-а,
Бұ түс емес еді ғой
Көруге маған лайық.

Айналайын жеңеше-ау,
Төлегеннің мен білдім

Бір кеткен соң келмесін.
Жарық дүние опасын
Білдім көзге ілмесін.
Мұнан кетсе, Төлеген,
Білгізді Құдай мен қуға
Бұ жерді қайтып көрмесін.
Мұндай қорлық, жеңеше-ау,
Тірлігінде Құдайым,
Еш пендеге бермесін...

Абылай ханның түсі

...Абылай хан жүріпті,
Ақ атанға сәп салып.
Бір күні түс көріпті
Еренгайып қарсы алып.

«О, Абылай, алдыңда
Асқар-асқар белдер тұр.
Тар жол, тайғақ қабырға
Өзен толы сеңдер тұр.

Өтсең содан іркілмей
Көк құрақты көл жатыр.
Көл бойында мерейлі
Ырысты ырғын ел жатыр.

Ақбас атан үнемі
Соған қарап жатады.
Жануар ол киелі
Боздасы елге батады.

Ақбас атан қараған
Жаққа жүрсең, жеңесің.
Қайшы келсең сен оған,
Бақты басқа тебесің.

Қол бастасаң жорыққа,
Батырларға сеніп сен.
Жүрсең сол бір бағытқа,
Ораласың жеңіспен.

Ақ атанды қорласаң,
Көретінің жеңіліс.
Сабақ ал сен осыдан,
Айтты деме Ібіліс.

Еренгайып мен болам,
Мұқтаж жанға жәрдемші.
Десең егер ер болам,
Болма еліңе алдамшы.

Батырың бар пар болған,
Ақылы мол бәрінің.
Елің саған жар болған,
Тірегі қуат-әліңнің.

Өткен күні есіңнен
Еш уақытта кетпесін.
Өмір — арқан есілген,
Тілін[1] өзің теңшерсің»

Түрегелсе Абылай, Көргені бір түс екен.
Депті ішінен: «Ә, Құдай,
Атаным бақыт құсы екен!»

Шығып тысқа қараса,
Ақбас атан жатыпты,
Көкпен жарық таласа,
Арайлап таң атыпты...

Жантай батырдың Бөгенбай батыр туралы түсі

...Түс көріп ұйқысында қатты шошып,
Ақыра түрегелді Жантай батыр:
— Атты ертте, ал жүрелік жатып болмас,
Атанды қарауылдан жылдам шақыр.
Кісі екен шапшаң мінез, тым күйгелек,
Қоймады көпшілікке дегбір ақыл.

Мұны естіп қарауылдан Атан келген,
Сұрайды: «Не болды?» — деп Жантай ерден.

[1] Арқан үш жіптен есіледі, ортаңғысын «тілі» дейді.

Қанталап екі көзі, ашу билеп,
Атанға айтты сонда түсін көрген:

— Шошындым қорқынышты бір түс көріп,
Теңізге Бөкем түсті қайық мініп.
Көтеріліп көл жүзінде қалың толқын,
Қып-қызыл судың беті қанды көбік.
Қайығы батар-батпас суға толып,
Жүрмейді ессе дағы бір жөнделіп.
Қағып жүр көп толқынды қанатымен,
Аспаннан ақтұйғын құс ағып келіп.
Білмеймін ақырының не болғанын,
Жорышы, зерек едің, ой жіберіп.

Ойлады жорымаққа Атан түсін,
— Қосасыз қорқынышқа мұның несін?
Қорқыныш емес, түсің қуаныш қой,
Жориын, бересіз бе сүйіншісін?

Бөкешім көлге жүзсе, олжа дағы,
Теңіздей тегін олжа табылмағы.
Қолына ескек алып, қайыққа мінсе —
Жамбыгер астындағы арғымағы.
Малтығып қайық суға жүзе алмаса —
Арықтап жануардың болдырғаны.
Майданға кірген болар осы сағат,
Жүр екен аттан келмей ердің бабы.
Кездескен көл жүзінде қалың толқын —
Қаупі бар қамалаған жау болмағы.
Қаптаған судың бетін қанды көбік —
Ол жаудан маңыз кетіп қырылғаны.
Толқынды қағып жүрген ақтұйғын құс —
Бөкеңдей аруақты ердің бағы.
Нәрсе жоқ бақыт жеңбес дүниеде,
Түсіңнің осы болды жорымағы...

Барақ батырдың түсі

... «Таң атқан соң, қазақтың еліне тиерміз» деген түні Түгел қарт жатып, ұйқысында қорқынышты түс көреді. Көрген түсінен шошып оянып, түн ішінде үш жүздің қазақ баласын ат шаптырып, ордаға жинап алды. Басшы адамдарын ордаға алып, Түгел қарттың мезгілсіз халық жинағаны туралы сөйлеген сөзі:

Түгел қарт сонда сөйледі:
— Келдің бе, жұрт, жиналып,
«Не айтар?» деп ойланып,
«Шақырды, — деп, — не үшін?»
Жүрмеңіз, жұртым, қиналып.
Мен бір түнде түс көрдім,
Түсімде мүшкіл іс көрдім.
Елдің аулақ шетінен,
Күннің шығар бетінен
Бір айдаһар келіп жүр,
Мұны көзім көріп жүр.
Ирендеген көп жылан
Шағайын деп өріп жүр.
Айдаһардың үстіне
Аспаннан келіп ақ бұлт,
Түсейін деп төніп жүр.
Түсім шайтан болмаса,
Ата жауым бұрыннан
Елімді қалмақ торып жүр.
Айдаһардың үстіне,
Төніп жүрген ақ бұлт —
Ерлерімнің аруағы,
Елімді жаудан қорып жүр.

Көрген түсім аян-ды,
Түсімнен шошып ояндым.
Болмас едім жалғаншы,
Еліме берсең хабарды.
Бір Аллаға сиынып,
Қазағым салсын ұранды.
Аттанып келсе жау қалмақ,
Халқыма берер зиянды.
Жау қалмаққа жорыдым
Айдаһар менен жыланды.
Айдаһар болып көрінген —
Алакөбек қалмағың.
Төніп жүрген ақ бұлт —
Ақтан келген аруағым,
Алдынан қарсы аттансақ,
Кәпір жауға ат қойсақ,
Оң болар еткен талабым.
Бұл түсімді «жалған» деп,

Қапыл болма, қазағым.
Обалына қаларсың
Жылаған қатын-баланың.
Алакөбек аттанса,
Ауыр қолмен қаптаса,
Алмай кетпес алмағын,
Салмай кетпес салмағын.
Қырып кетер елімді,
Өлтіріп кетер ерімді.
Өртеп кетер көлімді,
Хабарсыз жатқан қазаққа
Көрсетіп кетер көрімді.
Аттанар күнің бүгін-ді,
Бүгіннен қалса, қиын-ды.
Түсім шайтан болмаса,
Жеріме дұшпан құйылды.
Осылай деп Түгел қарт
Көрген түсін жорыды...

* * *

... Араға сол күн қонады,
Басқа болды талабы.
Атақозы батырдың
Көзі ұйқыға барады.
Түсінде көрді Барақты,
Қасында көрді батырдың
Ақ сәлделі қожаны.
Жауайын деп ақ бұлт,
Төбесінде батырдың
Торлап кетіп барады.
Құс қырғыны — бидайық
Ер Барақтың үстінде
Ойнап кетіп барады.
Жез бұйдалы нар тайлақ
Ер Барақтың алдында
Боздап кетіп барады.
Ақ сәлделі пірлері
Ер Барақтың қасында
Қолдап кетіп барады.
Осы түсті көреді,
Атақозы оянып,

Сырымның келіп қасына
Атақозы сөйледі:
— Көлденең жатқан су Жайық,
Су жүзінде қу қайық.
Батыр Сырым, жолдасым,
Көп жиылған халайық,
Мен бір түнде түс көрдім,
Көрген түсім ғажайып.
Ер Барақтың үстінде
Бір ақ бұлт барады.
Жауайын деп тұр жайып,
Қанат қағып барады.
Ер Барақтың үстінде
Құс қырғыны — бидайық.
Жез бұйдалы нар тайлақ
Ер Барақтың алдында
Боздап кетіп барады,
Жез мұрындық сарғайып.
Ақ шалмалы пірлері
О да кетіп барады
Дұға беріп, қол жайып.
Жорысын деп түсімді,
Сізге келдім оянып.

Сырым би түсін жорыды:
— Жақсы ниет ойға алып,
Жорыдым, батыр, түсіңді,
Алла оңғарғай ісіңді!
Он екі ата Байұлы,
Біріктірдің күшіңді.
Аттанды Барақ ар үшін,
Біз аттандық мал үшін,
Бұл ниетпенен жүргенде,
Бізге қалай дарысын.
Бұл ниетті тасталық,
Ақ жолына басталық.
Аруақ аунап кетіпті,
Біз Барақтан қашпалық.
Қас масқара болармыз,
Абыройдан бос қалып.
Барақпен бірге болайық,
Төбесінде Барақтың

Қанат қағып ойнаса
Құс қырғыны — бидайық,
Бидайықтай қуырып,
Ақ алмасын суырып,
Барақ тиер майырға,
Ұстап алып майырды,
Айналар ісі қайырға.
Жауайын деп ақ бұлт
Төбесінде торласа,
Ол — аруақтың иесі.
Боздап жүрген нар тайлақ —
Пірлердің мінген түйесі.
Жезден болса бұйдасы —
Мойнындағы кресі.
Арағын ішкен ақыртып,
Нар тайлақтай бақыртып,
Ұстап алар майырды,
Заманасын қапылтып.
Алдырып берер Сібірден,
Айшуақ ханды шақыртып.
Ақ сәлделі пірлері
Алдында жүрсе, қол жайып,
Ердің жолын ашқаны.
Біз Барақтан қашпалық,
Түсіңді жорып қарадым.
Барақта емес, бізде айып,
Қосылайық Бараққа,
Міниңдер атқа, халайық...

Абылай ханның түсі

Абылай хан Самарқан шаһарының бетіндегі Жұпар қорығына түсіп, алғаш қонған түні түс көріп, ертеңінде қасындағы түс жоритын қариясына жорытады.

— Түсімде шатырымның алдына бір жолбарыс келіп шөгіп жатып алды, бұл не қылған жолбарыс деп таңғалып қарап едім, әлгі жолбарысым аю болып кетті. Жаңа жолбарыс еді ғой, қалайша аю болып кетті деп екінші қарағанымда қасқыр болып, онан соң түлкі, ақырында қоян болып кетті. Осы көргендеріме таңғалып жатқанымда оянып кеттім, — деді. Сонда қария:

— Жолбарыс көрсең, басыңнан бақыт құсы ұшқаны, баяғыдан бері қайтпай жүріп, енді жасың жеткен шағында «Абылай хан сарттан

өліпті» деген атқа ұшырамай қайта ғой. Жолбарыстың аю болғаны сенен соңғы балаларыңның заманы аю заманы болып, жұрт аюдай алысып өтеді. Қасқыр болғаны немерелерің заманында қасқырдай жұлысып өтер. Түлкі болғаны шөбереңнің заманында түлкіше жортып өтер. Қоян болғаны онан кейінгі заманда қорқып өтер, — деген екен.

Жәнібек батырдың түсін Абылайдың жоруы

Абылай хан Қарақалмақ Қатысыбанға қол жиып, шеру тартып барғанда, қалмақтың ханы Абылайға кісі салып:

— Абылай мен екеуміздің таласымыз — дін емес, дүние ғой. Дүние үшін жұртымызды қырылыстырмайық. Мен жекпе-жекке өзіме қараған қалмақтан бір сырттан тауып шығарайын, Абылай да өзіне қараған қазақтан (елінен) «осы сырттан-ау» деген біреуін таңдап шығарсын. Менің кісім Абылайдың шығарған кісісін күші асып, өлтіріп кетсе, малдан, жаннан Абылай безіп шықсын, біз олжа қылайық. Абылайдың кісісі менің кісімді күші асып, өлтіріп кетсе, малдан, жаннан қол жуып, екі қолды төбеге қойып, біз шығалық, Абылай олжа қылсын. Уағда осы болсын, — депті.

Абылай хан:

— Жарайды, болса болсын, — депті.

Қалмақтың бұрыннан белгілі бір сырттаны бар екен, жолбарысты құйрығынан ұстап алып лақтырады екен және жерге бір-ақ қойып өлтіретұғын күші бар екен. Абылайда өйтіп сыналған белгілі сырттан жоқ екен. Өзінің сынауы бойынша, Шақшақ немересі Жәнібекті шығармақ болды дейді. Жәнібектің туған шешесі — Есім хан өлтіретұғын Тұрсын ханның қызы екен. Ташкентті шапқанда Шақшақ батыр — Есім ханның батырының басы екен. Тұрсын ханның бір қызын Есім хан баласы Жәңгір ханға олжалап алып бергенде, бір қызын Шақшақ батыр баласы Қошқар батырға олжалап алып беріп, Жәнібек сонан туып, сонда Жәнібектің шешесі Абылайға айтып тапсырып қосқан екен:

— Аттың сырттаны жауһарлысын үш жыл іздетіп, зорға таптым. Ағаштың сырттаны жауһарлысын үш жыл іздеп, зорға таптым. Адам сырттанын мырза Құдай бір күн төсекте жатқан түсімде берді. Осы жолы алып барып, ненің сырттаны болса да, бір айқастыр, — деп.

— Ертең қалмақтың сырттанына сен шығасың, — деп оған айтып қойды дейді.

Сол түнде жатып Жәнібек бір түс көріп, түсінен шошып оянып, түн ішінде қосын жығып, еліне қайтпақшы болып: «Ханға айтып кетейін», — деп жетіп келсе, Жәнібектің түсінен қорқып оянғанын хан да түсінде көріп: «Маған келмей кетпес-ау», — деп басын көтеріп, тосып отыр екен. Таң жаңа сәуле беріп, ондағы-мұндағы көрінерлік мезгіл екен:

— Батыр, жай ерте келдің бе? Асығып-үсігіп бір нәрседен қысталып жүрсің бе, немене? — дейді.

— Тақсыр, бір жаман түс көрдім. Сол түсімнен қорыққаннан: «Осы жолы өліп кетсем, тұқымсыз кетермін», — деп, қайтуға ыңғайланып, сізге білдіріп кетейін деп жүрегім аузыма тығылып, әрең келдім, — дейді.

Хан сонда атшысын шақырып:

— Уа, менің қарт Бөгенбай берген Нарқызыл жирен атымды есіктің алдына алып кел, — дейді.

Ханды онан басқа ат көтеріп жүре алмайды екен. Атшы Нарқызыл жирен атты есіктің алдына алып келгенде, Жәнібекке:

— Жай қолыңды, — дейді.

Жәнібек қолын жайып, ұшып тұра келгенде:

— «Жақсы түске де садақа, жаман түске де садақа» — деп еді. А, Құдай, осының түсін мен неге жорысам, сен соған қабыл қыл, — деп жирен атты түс садақасы деп айтып, жалма-жан сойдырып, таратып жібереді.

— Айт, батыр, енді түсіңді, — дейді.

— Түсімді айтсам, тақсыр, қалмақтан жекпе-жекке пәленше деген жайсаңы шықты да, бұл жақтан мен шықтым. Екеуміз шартпа-шұрт болып қалғанда, мені ол найзамен шаншып түсірді. Кеудеме атша мініп, тамағымнан кесуге ыңғайланғанда «енді бауыздап тастайды-ау!» деп кеудеме көз салсам, қарасам оң емшегімді бір айдаһар жылан еміп жатыр екен, сол емшегімді бір айдаһар жылан еміп жатыр екен. Шошып ояна келсем, түсім екен. Көрген түсім — осы, — дейді.

— Түсің түс-ақ екен. Мұнан жақсы түс бола ма? Түсіңде сені ол шаншып түсірген болса, өңіңде оны сен шаншып түсіреді екенсің. Түсіңде сенің кеудеңе ол мініп жүрген болса, өңіңде оның кеудесіне сен атша мінеді екенсің. Түсіңде сенің тамағыңа ол қылыш даярлаған болса, өңіңде оның тамағына сен қылыш даярлайды екенсің. Оң емшегіңді еміп жатқан айдаһар жылан өзіңнен туып, үстіңе бала ойнақтайды екен, өзі асқан айдаһар ер болады екен, батыр атанады екен. Сол емшегіңнен айдаһар еміп жатса, өзіңнен бір қыз туып, онан туған жиен о да айдаһардай ақырып туады екен. Ұлдан туған ұрпағың, қыздан туған жиенің тұлпар мініп, ту ұстай туады екен. Осынша өсіп-өнейін деп тұрсың. Сен қалай өлесің, бар, жекпе-жекке кіре бер. Жүсіп пайғамбардың түсі болсын да, Жақып пайғамбардың жоруы болсын, — дейді.

Хан түсін қолмен қойғандай жорыған соң, бір жағынан атын сойып таратып жатқан соң, Жәнібектің қорқынышы қашып кетті, жүрегі тасып кетті, қайрат-қуаты бұрынғысынан да басым болып асып кетті. Сол жерден атын алдырып мініп:

— Жекпе-жек! Жекпе-жек! — деп, айғайлап шыға шауыпты.

Қалмақтың жайсаңы құты қашып, аяғын тәлтіректеп басып, найзасын қалай толғарын білмей, өзінен-өзі қалбалақтап, сасып, айқасып қалған қарсаңда Жәнібек батыр шаншып түсіріп, үстіне аттай мініп, тамағынан қылышты тигізер-тигізбестен шалқасынан жатқан қалмақ:

— Тоқта, — дейді, — түнде сен де түс көріп едің, мен де көріп едім. Сені мен алып едім-ау, табанымның астына салып едім-ау. Сенің түс жорушың жақсы жорығандықтан, менің түс жорушым ретін тауып айта алмағаннан алып кеттің-ау, — дейді.

Сонда Жәнібек басын кесуге қимады, қолынан ұстап жетектеп, Абылай ханға алып келді. Өзі — өскен-өнген жан екен, он бір ауыл екен. Сол он бір ауылға тимей, өзге қалмақты тұттай жалаңаш тонап алып, олжа қылып қайтыпты. Жан болса, осындай болсын!



Жәнібек батырдың түсін Абылайдың жоруы.
Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры
(1171 Б-бума, 740-бет)

اویاتب آلدی اینانون اولکانده کورکان بلانك آی
آرداحته مامای آی مین‌ـز قاره کیمام آی
بلاتطان صوققان جیبم ای توتده کورکان توسمنی
اونك‌غارغان غدای اسمنی توسم‌دان قورقب اویاتدم
جورەچه کورکان توسمنی
جاتر ایدوم اویقطاب مااقبال تونم تیق‌طاب
قیبلادان کورندی بر چچلکان بر قیمن
اوردامنی جغب کیتر دیب اویمه جازم ایتار دیب
اوزون آلطون سرقنی صوغان قارسی ترادوم
سرغم توتقون بولمادی اورطه سدان اوزلدی
بونی بولار اینکه ارمایا کولب کیله‌تون
چچکه سلام بیرەتون ایماندە مزده قان ماماى
آقیمه بیتی بالانك تونك چغلنقسی کورنور
بونی بولار اینکه ایکی کوزی بلانك تونك
جومیلنکنی کورنور بونی بولار اینکه
تونده کورکان توسمنی اونك‌غارغای غدای اسمنی
تسمدان قورقب اویاتدم جورەچی اینا توسمنی
صورلی بولغان قاره‌لوك کوترب باسون آلادی
الله اونکغارغای اسمنی جوراین کورکان تونكنی
تولا بویم تونکنیجم اولکانده کورکان قلغم
توغایله تیلین آلمادی آلجغان قاتی‌باس قان ماماى
اولماسه تورسون دیب ایدی کونم تولصه کوزلم دیب
اجال جیتسه اولام دیب آمناتون الله‌تنك
اوسی سغرده بیرام دیب بوز موباق آطون تیپنب
قیغاج دیکان آلا طاو قالماق‌تنك کیلیکان
جاوتنك جیر ایدی باسته صونك بارغانی
قاراوی قاراب تورغانده کیلمکان صونك تیمرقان
آستوناغی تولغارنك سیپروب ایبارون آلغانی
آرقان طاغب اویناتب قیرغی متان قوناتب
آرقانداب آطون صالغانی ایر قاروی بیس قارو
جاستوەنه صالغانی اوروآی قرق کز اوق
جان باستونك آستنده باطر ماماى صالغانی
طاس

Мамайдың анасы Қараүлектің түс жоруы.
Орақ билән Мамай батырдың хикаясы. – Қазан, 1902.

КӘСІПКЕ ҚАТЫСТЫ ФОЛЬКЛОР

Кәсіпке қатысты фольклор арқылы халқымыз ғасырлар бойы қалыптасқан кәсіби тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Фольклордың осы үлгілерінен адам өмірінде маңызды рөл атқаратын шаруашылық түрлерінің ерекшеліктерін айқын аңғаруға болады. Олардың басым көпшілігінде мал өсірудің артықшылықтары ерекше дәріптеледі. Оның басты себебі, ұлы дала бақташылық кәсібі үшін аса қолайлы болды. Сондықтан төрт түлікке қатысты өлең-жырларда малшаруашылығының пайдалы жақтары, өзіндік ерекшеліктері, оны бағып-өсірудегі тиімді тәсілдер көркем түрде көрініс береді. Жалпы тыңдаушыларға, әсіресе, жасөспірімдерге, арналған бұл туындыларда тікелей баяндаумен қатар, жануарларды айтыстыру, монолог түрінде адамдарға ақыл-кеңес айту басым болып келеді. Шопаната, Зеңгібаба, Қамбарата, Ойсылқара және Сексекатаға арналған өлеңдерде ежелгі заман адамдарының діни түсініктерінің сарындары аңғарылады.

Аңшылық, егіншаруашылығына қатысты туындылардан сұңқар құстарды сипаттайтын «Көкжендет», тары өсіруші диқандар айтатын «Қосатпа» өлеңдері ғана жеткен. Дегенмен, кәсіпке қатысты өлеңдердің де кейбір үлгілерінің қазақ диаспорасы өкілдерінің жадында сақталып қалғандығын кейінгі зерттеулер анықтады. Мысалы, Қытай қазақтарынан жазылып алынған фольклор үлгілерінің арасында аңшылыққа қатысты «Томаға тарту», егіншаруашылығына байланысты «Шай теру жыры», «Тары егу» секілді өлеңдер, төрт түлікке қатысты «Қой телу», «Саба толқу», «Май алу» секілді өлеңдер, жануар мен адамның айтысы, түрлі жұмбақ айтыстар т.б. кездеседі.

Мал атасы

Жылқы атасы — Қамбарата,
Сиыр атасы — Зеңгібаба,
Түйе атасы — Ойсылқара,
Қой атасы — Шопаната,
Ешкінің иесі — Сексеката.

Қамбарата

Жылқы өссін шұрқырап,
Қос қанатты, жел пырақ.
Танаудан демі бұрқырап,
Шапса, алдыңнан жел тұрад.

Бием болса мамадай,
Желіні болса сабадай.
Құп жарасар үйірге,
Бар жылқыға анадай.

Қамбаратаға

Тағы бір тілек тілейін,
Шын бергенің білейін.
Өңкей ала шұбардан,
Жал-құйрығы шұбалған
Айғырды бер байсалды,
Үйірі толған байталды,
Өңкей мама биемен
Сауған сайын иіген.
Желіні сүтін тыймасын,
Көнекке саусақ сыймасын.
Ұзара берсін желісі,
Кеңи берсін өрісі.
Қоғалы көлді жайлаған,
Қоғаның басын шайнаған,
Шыңғыртып асау құлынды
Қыл арқанмен байлаған.
Қиқу салып айдаған
Ел көшкенде балалар.
Қең өртеңді жайлаған,

Қуғандарға жеткізбей,
Қашқандарды қоймаған
Жылқышы ата баласы —
Жылқы бассын үйінді!
Жылқы басса үйінді,
Жимай бассын үйінді!

Ойсылқара

Төрт түліктің төресі,
Бәрінен биік төбесі,
Кесек біткен денесі
Қара жердің кемесі.
Тату-тәтті момақан,
Ботаның бота бөлесі.
Шетінесе бір бота,
Шер қоздырар енесі.

Ойсылқараға

Ит-құс, пәле, індеттен аман сақтап,
Топ-топ қылып боталат аруана!
Және бір тілек тілейін,
Бергеніңді білейін.
Қотанға сыймас түйе бер,
Түйе берсең, үйе бер!
Жатқан жері даладай,
Азу тісі қаладай,
Екі өркеші баладай,
Қаршылдаған бурасы,
Жалбыраған шудасы,
Жібектен болсын бұйдасы.
Ойдан ойға бошалап,
Сансыз інген боталап,
Боталарын өсіртіп,
Салтанатпен көшіртіп,
Қоныстан қоныс таңдатып,
Көшкенде жонды шаңдатып,
Жақсы жайға қондырсын,
Шаруаны толтырсын!
Көзі жарық жұлдыздай,

Мойны иір қобыздай,
Құйрығы ұзын қамшыдай,
Шудасы бар жамшыдай.
Маң-маң басқан, маң басқан.
Шудаларын шаң басқан,
Төрт аяғын тең басқан,
Екі өркешін қом басқан.
Тілін тікен теспеген,
Алабота, теріскен,
Мұрындығы келіскен,
«Шөк» дегенде, «бық» деген,
Шешіп үйін, жүктеген.
Ойсылқара баласы —
Түйе бассын үйіңді!
Түйе басса үйіңді,
Кие бассын үйіңді!

Зеңгібаба

Сиыр берсең мамасынан,
Айран кетпес сабасынан,
Өзі өрістеп, өзі келер,
«Қыдыр бағып» асасынан.
Ұран салып, ұтылайды,
Кезіксе ит-құс, арасынан.
Мінсе — керік, артса — көлік,
Жаны себіл жаратылған.

Зеңгібабаға

Сиыр берсең, сүтті бер өңкей мама,
Кең өріске шұбыртып өзің бағып,
Кешке жақын қотанға әкеп қама.
Тағы бір тілек тілейін,
Бергеніңді білейін,
Қос жегуге жарамды,
Ылғи бойшаң өгіз бер,
Жұп-жұбымен егіз бер.
Бұқалары әукелі,
Шүйделері білеудей,
Аяқтары тіреудей,

Әр түстен ыңғай сегіз бер...
Сәйгел тисе, мөңкіген,
Оқыра тисе, жөңкіген,
Ала бас жіп естірген,
Мұрнын тура тестірген,
Құйрығында шоғы бар,
Жапалап тастары тағы бар,
Саздау жерге тоқтаған
Сиыр деген мал екен...
Дауысы бар азандай,
Желіні бар қазандай,
Мүйізі бар жылтылдақ,
Буыны бар сыртылдақ,
Зеңгібаба баласы —
Сиыр бассын үйінді!
Сиыр басса үйінді,
Сыймай бассын үйінді!

Шопаната

Қой берсең қоңырдан,
Қорғасындай ауырдан,
Түн түнегін серпе сап,
Өріп шығар қорадан.
Қасиетіңнен айналдым
Сескенбейтін дауылдан!
Қойды берсең, төлшең бер,
Төл көбейсе, өркендер.

Шопанатаға

Ай мүйізді шақпақтай,
Шүйделері тоқпақтай,
Тегене құйрық қошқарлы,
Малды берсең, қойды бер!
Ұлды берсең, бойлы бер,
Жұртқа ақыл салғандай,
Ақылы артық ойлы бер!
Ақсағаннан ақсаған,
Қозысы өлсе, қақсаған.
Қозысымен жамыраған,

Қозысынан айырылса,
Қара тұтып, маңыраған,
Аппақ қана сүті бар,
Шағаладай құрты бар,
Шопаната баласы —
Қойлар бассын үйінді.
Қойлар басса үйінді,
Қоймай бассын үйінді!

Сексеката

Ешкі атасы — Сексек,
Ұраны оның — «шек-шек».
Жегені оның — көкпек,
Идіре сау, жеп-жеп.

Қойдың алдын бастайтын,
Судан қорқып, қашпайтын.
Тастан-тасқа аттайтын,
Лас жерге жатпайтын
Серке — атасы қораның,
Албаты сойып, сатпайтын.

«Өсімтал түлік — ешкі, — деп. —
Жылпос, пысық, есті, — деп, —
Иесі бағады ешкіні, —
Еті — дәрі, текті», — деп.

Сексекатаға

Шібегелер шігесі,
Қатпа келер шекесі,
Сойса, саны қалақтай,
Сауса, сүті бұлақтай.
Екі қонақ келгенде,
Ептеулісін қайтерсің,
Жалғыз қонақ келгенде,
Жараулысын қайтерсің.
Ауыл көшіп-қонғанда,
Өрегенін қайтерсің,
Бөрі пақыр келгенде,

Көрегенін қайтерсің.
О бөріні көргенде,
Ышқынғанын қайтерсің,
Құйыршығын артына
Қыстырғанын қайтерсің.
Бөрі ала қашқанда,
Бақырғанын қайтерсің,
«Ойбай, ием, кеттім!» — деп,
Шақырғанын қайтерсің,
Қойды көсем бастайтын,
Өткелден үркіп саспайтын,
Қарағай мүйіз серкелі,
Шүйде жалды, желкелі,
Сексеката баласы —
Ешкі бассын үйіңді!
Ешкі басса үйіңді,
Сыймай бассын үйіңді!

Төлді қалай шақырады?

Қой баласы — қоңырым,
Ұя бұзбас момыным,
Шопаната түлігі —
Қошақаным, қайдасың?
Пұшайт,
Пұшайт!

Жүнін жұлса бақырған,
Ешкі атасын шақырған,
Өрісте өскен жануар —
Шөкетайым, қайдасың?
Шөре,
Шөре!

Жолға шықсам, көлігім,
Жапанда жүрсем, серігім,
Қамбарата өсірген
Құла атым менің, қайдасың?
Құрау,
Құрау!

Тілімен мұрнын жалаған,
Тілімен бойын тараған.

Көкке мұрнын шүйіріп,
Зеңгібаба өсірген
Әукешім менің, қайдасың?
Аухау,
Аухау!

Екі көзі танадай,
Екі өркеші баладай,
Елпеңдеген ойнақтап,
Енесіне қарамай,
Ойсылқара баласы —
Ботақаным, қайдасың?
Көс,
Көс!

Баласын сүю

Қой сүйеді баласын «қоңырым» деп,
«Ештеңені білмейтін момыным!» деп.

Сиыр сүйеді баласын «торпағым» деп,
«Қараңғыда баспаған қорқағым!» деп.

Түйе сүйеді баласын «боташым» деп,
«Жаудыраған көзіңнен тоташым!» деп.

Ешкі сүйеді баласын «лағым» деп,
«Тастан-тасқа секірген шұнағым!» деп.

Жылқы сүйеді баласын «құлыным» деп,
«Тұлпар болып жүгірер жұрыным!» деп.

Қасқыр сүйеді баласын «бөлтірігім» деп,
«Қой үркіткен жата қап тентегім» деп.

Ит сүйеді баласын «күшігім»деп,
Шәуілдесе, қуанар, «күлші, күл!» деп.

Мысық сүйеді баласын «соқырым» деп,
«Тышқан ұстап беруге отырмын» деп.

Қой телу (I түрі)

Төйге, қойым, төйге!
Ала ғой, қойым, ала ғой!
Өзіңнен туған бала ғой.
Төйге, қойым, төйге!
Жаман қойшы жайыпты,
Жаңылыс қозы салыпты.
Төйге, қойым, төйге!
Изен жесең, иіп бер,
Жусан жесең, жуып бер.
Төйге, қойым, төйге,
Ала ғой, қойым, ала ғой!
Өзіңнен туған бала ғой,
Төйге, қойым, төйге!
Төйге, төйге, төйге!

Қой телу (II түрі)

Ала қойым, ала ғой,
Өзіңнен туған бала ғой,
Бауырыңа сала ғой!
Төйге, қойым, төйге!

Үйшік жаққа барайын,
Бауырыңа қозы салайын.
Алмай қойсаң, аузыңа
Кергіш ағаш салайын,
Көзіңді жіппен таңайын.
«Ал» дегенде, алмасаң,
Қозыңды қайтіп бағайын?
Төйге, қойым, төйге!

Бай баласы — Башахан,
Қой баласы — қошақан.
Өз балаңнан жерісең,
Таяқпенен асатам.

Сауырына тұз жақтым,
Арқасынан жалашы.
Басқа қойды қарашы:
Сүтке тойып, қасында

Ойнақтап жүр баласы.
Төйге, қойым, төйге!

Қой телу (III түрі)

Төйге, қойым, төйге, қой,
Қозыңмен бірге түней ғой!
Қозыңды жат қып көрсеткен
Көңілге қонған үрей ғой.

Ала ғой, қойым, ала ғой,
Бауырыңа сала ғой!
Шүбәсі жоқ, жап-жаңа
Өзіңнен туған бала ғой.

Емізіп жатыр, қарашы,
Мына қой мен ана қой.
Бірге жүрген үйірің —
Қызыл қой мен қара қой.

Өз балаңнан, жануар,
Өзің неге жерідің?
Түшіркеніп, иіскеуге
Келмей тұр неге ерінің?

Емізбесең күн бойы,
Сыздамай ма желінің?!
Желіккен шөбі бар ма еді
Жайылған сенің жеріңде?

Тұз бүріккізіп көзіңе,
Аузыңнан жіппен керілдің.
Өз қозыңды өзіңе
Зорлықпен, міне, телідім.

Ашыпты көзің, шаншып,
Жағың да қалды қарысып.
Бағам кетті менің де,
Сеніменен алысып.
Басқа қойдың қозысы
Жырғап жатыр, табысып.
Сүтке тойып, шұнаңдап,

Ойнақтап жүр, жарысып.
Оны білмей сен тұрсың,
Бедірейіп, қарысып.
Қозың қалды ашығып,
Ақ сіркедей қабысып.
Еміп жатыр қадалып,
Тас кенедей жабысып.
Есіңді жи, жануар,
Нәрестеңмен табысып.

Бие сауу жыры

Құру, құру, торы бием,
Басқасынан зор бием!
Жатырмысың жатырқап?
Келіп тұрған — өз иең.

Ақ арқанмен күнделеп
Бауырыңа басайын,
Құлыныңды салайын.
Түскен кезде мейірің
Қайта тартып алайын.

Құру, құру, сал бием,
Құру, құру, көк бием!
Ақ сүтіңді төк, бием!
Саған күнде салмайын,
Шошындырып алмайын.

Құру, құру, сал бием,
Құру, құру, қоңырым,
Өзі жуас, момыным!
Құлыншағың — балагер,
Бауырыңа ала бер,
Ақ сүтіңді сала бер.
Құру, құру, сал бием!

Мал баққанда

Ешкі бақтым, еңіреп бақтым,
Қой бақтым, қоңырау тақтым,

Сиыр бақтым, сидаң қақтым,
Жылқы бақтым, жорғалаттым,
Түйе бақтым, түйме тақтым,
Лақ бақтым, жылап бақтым!

Сарымай алу өлеңі

Саба пісіліп болған соң, ішіндегі майдың нығырланып бірігуі үшін сабаның сыртынан қолға табақ сияқты затты ұстап, соның сыртымен сабаны толқи отырып осы жырды айтады:

Қарын-қарын май, түс!
Асықпай-ақ, жай түс!
Саба-саба май, түс!
Аспай-аспай, жай түс!
Табақ-табақ май, түс,
Табағымен жай түс!

Саба толқу жыры

Сары табан ат терісін
Саба қылып пішкенмін.
Шұбарынан қайыңның
Шауып салған піскегін.
Үш күн жиып, дәл бүгін
Таңнан тұрып піскенмін.
Кілегей мен қаймақты
Саған сақтап, ішпедім.
Серке қарын түйресем,
Сендерді де сыйлар ем.
Қозы қарын түйресем,
Қонақтарды сыйлар ем.

Астау-астау май, түс!
Саба-саба май, түс!
Адал малдың сүті өзің,
Аталы елдің құты өзің!
Астау, қазан дайындап,
Көп түсуді күтемін.

Тұзын текшеп байқайын,
Сыртыңды берік қаптайын.

Кебеженің түбіне
Келер жылға сақтайын.

Томаға тарту

Шынжыр балақ, шұбар төс,
Имек тұмсық, қанды көз,
Томағаңды тартайын,
Орманда түлкі болса кез.

Еркесің, батыр, жер-көкке.
Ұстай көр барып, тез жет те!
Айлалы түлкі айбатты,
Аянбай барып, шеңбекте!
Қанжығамды қуартып,
Атымды бекер терлетпе!

Тебінгіден тер шықпай,
Қанжығаға қан жұқпай,
Қақ тұмсықтан қан шықпай,
Көңілім менің көншімес,
Құмарымнан бір шықпай.

Жапсар тасқа тығылып,
Бұтада жатқан бұғынып,
Тұра қашқан жүгіріп
Түлкі — бір қызыл шұғынық.
Томағаңды тартайын,
Бейілім тұр сұғынып,
Сорғала көктен шүйіліп.
Жүрегін жылы жеймісің,
Ашығып қалдым — деймісің?
Тымақтың ішін тапсам да,
Тысы табылар — деймісің?
Имансыздың қыздары
Илеп берер деймісің?!
Қылжақ елдің қыздары
Қырып берер деймісің?!
Тілазардың қыздары
Тігіп берер деймісің?!

Мың жарым жыл өтіпті
Құс томаға кигелі.

Сонан бергі әжейлер
Түлкі пішіп, иледі.

Қарға тұмсық құс салмай,
Қашар тұяқ ат мінбей,
Саятшылық өнерің
Жари алмас, бап болмай.

Жемсауы жұмыр, алқалы,
Төс сүйегі қалқалы,
Жүгірген түлкі сенікі,
Атың болса арқалы.

Қалың ерін, қара тіл,
Барлық құстан жаны асыл,
Өндіршекті, өр мінез,
Өзің бастап сала біл.

Шеге тұяқ, қол табан,
Шеңбер тұяқ ол табан.
Қанжығасын қандайды
Бабын тауып жұмсаған.

Тұтам, төрт елі саны бар,
Қолға түспес жануар,
Ұзын тұра, серке сан,
Ашқарақтай бабы бар.

Дембелше қыран талағы,
Шоқпар құсап тағылар.
Мұндай құстар қазаққа
Ілуде бір табылар.

Қармақ салу жыры (I түрі)

Ал, балық, ал, балық!
Ауызға сал, балық!
Қабандай қап, балық,
Табандай тарт, балық!
Су иесі — Сүлеймен,
Судан балық тілеймін!

Алабұға, Майбас,
Қармағыма жармас!
Жыланқұртым әдемі-ақ,
Аққайранмен арбас!

Қармақ салу жыры (II түрі)

Қанды басты қармағым,
Қармап суға салайын.
Жібек жіптен бау тағып,
Жалғап, суға салайын.

Қызыл құртын даланың
Ұш жағыңа ілейін.
Ақ балықтың қапқанын
Салмағынан білейін.

Әуп-әуп, тарт-тарт!
Ауырлапты салмағың,
Майлы басты қармағым,
Алтын басты қармағым.
Тарта алмасам, маған серт!
Қоя берсең, саған серт!

Әуп-әуп, тарт-тарт!
Табан ба, әлде шортан ба,
Не болса да, қорқам ба?
Құртқа ма, әлде сазан ба?
Тез салайын қазанға.
Шықшы судың шетіне,
Құдай берген несібе.

Жүн сабау жыры

Сәтті күні біздің үй жүн сабайды,
Қыз, бозбала бас қосып, бір сабайды.
Жақсы ауылдың баласы жайды білген,
Біз сабамай бұл жүнді, кім сабайды?

Жүн сабасам, сабауды қолыма алып,
Жас ырғайды кептіріп, жонып алып,
Сабау тисе байқаусыз, кешір, құрбым,
Кім ұрады, әйтпесе, қолы барып.

Бір қолдамай жігіттер, қос қолдасын,
Шаңыраққа майда жүн аспандасын.
Сынып қалған сабауды жаңаландар,
Құдашаның бір қолы бос қалмасын.

Дәнеңе жоқ қалжырап, зорығарлық,
Іс бітеді, белдесең, қолыңа алып,
Тулақ шашу көтеріп апам келді,
Әкетейік, таласып бөліп алып.

Біздің ауыл бәйгеге тай қосты ма,
Тайға берер бәйгені бай қосты ма?
Киіз теуіп, апарып көрші ауылға,
Ертең тойып қайтамыз қой бастыға.

Шай теру жыры

Матрөшке шай болар,
Ішсең, көңіл жай болар.
Тұрағы оның күнгейде,
Бір жағы аңғар, сай болар.

Шал мен кемпір жаратар,
Бастың қанын таратар.
Матрөшке ішкенде
Әңгімемен таң атар.

Көп қайнаса, шығады,
Қаймақты сүт жұғады.
Ұқыптылар кептіріп,
Тұлыпқа сап тығады.

Гүл қурап, ұшқанда,
Матрөшке пысқанда,
Әр жұмыстың жөні бар,
Сонда көп қып теріп ал.

Матрөшке шөп екен,
Ор қашарда көп екен.
Базар шайды іркуге,
Аз болса да, сеп екен.

Айбалта

Қандай ұста соқты екен,
Суын қайдан тапты екен?
Айдай менің ақ балтам,
Басқа елде жоқ балтам,
Сілтегенді қи, балтам,
Ұрған жерді қи, балтам.

Қылшылдатып жүзіңді
Қайрап алып келейін,
Тат жабысқан жеріңді
Майлап алып келейін.
Өнеріңді қайыңды
Сайға барып көрейін.

Тасқа тиіп қаларсың,
Киізден қап тігейін,
Керегеге ілейін,
Күтіп ұстап жүрейін.

Күтімсіздің балтасы
Жүзі кетік, сабы жоқ.
Кигізетін қабы жоқ.
Мың салсаң да, өтпейді,
Қурайды да кеспейді,
Сілтегенге тимеген,
Сау жері жоқ сабында
Отқа түсіп, күймеген.
Үй маңында жер қазып,
Көрінген бала сүйреген.
Қолға жұғар күйесі,
Қандай оның иесі?
Бір күні оны атпай ма
Айбалтаның киесі!?

Алма теру жыры

Ана үйдегі келіншек,
Мына үйдегі келіншек,
Іске болма еріншек!
Кейіменде жүргенге.

Беретіндей бермесең,
Алмалыны көрейік,
Алма қағып келейік.
Ала қапты алыңдар,
Ішіне алма салыңдар.

Көп көрінер көк алма,
«Пісті екен», — деп, жеп алма.
Ұрса қайның алмамен,
Қатты тиіп, кек алма.

Көрші ауылдың қыздарын
Ілестіре келіңдер,
Мен түсірген алманы
Үлестіріп беріңдер.

Қатты алманы сендерге
Талдан қағып берейін.
Ащы алманы сендерге
Жерден теріп берейін.

Тәтті алма, ащы алма,
Аңғалдықпен бассалма.
Кейі шикі көк алма,
Оны, еңбек қып, көп алма.
Жүрек алма, тәтті алма,
Жесең, содан тоя же,
«Әттеген-ай!» — деп қалма.

Тары егу

Соқа жегілген өгізді
Айдап жүріп төпештеп,
Тары ектім дүңгенге,
Қолмен шашып кепештеп.

Шөлге шықты шөпше,
Суармадым жаздай.
Кекілдедім көктей,
Ол қылығым аздай.

Бастым оны аяқпен,
Төпештедім таяқпен.
Қызыл қырман болды жер,
Көк сабанға толды жер.
Ұшырайын желге,
Жем қылмайын жерге.

— 105

Өзін сақта палеті қыдан давдан.
Таңы бір тілек тілейін,
Сын мергенін білейін,
Өнкей ата, сыбардан,
Қыл қылыңы сыналған,
Ағаңыз мерсен,—жаңылды.
Ұйқы толған жаңылды.
Өнкей мама біле мен,
Жауған жаңын ішеген.
Білеті жатыр қыдыңыз,
Кенекке ауыл жіберіңіз,
Ұз—ара мерсін келісі,
Кенеш мерсін өтсі,
Тауыстыңыз таңдың

Үсті—үстіне мерісі,
Қоңаңы келді қыдыңыз,
Қоңаңын жаңын сыдыңыз,
Сынқыртып ағыр қылыңыз,
Қыл ағаңы мен жыдыңыз,
Ел кекенде жылдар,
Оқыдыр жалып жіберіңіз
Кен өтенді қыдыңыз,
Қуыңдарға четкізіңіз,
Қоңаңдарға қойыңыз,
Қыңыңыз ата жалаңы
Қалаңы жаңын ұйынды.
Қалаңы жаңа ұйынды,
Қыдыңы жаңын ұйынды.

Ойсыл қараңа

Қаруаның бір пірі—ойсыл қара,
Тыдені өзір қаралқар, болып пана!
Іріт—қыз, пәле, індетен аман сақтар,
Топ—топ қылып жоталат аруана!
Қане бір тілек тілейін,
Бергенінді білейін,—
Қоланда жыймыз тыдыр жер,
Тыдыр мерсен, ыдыр жер!
Қатқан қеті далада,
Ауыр тісі қалады,
Екі өркеші жалады,
Қорсалдаңан ауырды,
Қалаңыңан сүйдаңы,
Қаекіен болған жыдаңы,
Ойдан ойда жоқалып,
Сансыз ингін жоталып,
Жоталарын өсіртіп,
Салтанат пен кеңіртіп,
Қоныстан қоныс іздеп,
Кекенде қонды сандалып,

Сәңгі қаңаңа.

Қаруаның бір пірі зеңгі ана!
Сыңар мерсен, ұйтқы мер өнкей мама!
Кен өліске сынарлар өзін ұқтар,
Кекке қаңын қоланда жіберіп қана.
Таңы бір тілек тілейін,
Бергенінді білейін,
Қос қегуыге қаламды,
Ыңқыл жыйсаң өгіз мер.
Сүр — сынь мен өгіз мер.
Бақылар әукелі —
Сыйделіері білеуде,
Ажаңтаңы тіреуде:
Өр тысын ынқай өгіз мер...

Сәңгі тілсе,— мәнкіген,
Оқыра тілсе,— қоңкіген,
Алаңа қір есіңгін,
Мұрнын іуыра іестіаген.
Қаңыңында соқы бар,
Қаралар ысқан жоқы бар,
Сазды жерге тоқтаңан,
Ұй арасын жоқтаңан,
Сыңар дегін мал екен...
Даулы бар аландай,
Қелімі бар қазандай,
Мыжізі бар қыдыдай,
Бауыны бар — сартылдаң.

Ойсылқараға. Зеңгібабаға.
Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. 1-кітап. – Қызылорда, 1932

جىلقى ايتادى:
بەتەگەلى بەلگە بىتەمىن.
نايزا ۇستاعان مەرگە بىتەمىن.

تۇيە ايتادى:
جالباق قۇلاقتى سورعا بىتەمىن.
مل مشندەگى زورعا بىتەمىن.

بالا قويشى.
السىتا ويناپ قالا قويشى.

مەكى قويشى —
مەرەك قويشى.

اتتى قويشى —
اشۋى قاتتى قويشى.

تۇيەلى قويشى —
تۇرعان قويشى.

وگىزدى قويشى —
ولگەن قويشى.
جەپ بولماندا كورگەن قويشى.
جىلقى يەسى — قامبار اتا.
قوي يەسى — شوپان اتا.

12

Түліктер кімге бітеді?
Шыңжан, Күнес ауданының өлең-жырлары. – Іле, 1994.

МАУСЫМДЫҚ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫ

Маусымдық ғұрып фольклорының үлгілері көбінесе ұлттық күнтізбелік мерекелер кезінде немесе діни мейрам күндері айтылған. Олардың арасынан рамазан айында айтылатын жарапазанды айрықша атауға болады. Бұл атау «иә, рамазан» тіркесінің қайталануы нәтижесінде пайда болған. Жарапазан өлеңдерін көбінесе балалар мен бозбалалар үйлерді аралап жүріп айтқан. Мұндай өлеңдер Ислам дінін насихаттаумен басталып, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды мадақтауға ұласады. Сондай-ақ жарапазан айтушылар үй иесін, оның бәйбішесі мен бала-келіндерін де мақтауды дәстүрге айналдырған. Мәселен, жарапазан өлеңін бір адам айтады да, екіншісі оның қайырмасына қосылады. Салт бойынша үй иесі оларға түрлі сыйлық, ақша, орамал т.б. сыйлықтар ұсынады.

Наурыз мейрамы немесе Ұлыс күні ел ауқымында ұлттық мереке ретінде тойланады. Маусымдық ғұрып фольклорында ежелгі наным-сенімдер көрініс беріп, кейде Қызыр баба туралы аңыз бен ежелгі мифтік әңгімелер де ұшырасып жатады. Наурыз өлеңдері халықтың бататілектерімен де үндесіп келеді. Кеңес өкіметі жылдарында Ислам дініне деген үстірт идеологиялық көзқарастардың нәтижесінде жарапазан айту дәстүрі де саябырсып қалды. Тек еліміз тәуелсіздік алған жылдары ғана қайта өрістеп, мұсылмандық салттармен бірге жарапазан өлеңдері мен ұлыс жырлары халық өміріне етене енді.

ЖАРАМАЗАН

Пайғамбар айтып өткен жарамазан,
Оразаң қабыл болсын, байекежан!
Мінгені Пайғамбардың есек деген,
Қолында жұдырықтай кесек екен.

Осы үйде бір көкем бар Құдай сүйген,
Қайыры ол көкемнің жұртқа тиген.

Меккеде бір ағаш бар басы қара,
Құдайым ұғыл берсін қасы қара,
Жатасың бауырыңа басып қана.
Өтіпті бай Қарынбай малға тоймай,
Отыз күн оразаға бір мал соймай.

Меккеде бір ағаш бар басы күйген,
Жайқалып жапырағы жерге тиген.
Осында бір тәтем бар Құдай сүйген,
Қайыры ол тәтемнің жұртқа тиген.

Құртты беріп қуантпа,
Құр сөзіңмен жұбатпа.
Талқан берсең, алмаймын,
Төгіп-шашып обалына қалмаймын.

* * *

Айтамын жарамазан, жарамазан,
Бәлеге дәл болады ертең азан.
Отыз күн оразаға бір мал сойсаң,
Алдыңнан шауып шығар ишан мазан.

Айтамын жарамазан, жан алдияр,
Пайғамбар алпыс екі, төрт шадияр.
Кей жаман оразаны жек көреді,
Атасы оразаның Мамадияр.

Мінгені Пайғамбардың інген дейді,
Інгенге екеуара мінген дейді.

Інгенге екеуара мініп алып,
Пейіштің ортасымен жүрген дейді.

Мінгені Пайғамбардың мәмбіл қасқа,
Шабады шамырқанып қара тасқа.
Шапқанда шамырқанып қара тасқа,
Болады қара тасың алты басқа.

Мінгені Пайғамбардың есек дейді,
Қолында жұдырықтай кесек дейді.
Қылмысын бұл дүниеде жақпағанның,
Барғанда ана жайда есептейді.

* * *

Үйің-үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен,
Саба көркі бие екен.
Сандық көркі түйе екен.
Әшекейлеп сырлаған
Ақ сарайдай үйі бар,
Ақ бөкендей қойы бар,
Қара сақал, керме иық,
Қандай байдың үйі екен?
Мұхаммед, үмбетіңе жарапазан!

Адыр-адыр таулардан
Айғыр міні біз келдік...
Ауыздығы бой бермей,
Бай үйіне кез келдік.
Бұдыр-бұдыр таулардан
Бұқа міні біз келдік.
Мұрындығы бой бермей,
Бай үйіне кез келдік.

Кірсін дәулет, шықсын бейнет,
Айтамын, байлар, сізге жарапазан,
Молдалар ертең ерте айтар азан,
Айтқанға жарапазан қайыр берсең,
Барғанда ақыретке болмас жазаң.

Айтамын жарапазан қожақайлап.
Жылайды қожа-молда түбін ойлап,
Тірлікте қайыр-зекет бермеген жан,
Тұрады ақыретте тайдай тулап.

Айтқанмен жарапазан тойған бар ма,
Әдетін бұрынғының қойған бар ма?
Әдетін бұрынғының қойып кетіп,
Барғанда ақыретке оңған бар ма?

Айтамын, байлар, саған жарапазан,
Айыпқа бұйырмаңыз, есіткен жан,
Айтамын үмітпенен жарапазан,
Кәнеки, мырзалығың енді маған?

Айтамын жарапазан үйіңізге,
Ұстаған үй айнала шиіңізге.
Қой берсең, қозы берсең көпсінбеймін,
Келіпсіз биылғы жыл күйіңізге.

Ақ үйің айға қарап орда болсын,
Жиылып ұлы-қызың молда болсын.
Алғанда жау жағадан, бөрі етектен,
Пайдасы молдалықтың сонда болсын.

Айтамын үйіңізге жарапазан,
Алып шық жылдамырақ, жеңешежан!
Келгенде қайыр-зекет бере алмасаң,
Жібермес ақыретке менің назам!

Жарапазан айтамын мақтап қана.
Тұсыңа жетіп келдік ақтап қана,
Тұсыңа келгенімде, жатқан байлар,
Күтіп ал мейманыңды мықтап қана.

Мінгенім астымдағы жирен дейді,
Намазды бес уақыт үйрен дейді.
Намазды бес уақыт үйренбесең,
Шынжырлап дұзаққа сап сүйрер дейді.

Бай үйіне берекет,
Қаша берсін бәлекет,

Кірсін дәулет есіктен,
Шықсын бейнет тесіктен!
Жарапазан жарықтық,
«Жақсы» дейді есіткен.
Үйің-үйің үй екен,
Үйдің іші ши екен.
Саба көркі бие екен,
Сандық көркі түйе екен.
Қарағай найза қаптаған,
Басына темір саптаған,
Сабы сырмен сырлатқан,
Ұшы болат қырлатқан,
Жауға білек сайлатқан,
Белдеуге бедеу байлатқан,
Қайсыбір байдың үйі екен?
Адыр-адыр таулардан
Айғыр мініп мен келдім.
Ауыздығы бой бермей,
Сіздің үйге кез келдім.
Бұжыр-бұжыр таулардан
Бұқа мініп мен келдім,
Мұрындығы бой бермей,
Сіздің үйге кез келдім.

Мінгені Пайғамбардың қара қасқа,
Жанында мүсір қылыш, бауы басқа.
Ашуланып шабады қара тасқа,
Қара тас қақ айырылар екі басқа.

Мінгені Пайғамбардың кер деймісің,
Аққаны кекілінен тер деймісің?
Оразаң былтыр кеткен биыл келді,
Пітірін жылдамырақ бермеймісің?

Ораза жыл он екі ай бір-ақ келер,
Баласын мұсылманның жинап келер.
Айтқанға жарапазан жылқы берсе,
Ғарасат майданында пырақ берер.

Дегенге, «жарапазан, жарапазан!»
Келеді таудан құлап жарық қазан.
Белдеуден ұстап кемпір түзге отырар,
Алып шық жылдамырақ, жеңешежан!

Астымдағы тана-ды,
Жатайын деп барады.
Құдайдың күні еңкейіп,
Батайын деп барады.
Қасымдағы бала еді,
Қайтайын деп барады.

Ассалаумағалейкүм, жатқан байлар!
Қоңыр қой, қора толып жатқан байлар!
Ол қойды ел көшкенде кімің айдар?
Өгізбен қоңыр шолақ құлың айдар.

Ассалаумағалейкүм, ақтан келдік,
Ауылы арғын-найман жақтан келдік.
Жарапазан айтумен үміт қылып,
Балалардың азығы жоқтан келдік.

Бәйбіше айтады: «Боқшадан жаулық бер», — деп,
Бай айтады: «Қорадан саулық бер», — деп.
Байдың берген саулығын өңгерелік,
Бәйбішенің жаулығын тең бөлелік.

Аяқ-табақ сылдырап,
Құрт бергелі жатыр ма?
Аузы-басы жылтырап,
Май бергелі жатыр ма?
Сары аяққа салып бер,
Сары майға малып бер,
Қыздар берме, өзің бер,
Қыздың қолы сұғанақ,
Жеп қойды ғой бағана-ақ...

Шаңырағы осы үйдің шап-шақ қана,
Осы үйдегі жеңешем аппақ қана.
Сақылығын көрген соң ырза болып,
Жеңешемді жүремін мақтап қана!

Жарапазан айта келдім есігіңе,
Қошқардай қос ұл берсін бесігіңе!
Қошқардай қос ұл берсе бесігіңе,
Жауға шауып, батыр болсын несібеңе.

* * *

Айтамын жарамазан үйіңізге,
Үйіңнің сыртындағы шиіңізге.
Қой берсең, қозы берсең, жарасады,
Ай, ой, Мұхамбет, үмбетіңе жарамазан.

Әлейкумассалам, ел ағасы,
Осы үйдің қалайыдан босағасы.
Борлатқан босағасы бай баласы,
Оразаң құтты болсын, отағасы!

Айтқанмен жарамазан тоямыз ба,
Кәдесін бұрығының қоямыз ба?
Қой берсең, қозы берсең, жарасады,
Апарып ауызашарға соямыз ба?

Айтамын жарамазан ойлай-ойлай,
Қарынбай өткен екен малға тоймай.
Отыз күн оразаға бір мал соймай,
Бара жатыр, әне келіп бойлай алмай.

Айтамын жарамазан, аға-ау, жеңге,
Жүн шығар қызыл ала қырғауылға.
Жеңеше, барың болса, алып шықшы,
Барайық жанай тұрып мына ауылға.

Барып ем анау үйге, тайлақ берді,
Тайлағын ала жіпке байлап берді.
Сабаздың баласына бәрекелді,
Шығарып қорасынан айдап берді.

Барып ем анау үйге, лақ берді,
Баласы «бәсірем» деп жылап берді.
Баласы «бәсірем» деп жылағасын,
Шығарып қалтасынан пұл әперді.

Меккеде бір ағаш бар басы қара,
Жеңешем ұл туады қасы қара.
Жеңешем ұл туғанда қасы қара,
Барады «сүйінші» деп қайсы бала?!

Жеңешем осы үйдегі аппақ қана,
Өзіне шаңырағы шап-шақ қана.
Қояды сақинасын сақтап қана,
Барамыз біз ауылға мақтап қана.

Айтамын жарамазан ауылыңа,
Ауадай зарлап соққан дауылыңа.
Жігіттер, ораза тұт, оқы намаз,
Пейіштің қолың жетер қауымына.

Ар жақта тозақ тұрар тұздай болып,
Бер жақта пейіш тұрар мұздай болып.
Оразаң былтыр кеткен, биыл келді,
Ұзатқан қарқаралы қыздай болып.

Мінгені Пайғамбардың торы дейді,
Үстінде жалтыраған тоны дейді.
Қылмысы бұл дүниеге жақпағанның,
Барғанда ана жайға соры дейді.

Мінгені Пайғамбардың есек дейді,
Қолында жұдырықтай кесек дейді.
Қылмысы бұл дүниеде жақпағанның,
Барғанда ана жайда есептейді.

Мінгені Пайғамбардың торала-ды,
Торала қазығына оралады.
Қылмысы бұл дүниеде жақпағанның,
Барғанда ана жайда сор алады.

Айтамын жарамазан еліңізге,
Байлансын елу бота желіңізге.
Байланса елу бота желіңізге,
Кім келіп, кім кетпейді шеніңізге?

* * *

Айтқанда жарамазан қоямыз ба,
Кәдесін бұрынғының жоямыз ба?
Кәдесін бұрынғының жойғанменен,
Барғанда ана жайға оңамыз ба?

Жарамазан айта келдік есігіңе,
Қошқардай қос ұл берсін бесігіңе.
Қошқардай ұл берсе бесігіңе,
Кім келіп, кім кетпейді есігіңе.

Меккеде бір ағаш бар басы күйген,
Жайқалып жапырағы жерге тиген.
Өзге ағаш қураса да, қурамайды,
Құдайдың сол ағашқа нұры тиген.

Ақ тауық, қызыл тауық қырман шашар,
Осы үйде бір жеңгем бар теңге шашар.
Теңгесін шашпай-төкпей қолыма бер,
Артымда қу балалар ала қашар.

Ана ауылға барып едім, үйрек берді,
Үйрегін түйрегішке түйреп берді.
Мына ауылға барып едім, тайлақ берді,
Тайлағын ала жіпке байлап берді.
Ойпырмай, баласының пысығын-ай,
Асырып алты қырдан айдап берді.

Ахау айдай, өмір жайда-ай,
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан!

Алып шық, алып шық,
Сары табаққа салып шық.
Сары табаққа сыймаса,
Қалтаңызға салып шық.

Үй иесі:
— Бөлшіл, бөлшіл, бөлшіл бөл,
Бұрама темір, сым темір.
Отқа салса, жанбасын,
Суға салса, батпасын.

Қораңыз толы мал болсын,
Шараңыз толы май болсын.
Ұлыңыздың мінгені
Жорға-жорға тай болсын!

Ұлыңыз атқа мінгенде,
Көңіліңіз жай болсын.

Құдай берген несібең,
Тепкілесе кетпесін!

* * *

(Жарапазан айтқанда кейде бірі айтып, екіншісі қостаушы болады.)

Айтушы:
— Байлар, жатырмысың ұйқылы-ояу,
Тұсыңа Қыдыр келді атты-жаяу.
Мұхаммед, үмбетіңе жарапазан.

Қостаушы:
— Жарапазан, жарапазан!
Алла, Құдай, би рамазан!

Айтушы:
— Осы үйдің шаңырағы шап-шақ қана,
Жеңешем ішіндегі аппақ қана.
Береді бізге орамал сақтап қана,
Біз барамыз үйімізге мақтап қана,
Мұхаммед, үмбетіңе жарапазан!

Қостаушы:
— Жарапазан, жарапазан,
Алла, Құдай, би рамазан!

Айтушы:
— Қой ішінде екі қошқар теңеседі,
Бай-бәйбіше екеуі кеңеседі.
Бай айтар: «Саулық берсек қайтер еді»,
Бәйбіше айтар: «Жаулық берсек шығар еді»,
Мұхаммед, үмбетіңе жарапазан!

Қостаушы:
— Жарапазан, жарапазан!
Алла, Құдай, би рамазан!

Айтушы:
— Жарапазан айтқанның сауабы бар,
Отыз күн оразаға жауабы бар.
Берсеңіз, бермесеңіз не қамым бар?

Бозшұбар, астымдағы, шу, жануар.
Мұхаммед, үмбетіңе жарапазан!

Қостаушы:
Жарапазан, жарапазан,
Алла, Құдай, би рамазан!

* * *

Үйің, үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен.
Саба көркі бие екен,
Ақ ордадай көрінген,
Қай кісінің үйі екен?
Ассалаумағалейкум, ақтан келдік
Күн шығып, айы туған жақтан келдік.
Біз айтсақ жарапазан — әдет-ғұрып,
Пайғамбар жолын қуып атқа міндік.
Бай Мұхаммед, үмбетіңе жарапазан,
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жан!

Наурыз жыры

Кел, балалар, ойнайық,
Наурыз тойын тойлайық.
Сәтті күнгі мереке,
Қуанышты ойнайық.

Бүгін той,
Наурыз той.
Жаңа жылдың басынан
Күнтізбекті іліп қой.

Ата-ана жүзіне
Нұр толыпты үзіле.
Кең даламда береке,
Құс та келді тізіле.

Көктем, көктем жаңбырын,
Себелетіп тамдырдың.
Жалаңаяқ, жалаңбас,
«Жау жаңбыр» деп жаудырдым.

* * *

Наурыз құтты болсын,
Сауған сиырыңыз сүтті болсын.
Наурыз естен шыққан келді міне,
Ендігі Наурыз құтты болсын!

Шыназ ғана, Шыназ ғана,
Айналмайды Шыназдың суы аз болса.
Наурыз тойы келді тағы айтыңыз,
Өлең айтып кетейін біраз ғана.

Біле қойшы, біле қойшы,
Торы төбел ат міниіп желе қойшы.
Наурыз тойым, айналайын, келді міне,
Атыңнан айналайын, келе қойшы!

Жыл құсын көргенде

Самалық, самалық!
Көк құс көзін ашты ма?
Аяғын жерге басты ма?
Самалық, самалық!
Самарқанның көк тасы
Жібіді ме, көрдің бе?
Қап тауының көк құсы
Жүгірді ме, көрдің бе?
Самалық, самалық!

Тырналар қайтқанда

Тырналар-ау, тырналар!
Ұзын мойын мырзалар.
Есенбике жеңгелер,
Ескі тонын түймелер,
Арқан тарт, кілем арт,
Ақсақ қызға сәлем айт!

Жаңа айды көргенде

Балалар, балалар,
Айға бата беріңдер.
— Айдың көңілі жай болсын!

Балалардың мінгені
Жорға-жорға тай болсын!
Қырдан берсін, ойдан берсін,
Қызыл шұнақ қойдан берсін!
Жұртта қалған тулағың
Тулай-тулай тай болсын!
Жұртта қалған жұрының
Жұмалай-жұмалай қой болсын!
Менің атым — Сарыбай,
Сақалыма сары май.
Таңға жуық болғанда,
Бөденедей қорғалап,
Қырғауылдай жорғалап
Қыдыр келіп дарығай!

Ай туады дөңгелек

Ай туады дөңгелек,
Айға жұлдыз не керек.
Айдай сұлу болмаса,
Қыз да болып не керек.

Атың-атың ату бол,
Ағайынмен тату бол.
Бағаналы таудай бол.
Шағалалы көлдей бол!

Жаңбыр жауғанда

Жау, жау, жаңбыр,
Жау, жаңбыр!
Арық суы мол болсын!
Өсімдіктер көп болсын!
Жауған жерің шөп болсын!

Желге

Желдет, желдет!
Жетіқара дауылдат!
Өресін құлат,
Баласын жылат,
Тайтерісін қалтырат,
Науа-астауын жалтырат!



Наурыз жыры.
Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры
(1088-бума, 2-дәптер)



Наурыз жыры.
Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры
(1176-бума, 7-дәптер)

ОТБАСЫЛЫҚ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫ

Қазақ фольклорының ауқымды бір саласын құрайтын отбасылық фольклордың кешенді жүйесіне тән әрбір салт пен рәсімнің, сөз бен әрекеттің, ырым-тыйымның атқарылар орны мен уақытының ғасырлар бойына қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өзіндік заңдылықтары бар. Адамның дүниеге келуі, ержетіп отбасын құруы мен дүниеден өткеніне дейінгі аралықтағы барлық өмір кезеңдеріне қатысты фольклорда қазақтың дәстүрлі отбасылық ұстанымдарының тарихы, өмір тәжірибесінде тиянақталған танымдық, тағылымдық-тәрбиелік, кісілік-этикалық қағидалары жинақталған. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан бұл қағидалар бүгін де маңызды рөл атқарады.

Ұлттық дәстүрге қырын қараған кеңестік дәуірдің өзінде де қазақтың негізгі отбасылық заңдылықтары сақталып қалды. Халықтық ұстанымның сақталуында түрлі салт-дәстүр мен оған қатысты жанрлардың рөлі зор болды. Отбасылық фольклорды арнайы (Б.Уақатов) қарастыру, этнография, тарих, тіл т.б. түрлі ғылым салаларымен сабақтастықта кешенді түрде (К.Матыжанов) зерттеу ісі қолға алынып, оған қатысты мәтін үлгілері жекелеген фольклорлық жинақтарда, ғылыми-көпшілік басылымдарда, «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында (90—91-том) жарық көрді. Бұл басылымға еліміз ауқымында сақталған отбасылық фольклордың таңдаулы үлгілерімен қатар, Қытай, Ресей қазақтарынан жиналып алынған тың мәтіндер де енгізілді. Сол арқылы қазақ руханиятының біртұтастығы танытылып, елімізде кейбір көмескілене, ұмытыла бастаған ғұрыптық өлеңдер арқылы отбасылық ғұрыптың әу бастағы құрылымы қайта қалпына келтіріліп, оның біртұтас қызметін түсіну, ұғыну мүмкіндігі ашылды. Мәселен, қыз ұзату салтындағы сыңсу өлеңдерінің бұрын назарға ілінбеген мәтіндері томның тақырыптық ауқымын кеңейтсе (әрбір кейіпкерге байланысты мәтіндер алынып), азалау ғұрпына қатысты кейінгі кездері ұмытылған «тұлдау» рәсіміне байланысты тың мәтіндерді (атқа көрісу т.б) беру арқылы азалау ғұрпының ежелгі жүйесін таныту көзделді.

БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫ

Танымдық-тағлымдық, көркемдік-эстетикалық маңызы аса зор балалар фольклорын үлкендердің балаларға арнап шығарған және бүлдіршіндердің жеке шығармашылығының нәтижесінде өмірге келген туындылар құрайды. Мұндай шығармалардың алғашқы тобына сәбилік ғұмырдың белгілі бір кезеңдерінде атқарылатын ғұрыптарды іске асырған сәттерде айтылатын шығармалар жатады. Бұл санаттағы жырлар баланы бесікке салу, бесіктен шешіп алу, майлап-сылау, аяқ-қолын созу, уату-алдарқату, ойнату, алғаш жүре бастау, тұсауын кесу үдерістеріне қатысты орындалған. Олардың арасында бесік жырларының үлес салмағы айырықша басым. Балалар фольклорында балалардың жан-жақты дамуына, санауына, жақсы мен жаманды ажырата алуына, қоршаған ортаны танып-білуіне және өзге де пайдалы дағдыларға бейімделуіне айрықша мән берілген.

Басында ересектердің көмегімен көркемдік қабілеттері дамыған балалар өсе келе өздерінің жеке туындыларын да дүниеге келтіре бастайды. Оның үлкен бір саласы — балалардың арнау-тілек өлеңдері. Бұл шығармаларың ішінде ежелгі наным-сеніммен, мифтік санамен байланысты туғандары да, бергі замандардағы өмір шындығының әсерімен қалыптасқандары да бар. Олардан ежелгі адамдардың анимистік, тотемдік түсініктерін аңғаруға болады. Айға, күнге, жаңбырға, жыл мезгілдеріне, жануарларға, өзге де құбылыстарға тіл қатып, тілектерін білдіру, сұрану, жалбарыну мәніндегі туындылар көне-наным сенімдермен тікелей байланысты. Жеткіншектердің салттан тыс шығармашылығына тақпақтар, мазақтамалар, сұрақтамалар, қызықтамалар, санамақтар, қаламақтар т.б. өлеңдер жатады.

СӘБИЛІК САЛТ ЖЫРЛАРЫ

Баланы майлап-сылағанда

Тәу, тәу, тәу,
Сыламақ менен,
Қатып қалмақ сенен.
Менің қолым емес,
Бибі Фатима, Бибі Зухра қолы,
Ұмай ана, Қамбар ана қолы!
Тастай қыл,
Темірдей қыл.
Сүттей ақ қыл.
Дерт үйге кірмесін,
Балаға тимесін.

Бесікті аластау

Алас, алас, баладан алас,
Иесі келді, пәлесі көш!
Алас, алас, бәледен алас,
Көзі жаманның көзінен алас!
Тілі жаманның тілінен алас!
Қырық қабырғасынан алас,
Отыз омыртқасынан алас!

Алас, алас, аласы,
Келді, міне, баласы.
Көш, көш, пәлесі,
Келді, міне, егесі.

Аталарың ақырса, одан қорықпа,
Аналарың, ағаларың шақырса, одан қорықпа.
Ойнақтаған лақтан қорықпа,
Сылдыраған бұлақтан қорықпа.
Тулаған тайдан,
Қуалаған ботадан қорықпа!
Маң төбеттей ұйқылы бол,
Түлкінің баласындай күлкілі бол.

Алас, алас, аласы,
Келді, міне, баласы.
Ұйықтап демалсын,
Қуанып оянсын!

Бесікке бөлеу

Мойнымдағы тұмарым,
Тарқамайтын құмарым.
«Тағдыр берген алсын» деп,
«Ақ бесікке салсын» деп.

Мойнымдағы маржаным,
Қорадағы мал-жаным,
Бесігіңе жата ғой,
Тәтті ұйқыға бата ғой!

Балам жатсын бесікке,
Пәлесі қалсын есікте.

Бесіктен шешіп аларда

Анасы шешіп алсын,
Ұйқысы бесікте қалсын.
Балам бесіктен шықсын,
Пәлесі есіктен шықсын.

Бала алғаш отырғанда

Отырсын, бөпем, отырсын,
Құшағын гүлге толтырсын.

Жаңа киім кигізгенде

Жағасы жайлы болсын,
Етегі майлы болсын.
Киімің тоза берсін,
Өмірің оза берсін.

Өс-өс!

(Балдырғанның қол-аяғын созу)

Өс-өс, балам, өсе бер,
Батыр бол балуан білекті,
Батыл бол таймас жүректі.

Аяғыңды созайық,
Саусағыңды жазайық,
Етті болсын балтырың,
Епті боп өс, жарқыным.
Өс-өс, өс!

* * *

... Сыламақ менен,
Мықты болмақ сенен!
Жауырының жабыспасын,
Қабырғаң қабыспасын.
Өс-өс, өс!

* * *

Екі қолын екі жаққа созып:
Қаздың қанатын берсін!
Екі аяғын соза сілкілеп:
Тырнаның аяғын берсін!
Өс-өс, өс!

Тұсау кесу жыры

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Қадам бассаң, мәз болам.
Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Тақымыңды жаз, балам.
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.

Қаз-қаз, балам, жүре ғой,
Балтырыңды түре ғой.
Тай-құлын боп шаба ғой,
Озып, бәйге ала ғой.

Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың.
Өмірге аяқ баса бер,
Асулардан аса бер.

Жүгіре қойшы, құлыным,
Желбіресін тұлымың,
Елгезек бол, ерінбе,
Ілгері бас, шегінбе.

Тәй-тәй

Тәй-тәй, балам, тәй, балғын,
Жүре қойшы жай, балғын,
Қарыс сүйем қаз бастың,
Қадамыңнан айналдым!

БЕСІК ЖЫРЫ

Бесік жыры *(I нұсқа)*

Әлди, әлди, әлди, бөпем,
Әлдилесем келеді-ау,
Неше түрлі өлеңім.
Алтыннан болсын шүмегің,
Күмістен болсын түбегің.
Сені туды дегенде,
Жарыла жаздады-ау жүрегім.
Соңыңнан ерсін көмегің,
Жалғыз да Құдай жар болып,
Қабыл болсын тілегің.

Бесік жыры *(II нұсқа)*

Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып беремін.
Байқасқаның құйрығын,
Жіпке тағып беремін.
Алалай да бұлалай,
Ат болады жорға тай.
Су ішінде қоғажай,
Сымсыз біткен жарағай.
Басына бұтақ байлаған,
Түбінде шай қайнаған.
Қос кедейдің баласы,
Ақырда тұрып ойнаған.

Ойнағанын қоймаған,
Әсте пұлын жоймаған,
Әлди, бөпем, әлди-ай.

— Түлкішек-ау, түлкішек,
Түнде қайда барасың,
— Мамам үйіне барамын,
— Мамам саған не берер?
— Ешкі сауып сүт берер,
Ешкісінің сүті жоқ,
Лағының бұты жоқ.
Қойға барсаң қошқар жоқ,
Қоңыр саулық онда жоқ,
— Одан ары не көрдің?
— Ұшар-ұшар құс көрдім,
Ұшып кетті аспанға,
Қайтып түсті дарияға.
Дарияның суы құрыды,
Балықтары шіріді,
Екі байдың жұртында,
Екі тышқан ұрысты,
Кемпір менен шалдардың,
Ауыздары бүрісті.

Бесік жыры *(III нұсқа)*

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ұйықтай қойшы, жан бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Көзің жасын бұлама.
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын,
Жіпке тізіп берейін.

Бөпем менің ай ма екен,
Шекер ме екен,
Бал ма екен?
Ойнақтап бір бәйгеден,
Озып келер тай ма екен?
Бөпем менің қайда екен?
— Асқар Алатауда екен.
— Тауда не қып жүр екен?

— Алма теріп жүр екен.
— Алмасынан, кәнеки?
— Жаңа теріп жүр екен.
— Терсе, терсе, терсе екен,
Үйге жылдам келсе екен.

Бесік жыры *(IV нұсқа)*

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын,
Жіпке тағып берейін.
Көтендегі сатпағын,
Быламық қылып берейін.

Әлди, әлди, бөпешім,
Қозы жүні көкешім.
Жұрт сүймесе, сүймесін,
Өзім сүйген бөпешім.

Әлди, әлди, әлди жар,
Аспаннан бұлт жауды қар,
Әли мінген Дүлдүлдің,
Саурысында бар-ды қал.
Аспаннан түскен көк қошқар —
Шығыршық мүйіз жануар.

Әлди, әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым.
Басқаға жаман болса да,
Өзіме жақсы аппағым.

Әлди, әлди, шырағым,
Көлге біткен құрағым.
Жапанға біткен терегім,
Жаман күнде керегім.

«Әлди, әлди!» — десем мен,
Аллаға құл болсам мен.
Жаратқанға жалынып,
Жанымды құрбан қылсам мен.

* * *

Балам, балам, балдайын,
Қаймақ беріп алдайын.

* * *

Қарағым менің қандай-ды?
Мойнына садақ байлайды.
Шапқан жаудың жылқысын
Дүркіретіп айдайды.

* * *

Айналайын жайнағым,
Сүт бетінде қаймағым.
Жанға дауа наз үнің,
Ат байлайтын қазығым!

* * *

Менің бөпем ақ сары,
Бөпем шашы сап-сары,
Бөпем мінген бесіктің
Бекімейді жапсары.
Бекімесе, бел түрсін,
Шекер мен бал келтірсін,
Беліне шашы құйылсын,
Бикелері жиылсын.
Ақ теректің астынан
Қарт атасы да келсін.
Қалампырдың қасынан
Қарт әжесі де келсін,
Беліне қылыш байлаған
Бел ағасы да келсін...

Әлди, әлди, әл бөпем

Әлди, әлди, әл бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.

Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін.

Әлди, әлди, бөпешім,
Қозы жүнді кепешім.
Жұрт сүймесе, сүймесін,
Өзім сүйген бөпешім.

Әлди, әлди, әлди жар.
Аспаннан бұлт жауды қар.
Әли мінген Дүлдүлдің
Саурысында бар-ды қал.
Аспаннан түскен көк қошқар —
Шығыршық мүйіз жануар.

Әлди, әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым.
Жалпыға жаман болса да,
Өзіме жақсы аппағым.

Әлди, әлди, шырағым,
Көлге біткен құрағым.
Жапанға біткен терегім,
Жаман күнде керегім.

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Қонақ келсе, қой, бөпем,
Қой тоқтысын сой, бөпем,
Қуырдағына той, бөпем.

Әлди, әлди, анашым,
Қой терісі шанашым.
Жұрт сүймесе, сүймесін,
Өзім сүйген анашым.

Әлди, әлди, апатай,
Көп жылама, қалқатай.
Әлдилесем, жыламас,
Ақылы көп балақай.

Әй, Алдоңғар, Алдоңғар,
Алла болғай бізге жар!

Әли мінген шұбардың
Асығында ағы бар,
Тобығында меңі бар,
Сала құлаш мойны бар.
Аққан дария сеңі бар,
Әркімдердің теңі бар.
Үлкен үйде бақан бар,
Бәйбішеге тоқал бар.
Сом темірге балға бар,
Сомсынғанға күшті бар.

Айналайын айымыз,
Алты қарын майымыз.
Жеті қарын жентіміз,
Шаһар Бұхар кентіміз.

Әлди, балам, әлди-ай

Әлди, бөпем, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Астыңа терлік салайын,
Үстіңе тоқым жабайын.
Ауылдан кеткен апаңды
Іздеп қайдан табайын.
Жылама, балам, жылама,
Атаекеңді қинама.

Арша ма екен бесігі,
Ала ма екен әкесі?
Өрік пе екен бесігі,
Сүйе ме екен әкесі?
Жиде ме екен бесігі,
Жігіт пе екен әкесі?
Жылама, балам, жылама,
Ата-анаңды қинама.

Құрығыңды айырып,
Түнде жылқы қайырып,
Қызмет қылар ма екенсің?
Қолымыздан іс алып,
Мойыныңа күш алып,
Бақытымызға, жан балам,

Бізді бағар ма екенсің?
Жылама, балам, жылама.

Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап,
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің?
Кең балағың түрісіп,
Ойға, тауға жүрісіп,
Балуан болар ма екенсің?
Қылған ісің оң болып,
Кигенің жақсы тон болып,
Момын болар ма екенсің?
Жылама, балам, жылама,
Әлди, бөпем, ақ бөпем.

Алтынмен шоқтап бөрікті
Берсек пе екен осыған?
Біз садақа, біз зекет
Кетсек пе екен осыдан?
Менің тәттім қайда екен?
Қыздарменен тойда екен.
Тойда болса, отырсын,
Қолына жүзік толтырсын.
Жылама, балам, жылама,
Атаекеңді қинама.

Бал қайнатып, шай ішкен,
Қазы кертіп, жал жеген,
Асты болар ма екенсің?
Ұзақ жасап, көбірек
Басты болар ма екенсің?
Әлди, бөпем, әлди-ай.

Қарағай найза қолға алып,
Жауға тиер ме екенсің?
Қашқан жаудың артынан

Тұра қуар ма екенсің?
Жылама, балам, жылама,
Әлди, бөпем, ақ бөпем.

— Қайда екен, балам, қайда екен?
— Қыздарменен тойда екен.
Қызыл алма қолында,
Қыздар мұның жолында.
Алла, балам, Алла жар!
Армансыз дүние кімде бар?!
Біреудің болып көңілі шат,
Армандылар аһ ұрар.
Әлди, балам, әлди-ай.

Жездей-жездей қолыңнан
Жезделерің айналсын.
Аппақ-аппақ қолыңнан
Апаларың айналсын.
Әлди, балам, әлди-ай.

Әлди, балам, батыр балам,
Шауып келе жатыр балам.
Отыз қызды олжалап,
Алып келе жатыр балам.
«Олжа, олжа!» дегенде,
Әрбіріне бір қыздан
Беріп келе жатыр балам.
Әлди, балам, әлди-ай.

Әлди, балам, ақ балам,
Ақ бесікке жат, балам.
Айналайын көзіңнен,
Атасына нақ, балам.
Әлди, балам, әлди-ай.

Әуедегі жұлдыздай,
Суда жүзген құндыздай,
Өзім қалап сүйгендей,
Жұмақтағы хор қыздай.
Әлди, балам, әлди-ай.

Көзімнің ағы, қарасы,
Жүрегімнің парасы.

Дүние қамды ойлатпас
Көңілімнің данасы.
Әлди, балам, әлди-ай.

Айналайын шырағым,
Көлге біткен құрағым,
Жағамдағы құндызым,
Әуедегі жұлдызым.
Әлди, балам, әлди-ай.

Айналайын балам-ай,
Айналсын сенен анаң-ай.
Әлдилеп сені сүйгенде
Атаңның болар көңілі жай.
Әлди, балам, әлди-ай.

Әлди, бөпем, әлди

Әлди, бөпем, әлди,
Шырын сөзім, әлди,
Екі көзім, әлди,
Әлди, бөпем, әлди.
Саятайым, әлди,
Құлынтайым, әлди,
Әлди, бөпем, әлди.
Ерке балам, әлди,
Серке балам, әлди,
Әлди, бөпем, әлди.
Әлди, құлыным, әлди,
Ұйықта, жаным, әлди.
Әлди, бөпем, әлди!

Жылама, әлди, жылама

Әлди, бөпем, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Быламыққа май құйып,
Төңкерме қып берейін.

Жылама, әлди, жылама,
Жылама, әлди, жылама.

Жылама, әлди, жылама,
Жылама, әлди, жылама!

Шылдыр-шылдыр шылдырлақ,
Су ағады сылдырлап.
Былдыр-былдыр былдырлақ,
Не сөйлейді былдырлап?

Жылама, әлди, жылама,
Жылама, әлди, жылама.
Жылама, әлди, жылама,
Жылама, әлди, жылама!

* * *

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем,
Бурыл тайға мін, бөпем!
Ақ қызы бар ауылдың
Балпаң-балпаң үйіне
Бұрала барып түс, бөпем!
Қымызынан іш, бөпем!
Қымызынан ішпесең,
Қызын ала қаш, бөпем!
Ашуланса ағасы,
Іштен шалып жық, бөпем!
Кекеңдесе жеңгесі,
Жынға басын тық, бөпем!

— Күнітайым қайда екен,
Саятайым қайда екен?
— Асқар-асқар тауда екен.
— Тауда не қып жүр екен?
— Алма теріп жүр екен?
— Алмасынан, кәнеки?
— Жаңа теріп жүр екен.
— Жаңасынан, кәнеки?
— Жаңа барып жүр екен.

Бөбегім-ау

Әлди, әлди, бөбегім,
Жұбанбайтын не дедім?
Бөбегімді емізіп,
Бесігіне бөледім.
Әлди, әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым,
Түлкі жортпас түлейден
Жол салдырған қарсағым.
Әлди, әлди, бөбегім-ау!

Әлди, әлди, әлди қақ,
Ер жеткенде жылқы бақ,
Үлкен таудан түлкі қақ.
Тәңір берсін басыңа бақ!
Әлди, балам, әлди-ай.

Әлди, әлди, тайлағым,
Өрістегі шаңдағым,
От басында ойнағым,
Сүт бетінде қаймағым.
Әлди, балам, әлди-ай.

Әлди, әлди, оймағым,
Оймағыммен ойнадым.
Күнде әлдилеп сүйсем де,
Қызығыңа тоймадым.
Әлди, балам, әлди-ай.

Әлди, әлди, ақ бөпем

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін.
Ақ сүтімді еміреніп
Омырауымнан берейін.
Арғымаққа мінгізіп,
Хан қызын алып берейін.

Тапыл басып жүргенде,
Тілің шығып сөйлерде,
Ақсарбас сойып, қуанып,
Өміріңді тілейін.
Жылама, бөпем, жылама.
«Ана сүтін ақта!» — деп,
Батамды тағы берейін.
Жігіт болып өскенде,
Қызығыңды көрейін.

Жылама, бөпем, жылама,
Үстем болсын мерейің.
Әлди-әлди баладан,
Тауып алдым даладан.
Далада бала жата ма,
Тілеп алдым Алладан.

Әлди-әлди, абайым,
Атқа көрпе жабайын.
Сенің шешең қыдырма,
Іздеп қайдан табайын.

Бала, бала, балдырған,
Сүйсе, мейір қандырған.
Ханның қызы болмаса,
Қараның қызын алдырман.

Әлди, әлди, әлди қыз,
Асқа қатық, етке тұз.
Былайғы қазақ болар ма
Біздің қыздай сіздің қыз?

Айналайын баладан,
Тауып алдым даладан.
Далада бала жата ма,
Түсіп қалған шанадан.
Шанадан бала түсе ме,
Сұрап алған Алладан.

Қызым, қызым, қызалақ,
Қыздың басы домалақ.
«Қызым қайда?» дегенде,
Келе қалар домалап.

Балам, балам, баламсың,
Атқа мініп шабарсың.
Жаным саған ашиды-ау,
Ат астында қаларсың.

Әлди, әлди, баласы,
Бидай толған шанасы.
Нанбасаңыз, қарашы,
Апасының баласы.
Баласын жырлап жүрсем де,
Жаратпайды анасы.

Бөпешім менің ұға ма?

Қаз-қаз, балам, басарсың,
Сүтке суды қосарсың.
Тал шыбықтан ат мініп,
Балдырған мылтық асарсың.
Жылама, балам, жылама,
Апаңды сен қинама!

Жұмыстарың таусылмай,
Терлеп-тепшіп жүрерсің.
Қызығымен ойынның
Сақылдап сен де күлерсің,
Ес тоқтатып бір кезде,
Алды-артыңды білерсің.
Әлди, балам, әлди-ай,
Апаң айтқан ән-күй-ай.

Бесік жырын апаңның
Кішкенеңнен жаттай бер.
Қаз-қаз тұрып өмірге,
Басып табан аттай бер.
Әкең сенің куансын,
Шешең сенің қуансын,
Өзіңе арнап, бөпешім,
Тау суындай сарқырап,
Толқып аққан жыр алсын.

Жеңілтек болма, бөпешім,
Салмақты бол ерлердей.

Жүгіре берме даланда п,
Құр бекерге ербеңдей.
Жылама, балам, жылама,
Атасы айтқан бұл сөзді
Бөпешім менің ұға ма?
Әлди, балам, әлди-ай!

Жетіге қашан келесің?
Суын әкеп шешеңнің
Ержеткен соң берерсің.
Құрығын ұстап әкеңнің,
Соңынан сен де ерерсің.
Жылама, балам, жылама,
Апаңды сен қинама!

Ұйықтай қойшы, бөпешім

Әлди, әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Көзіңнің жасын бұлама!

Көзімнің ағы, қарасы,
Жүрегімнің парасы.
Дүние қамды ойлатпас,
Көңілімнің данасы,
Әлди, балам, әлди!

Қызыл алма қолында,
Қыздар мұның соңында.
Әлди, әлди, әлди-ай,
Әлди бөпем қалғы жай!

Ғалым болар ма екенсің?!
Еңбек етіп бар елге,
Өнеріңмен әлемге
Мәлім болар ма екенсің?!
Көп қиыннан өтерсің,
Мақсатыңа жетерсің,
Ұйықтай қойшы, бөпешім!

УАТУ-АЛДАРҚАТУ ЖЫРЛАРЫ

Уату

Ой-ой, жаным, ой, жаным,
Мойнымдағы маржаным.
Садақа саған мал-жаным.
Жас алыпсың көзіңе,
Не болды екен өзіңе?
Саған тиген кісінің
Қолы сынсын таң ата,
Көзі шықсын күн бата.

Ақ бөпем

— Алатаудың басынан не көрдің?
— Ақ бесікті мен көрдім.
Ақ бесіктің ішінен
Ақ баланы мен көрдім.
Ақ баланың қолынан
Ақ биялай мен көрдім.
Ақ биялай ішінен
Қызыл алма мен көрдім.
Қызыл алма тістедім,
Ақ бөпемді иіскедім.

Жұбату

Ұлыма не болыпты?
Көзіне жас толыпты,
Көзің қызармасын,
Түрің бозармасын.
Мұнша жылап не етесің?
Бет-аузыңды көн етесің.

Құлақ кесу

Қарғам, қарғам деседі,
Қарғам қашан өседі?
Жақсы тілек жар болса,
Сонда қарғам өседі.

Қарғам соққан пышағы
Қызыл қырғыш деседі,
Ашуына тисеңдер,
Құлағыңды кеседі.

Айналайын баладан

Айналайын баладан,
Тауыпалдық даладан.
Далада бала жата ма?
Түсіп қапты шанадан.

Айналайын айдан

Айналайын айдан,
Су алайын сайдан,
...* бөпешім,
Тисін елге пайдаң!

Аспандағы жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым,
Ұйықтай қойшы тезірек,
Толықсыған қырмызым!

Ойнар

Басыр, басыр,бас ойнар,
Екі бақсы тас ойнар.
Көбік қарда түлкі ойнар,
Көктемеде жылқы ойнар,
Арық атқа қамшы ойнар,
Жыртық үйде тамшы ойнар,
Көже менен тұз ойнар,
Етік пенен біз ойнар...

СҰРАМАҚ

Апам үйіне барамын

— Апам үйіне барамын.
— Апаң үйі не берер?
— Ешкі сауып сүт берер,
Лақ сойып ет берер.
— Оны қайда қоямыз?
— Тал түбіне қоямыз.
— Ит жеп кетсе, қайтеміз?
— Бақан ала қуамыз.
— Жеткізбесе, қайтеміз?
— Жылай-жылай қаламыз.

Бақа

— Бақа, бақа, балпақ,
Басың неге жалпақ?
Көзің неге тостақ,
Бұтың неге талпақ?
— Темір телпек көп кидім,
Басым сонан жалпақ.
Көп көсіліп үйімде,
Бұтым содан талтақ.
Қырдан қарауыл көп қарап,
Көзім содан тостақ.

Ауылың қайда?

— Ауылың қайда?
— Асқар тауда.
— Қойың қайда?
— Қошқартауда.
— Қойың не жейді?
— Жусан жейді.

Кім айтар?

— Қарқ-қарқ, қарғалар,
Қар үстінде жорғалар.

— Жорғалар деп кім айтар?
— Аң аулаған аңшы айтар.
— Аңшы айтар деп кім айтар?
— Мал қайырған малшы айтар.
— Малшы айтар деп кім айтар?
— Арқандаулы бие айтар,
Сортаңдағы түйе айтар.
— Түйе айтар деп кім айтар?
— Құдықтағы бақа айтар.
— Бақа айтар деп кім айтар?
— Бақылдаған теке айтар.
— Теке айтар деп кім айтар?
— Жартастағы ешкі айтар.
— Ешкі айтар деп кім айтар?
— Телі емген бесті айтар.
— Бесті айтар деп кім айтар?
— Сылдырап аққан су айтар.
— Су айтар деп кім айтар?
— Сыбдыраған көк айтар.
— Көк айтар деп кім айтар?
— Көк орай шалғын шөп айтар.
— Шөп айтар деп кім айтар?
— Қыдыра қырда жүгірген
Қызыл киік баласы.
Жар жағалай жүгірген
Жасыл киік баласы.

Кім күшті?

Ерте, ерте, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен.
Қырғауылы қызыл екен,
Құйрық жүні ұзын екен.
Қырғауылы қырқылдап,
Жалтыр мұзға сыртылдап,
Алшая келіп қонып ты.
Шаты айырылып қалыпты.
Қисая жатып қырғауыл
Сонда мұздан сұрапты:
— Мұз, мұз, сен неден күшті болдың?
Мен күшті болсам,
Бауырымды жаңбырға тестірмес едім.

Жаңбыр, жаңбыр, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Жерге жұтқызар ма едім?
— Жер, жер, сен неден күшті болдың?
Мен күшті болсам,
Көк шөпке бауырымды жардырмас едім.
— Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Көк тоқты мойнымнан жұлқымас еді.
— Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Көк шұнаққа құйрығымды жұлқытпас едім.
— Қасқыр, қасқыр, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Көк мылтыққа қоңымды ойдырмас едім,
— Көк мылтық, көк мылтық, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.
— Тышқан, тышқан, сен неден күшті болдың?
— Мен күшті болсам,
Құмырсқаға ен салдырмас едім.
— Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшті болдың?
— Алты батпан ауырды
Арқалаған күштімін.
Жеті батпан ауырды
Желкелеген күштімін.

Түйе, түйе, түйелер *(I түрі)*

— Түйе, түйе, түйелер,
Тұзың қайда, түйелер?
— Балқан таудың басында,
Балды қоян қасында...
Еніп кеттім еңіске,
Қойным толды жеміске,
Жемісімді жерге бердім,
Жер жусанын берді.
Жусанын мен қойға бердім,
Қой маған қошақанын берді,
Қошақанды мен қонаққа сойдым,
Қонақ маған қамшысын берді.
Қамшысын мен қазға бердім,

Қаз маған жұмыртқасын берді.
Жұмыртқаны мен енекеме бердім,
Енекем маған бір алаша тай берді,
«Алаша тайға мін!» — деді,
«Олай-бұлай жүр!» — деді,
«Қымызынан іш!» — деді.
«Қымызынан бермесе,
Тайыңа міне шап!» — деді.
«Қызын ала қаш!» —деді.

Түйе, түйе, түйелер *(II түрі)*

— Түйе, түйе, түйелер,
Тұзың қайда, түйелер?
— Балқан таудың басында,
Балды қоян қасында...
Еніп кеттім еңіске,
Қойным толды жеміске,
Жемісімді жерге бердім,
Жер жусанын берді.
Жусанын мен қойға бердім,
Қой маған қошақанын берді.
Қошақанды мен қонаққа сойдым,
Қонақ маған қамшысын берді,
...Қамшысын қызға бердім,
Қыз түймесін берді.
Түймесін көлге бердім,
Көл көбігін берді,
Көбігін терекке бердім,
Терек қабығын берді,
Қабығын келіншекке бердім,
Келіншек орамалын берді.
Орамалын апама бердім,
Апам асық берді.
Асығын мұзға бердім,
Мұз суын берді.
Суын қара сиырға бердім,
Қара сиыр сүтін берді.
Сүтін пісіріп отыр едім,
Көбелек келіп көлп етіп,
Көбігін ішіп ол кетті.
Жапалақ келіп жалп етіп,

Жармысын ішіп ол кетті.
Қарға келіп қарқ етіп,
Қалғанын ішіп ол кетті.
Сауысқан келіп саңқ етіп,
Сарқып ішіп ол кетті.
Әтекем келіп еді,
Қаспағын қырып бердім...

Түлкішек

Түлкі, түлкі, түлкішек,
Түнде қайда барасың?
Апам үйіне барамын.
Апаң үйі не берер?
Ешкі сауып сүт берер,
Лақ сойып, бұт берер.
Оны қайда қоясың?
Жалпақ тасқа қоямын.
Қатып қалса, қайтесің?
Қатыр-құтыр шайнаймын.
Жағың сынса, қайтесің?
Тал жібекпен байлаймын.
Қан болып қалса, қайтесің?
Су түбіне байлаймын.
Ағып кетсе, қайтесің?
Үңгір-үңгір қуамын.
Жеткізбесе, қайтесің?
Жылай-жылай қаламын.

МАЗАҚТАМА

Кетік

Кетік-кетік, кекшебай,
Талқаныңды екше бай,
Тауға барып тары же,
Тауыспасаң, тағы же!

Кетік балаға

Кетік, кетік, кетігім,
Маңдай тісі сетігім.

Судан шортан асып же,
Тұзды суға салып же.
Кетігіңді жалама,
Кем тісіңді санама.

Асық-ай

Асық, асық, асық-ай,
Атам берген қасық-ай!
Мен — атамның баласы,
Байғараның жасығы-ай!

Алыссам, оны жығамын,
Басын құмға тығамын,
Әжем берген көжесін
Желкесінен сығамын!

* * *

— Ақтұш!
— Ақ сиырдың сүтін іш!
Ақ сүт берер саған күш.
Шым-шым мөлдір суға түс!
Тұмау тисе, қуа түс!

Сүйімжан

Менің атым — Сүйімжан,
Тентекпін-ау құйыннан!
Жаман тоным жалп етіп,
Құлап қалдым сиырдан!

Ойнамасаң, ойын бақ

Ойнамасаң, ойын бақ,
Қойшыбайдың қойын бақ!
Қара бие сояйын,
Қағын саған қояйын,
Кетік пышақ берейін,
Кертіп жесең, көрейін!

* * *

... келеді сайменен,
Құла қасқа тайменен.
Тайы жүрмей, қамшылайд,
Көзінен жасы тамшылайд!

* * *

Өтірікші, өрмекші,
Ішің кеуіп, дөңбекші!

* * *

... батыр,
Жолда жатыр.
Түйе теуіп,
Іші кеуіп,
Жылап жатыр!

* * *

... жаман,
Түйе табан.
Айран ішкен,
Іші кепкен,
Батпақты кешкен.

Алдаушы

... жақсы деймін,
Нанын алдап жеймін!
Алдағанға көнбесе,
«Жаман бала» деймін!

Бауырсақ

Нәйім-нәйім бауырсақ,
Қойға қарай жүгірсек.
Қой ішінде көк ісек.
Жақсы бала — малсақ,
Жаман бала — үйкүшік.

Нәйім-нәйім бауырсақ,
Бауырсақты қуырсақ.
Жақсы бала — малсақ,
Жаман бала — ауылсақ.

* * *

Шұбыртпалы шұбырған,
Тышқан етін қуырған.
«Пісті, пісті» дегенде,
Пышақ ала жүгірген.
«Түсті, түсті» дегенде,
Шөміш ала жүгірген.

Тәжікелесу

— Немене!
— Бөдене!
— Ішіңе тисін тегене!
— Төмен қарай дөңгеле!

ҚАЛАМАҚ

Қаламақ *(I түрі)*

Қағаз, қалам
Қолға алам,
Елге барам,
Малшы болам.
Сиыр бағам,
Ешкі сауам,
Отын шабам,
Оны жарам,
Отын жағам.
Он атта
Оң жаққа.

Қаламақ *(II түрі)*

— Қоян, қашқын,
Қайда қаштың?

— Тоғайға қаштым.
— Неге қаштың?
— Сенен састым.
— Неге састың?
— Ізімді бастың.
— Ендеше қашпа.
— Мылтығыңды таста.
— Аузыңды аш та,
Он сөз — зыт тез!

Қаламақ *(III түрі)*

Жылқы-мылқы,
Ойын-күлкі,
Сиыр-миыр,
Ешкі-мешкі,
Түйе-мүйе,
Қой-мой,
Қозы-мозы,
Торғай-морғай,
Қос сөздер осылай.
Он атта
Солжаққа.

Қаламақ (*IVтүрі)*

Өгіз семіз,
Жылқы қоңды,
Түйе қомды,
Ешкі майлы,
Шажырқайлы.
Сиырым сүтті,
Саулығым құтты.

Қаламақ *(V түрі)*

Қарға, қарға, қарғалар,
Қанатымен жорғалар,
Есенбике жеңгелер,
Күміс тонын түймелер,
Атой салдым қабақта,
Мейіз салдым табаққа.

Қаламақ *(VI түрі)*

Ойын алдында балалар екі жетекші сайлайды, содан соң екі-екіден жұптасып, өздеріне жасырын ат қояды. Сол жасырын ат бойынша екі жетекшіден кезек-кезек қалауын сұрайды. Мысалы: «Аспандағы жұлдыз керек пе, судағы құндыз керек пе?». Жетекшінің бірі: «Судағы құндыз», — дейді. «Құндыз бала» сол жаққа шығады. Осылайша олар екі топқа бөлінеді.

Аспандағы жұлдыз керек пе,
Судағы құндыз керек пе?

* * *

Ақ сандық па,
Көк сандық па?

* * *

Түйенің ботасы керек пе,
Жердің жотасы керек пе?

* * *

Алтын асық керек пе,
Күміс қасық керек пе?

* * *

Тебеген бие керек пе,
Қашаған түйе керек пе?

* * *

Көлшіктегі көлбақаны аласың ба,
Тастақтағы тасбақаны аласың ба?

* * *

Кімге ат,
Кімге арба?

Қаламақ *(VII түрі)*

Бір, екі,
Жердің беті.
Сары шымшық,
Тез ұшып шық!

* * *

Шал мен кемпір келе жатып,
Арбасының доңғалағы сынып қапты.
Оны жөндеу үшін неше шеге керек?
Бір,
Екі,
Үш,
Төрт,
Бес,
Алты,
Жеті —
шығып кетті!

* * *

Ақ тас, қара тас,
Сен қаш, сен бас.

* * *

Тапқан тапқандікі,
Ешкі баққандікі.

* * *

Ірімшік, ірімшік,
Сен тұр, сен шық!

«Тоқтышақ» ойынындағы қаламақ

Бірім — бірім,
Екім — екім,
Үшім — үшім,
Төртім — төртім,

Бесім — бесім,
Алтым — алтым,
Алты малтам,
Алтын балтам,
Сары ала қаз
Саңқылдауық,
Қырман тауық
Қырқылдауық.
Сен кір, сен шық.

Кім керек

— Ақ серек,
Көк серек,
Бізден сізге кім керек?
— Ақ шанаш,
Көк шанаш,
Ішінде бар көп шанаш.
— Ақбай;
— Көкбай;
— Боранбай;
— Ботабай;
Ай, зу-у-у...
(Жарыса жөнеледі.)

Ақ серек, көк серек

Тем-тем, тем еткен,
Тебінгіден тер өткен,
Қанжығадан қан өткен,
Қарағай басын қайырған,
Жаудан жылқы айырған.
Ай керек-ау, ай керек,
Айдың басы дөңгелек.
Ақ серек пен көк серек,
Шауып алдым бәйтерек,
Сонау тұрған баланың
Өз басы керек.

Ақ сандық, көк сандық

Ертең аулым көшеді,
Уық бауын шешеді.
Ала тайым ойнайды,
Қара тоқтым қашады,
Құмалағын шашады.
Ақ сандық,
Көк сандық,
Арқан тарт,
Кілем арт!

Жасырынбақ

Бірім,
Екім,
Тығыл!
Бекін!
Мен санайын.
Сен бол дайын.
Сары шымшық,
Сыртылдауық.
Сен тұр,
Сен шық!

«Көз қарасу» ойыны

Көзім, көзім, көз айна,
Көзімде бар шоңайна,
Шоңайнасы кіреді,
Жұм көзіңді, абайла.

САНАМАҚ

Санамақ *(I түрі)*

Басбармақ,
Балаң үйрек.
Ортан терек,
Шылдыр шүмек.
Кішкене бөбек.

Сен қозыңа бар,
Сен лағыңа бар,
Сен тайыңа бар,
Сен бұзауыңа бар.

Мына жерде май бар, қазы-қарта бар, кәмпит бар, жаңғақ бар, ет бар, қант бар, құрт бар, мына жерде кішкене ғана күлкісі бар, күлкісі бар.

Санамақ *(II түрі)*

Бір дегенім — бөрік,
Кисең бойға көрік.
Екі дегенім — етік,
Киер сәнді етіп.
Үш дегенім — ішік,
Теріден тігер пішіп.
Төрт дегенім — тымақ,
Қыста кисең жылы-ақ.
Бес дегенім — байпақ,
Іші жылы тайпақ.
Алты дегенім — алқа,
Мойныңа тақ ал да.
Жеті дегенім — жейде,
Кір болмасын кейде.
Сегіз дегенім — сеңсең,
Жылысы тонның кисең.
Тоғыз дегенім — телпек,
Болма, бала, тентек.
Он дегенім — оймақ,
Жүрме босқа ойнап.

Санамақ *(III түрі)*

Бірім — бір,
Екім — екі,
Үшім — үш,
Төртім — төрт,
Бесім — бес,
Алтым — алты,
Жетім — жеті,
Сегізім — сегіз,

Тоғызым — тоғыз,
Оным — он.
Он бірім —
Оны тапшы ай-күнім?
Бір дегенің — білеу,
Екі дегенің — егеу.
Үш дегенің — үскі,
Төрт дегенің — төсек,
Бес дегенің — бесік,
Алты дегенің — асық,
Жеті дегенің — желке,
Сегіз дегенің — серке,
Тоғыз дегенің — торқа,
Он дегенің — оймақ,
Он бір — қара жұмбақ.

Ойлап тап

Түйе, бота маң басқан,
Төрт аяғын тең басқан.
Шұнақ құлақ бес ешкі,
Қос-қос лақты қос ешкі.
Төрт қозылы екі қой,
Бәрін бірге ойлап қой.

ОЙЫН ӨЛЕҢДЕРІ

Саусақ санау

Қуыр-қуыр қуырмаш,
Балаларға бидай шаш.
Тауықтарға тары шаш,
Әжең келсе, есік аш,
Қасқыр келсе, мықтап бас,
Мына жерде қой бар,
Мына жерде ешкі бар,
Мына жерде сиыр бар,
Мына жерде түйе бар,
Мына жерде жылқы бар,
Мына жерде күлкі бар
Қытық! Қытық!

Бес саусақ:
Бір,
Білән,
Кәлен,
Кәтіс,
Отыс.

* * *

Бірім — бірім,
Екім — екім,
Үшім — үшім,
Төртім — төртім,
Бесім — бесім,
Алтым — алтым,
Ауыр балтам.
Қырқылдауық,
Қырман тауық.
Түйін, түйін
Түй баласы.
Қаны менен
Су баласы.
— Әкең қайда?
— Базар кетті.
Жаз келер,
Жаз келмесе, күз келер.
Бақалшақ,
Тоқалшақ,
Қию-қию!

Саусақ санау ойыны

Қуыр-қуыр, қуырмаш,
Балаларға бидай шаш!
Тауықтарға тары шаш!
Басбармақ,
Балалы үйрек,
Ортан терек,
Шүлдір шүмек,
Кішкене бөбек.
Сен тұр — қойыңа бар!
Сен тұр — қозыңа бар!

Сен тұр — жылқыңа бар!
Сен тұр — сиырыңа бар!
Сен тұр — түйеңе бар!
...Ал сен аландамай,
Қазан түбін жалап,
Үйде жат.
Мына жерде құрт бар,
Мына жерде май бар,
Мына жерде қатық бар...
Қытық, қытық!

«Қуыр-қуыр, қуырмаш»

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүркемелеп, саусақтардың басын ғана көрсетіп, қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға:

— Ортан қолымды тапшы, — дейді. Екінші бала қарап отырады да:

— Міне, — деп, бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер саусақты дәл тапса, жасырған бала айып тартады, таба алмаса, іздеген бала айып тартады. Бірақ ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелерді жақсы білуі керек:

Басбармақтан бастап, шынашаққа дейін саусақтардың атын бір рет түгел айтып шығады: басбармақ, сұқ қол, ортан қол, аты жоқ қол, шынашақ.

Бұдан кейін саусақтарға «басбармақ, балалы үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек» деп түгел ат қояды. Бес саусақ түгел жұмылады.

Енді қайтадан басбармақтан бастап мына сөздерді айтып, саусақтарды жазады:

— Сен тұр — қойыңа бар;
— Сен тұр — түйеңе бар;
— Сен тұр — жылқыңа бар;
— Сен тұр — сиырыңа бар;
— Ал сен, кішкентай бөбек, әлі жас екенсің, қазанның қаспағын қырып же, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзін алақанның шұңқырына бүгіп, тұқырта ұстайды да:

— Қуыр-қуыр, қуырмаш,
Тауықтарға бидай шаш,
Әкең келсе, есік аш,
Қасқыр келсе, мықтап бас, —

деп шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Оларды істеп бола беріп:

— Мына жерде қой бар, — деп, баланың білезігін түртеді.

— Мына жерде түйе бар, — деп, білегін түртеді.

— Мына жерде жылқы бар, — деп, білектің жоғарғы жағын түртеді.

— Мына жерде түлкі бар, — деп, қолтығына таман барады да, тездете түседі.

— Мына жерде күлкі бар, —деп қытықтай бастайды.

— Қытық, қытық!

Ойынға шақыру

Айдағаным — торпақ,
Ала тайым —жортақ.
Кім ойынға шықпаса,
Қоянжүрек — қорқақ.

* * *

Әуеде ұшқан алты қаз,
Атайын десем, оғым аз,
Егер ойынға келмесе,
Пәленшенің басы таз.

* * *

Пәленше бізбен дос,
Қолы күнде бос.
Добын ала шығады,
Дарбазасын жаба шығады.

* * *

Есегі ақырады,
Қоразы шақырады.
Пәленше үйден шықпаса,
Атасы қоса бақырады.

«Серік-серік» ойынында айтылатын өлең

Дегенде қалың қамыс, қалың қамыс,
Ішінде қалың қамыс атпен жарыс.

Бірге өскен кішкентайдан, беу, замандас,
Бергенім серігімді болар намыс.

Ендеше мия аламын, мия аламын,
Мияны төкпей-шашпай жия аламын.
Беруге сіздің жаққа, беу, қарағым,
Қалайша серігімді қия аламын.

Дегенде қарағай ма, қарағай ма,
Қара аттың жал-құйрығын тарамай ма?
Серігімді сұрайсың, беу, замандас
Серігің серіктікке жарамай ма?

Ендеше үрсін-дүрсін, үрсін-дүрсін,
Көзіңнің алды күлмей, арты күлсін.
Серігімді қалайсың, беу, замандас,
Серігім «барам» десе, өзі білсін.

Дегенде әлі уақта, әлі уақта,
Сары самаурын қайнайды сәрі уақта.
Кішкенеден бірге өскен құрбыларым,
Бермеймін серігімді сіздің жаққа.

Ендеше дөнен кер ме, дөнен кер ме,
Зулап ұшқан құстаймын өлең десе.
Серігімді сұрайсың, беу, замандас,
Бермеймін серігімді жөні келсе.

Дегенде аппар-наппар, аппар-наппар,
Біздерде өлең десең, бірер қап бар.
Сұраймын серігіңді, беу, құдаша,
Бермесең, өлеңменен ұстап ап қал.

Дегенде адыр-қырат, адыр-қырат,
Жасайық тамашаны басты құрап.
Бермеймін қасымдағы серігімді,
Болма әуре бізден көп серік сұрап.

Ендеше мия аламын, мия аламын,
Мияны төкпей-шашпай жия аламын.
Бірге өскен кішкентайдан, ой, замандас,
Беруге серігімді ұяламын.

«Қасқырқақпан»

Қасқыр түссе қораға,
Ұстамасқа бола ма?
Қол ұстасып тұрайық,
Қасқырқақпан құрайық.

Біздің қақпан болаттай,
Қасқырға тұр жолатпай.
Қасқыр, қасқыр, келіп көр,
Қақпан, қақпан, берік бол!

Ойын тәртібі: балалар екі топқа бөлінеді. Балалардың саны көп топ — «Қақпан», саны аз топ — «Қасқырлар». Ойнаушылардың бірі жоғарыдағы өлеңді бастайды, қалғандары оған қосылады. Қол ұстасып, дөңгеленіп тұрған балалар өлең аяқталғанша:

«Кәне, кәне, тұрайық,
Қасқырқақпан құрайық», —

деген жолдарды қайталап айта береді. Содан соң өлеңнің соңғы шумағы:

Кәне, қақпан, берік бол,
Қасқыр, қасқыр, келіп көр! —

деген өлең тармақтарын айтып болысымен, «қақпан» болып тұрғандар бір-бірінің қолын ұстап жоғары көтереді. Ал «Қасқырлар» арғы беттегі қораға өтуге көтерілген қолдардың астына қарай жүгіріседі. «Қасқырлар» осылай өтпек болып жатқан кезде ойын бастаушының «А-ап!» деген белгісімен көтерілген қолдар төмен түсіріледі. Балалар жүресінен отыра қалады. Сөйтіп «қақпан» жабылады. Іште қалғандар «Қақпан» тобына қосыла береді. «Қасқырлар» азаяды.

Ойынды кезектесіп жалғастыра береді.

«Соқыртеке»

Бұзау,
Бота,
Құлыншақ,
Тоқты,
Серке,
Тай,
Торпақ,

Тана,
Тайлақ,
Құнан, дөнен, бесті бар,
Малдың жасын айыра біл, естіп ал.
Бұқа,
Бура,
Айғыр,
Қошқар,
Теке бар.
Сүзегенсің, тентек теке, жеке қал.
Көзін байла, теке-теке «бақ-бақ».
Соқыр теке қайдан бізді таппақ.

Ойын тәртібі: ойнайтын балалар қатар-қатар тұрады. Ойын басқарушы қатар тұрғандардың әрқайсысын жоғарыда көрсетілгендей мал атымен атап шығады. Ең соңғы аталған бала «Соқыртеке» болады. Ойынкең үйде де, далада да ойналады. Егер далада ойналса, шеңбер сызылып, ойынға қатысушылар осы шеңберден шықпауы керек. Ойынды жүргізуші «Соқыртекені» ортаға шығарып, көзін таңа бастағанда «Соқыртеке» былай дейді:

— Әй, қараңғыда көзім жоқ,
Тиіп кетсе сөзім жоқ.
Маған жақын келіңдер,
Бір қыз ұстап беріңдер!

Мұнан кейін «Соқыртекені» айнала қоршағандар:

— Соқыр, соқыр, соқырақ,
Оң көзіңе топырақ.
Топырағын алайын,
Тотияйын салайын.
Ал ұстап көр, батырым,
Міне, келе жатырмын!

деген өлеңді бәрі бірге қосылып айтады. Өлең айтылып болысымен, «Соқыртеке» шеңбер ішіндегілерді ұстауға ұмтылады. Бірақ бұл кезде ойнаушылардың шеңберденшығып кетпеуі қатты қадағаланады.

«Соқыртеке» ұстаған бала оның орнына тұрады. Ойын қайта басталады.

«Ай керек»

«Ай керек» ойнағанда балалар жиылып, екі қатар болып қарама-қарсы қол ұстасып тұрады. Сонда бір қатардағы балалар екінші қатардағы балалардың біреуін шақырады. Шақырғанда былай дейді:

— Ай керек-ау, ай керек,
Айдан соңғы не керек?
Қанжығадан қан керек,
Бір адамның ұлы едік,
Бір Құданың құлы едік,
Анау тұрған пәленше керек.

Сөйтіп сол шақырған бала жүгіріп келіп, қол ұстасып тұрған қатарды соғып кетеді. Қол ұстасқан балалардың қолын айырса, бір баланы алып кетеді. Айыра алмаса, өзі осында қалады. Сөйтіп бірін-бірі шақырып ойнайды.

«Ақ бұзау»

«Ақ бұзау» ойнағанда көп бала жиылып ойнайды. Бүкіл балалар етпетінен жерге жатады. Бір бала жатқан балалардың үстіне шығып тұрады. Сонда астындағы бала айтады: «Бұл кім-ау!» — дейді. Ана бала айтады: «Мен-ау», — дейді. «Мен деген кім?» — дейді. «Сеңгірбай пұшықпын!» — дейді. «Нең жоқ?» — дейді. «Ақ бұзауым жоқ», — дейді. Ол: «Ақбұзауымды көрдің бе?» — дейді. «Жоқ. Көрмесем де, азан шақырсаң, тауып берейін», — дейді. Сонда азан шақырады:

Аллаhу акбар, Аллаhу акбар,
Аяқ сала, аяқ пәле, — дейді.

Сонда ана балалардың бірі: «Ақ бұзауыңды мен жедім», — деп қашады. Әлгі балалардың бірі амал қылып, бұзауын жоғалтқан Сеңгірбай пұшыққа: «Мынау бұзауыңның басы» немесе «аяғы» деп, шөп пе, тас па — бір нәрсе әкеп береді. Ол алып кетіп қалады. Осылай ойын жалғаса береді.

«Қалай айтуды білемін»

Бұл — үй жануарларының, аңдар мен құстардың жүріс-тұрысын, дауысын дұрыс сипаттап, тілімізде дұрыс айтуға дағдыландыратын аса қызықты ойын. Шаруашылықта, күнделікті тұрмыс-тіршілікте маңызы зор мәліметтер кең қамтылады. Ойын тәртібі төмендегіше жүргізіледі.

Ойынды ересек адам не болмаса балалардың үлкені басқарады. Ол алдымен ойынға қатысатын балалардыкең бөлмеге (аулаға, жазық алаңға) жинап алып, айнала отырғызады да, ойынды былай бастайды:

Ұқыпты ұтар,
Іздеген табар.
Оқыған озар,
Еріншек тозар.

«Осылай» деп мұқият тыңдап отыруды тапсырған соң, ойын жүргізуші:

— Кім қалай дауыстай біледі? — деп сұрақ қояды да, оған өзі былай жауап береді:

Әтеш шақырады,
Есек бақырады.
Күзен шақылдайды,
Бақа бақылдайды.
Шыбын ызыңдайды,
Шіркей ызылдайды.
Торғай шырылдайды,
Бөдене бытпылдайды.
Қаз қаңқылдайды,
Бүркіт шаңқылдайды.
Қарға қарқылдайды,
Сұңқар саңқылдайды.
Қой маңырайды,
Қозы жамырайды.
Қасқыр ырылдайды,
Борсық қырылдайды.
Жылқы кісінейді,
Сиыр мөңірейді.
Тырна тыраулайды,
Мысық мияулайды.
Жылан ысылдайды,
Кейбір аң пысылдайды.
Ит арсылдайды,
Торай қорсылдайды.
Аққу сұңқылдайды,
Тышқан шиқылдайды.
Түйе боздайды,
Сандуғаш сайрайды.

Тақпақты айтып болған соң ойынды жүргізуші сол жағында отырған баладан бастап:

— Әтеш қалай дауыстайды? — деп сұрайды.

— Әтеш «ку-ка-ре-ку...у...» деп шақырады, — деп жауап береді ойыншы.

Мұнан кейін келесі отырған ойыншыдан:

— Есек ше? —деп сұрайды.

— Есек «ба...а...ah» деп ақырады, —дейді кезегі келген ойыншы.

Ойын осылай жалғаса береді. Дұрыс айта алмаған ойыншы өлең, не тақпақ айтып, айыбынан құтылады.

Сұрақ біткеннен кейін басқарушы ойынның келесі бөлімдеріне ауысады:

— Кәнеки, балалар, малды қалай шақыруды салайық! —дейді. Сөйтіп өзі:

— Биені құраулап,
Түйені көс-көстеп,
Сиырдыаухаулап,
Ешкіні шөрелеп
Шақыра аламыз,
Сауамыз, бағамыз, —

дейді.

Өлең аяқталған соң бұрынғы тәртіппен ойын жүргізуші балалардан біртіндеп:

— Биені қалай шақырамыз? —деп сұрайды.
— Биені «құрау-құрау» деп шақырамыз.
— Түйені қалай шақырамыз?
— Түйені «көс-көс» деп шақырамыз.
— Сиырды ше?
— Сиырды«аухау-аухау» деп.
— Ешкіні ше?
— Ешкіні «шөре-шөре» деп шақырамыз.

Жауап аяқталған соң жүргізуші:

— Ал енді малды суға кім шақыра алады? — деп сұрайды. Егер балалар әлі кішкентай болса, өзі былай айтып шығады:

Жылқыны «моh-моh»,
Қойды «пұшайт-пұшайт»,
Ешкіні «шөре-шөре»,
Түйені «сорап-сорап»,
Сиырды «шәугім-шәугім»,
Итті «кә-кә»,
Тауықты «шеп-шеп»,
Мысықты «піш-піш» деп шақырады.

Ары қарай ойын жүргізуші ойыншыларға кезек келген жерден бастап, біртіндеп малды суға қалай шақыруды сұрап шығады. Жауабын толық алып болған соң:

— Малдың төлдеуін қалай айтады? — деп сұрайды.

Ойынның сөздері балаларға бұрын таныс болмаса, әрі олардың жасы тым кіші болса, жүргізушінің өзі алдымен айтып береді:

— Бие құлындайды,
Қой қоздайды,

Ешкі лақтайды,
Түйе боталайды,
Сиыр бұзаулайды,
Ит күшіктейді,
Тауық жұмыртқалайды,
Мысық балалайды.

Енді жүргізуші бұрынғы тәртіппен ойыншылардан өлеңде айтылған жануарлардың түрлерін жеке-жеке сұрап шығады.

Сөзді дұрыс айтып, жауабын анық бере алмаған ойыншылар айыпты болады да, дұрыс жауап бергендер жеңіп шығады.

Жеңілгендер көпшіліктің қалауы бойынша ән салып, болмаса тақпақ айтып не билеп береді.

«Шымбике»

Ойнаушылардың саны он адамнан кем болмауы керек. Ойын басталмас бұрын, арасы бес метрдей екі көмбе белгіленеді. Бірінші көмбеде ойнаушылар топ басқарушының артына қатарға тұрады, ал екінші көмбеде қаламақ айтып белгіленген «Жалмауыз кемпір» (ақсақ) қарап тұрады. Қатардағы ең бірінші ойыншы немесе топ басқарушы «жалмауыз кемпірге» қарап:

— Шым-шым, Шымбике,
Шымылдығыңды құр, бике,
Ақсақ кемпір тоңқылдақ,
Бұрама темір солқылдақ,
Мына судан қайтіп өтейін? — дейді.

«*Жалмауыз кемпір*»:
— Ақсақ кемпір тоңқылдайды,
Бұрама темір солқылдайды,
Көйлегіңді салып өт!

Мұны естіген ойыншы алға бір секіреді де, тағы да:

— Мына судан қайтіп өтемін? —дейді.

— Тоныңды салып өт!

Ойыншы тағы секіреді. Осылайша төртінші рет секіргенде «жалмауыз кемпір» қолынан ұстап өткізеді де:

— Неше аяқ көже ішесің? — деп сұрайды да, отырғызып қояды.

Келесі ойыншы да осылай өтеді. Бәрі өтіп болған соң, «кемпір» нөкерінің бірін шақырып алып:

— Адам баласы жалмауыздың қолына түсті, жазалайсың, —деп бұйрық береді. Нөкер бұйрық бойынша «неше аяқ көже ішемін» деген

болса, сонша рет маңдайынан шертеді. Бәрін жазалап болған соң «жалмауыз кемпір» рөлін ауыстырады да, ойын жалғаса береді.

«Сен тұр, сен шық!»

Бұл ойынды 3-4 бала ойнайды. Ойнаушы балалар барлық саусақтарын үстелдің үстіне қойып отырады. Ойынды алғаш бастайтын бала тек сол жақ қолын ғана қояды. Оң жақ сұқ саусағымен үстелдегі саусақтарды санап шығады: бір, екі, үш, төрт... Бұдан соң өзі қалаған бір саусақтан бастап ойынның сан сөздерін айта береді:

1. Бірім-бірім,
2. Екім-екім,
3. Үшім-үшім,
4. Төртім-төртім,
5. Бесім-бесім,
6. Алтым-алтым,
7. Ауыр балтам,
8. Қалың қалтам.
9. Алтай-сәлтай,
10. Балақай-олақай.
11. Олпық,
12. Солпық,
13. Сен бүк (бұл саусақ ішке қарай бүгіледі).
14. Сен тұр (бұл саусақ басын көтереді).
15. Сен шық (бұл саусақ алақанға қарай бүгіліп, саптан шығады).

Кезекті тұрған саусақтан бастап, тағы да әрі қарай жоғарғы сан-сөздер қайталанады да, 15-ші сөз: «Сен шық» дегенде, 15-ші саусақ тағы да саптан шығады. Ойынның мақсаты — әркім өз саусақтарын бұрын шығарып әкету. Ең соңында қалған саусақ иесі айып тартады.

Осы 15 ауыз сан-сөз неше рет айтылғанда, «Сен шық» деген сөздің кімнің саусағына дәл келетінін есептеп, болжап отыруға болады. Үшінші, кейде екінші саусақ ойынның ең артында қалады. Онда сол бұрынғы кезек тәртібімен әлгі 15 ауыз сөзді айнала қайталай береді.

«Бүк» дегенде бүгіліп қалған саусақтар (яғни 13-ші сөз келгенде) «қасқырдан бұғып қалған түліктің бірі» деп есептелінеді де, сол баланың құлағына былай айғайлайды. Мысалы:

— Бұғып қалған «лақ», — десе,
— «Шөре-шөре» — деп жауап қайтарады.
— «Құлын» десе,
— «Құрау-құрау».
— «Бұзау» десе,
— «Әукім-әукім».

— «Қозы» десе,
— «Пұшайт-пұшайт», — дейді.

Ең соңындағы бала үшін ұпай шартын ойнаушылар өздері келісіп белгілейді.

«Ақ серек, көк серек»

Бұл ойынға қатысушылар аттасу, ат жасыру арқылы екі топқа бөлінеді. Ашық алаңда ұл-қыз аралас ойнай береді. Аралары 50—60 метр қашықтыққа екі топ қарама-қарсы қарап тұрады. Екі жақ «қолға түсетіндер» үшін арнайы шеңбер сызып қояды. Ойын жеребе бойынша басталады. Ойын бастайтын жақтың басшысы:

— Ақ серек, көк серек,
Бізден сізге кім керек? —

деп сұрайды. Ал оған қарсы жақ:

— Ай керек-ау, ай керек,
Айдың жүзі дөңгелек.
Ақ серек пен көк серек,
Шауып алдым бәйтерек,
Сонау тұрған Айнабектің өзі керек, —

деп, қарсы жақтың бір ойыншысының атын айтады. Сонымен аты аталған бала келгенде, қарсы жақтың ойыншылары түгел қолдарын созып, алақандарын жайып тұруға тиіс. Келген ойыншы қатардың алдынан кесіп өтіп, өзі ұратын адам таңдайды. Топтың алдын үштен артық кесіп өтуге болмайды, егер үш рет өткенде де ешкімнің алақанына ұрмаса, ол ойыншының өзі қолға түседі. Ойыншы өзін «қуып жете алмайды-ау» деген біреуді ұра сап, қашады. Жеткізбей өз қатарына қосылса, қуған ойыншы «қолға түскендер» шеңберіне барып қосылады. Егер қуған бала қуып жетсе, қашқан ойыншы ұсталады. Сөйтіп қай жақ көп қолға түсірсе, сол жақ жеңеді.

«Айқұлақ»

«Айқұлақ» — көктемнен бастап жаздың ішінде балалардың ойнайтын бір ойыны. «Айқұлақты» ойнау үшін кешке таман жұрт аяғы басылған соң көп бала жиналып, өздерінің арасынан үш баланы шығарады: бірі — «қасқыр», бірі — «қойшы», бірі — «ит».

Қасқыр болатын баланың екі шекесіне екі тақияны тікірейтіп, орамалмен маңдайын байлап, арқасына киім-кешекті тығып томпайтып, белін астынан буып қасқыр қылып болған соң, балаларға жуытпай, анадай бір бұтаның тасасына жатқызады.

Қойшы болатын баланың үстіне жыртық шапан, басына жаман бөрік кигізіп, қолына бір таяқ беріп, ит болған баланы қасына ертіп, қойдың жолына жатқызады. Қалған көп баланы қой қылып, көгендеп қояды. Біраздан соң «қойлар» дүр етіп үркеді, сол уақытта «ит» те абалап, «қасқырменен» арсылдасып қалған кезде, «қойшы» да айтақтап, «лақ-қозыны» айырып қалады.

Сөйтіп, «қасқыр» бірде құр кетіп, бірде алып кетіп жүріп, ақырында сол «қойлардың» бәрін де тауысады. Міне бұл ойын осылай бітіп, екіншісі басталғанда, тағы да бұрынғы жолмен жалғасады.

«Қара құлақ»

Ойынға бес-он бала қатысады. Оңаша жерге топтасады. Өз араларынан қаламақ айтып, бір баланы қазық етіп арнайы белгілейді. Қазық жатқан жерінен қозғалмай қала береді. Басқалары ары таман кетіп қалады. Содан кейін ойынға қатысушылар қазық-ойыншыны алыстан қоршап, бірте-бірте жақындай түседі. Таяп кеп:

— Мына жатқан кім? —деп шошынғандай бірінен-бірі сұрасады. Біреуі:

— Ойбай-ау, бұл «Қара құлақ» қой! —деп, тұра қашады. Басқа ойыншылар да:

— Қара құлақ! Қара құлақ! — деп жан-жаққа қаша жөнеледі. «Қара құлақ» тұра қуады. Қолға түскен бала «Қара құлақ» болады. Ойын қайта басталып, сол ретпен жүре береді.



Бесік жыры.
Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры *(827-бума, 1-дәптер)*

ҮЙЛЕНУ ФОЛЬКЛОРЫ

Кәмелет жасына толған «ұлын ұяға, қызын қияға қондыруды» басты парыз санау — жеке отбасының ғана емес, тұтас рудың, бүкіл қауымының ортақ тілегі болды. Сондықтан ұзатылатын қыз бен үйленетін жігітке қатысты атқарылатын салт-дәстүр, әдет-ғұрып айрықша әлеуметтік-қоғамдық қызмет атқарды. Бұл ғұрыптық жүйеде халқымыздың өмір мен өлім жөніндегі (аруақтан бата алу, өлі-тірі беру т.б.) таным-түсініктерімен қатар некеге қатысты көзқарастары, дәстүрлі отбасылық құрылым (полигамды отбасы) үлгілерінің ықпал-әсері көрініс тапқан.

Отбасылық ғұрыпта, атап айтқанда, қыз ұзату салтында орындалатын рәсімдер жүйесі әу баста сөз бен әрекеттің тұтастығында атқарылса, уақыт өте келе бұл заңдылық солғындап, үйлену ғұрпының әрбір рәсімін атқару барысындағы айтылатын сөздер ұмытыла бастаған. Сол себепті беріліп отырған мәтіндерде қыз ұзату салтының дәстүрлі жүйесіндегі (құда түсу, сырға салу, қалың беру, жасау дайындау, сәукеле тігу, тақиямен қоштасу, танысу, қоштасу, сыңсу айту және т.б.) мәні мен мазмұны қатаң сақталатын заңдылықтары ескеріліп, мүмкіндігінше дәстүрлі құрылымы ескерілді. Қыз ұзату тойындағы тойбастар мен жар-жар, сыңсу өлеңдерінің әртүрлі мазмұнына қатысты (ата-анасы, ағасы, жеңгесі, іні-сіңілісі, туған-туысы, ел-жұртына арнау) үлгілерін іріктеуде салт-дәстүрдің танымдық-тағылымдық қызметін біртұтас таныту жағы назарға алынды. Өйткені «өлім мен өмірдің» аражігі толық ажырамаған көне түсініктерден бастау алатын қалыңдықты «марқұммен теңестіретін» сана ізі сақталған ғұрыптық рәсімдер мен ырым-салттар жүйесінің өзіндік мәні бар. Ол оң жақта отырған қызды келін мәртебесіне өткізу мақсатындағы «аралық» функция атқарады. Сондықтан бұл заңдылықтардың сақталуы қатаң қадағаланған. Ұзатылған қыздың келін болып түскен жеріндегі атқарылар салт-дәстүрдің, ырым-тыйымдардың өзі (келінге желек жабу, босағадан аттатарда отқа май тамызу, малдың терісіне отырғызу т.б.) жаңа, жарқын өмірдің алғышарттары болып табылады. Келін түсіру тойында айтылатын тойбастардың мазмұны да шаттық көңілмен, жас отау иелері мен той иесіне ақтілек білдіруге арналады. Ал беташар жас келінді елге, елді келінге таныстыру, дәстүрлі халықтық тәлім-тәрбиені жастардың бойына сіңіру функциясын атқарады.

ТОЙБАСТАР

Ассалаумағалейкүм, жиылған топ,
Бұл тойға тағдыр айдап келіппіз дөп.
Болыпты жұрт көрмеген бір ұлы той,
Таңғалып қарағандай жер менен көк.

Басталар оқу басы әліппеден,
Тізілер сөз мәнісі әріппенен.
Тойы бар екі жастың дегеннен соң,
Жиналып, біздер келдік халықпенен.

Біз келдік той бастауға домбыра алып,
Кетуші ек айқай салсақ топты жарып,
Айтайын біраз өлең тойыңызға,
Тыңдаса көп әлеумет құлақ салып.

Төселген қызыл ала сырмағыңыз,
Құтты болсын шымылдық құрғаныңыз.
«Той баста» деп көпшілік өтінген соң,
Жарамас бекер қарап тұрғанымыз.

Алшақ мүйіз ақ серке қой бастаған,
Жануар қой алдында ойқастаған.
Сұрасаң арғы атамды қол бастаған,
Болып па қолдан қиын той бастаған?

Бастайын «баста» десең, тойдың басын,
Көтерер «әумин» деп қойдың басын.
Тойыңды «биссимилла» деп біз бастасақ,
Алдыға адал болар қойған асың.

Артына жібек шашбау жай тастаған,
Бойжеткен ұсынады шай тостаған.
Той бастаған жай өлең айту емес,
Артқыға ол да өнеге ой тастаған.

Бұл тойды «баста» десең, біз бастайық,
Бәйгі алған жүйрік аттай ойқастайық.
Тойына екі жастың келгеннен соң,
Жел сөзден бір-екі ауыз біз қашпайық.

Ағалар, тойыңызды бастай келдік,
Жақсыға жамандарды қоспай келдік.
«Біздерге той бастамақ лайық» деп,
Халқым рұқсат еткен соң, қоштай бердік.

Әдетім той бастайтын әуел баста,
Жақсы сөз жарасады қарындасқа.
Көпшілік көкірегіме жел берген соң,
Бұл тойды кім бастайды, бізден басқа.

Марқасқа бағлан серке қой бастайды,
Жануар қой алдында ойқастайды.
Кез келген құтты тойға әнші жігіт,
Жолымен бұрынғының той бастайды.

Тойыңды «баста» десең, бастайтұғын,
Бергенше біздер бастап саспайтұғын.
Сұрасаң арғы атамды қол бастаған,
Өлең түгіл жауыңнан қашпайтұғын.

Жапқанда жасыл майса жазғытұрым,
Мал қаптар ауыл үстін қарақұрым.
Бастайтын жылқының да көсемі бар,
Бұл тойды кім бастайды бізден бұрын.

Тойыңды «баста» десе, ақын бастар,
Жүйрік ат төрт аяғын шәлкем тастар.
Шынымен той иесі мырза болса,
Ат мінгізіп, алдыма шапан тастар.

Бұл тойды кім бастайды мен тұрғанда,
Аузымда алақұйын жел тұрғанда.
Бұл тойды алдыменен біз бастаймыз,
Жол қайда шұқанаққа көл тұрғанда.

Біз келдік той дегенде жиылысып,
Үстіге бар асылды киінісіп.
Қадамы баршаңызға құтты болсын,
Келіпті бақыт құсы үйіңе ұшып.

Қай айлар, жақсы айлар, өткен айлар,
Боз бие, сұр құлыншақ, жорға тайлар.

Сәрсенбі сәтті күні той жасапсыз,
Той құтты болсын, құда-құдағилар!

Белгілі бұл қазаққа тілдің желі,
Той екен жұрт жиналған мерекелі.
Сәрсенбі сәтті күні той жасапсыз,
Тойыңыз тойға ұлассын берекелі!

Бұл тойға жақсы тілек көп айтады,
Жаман сөз жарамайтын неге айтады.
Сәрсенбі сәтті күні той жасапсыз,
«Тойыңыз құтты болсын» деп айтады.

Байлатып құнан қойын сойдырған үй,
Ет тартып табақ-табақ тойдырған үй.
Сәтіне сәрсенбінің той жасапсыз,
Тойыңыз құтты болсын, той қылған үй!

Ешкіңіз қотан толы қойға ұлассын,
Жылқыңыз қырға сыймай ойды бассын.
Кенелген қуанышқа той иесі,
Тойыңыз құтты болып тойға ұлассын!

Үй тозбас берік болса іргетасы,
Ақталсын аталардың ақ батасы.
Сәтіне сәрсенбінің той жасапсыз,
Тойыңыз құтты болсын, ұл атасы!

Жатқанда тойлап елдің кәрі-жасы,
Жаңғырар әнге таудың қия-тасы.
Екеу боп бір балаңыз шаттаныпсыз,
Тойыңыз құтты болсын, қыз анасы!

Емес пе той –халықтың қазынасы,
Жігіттің жармен сыйлы ғазиз басы.
«Бас екеу болмай, малың екеу болмас»,
«Үй болса, күй болады» деген осы.

Лайық жорашыға жол тұрады,
Лайық жампоз нарға қом тұрады.
«Кетті» деп тойға барым тарықпаңыз,
Тәңірім той есесін толтырады.

Ұшады таудан бүркіт сілкініп-ай,
Ашықса, алып жейді түлкіні-ай.
Той бастап үлкен-кіші өтінгенде,
Жасайық көңілді ойын-күлкіні ұдай.

Бәйгеден ә дегенде ат келеді,
Адамдар аты келген шат келеді.
Шынымен той иесі мырза болса,
Аямай сый-сияпат ап келеді.

Біз келдік сәтті күні тойыңызға,
Келгенде неге іркелік ойымызға.
Тойыңызды бабымен бастап бердік,
Лайық сый алармыз бойымызға.

Біз бір құтты қонақпыз тойға келген,
Жел сөзді неге айтайық ойға келген.
Топ жарып тойыңызды бастап бердік,
Кім жоралғы аяйды біздей ерден.

Белгісі той қылғанның айтып хабар,
Жарбаңдап жаршы бала атқа шабар.
Той жасаған жегжаттар мырза болса,
Кісіге той бастаған шапан жабар.

Өнеге үлкендерден алсын жастар,
Қастерлемей кім ата салтын тастар,
Той басы жөн-жораға жомарт болса,
Жабықтан жарқыратып алтын тастар.

* * *

Белгісі той қылғанның отау жабар,
Қиқу сап жас балалар атқа шабар.
Той қылған қыз әкесі мырза болса,
Жігітке той бастаған шапан жабар.

Дегенге той қылған қыз, той қылған қыз,
Тойына тоғыз бие сойдырған қыз.
Атын ерттеп, түйесін қомдап қойып,
«Бір жаққа жүрейін» деп ой қылған қыз.

Келеді айым туып оң жамбастан,
Құдайым айырмасын тең-құрдастан.
Құдайым айырғанша тең-құрдастан,
Қайтеді жаратпаса әуел бастан.

* * *

Бағлан серке — марқасқа қой бастайды,
Қой алдында жануар ойқастайды.
Құтты тойға кез болған жолды жігіт
Бұрынғының жолымен той бастайды.

Құнан қойын шайлатып сойдырған үй,
Табақ-табақ ет тартып тойдырған үй.
Сәтті күн — сәрсенбіде той қылыпсыз,
Құтты болсын тойыңыз, той қылған үй!

Жорашыға лайық жол тұрады,
Жампоз нарға лайық қом тұрады.
Құтты болсын тойыңыз, үй иесі,
Той есесін Тәңірім толтырады.

Қотан толып, қойыңыз қойға ұлассын!
Қырға сыймай, шуласып ойға ұлассын!
Құтты болсын айтамыз тойыңызға,
Той иесі, тойыңыз тойға ұлассын!

Жігіттер:
— Айбастаған, бабалар, айбастаған,
Арқар мүйіз ақ серкеш қой бастаған.
Бұрын-соңды тойбастар көргенім жоқ,
Жаңылдырма тілімді той бастаған.

Қыздар:
— Арқа сүйер асқар тау, ағаларым,
Сеңсеңменен көмкерген жағаларым.
Бұрын-соңды той бастап көрмеп едім,
Қуат бергін тіліме, бабаларым!

Жігіттер:
— «Бисмилла» деп әуелі тойды бастар,
Көк серке көсем келген қойды бастар.
Әкесі бойжеткеннің мырза болса,
Тойына шапан тұрмақ жамбы тастар.

Қыздар:
— «Бисмилла» деп бастайды тойдың басын,
«Әумин» деп көтерер қойдың басын.
Ала қағаз аударған жетік ғалым,
Төрде отырып болжайды құбыласын.

Жігіттер:
— Той бастайды, ендеше, той бастайды,
Асықпаған бұл тойды жай бастайды.
Бойжеткеннің бауыры мырза болса,
Шапан тұрмақ алдыңа тай тастайды.

Қыздар:
— Ақ тостаған, ендеше, ақ тостаған,
Өрен жорға төскейден ойқастаған.
Шапан-шапан дейсің де, еш қоймайсың,
Шапан тұрмақ, әкеміз ат тастаған.

Жігіттер:
— Сәтті күні сәрсенбі той қылған қыз,
Ту биені тойына сойғызған қыз.
Құйысқаны бұл қыздың көтеріліп,
Аттануға елінен жол қылған қыз.

Қыздар:
— Иін екен, ендеше, иін екен,
Екі иықты көтерегн киім екен.
Кісі тойын бастаған батыр басым,
Өз тойыңды бастаған қиын екен.

Жігіттер:
— Көйлегіңнің етегі шалым-шалым,
Өз әкеңнің үйінде сен бір ханым.
Кісі елінде кісінің несі ханым,
Өз еліңнің ішінде шықсын жаның.

* * *

Біз келдік той бастауға домбыра алып,
Кетуші ек айғай салсақ топты жарып.
Айтайын бір азырақ тойыңызға,
Тыңдасаң, көп әлеумет, құлақ салып.

Біз келдік той дегенге жиылысып,
Үстіне бар тапқанын киінісіп,
Оңдасын сапарыңды бір Құдайым,
Қомдасын қанатыңды түйінісіп.

Әуелі құда болып мал алады,
Мирас боп бірден-бірге жол қалады.
Атадан жаралған соң бұл бір мирас,
Амал жоқ, ұзатқан соң қыз барады.

Күйеуге қызды берер малын алып,
Қашаннан-ақ бұл өзі ішкі қалып.
Беретін уағдасы жеткеннен соң,
Қоқақтап күйеу келер күнде салып.

Әуелі «бисмилла» деп бастаймын той,
Жігітке мидан келер ақыл мен ой.
Бұл тойды әдемілеп бастамасақ,
Біздерге неге керек сидиған бой.

Атамыз — Адам екен, Хауа — анамыз,
Өтіпті неше қатар заманамыз.
Екеуін Жебірайыл қосқан екен,
Бәріміз сол адамнан тараламыз.

Расулға күйеу болған Ғазірет Ғали,
О дағы жұпты еткен Бәтиманы.
«Мәжіліс, мерекені көреміз» деп,
Жиылып келіп отыр халықтың бәрі.

Ата-анаң жылап отыр:«Кетеді-ау», — деп,
«Қай балам шырағыма жетеді-ау» — деп.
Көзімнің көгершіні еркеледің,
Қадірің сен кеткен соң өтеді-ау», — деп.

Ұста өлсе, балғасында қағы қалар,
Молда өлсе, қағазында хаты қалар.
Несіне «пәлен бер» деп біз сұрайық,
Мал емес, бәсін айтып сатып алар.

ЖАР-ЖАР

Жігіттер:
— Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар,
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар.
«Әкем-ай» деп жылама байғұс қыздар, жар-жар,
Әкең үшін қайын атаң онда болар, жар-жар.

Қыздар:
— Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар.
Азар жақсы болса да қайын атам, жар-жар,
Айналайын әкемдей болмақ қайда, жар-жар.

Жігіттер:
— Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар,
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар.
«Шешем-ай» деп жылама, байғұс қыздар, жар-жар,
Шешең үшін қайын енең онда болар, жар-жар.

Қыздар:
— Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар.
Азар жақсы болса да қайын енеміз, жар-жар,
Айналайын шешемдей болмақ қайда, жар-жар.

Жігіттер:
— Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар,
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар.
«Ағам-ай» деп жылама байғұс қыздар, жар-жар,
Аға үшін қайын аға онда болар, жар-жар.

Қыздар:
— Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар.
Азар жақсы болса да қайын ағамыз, жар-жар,
Айналайын ағамдай болмақ қайда, жар-жар.

Жігіттер:
— Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар,
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар.
«Жеңгем-ай» деп жылама байғұс қыздар, жар-жар,
Жеңгең үшін абысын онда болар, жар-жар.

Қыздар:
— Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар.
Азар жақсы болса да абысыным, жар-жар,
Айналайын жеңгемдей болмақ қайда, жар-жар.

Жігіттер:
— Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар,
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар.
«Інім-ай» деп жылама байғұс қыздар, жар-жар,
Інің үшін қайын інің онда болар, жар-жар.

Қыздар:
— Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар.
Азар жақсы болса да қайын ініміз, жар-жар,
Айналайын інімдей болмақ қайда, жар-жар.

Жігіттер:
— Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар,
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар.
«Сіңілім-ай» деп жылама байғұс қыздар, жар-жар,
Сіңлің үшін қайынсіңлің онда болар, жар-жар.

Қыздар:
— Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар.
Азар жақсы болса да қайын сіңлім, жар-жар,
Айналайын сіңлімдей болмақ қайда, жар-жар.

Жігіттер:
— Шымылдығын серпе сал, көрсін әкең, жар-жар,
Көздің жасын көл қылып төксін әкең, жар-жар.
«Жылда-жылда ноғайдан бұл алатын, жар-жар,
Бір міндеттен құтылдым» десін әкең, жар-жар.

Шымылдығын серпе сал, көрсін шешең, жар-жар,
Көздің жасын көл қылып төксін шешең, жар-жар.
«Жылда-жылда боғжама боядым» — деп, жар-жар,
Бір міндеттен құтылдым» — десін шешең, жар-жар.

Шымылдығын серпе сал, көрсін ағаң, жар-жар,
Көздің жасын көл қылып төксін ағаң, жар-жар.
«Жылда-жылда базарға бардым» — дейді, жар-жар,
«Бір міндеттен құтылдым» — десін ағаң, жар-жар.

Шымылдығын серпе сал, көрсін жеңгең, жар-жар,
Көздің жасын көл қылып төксін жеңгең, жар-жар.
«Жылда-жылда күйеуге бардым» — дейді, жар-жар,
«Бір міндеттен құтылдым» — десін жеңгең, жар-жар.

Шымылдығын серпе сал, көрсін інің, жар-жар,
Көздің жасын көл қылып төксін інің, жар-жар.
«Жылда-жылда жездеме бардым» — дейді, жар-жар,
«Бір міндеттен құтылдым» — десін інің, жар-жар.

Шымылдығын серпе сал, көрсін сіңлің, жар-жар,
Көздің жасын көл қылып төксін сіңлің, жар-жар.
«Жылда-жылда жездеме бардым» — дейді, жар-жар,
«Бір міндеттен құтылдым» — десін сіңлің, жар-жар.

* * *

Жігіт:
— Қара насар, қара насар, жар-жар-ау,
Қара мақпал сәукеле шашын басар, жар-жар-ау.
Мұнда «әкем қалды» деп қам жемегін, жар-жар-ау,
Жақсы болса, қайын атаң орнын басар, жар-жар-ау.

Қыз:
— Есік алды қара су майдан болсын, жар-жар-ау,
Ақ жүзімді көргендей айнам болсын, жар-жар-ау.
«Қайын атасы бар» дейді надан қазақ, жар-жар-ау,
Айналайын әкемдей қайдан болсын, жар-жар-ау.

Жігіт:
— Ақ қоян қашар жоталап, жар-жар-ау,
Ақ тайлақ өсер боталап, жар-жар-ау.
Неге мұнша жылайсың, жар-жар-ау,
Артыңнан інің барады апалап, жар-жар-ау.

Қыз:
— Текеметтің шет бауын оя тұрсын, жар-жар-ау,
Той басына ту бие соя тұрсын, жар-жар-ау.
Мен шешеме айтамын, «әкеме айт» деп, жар-жар-ау,
Мен десе егер биылша қоя тұрсын, жар-жар-ау.

Жігіт:
— Қызыл қыршын, замандас, қызыл қыршын, жар-жар-ау,
Қызыл қыршын ішінен қырғи ұшсын, жар-жар-ау.
«Әкем бар» деп арқаға медеу қылма, жар-жар-ау,
Алып кетер мал берген, күдеріңді үз, жар-жар-ау.

Қыз:
— Түндігімнің төрт бауы — бас бауым-ды, жар-жар-ау,
Алты жеңгем сұрайды шашбауымды, жар-жар-ау.
Алты жеңгем сұраса, аларсың да, жар-жар-ау,
Айналайын әкекем, қаларсың да, жар-жар-ау.

Жігіт:
— Мінген атың қара-ды, жар-жар-ау,
Жал-құйрығын тарады, жар-жар-ау.
Мұнша өксіп жылама, жар-жар-ау,
Шешең ертіп барады, жар-жар-ау.

Қыз:
— Түндігімнің төрт бауы — мақта, шеше, жар-жар-ау,
Қызың кетіп барады, жоқта, шеше, жар-жар-ау.
Он екі айда айналып бір келермін, жар-жар-ау,
Сары інгеннің ботасын сақта шеше, жар-жар-ау.

Жігіт:
— Мінген атың жиренше, бикем, жар-жар-ау,
Артқан түйең інгенше, бикем, жар-жар-ау.
Өксіп-өксіп жылама, бикем, жар-жар-ау,
Әлдилеп бала сүйгенше, бикем, жар-жар-ау.

Қыз:
— Балшық пе екен, су ма екен шашыраған, жар-жар-ау,
Ақ сүт беріп шеше-екем асыраған, жар-жар-ау.
Ақ сүт берген шешеме не көрсеттім, жар-жар-ау,
Жат кісінің баласын жолдас еттім, жар-жар-ау.

* * *

Аужар басын сұрасаң,
Былай болар, жар-жар.
Қой кешкенде тұнық су
Лай болар, жар-жар.
«Жылама» деп, халық-ау,
Айтасыңдар, жар-жар.
Ел-халқынан айырылған
Қалай болар, жар-жар?!

Алшақ мүйіз ақ серке,
Той бастайды, жар-жар.
Алшаң басып аяғын
Бір тастайды, жар-жар!
Сәукелемнің шашағы
Алым-жалым, жар-жар.
Жан әкемнің үйінде
Мен бір ханым, жар-жар!

Кісі еліне барғанда,
«Келін» дейді-ау, жар-жар.
Жан ағамның үйінде
Шықсын жаным, жар-жар!

Көк шымылдық көтерші,
Көрсін әжем, жар-жар.
«Бір міндеттен құтылдым», —
десін әжем, жар-жар!

Көк шымылдық көтерші,
Көрсін әкем, жар-жар.
Көзінің жасын көл қылып,
Төксін әкем, жар-жар!
Өп-өтірік жылайды-ау
Менің әкем, жар-жар.
«Бір міндеттен құтылдым», —
десін әкем, жар-жар!

Көк шымылдық көтерші,
Көрсін жеңгем, жар-жар.
Көзінің жасын көл қылып,

Төксін жеңгем, жар-жар
Өп-өтірік жылайды-ау,
Менің жеңгем, жар-жар.
«Шаш өруден құтылдым», —
десін жеңгем, жар-жар!

Көк шымылдық көтерші,
Көрсін ағам, жар-жар.
Көзінің жасын көл қылып,
Төксін ағам, жар-жар!
Өп-өтірік жылайды,
Менің ағам, жар-жар.
«Бір міндеттен құтылдым», —
десін ағам, жар-жар!

— Есік алды қара су,
Майдан болсын, жар-жар.
Ақ жүзімді көргендей,
Айнам болсын, жар-жар.
«Қайын атаң әкеңдей», —
дейді қазақ, жар-жар.
Айналайын әкемдей,
Қайдан болсын, жар-жар?!

— Есік алды қарасу,
Майдан болсын, жар-жар.
Ақ жүзіңді көргендей,
Айнаң болсын, жар-жар!
Білместік қып, шырағым,
Жылай берме, жар-жар.
Ана орнына қайын енең
Орын басар, жар-жар!

— Есік алды қара су,
Майдан болсын, жар-жар.
Ақ жүзімді көргендей,
Айнам болсын, жар-жар!
«Қайын енесі анадай», —
дейді қазақ, жар-жар.
Айналайын анамдай,
Қайдан болсын, жар-жар!

Сылдыр-сылдыр оймағым,
Қағылайын, жар-жар.
Айналайын әкемді
Сағынайын, жар-жар!
Айналайын әкемді,
Сағынар ем, жар-жар.
Малға сатып жіберді,
Не қылайын, жар-жар!

Сылдыр-сылдыр оймағым,
Қағылайын, жар-жар.
Айналайын шешемді,
Сағынайын, жар-жар!
Айналайын шешемді
Сағынар ем, жар-жар.
Өзі апарып тастады,
Не қылайын, жар-жар!

Сылдыр-сылдыр оймағым,
Қағылайын, жар-жар.
Айналайын ағамды
Сағынайын, жар-жар!
Айналайын ағамды
Сағынар ем, жар-жар.
Өзі апарып салады,
Не қылайын, жар-жар!

Сылдыр-сылдыр оймағым,
Қағылайын, жар-жар.
Айналайын жеңгемді,
Сағынайын, жар-жар!
Айналайын жеңгемді
Сағынар ем, жар-жар!
Кісі елінің адамы,
Не қылайын, жар-жар!

Сылдыр-сылдыр оймағым,
Қағылайын, жар-жар!
Айналайын сіңлімді,
Сағынайын, жар-жар!
Айналайын сіңлімді
Сағынар ем, жар-жар!

Ол да өзімдей мұңлық қой,
Не қылайын, жар-жар!

Сылдыр-сылдыр оймағым,
Қағылайын, жар-жар!
Айналайын інімді,
Сағынайын, жар-жар!
Айналайын інімді,
Сағынар ем, жар-жар!
Ат шылауын ұстайды,
Не қылайын, жар-жар!

Көк етігім қонышы тар,
Кие алмаймын, жар-жар.
Қолым барып жұмысты
Жия алмаймын, жар-жар!
Қолым барып жұмысты,
Жияр едім, жар-жар.
Айналайын анамды,
Қия алмаймын, жар-жар!

Сылдыр-сылдыр қамысқа
Сырғам түсті, жар-жар.
Сыр алмаған жерлерге,
Әпкем түсті, жар-жар!
Әпкем үшін қабырғам
Қайысады, жар-жар.
Қолымдағы қос жүзік,
Майысады, жар-жар!

Қатар-қатар қаттамалар
Қатталып тұр, жар-жар.
Қызды алып жеңгелері,
Аттанып тұр, жар-жар!
Жылама, тұр, жылама,
Той сенікі, жар-жар.
Астанасы алтыннан,
Үй сенікі, жар-жар!

АУШАДИЯР

Аушадияр бір дейді,
Ашса, кілем кірлейді.
Ата-анасын сыйлаған,
Ақ шалмалы пір дейді.

Аушадияр екі-ді,
Қорасан қалмақ кекілді.
Жаста қылған тәубеңіз,
Тас жазудай бекиді.

Аушадияр үш дейді,
Кеңнен сарай піш дейді.
Сөз айтсаң да наданға,
Салған жөнге түспейді.

Аушадияр төрт дейді,
«Алла бір» деу серт дейді.
Өтірік айтсаң алдыңнан,
Шығады тамұқ өрт дейді.

Аушадияр бес дейді,
Бестен ойып ес дейді.
Ер жігіттен бақ тайса,
Мал жинауы күш дейді.

Аушадияр алты-ды,
Жақсылық жасау артығы.
Мейірім болса жүректе,
Пейіште нұрың шалқыды.

Аушадияр — жетіңіз,
Жетімді жетім демеңіз.
Жетімнің ақын жемеңіз,
Жетімнің ақын жесеңіз,
Көтеріп көрге салғанда,
Тек жатармын демеңіз.

Аушадияр — сегіз-ді,
Су аяғы — теңіз-ді.
Ата-анадан аяма,
Жақсылықты ең ізгі.

Аушадияр — тоғыз-ды,
Жорғалаған қоңызды.
Ата-анасын бақпаған,
Арам сүт емген доңыз-ды.

Аушадияр он дейді,
Қыздар киер тон дейді.
Құп жарасып қосылу,
Пайғамбар салған жол дейді.

Аушадияр — он бір-ді,
Ақ қағазға төндірді.
Ибраһим баласын,
Құрбандыққа көндірді.

* * *

Аушадияр бір дейді,
Бұрыннан қалған жыр дейді.
Арық мал ауқат болмаған,
Семізін сатсаң пұл дейді.
Мамыр туса, мал өсіп,
Жердің беті гүлдейді.
Ниеті қара, көр көңіл,
Жақсылықты білмейді.
Барды «жоқ» деп жалтарса,
Көңілі содан кірлейді.
Оңбайтын туыс белгісі —
Бірін-бірі күндейді.
Көргенсіз келін белгісі —
Енесін «қақпас», «күң» дейді.
Ибалы қыздың белгісі —
Беталды сөйлеп күлмейді.
Көргенсіз жастың белгісі —
Үлкенді көзге ілмейді.
Адасатын ақымақ,
Ақылға айтқан кірмейді.
Адам болар қыз-жігіт,
Қисық жолмен жүрмейді.

Аушадияр үш екен,
Атан — көшке күш екен.
Екі жақын танысса,

Ақыреттік дос екен.
Екі жаман танысса,
Бір күннен соң өш екен.
Зымырап өткен дәуренің
Бір күнгі көрген түс екен.
Мезгілің өтпей тұрмайды,
Күз артынан қыс екен.

НЕКЕ ҚИЯР

Куә, куә, куәдүрміз,
Куәлікке жүрәдүрміз.
Мұнда халық қасында,
Таңда хақ қасында
Екі кісі хаққа куәлік бередүрміз.
Пәленшеден жазған (әкесін айтады),
Пәленшеден туған (шешесін айтады),
Пәленше қызды (атын айтады)
Халар жүптілікке қабыл көріп алдыңыз ба? дейді.

Қызға айтқанда да бәрін осы қалыпта айтып, аяғында «пәленшеге жүпті болдыңыз ба? — дейді.

СЫҢСУ

Есіктің алды талды ғой,
Төрімнің алды қалды ғой.
«Бермейді» деген әкекем,
Мойныма құрық салды ғой.

Жүруші едім айдай боп,
Арпа жеген тайдай боп,
Енді де кетіп барамын,
Несие жиған малдай боп.

Жүруші едім «ағалап»,
Соңынан ердім жағалап,
«Бермейді» деген ағалар,
Ұстап та берді-ау, қамалап.
Есіктің алды жар ма екен?

Ойлап та ойлап отырсам,
Қыздан да сорлы бар ма екен?!

Әуеден ұшқан бөдене,
Ақ үйге салған дөдеге.
Өз үйіңнен кеткен соң,
Көрген күнім немене?!

Қарағай ерге қас болмас,
Қыз бала елге бас болмас.
Өз үйіңнен кеткен соң,
Бал жесең де, ас болмас.

Есіктің алды терек-ті,
Теректен алдым керекті.
Орамал тартпас «сұм» басым,
Салынам қайтіп желекті?

Жаңра шапан әлемде,
Әкекеме сәлем де!
«Сәлем де деген кім?» — десе,
Борышқа берген балаң де!

* * *

Шашыма таққан шаштеңге,
Тетелес өскен жас жеңге.
Үзілген теңге табылмас,
Сендей бір жеңге табылмас.

Жылқыда бар ту құйрық,
Қыздарда бар бір мұңдық.
Бір мұңдық емей немене,
Шәлі бір тартқан не сұмдық?

Сисадан көйлек кигенім,
«Ұл болам» деп жүргенім.
Ұл емес екем, қыз екем,
Басыма түскен бір мұңдық.

Қаладан келген ақ мата,
Бұлғақтап өстім оң жақта.

Айналайын әкеке-ау,
Қолыңды жай, бер бата!

Сары ала көйлек, сан түйме,
Санамай қалай жүрейін.
Кешегі жүрген жай жолдас,
Сағынбай қалай жүрейін.

Айтса да менің тарағым,
«Жылама» дейсің, қарағым.
Мен жыламай қайтейін,
Жат елге кетіп барамын.

Былғары тоқым бүкпелі,
Мен ағама өкпелі.
Өкпелі болмай қайтейін,
Осы жаз маған көп пе еді?

Қарадан қамзол пішіндер,
Жібектен арқан есіндер.
Енді айналып келгенше,
Қош, есен бол, шешелер.

Қаладан қалған кемелер,
Шай самауыреселер.
«Қарағым, шырағым» деуші едің,
Қош, есен бол, шешелер.

Ұзатылып бара жатқандағы көрісулер

Әкесіне:
Ақ торғынның қиығы-ай,
Жақсы адамның сиығы-ай.
Айналайын әкем-ау,
Айырылудың қиыны-ай!

Есіктің алды дөңесім,
Таусылмас ақыл-кеңесің.
Еркелеткен әкем-ау,
Жат елге қайтіп бересің?!

Әуеде ұшқан тұрымтай,
Жаным отыр жылынбай.

Еркелеткен балаң ем,
Әлпештеп, әке, ұлыңдай.

Шешесіне:
Қияйын қайтіп анамды,
Өсірген тартып жапамды.
Жат елге кетіп барамын,
Апам-ай, берші батаңды.

«Апам-ай, апам» дегізген,
Бал беріп, қаймақ жегізген.
Ақтамай кетіп барамын,
Ақ сүтін иіп емізген.

Ағасына:
Айналайын аға-екем,
Отырған жерің бақ екен.
Бірге тумақ болса да,
Бірге жүрмек жоқ екен.

Өмілдірік, құйысқан,
Тарамай, шашым ұйысқан.
Айналайын ағайым,
Өзіммен бірге туысқан.

Шашымды келмес өруге,
Қайырып салып керуге,
Жарамадым, аға-еке-ау,
Атыңды ерттеп беруге.

Бауырына:
Айналайын күнішім,
Артымнан ерген інішім.
Сағынып сені жат елде,
Елжірейді-ау күнде ішім.

Тымақтың бауы шағиды-ай,
Өтпесе пышақ жаниды-ай.
Жат елге барып, жат болсам,
Жас бауыр қайтіп таниды-ай.

Жеңгесіне:
Әуеден ұшқан бозторғай,
Балақ жүні бос болғай.
Жат елге кетіп барамын,
Жеңеше-ай, енді қош болғай.

Омырау толы теңгелер,
Жылайтұғын кез келер.
Жат елге кетіп барамын,
Қош, аман бол, жеңгелер!

Босағаға:
Есіктің алды ақ қайың,
Әптиек оқып жаттайын.
Өлгенде шығар есіктен,
Тіріде қайтіп аттайын.

Есіктің алды ошаған,
Ұстатпайды-ау қашаған.
Жат елге кетіп барамын,
Жібермеші, босағам!

Қызды есіктен алып шыққанда:
Есіктің алды ақ қайың,
Ерттеп қойған аттарың.
Ерттеп бір қойған аттарың,
Көлденең әкеп тартқанын.

Су ішінде балық бар,
Он екі керей халық бар.
Атқа да мені мінгізді,
Жібермей, елім, алып қал!

Есіктің алды қамысты-ай,
Қамыстан қоян жарысты-ай.
Алдыңнан өтпес, аға-екем,
Атыма келіп жабысты-ай.

Есіктің алды сары бел,
Сары бел ассам, қалың ел.
Жат елге кетіп барамын,
Қош, аман бол, қайран ел!

* * *

Әкесіне айтқаны:
Қыз дәуренің өтпелі,
Мен әкеме өкпелі.
Өкпелі болмай қайтейін,
Бір жыл маған көп пе еді?

Есіктің алды жапырақ,
Жапырақ жатыр жалтырап.
Әкем «берем» дегенде,
Жүрегім ұшты-ау қалтырап.

Базардан келген матадай,
Бүктеп бір қойсаң жатады-ай.
Ішінен шыққан баласын,
Малға да қиып сатады-ай.

Жағада шапан қинайды-ау,
Жат елге барсам сынайды-ау.
Сынаса сынға қалам ба?
Үйдегідей болам ба?

Әуеде ұшқан сонадай,
Солқылдап жерге қонады-ай.
Жастай мені бердіңіз,
Заманым қандай болады-ай?

Шешесіне айтқаны:
Базардан келген тақтайым,
Сындырмай қалай сақтайын.
Айналайын анам-ау,
Ақ сүтінді қайтіп ақтайын?

Жылқы ішінде тебеген,
Базардан келген леген.
Айналайын анам-ау,
«Сен қалайсың?» демеген.

Үй-ішіне айтқаны:
Есіктің алды ошаған,
Жылқы ішінде қашаған.

Жыл айналып келгенше,
Қош, аман бол, босағам!

Жеңгесіне айтқаны:
Көк көйлек кидім бүрмелеп,
Етек пен жеңін түймелеп.
«Бермеймін» деген, жеңгем-ау,
Үйден де шықтың сүйрелеп.

Шапан піштім бой-бойлап,
Жағасын тіктім ой ойлап.
Жыламай қайтіп шыдайын,
Неге айтасыз «қой-қойлап»?

Сіңлісіне айтқаны:
Басыма киген бөрігім,
Қалтама салған өрігім.
Жыл айналып келгенше,
Қош, аман бол, серігім!

Бауырына айтқаны:
Әуеде торғай өріп жүр,
Балапаны еріп жүр.
Айналайын бауырым,
Сағындырмай келіп жүр!

Соңында айтқаны:
Базардан келген бес кілем,
Дүриядан несі кем?
Тірі де отыр демесең,
Өлі қыздан несі кем?

* * *

Масатының қиығы-ай
«Пұл болады» деп пе едің?
Қыз баланы асырап
«Ұл болады» деп пе едің?
Сарай да сарай, сарай бар,
Сары орамал орай бар,
Енді айналып келгенше
Талай да талай заман бар.

* * *

Қарағай ма екен, тал ма екен?
Талдан да биік бар ма екен?
Үйде де жүріп, түзде өлген,
Қыздан да мұңлық бар ма екен?

Қалайы сандық кілтім-ау,
«Жылама» дейсің, жұртым-ау?
Қолына жүзік ұйысқан.
Жылатады екен туысқан.

Әуеден ұшқан топ үйрек,
Тобыңды жазбай қон үйрек,
«Жыламайын» десем де,
Солқылдатады қос бүйрек.

Есіктің алды тал ма екен,
Талдан да биік бар ма екен?
Үйде жүріп, түзде өлген,
Қыздан да сорлы бар ма екен?!

Әуеден ұшқан бұлдырық,
Құбыладан соқты ызғырық.
Әкеме қояр кінәм жоқ,
Жаратты Құдай қыз қылып.

Әуені бұлт қоршайды,
Ойпаңға жылқы жусайды.
«Тірі де кетті» демеңдер,
Өлгенге көңілім ұқсайды.

Басыма киген бөркім-ай,
Бөркім — менің көркім-ай.
Көсілген аяқ жимаған,
Өз үйімдегі еркім-ай.

Жүруші едім айдай боп,
Қарынға салған майдай боп.
Енді кетіп барамын,
Борышқа берген малдай боп.

Әуеде ұшқан ақсұңқар,
Қанатымен жер сипар.
Айналайын әкем-ау,
Маңдайымнан кім сипар?!

Шымылдық құрдым оң жақтан,
Шыбыным ұшты сол жақтан.
Әкем малға бергенше,
Алсын да Құдай оң жақтан.

Шапан да кидім таналап,
Өсірдің, апа, паналап.
Береріңе келгенде,
Ұстап бердің қамалап.

Таулардың суы сарқылар,
Тайлақтың жүні сарқырар.
Ел-жұртым еске түскенде,
Сай-сүйегім сырқырар.

Есіктің алды түйе еді,
Түйе де мойын иеді.
Бауырлар еске түскенде,
Ішім оттай күйеді.

Ақ көйлек кидім дембелше,
Ойнаушы едім өлгенше,
Жыл айналып келгенше,
Қош болып тұр, жеңеше!

Есіктің алды ошаған,
Ұстатпайды қашаған.
Жыл айналып келгенше,
Қош болып тұр, босағам!

* * *

Әжесімен қоштасу:
Ай, анам-ай, анам-ай!
Жел жақтағы панам-ай.
Сапар шегіп барамын,
Қайтіп бір адам болам-ай!

Анасымен:
Ақ түйеге жүк арттым,
Ақ бөкебай шұбалттым.
Айналайын ақ мама,
Ақ сүтіңді ағарттым.

Атасымен:
Базардан келген ақ мата,
Ойнақтайды ақ бота.
Жасың бір келген жан ата,
Қолыңды жайып бер бата!

Ағасымен:
Көтеріп салдың арбаға,
Не жазығым бар, аға?
Енді айналып келгенше,
Қош, есен бол, жан аға!

Жездесімен:
Жүк жинадым текшелеп,
Орамал тіктім кестелеп.
Айналайын жездеке,
Жүруші едім еркелеп.

Жеңгесімен:
Көйлек кидім белдемше,
Ойнап жүрдім өлгенше.
Қайта айналып келгенше,
Қош, есен бол, жеңеше!

Нағашысымен:
Есіктің алды ағаш-ай,
Далаға шығып қарашы-ай.
Енді айналып келгенше,
Қош, есен бол, нағашы-ай!

Құрдасымен:.
Шай ішінде құрдасым,
Бір жылда туған құрдасым.
Далаға шықсам — сырласым,
Үйге келсем — мұңдасым.
Енді айналып келгенше,
Қош, есен бол, құрдасым.

Ел-жұртымен:
Кілем жайдым аршаға,
Жүк жинадым наршаға.
Осыдан барсаң, сәлем айт,
Ауылға, туған баршаға!

Су ішінде лаймен
Келіп те жүрші ылаумен.
Келмесең күнім ылаумен,
Өтед те күнім жылаумен.

Анасына:
Есіктің алды шоңайна,
Шоңайна теру оңай ма?
Жат елге барып, жан апа-ау,
Келін де болу оңай ма?

Есіктің алды талды ғой,
Төрімнің алды қалды ғой.
«Бармаймын» деген кеуілім,
Мойныма құрық салды ғой.

Жеңгесіне:
Бөкебай салды басыма,
Жеңешем келді қасыма.
Он алты жасқа жеткенде
Көрсеткен қызығың осы ма?

* * *

Жылқы ішінде жиренше,
Жал-құйрығын түйгенше.
Жыл айналып келгенше,
Қош, аман бол, жеңеше!

Жылқы ішінде қарагер,
Мойнына құрық сала гөр.
Жыл айналып келгенше,
Келіп-кетіп жүре гөр.

Базардағы көк арба,
Жаңбыр бір жауса оңар ма?

Бөтен елге барамын,
Өз елімдей бола ма?!

Жібектен бе екен өрмегі,
Шиден бе екен өрнегі?
Айналайын жеңеше-ау,
Биыл да ма екен бермегі?

Әуедегі айдай боп,
Қосақталған тайдай боп.
Енді бір кетіп барамын,
Борышқа берген малдай боп.

Қияға салған қауыным,
Шалғайда қалды ауылым.
Жыламайын десем де,
Кейін де қалды, бауырым.

* * *

Жылқы ішінде керім-ай,
Кекілден аққан терім-ай.
«Қой» демеші, ел-жұртым,
Ішімнен шыққан шерім-ай.

Есіктің алды өзенім,
Қош, аман бол, өз елім.
Өз елімнен кеткен соң,
Өртенеді өзегім.

Есіктің алды беткейді,
Беткейден малым кетпейді,
Айналайын ел-жұртым,
Қадірің естен кетпейді.

Кеніштi жайлау жеріміз,
Жайлауды қонған малымыз.
Жат елге кетіп барамын,
Қол жайып бата беріңіз!

Қош аман бол, елім-ай,
Туып-өскен жерім-ай.

Ел-жұртымды мен ойлап,
Тоқтамайды көңіл-ай.

Есіктің алды тал ма екен?
Талдан да биік бар ма екен?
Елінде туып, түзде өлген
Қыздан да сорлы бар ма екен?

Атқа міндім қамшылай,
Көзімнің жасы тамшылай.
Жетелеп елім, жөнелттің
Күні біткен малшыдай.

Жылқы ішінде қара айдар.
Сауырында қара ай бар.
Қайран менің, ел-жұртым
Көріскенше талай бар.

Білезік салған қолым-ай,
Ашылмаған сорым-ай.
Ел-жұртымды ойласам,
Шыр айналар белім-ай.

Базардан алған кілітім.
«Бармаймын» деген үмітім.
Баруға басым байланды-ау,
Қош, аман бол, ел-жұртым!

Таңды бір қайтіп атырам?!
Кешті бір қайтіп батырам?!
Көз көрмеген жат елде
Жабырқап қайтіп отырам?

Қыз қылық кетер бойымнан,
Ел-жұртым кетпес ойымнан.
Ұмытпа, елім, ұмытпа,
Алысқа кеттім бұлттан.
Сағынбай қайтіп жүрейін,
Аға-жеңге, туысқан.

Нар түйеге жүк арттым.
Жібектен арқан бек арттым

Қайран да менің, ел-жұртым.
Жылауменен «қош» айттым.

Көрікке салдым асыл тас,
Соңымнан ерген інім жас.
Ат жалын тартып мінгенше
Артымнан іздеп бара алмас.

Басымдағы бөркім-ай,
Киіп бір алсам, көркім-ай.
Ерте жатып, кеш тұрған.
Үйдегі қайран, еркім-ай.

Былғары тауып, пұл болмас,
Қыз еркелеп, ұл болмас.
Қанша ерке болсам да,
Өз үйіндей бір болмас.

Кермелеп өскен шашым-ай,
Еркелеп өскен басым-ай.
Жат елге барған кезімде
Жүрер ме екем жасымай.

Базардан алған қына-ды.
Жат елге барсам, сынайды.
Сынына қайтіп толайын,
Қайтіп бір адам болайын?

Базардан алған қалауыш,
Жүкке жапса жайнауыш.
Қызды «балам» демеңдер,
Аз күндік қана алданыш.

Әуелеп ұшқан жарқанат,
«Қыз туды» деген — жаманат.
Қызды «балам» демеңдер,
Жарым айлық қолқанат.

Ат айдадым айдауға,
Ел көшкенде жайлауға.
«Көнбеймін» деген бір басым,
Көніп те қалдым байлауға.

Қыздарды несіне жаратты?
Несіне қойды таратты?
Жаратып қызды жат елге
Біреуге күнді қаратты.

Арпа ішінде бір бидай,
Теріп жейді-ау бозторғай.
Шыр етіп жерге түскенде,
Жат елге жазды-ау бір Құдай!

Жат елге барып, жат болдым,
Қағазға жазған хат болдым.
Жат елге жат боп барған соң,
Арқандаған ат болдым.

Аспанды бұлт қоршайды,
Ойпаңда қойым жусайды.
«Тірі» деп мені айтпаңдар,
Өлгенге басым ұқсайды.

Артымнан соққан самал жел,
Алдымнан шыққан қалың ел.
Қалың елден не пайда?
Қош, аман бол, қалған ел!

Көкшоқы деген үлкен тау,
Тамаққа тақкан қарғы бау.
Елім бір еске түскенде,
Бір күн ауру, бір күн сау.

Есіктің алды алаңды,
Ауылдағы елге «сәлем» де.
«Сәлем де» десем, «кім демес».
Жат елге берген «балаң» де .

Әуеден ұшқан бөдене,
Күмістен құйған тегене.
Үйде туып, түзде өскен.
Қыздың да күні немене?

Есіктің алды сардала,
Желкілдеп өскен біз бала.

Үйде туып, түзде өскен,
Сорлы да болған қыз бала.

Қара ат мінсем, қамшылай.
Көзімнің жасы тамшылай.
Енді кетіп барамын,
Күні біткен жалшыдай.

Қара ат міндім тағалап,
Шапанды кидім жағалап.
Ішінен шыққан баласын,
Жат елге берді бағалап.

Жүруші едім айдай боп,
Үкілеген тайдай боп.
Енді де кетіп барамын.
Үріккен бір қойдай боп.

Есіктің алды кенер-ді,
Кенермен бойым теңелді.
«Бермеймін» деген ауылым,
Қандай бір адам көндірді.

Қара бір таудың тасын-ай
Қаршыға қонар басын-ай.
«Айырылмаймын» деген ауылым,
Айырылғаным осы ма-ай?

Ауылым еді-ау азаным,
Үйім еді-ау базарым.
Ауылымнан айырылып,
Енді-ау қайда барамын?

Қайран да мекен ауылым,
Аға, жеңге, бауырым!
Ауылымды ойласам,
Езіледі іші-бауырым!

Айналайын ауылым!
Желі де бие сауырым.
Ауылымнан айырылып,
Елжірейді іші-бауырым.

Есіктің алды талды ғой,
Талдыға малын жайды ғой.
Көсілсем аяқ жимайтын,
Төрімнің алды қалды ғой.

Күн жауады сырғақтап,
Үкі тақтым бұлғақтап.
Үкі тұрмақ жүн қайда?
Үйдегідей күн қайда?

Есіктің алды талды ғой,
Талдыда қойым қалды ғой.
Мәпелеп өскен ауылым,
Артымда жылап қалды ғой.

Таулардан бұлақ сарқырар,
Бұтаның жоны бұрқырар.
Мен ойласам ауылымды
Сай-сүйегім сырқырар.

Базардан алған ашудас,
Желдетпей тұман ашылмас.
Ауылым еске түскенде,
Жыламай мауқым басылмас.

Базардан алған қауыным,
Қайран да менің ауылым.
Артымда қалған інілер
Қолқа-жүрек бауырым.

Қара бір аттың шоқтығы,
Шоқтығынан биік оқтығы.
Мен жыламай, кім жылайды?
Бір әкенің жоқтығы.

Қалайы сандық қапсырдым.
Оймыштап бетін жапсырдым.
Әкем менен шешемді,
Бір Құдайға тапсырдым.

Жылқы ішінде күреңім,
Сағынсам да жүремін.

Артымда қалған ауылдың
Тілеуін келеді тілегім.

Базардан алған мата ма?
Сандыққа салсам жата ма?
Жат елге кетіп барамын,
«Бата бер» деші атама.

Қара ат міндім қатырып,
Қабырға жүнін батырып.
Қызды «балам» демеңдер,
Малға кеттім сатылып.

Айдасың, жұлдыз айдасың,
Аспанда бұлт ойнасын.
Көтеріп атқа салғанда
Жанашыр, туыс, қайдасың?

Базардан келген құйысқан,
Тарамай шашым ұйысқан.
«Қимайды ғой» деуші едім,
Қияды-ау екен туысқан.

Ел көшеді жайлауға,
Қозы, лақ көнбес айдауға.
«Бермеймін» деген туыстар,
Басымды бердің байлауға.

Өмілдірік, құйысқан,
Тарамай шашым ұйысқан.
«Жыламайын» десем де
Жылатады екен туысқан.

Қара бір таудың аршасы,
Басына бұлбұл қонса-шы.
Туысым бірге болғанша
Жүрісім бірге болса-шы.

Кешке бір соққан дауылым,
Қоғалы көлдей ауылым.
Мен айырылып барамын.
Аман бол, аға, бауырым!

Базардан келген ашудас,
Желпінбей тұман ашылмас.
Айналайын ағалар,
Жыламай мауқым басылмас.

Сары ат мініп, сарай бар,
Сауырда жүнін тарай бар.
Айналайын ағалар,
Бір көргенше талай бар.

Есіктің алды қара ағаш,
Жапырағын алсаң, жалаңаш.
Күнде көрген ағалар,
Айында келіп амандас.

Есіктің алды мия еді,
Мияға жылқы жаяды.
Көтеріп атқа салғанда
Көздері қалай қияды?!

Ақ тайлаққа жүк арттым.
«Аумасын» деп тең арттым.
«Қош» айтады демеңдер,
Көріспенен қош айттым.

Базардан келген кеселер,
Шәугіммен шайды еселер.
«Қош айтпай кетті» демеңдер,
Қош айтайын, шешелер!

Базарда алтын тағалар,
Мың теңгеге бағалар.
«Қош айтпай кетті» демеңдер,
Қош айтамын, ағалар!

Жоғарыдан сел келер,
Сегіз шашбау тең келер.
«Қош айтпай кетті» демеңдер,
Қош айтамын, жеңгелер!

Арғымақ келер белестен,
Белестен самал жел ескен.

Есен-сау бол, құрдастар,
Тел қозыдай тең өскен.

Жерім, қалды-ау артымда,
Жиылып тұрды-ау халқым да.
Туған-туыс ішінде
Қош айтамын жалпыңа!

* * *

Сарынның басы бисмилла, үкі-ау,
Бисмилла келер мың жылда, үкі-ау,
Аз өсиет айтайын, үкі-ау,
Шуылдамай сөз тыңда, үкі-ау.

Сарна бір десең, сарнайын, үкі-ау,
Сарынды сізге арнайын, үкі-ау,
Жаз келеді жыл құсы-ай, үкі-ау,
Келіннің шайпау тілдісі-ай, үкі-ау!

Пайғамбар қызын ұзатқан, үкі-ау,
Солардың салған үлгісі-ай, үкі-ау,
Аруанадай анамыз, үкі-ау,
Көп пе еді қатаңыз, үкі-ау?

Біз бермейік десек те, үкі-ау,
Би Фатима, Хадиша, үкі-ау,
Бұл жолды салған анаңның, үкі-ау,
Ұлы да болса, кішкентай, үкі-ау.

Бұлғыннан жұмсақ ішектей, үкі-ау,
Жайлы боп елге жүргейсің, үкі-ау,
Зылиха менен Жүсіптей, үкі-ау,
Рақат дәурен сүргейсің, үкі-ау.

Мен сарнайын самалдай, үкі-ау,
Сырың бір сұлу манардай, үкі-ау,
Рақат дәурен сүргейсің, үкі-ау,
Сейфүлмәлік, Жамалдай, үкі-ау.

Мен сарнайын сарынды, үкі-ау,
Күткейсің, бике-ау, жарыңды-ай, үкі-ау,

Рақат дәурен сүргейсің, үкі-ау,
Ақжүніс пен Тарғындай, үкі-ау.

Мен сарнайын сарынды, үкі-ау,
Төредей күтші жарыңды-ай, үкі-ау,
Рақат дәурен сүргейсің, үкі-ау,
Зияда, Қорлығайындай, үкі-ау!

Қой ішінде серкештей, үкі-ау,
Басыңа бөрік кепештей, үкі-ау,
Рақат өмір сүргейсің, үкі-ау,
Баян мен Қозы Көрпештей, үкі-ау.

Кесте бір тіктім жеңіне, үкі-ау,
Әкең бір қосқан теңіне-ай, үкі-ау,
Әдепті келін сен болып, үкі-ау,
Үлгілі өт осы еліңе, үкі-ау.

Шашыңның ұзын қарасын-ай, үкі-ау,
Қасыңның жазық саласын-ай, үкі-ау,
Келіп бір кетіп жүреміз, үкі-ау,
Екі елдің жақын арасы-ай, үкі-ау.

Бұлбұл қонар терекке-ай, үкі-ау,
Асыл бір жарар керекке-ай, үкі-ау,
Ашық-жарқын сен жүрсең, үкі-ау,
Екі елге мереке-ай, үкі-ау.

Салулы қолда жүзікпен, үкі-ау,
Хат оқыр молда азықпен, үкі-ау,
Тату болып жарыңмен, үкі-ау,
Өмірің өтсін қызықпен, үкі-ау!

БЕТАШАР

Айт келін-ау, айт келін!,
Атыңның басын тарт, келін!
Сауысқаннан сақ келін,
Жұмыртқадан ақ келін.
Келін, келін, келіншек,
Керіледі құлыншақ,

«Алдыңғы түйең итіншек,
Артқы түйең тартыншақ»,
Деп барлығын жақтырмай,
Ұрып-соқпа, келіншек.
Ерте тұрып төсектен,
Қақаңдама, келіншек.
Үй артына мал келсе,
Бақанды алма, келіншек.
Үйір болып дайынға,
Құрт ұрлама, келіншек.
Өзің жатып, байыңды
«Тұр-тұрлама», келіншек.
Аузы-басың сүйреңдеп,
Өсек айтпа, келіншек.
Қайын ағаңның алдынан
Кесіп өтпе келіншек.
Сауыр етігің шоқаңдап,
Тоғай кезбе, келіншек.
Көн етігің қорқылдап,
Ауыл кезбе, келіншек!
Келін келді, көріңдер,
Көрімдігін беріңдер,
Ала-құла демей-ақ,
Түсін айтып беріңдер**!**
Жылқы берсең, көктен бер,
Өзі жорға, беріктен бер!
Қайын атаңа бір сәлем!
Түйе берсең, ақтан бер,
Өсеріне бақтан бер!
Қайын енеңе бір сәлем!
Сиыр берсең қорадан,
Сірә да, өлмес жорадан,
Қайын ағаңа бір сәлем!
Қойды берсең қоңырдан,
Өсеріне оңынан,
Абысынға бір сәлем!
Ешкі берсең сарыдан,
Дауысы шыдамас зарынан!
Қайын ініге бір сәлем!
Мүйізі пышаққа сап болар,
Терісі бұтқа қап болар,
Бұты толған бұлақ болар,

Іші толған лақ болар!
Ақты қойды айдаған,
Алалы жылқы байлаған.
Осы жанның үлкені,
Атасы, саған бір сәлем!
Мінгенде атың боз ғана,
Жорғасы бар азғана.
Таналы моншақ таққалы,
Тұңғышы болсын қыз бала.
Есіктің алды теректі,
Қатындар тоқыр өрнекті.
Барған жылы ұл тапсаң,
Құдайдың берген ермек-ті.
Мінгенде атың жиренше,
Ойнақтап тұрар мінгенше.
Сірә да, мауқың басылмас,
Әлдилеп бала сүйгенше.
Ақ түйең жатыр аулаңда,
Ақ тайлақ жатыр матауда.
Қыз күніңде қысылдың,
Мейлінше ойна отауда.
Есіктің алды ақ балық,
Ақ балық етін қақтайық.
Орамал берсең, барша бер,
Елге барып мақтайық.

Айт келін-ау, айт келін,
Атыңның басын тарт, келін.
Сауысқаннан сақ келін,
Айдан сұлу ақ келін!
Бетіңді, келін, ашқаным,
Жаңа жұртқа қосқаным.
Жасы үлкенді сыйлай жүр,
Құрмет қылып жасқанып.
Айт келін-ау, айт келін,
Атыңның басын тарт, келін.
Сауысқаннан сақ келін,
Жұмыртқадан ақ келін.
Қыз көңілінен шық келін,
Күйеуіңе шақ келін.
Ел-жұртыңа жақ келін,
Өзің бір ақыл тап, келін.

Ата-анаңды, бақ келін,
Кісі келсе үйіңе,
Сырмағыңды қақ, келін,
Қызмет қыл иіліп,
Атаң менен анаңа,
Өзіңнен үлкен адамның
Бетіне тура қарама.
Үлкен кісі келгенде,
Қатарласып отырмай,
Кейін отыр панада.
Сампылдап қатты сөйлеме,
Ақырын сөйле мүдіріп.
Майдалығы сөзіңнің,
Кеткендей болсын үгіліп.
Қолын ұстап, бетін сүй,
Бала келсе қасыңа.
Қайныңды сыйлап қадірле,
Қарамай үлкен жасына.
Жаманға болма ашына,
«Мырзалық жөні» осы деп,
Әркімге берме шашыла.
Міне, келген келініңіз,
Жамағаттар көріңіз.
Бәрі де ақыл сөзіміз,
Ақылға көңіл бөліңіз.

* * *

Ал құлақ сал, сөз тыңдап,
Келіп тұрған ата-ене.
«Балам» деп, сыйлап ақыл айт,
Бұрқырама жоқ неге.
Ұялып тұрса әрнеден,
Ақыл айтып жауап қат.
Үйдің іші-сыртына
Үйренгенше болар жат.
Әр нәрседен жасқанып,
Батырлық етпес бөгеліп,
Түсіндір істің мән-жайын,
Тастама жекіп, шегеріп.
Ақыл сұрап бір іске
«Апа» деп келсе жағалап,

Лайықты іс көрсет,
Тоқпақтама жер сабап.
«Ашу дұшпан, ақыл дос»
Талабын жерге қойма бос.
Білмеген ісін білгізіп,
Ақылына ақыл қос.
Ата болған ақсақал!
Қорған бол, сен де мәпелеп.
Әкесінің алдында
Көңілді өскен еркелеп.
Қабақ түйіп, түксиіп,
Жасытып көзді алайтпа.
Киіп-ішсе қызғанып,
Пейіліңді тарылтпа.
«Қарағым, күнім, балам» деп,
«Көзімнің нұры — санам» деп,
Мен тұрғанда жасқанба
«Менің де сендей балам бар,
Көңіліңе алма алаң» — деп.
Қайын аға, қайын жеңгелер,
Тағы басқа өңгелер,
Білмеген ісін көрсетіп,
Жақсы ісіне көмек бер.
Көтеріп көңілін ақыл айт!
Жайсыз болма, шырағым,
Арықтаған күліктей.
Мандымай ісің жүрмесін.
Желі кеткен көріктей.
Жаман болма осындай,
Жарты орынға қоймайтын.
Жақсы бол, жайнап, жадырап,
Қылығыңа тоймайтын.
Әуелі сыйлас атаңмен,
Атаңыздан бата ал сен.
Ата-енесін сыйлаған,
«Жақсы келін» атан сен!
Онан соң сыйла енеңді,
Қара жердей кемеңді.
Сыйласаң сөйлей кәріңді,
Кәрі сыйлар бәріңді.
Онан соң сыйла қайнағаң,
Жүгіріп атын байлағын.

Жақсы келін белгісі —
Кірпігінің кірі жоқ.
Жұма сайын кір жуып,
Ақ шатырдай жайнаған.
Онан соң сыйла абысын,
Абысын, мұнда бармысың?
Татулықтың белгісі —
Ақылдасып шешер бар ісін.
Онан соң сыйла қайнысын,
Сөзімнің тыңда мәнісін.
Үлкен-кіші, кәрі-жас,
Әулеттің сыйла бәрісін.
Қарсы келсе жасы үлкен,
Иба қып айнал, ойланып,
Құрбыларың кез келсе,
Әзілдеп сөйле бұралып.
Жасы кіші кез келсе,
Мейірлен «әкем», «күнім» деп,
Қарсы келсе жолдасың,
Жауап тап, ойнап, күлімдеп.
Ақылыңмен әдеп қыл,
Тәртіппен жүр сызылып.
Үлкен үйдің алдынан,
Тарсылдап өтпе жүгіріп.
Көп ішінде көп сөйлеп,
Қатты күлме қарқылдап.
Ыдыс-аяқ ұстасаң,
Мөңкімесін шарқылдап.
Ақыл айтқан жандардың
Жауабын тыңда мақұлдап.
Жетіспеген жандарға
Көмек қып жүр қарасып.
Ауылдаспен ұрыспа,
Жоқ нәрсеге таласып.
Үлгілі болып, келінжан,
Ел-жұртыңа сөйтіп жақ.
Сызылып тұр, қарағым!
«Көргенсіз» деген алма атақ.
Қолыма алдым хат, қалам,
Бір ауыз сөз жатқа алам.
Көп сөз айтып не керек?
Ата-енеңе бір сәлем!

* * *

Келіп тұрған келінге
Өлеңмен шашу шашайын.
Көруге халқым құмартады,
Бетін жылдам ашайын.
Бұрынғының кәдесін,
Жас келінге жасайын!

Қаумалаған келіншек,
Көпшілігі ағайын.
«Келіннің жүзін көрсек» деп,
Анталап отыр маңайың.
Еліңнен шығып келген соң,
Келіншек болдың, толғайын.

Белдеріне түсіріп,
Сұлулар шашын тарайды.
«Қандай келін екен?» деп,
Көпшілік сізге қарайды.
Әдепті келін атанып,
Таңдандырғын маңайды.
Жаман келін күніне,
Тізесін бүксе иіліп,
Оны да іске санайды.
«Сабыр түбі — сары алтын»,
Сабырлы болсаң жарайды.

Қадірлі бол, қарағым,
Өзіңнің келген жұртыңа.
Қатар құрбың сүйінсін,
Өзіңнің мінез-құлқыңа.
Ойнақтама орынсыз,
Әркімнің шығып сыртына.
Сыйлай білмес үлкенді
Бола көрме жырқылдақ,
Көсегең көктеп көгерер,
Атаң менен енеңнің
Көне білсең ырқына.

Орамалың өзгеріп,
Боларсың енді келіншек.

Тұғырыңа байырғы
Қонарсың енді, келіншек.
«Келетін жерге келдім» деп,
Жылмаңдама, келіншек!
Үлкендердің көзінше
Қылмаңдама, келіншек!
Ерте жатып, кеш тұрсаң,
Боласың нағыз еріншек.
Аяғыңнан алдырма,
Иіліп сәлем бергейсің,
Анда-санда көрінсек!

Шоңқайма кебіс кигенің,
Бәсеңірек жүрмесең,
Ерсілеу болар үйдегің.
Қадірсіз емес халқыңа,
Өзіңнің қалап сүйгенің.
Жөніменен жұмсасаң,
Қолыңды біреу қақпайды,
Дүниеңді өзің билегін.

Кешігіп келсе жұмыстан,
Күйеуіңе ақырма.
«Тауып бер!» — деп жоқ затты,
Орынсыз басты қатырма.
Ұрмасаң да ұрғандай,
Шымшылап қолың батырма.
Алғыс алып үлкеннен,
Жеңдіргенің жөн болар,
Ашуыңды ақылға.
Үйір болып өсекке,
Әңгіме айтып сапырма.

Құдай айдап, тап қылып,
Келтіріп отыр кезімді.
Ыстық пенен суыққа,
Болғайсың, келін, төзімді.
Құлағың салып, көп тыңда,
Тастамай жерге сөзімді!

Келіп тұрған ақ келін,
Сауысқандай сақ келін.

Қараңғыны түсірмей,
Үйіңе шырақ жақ, келін!
Атаң менен енеңді
Өлгенінше бақ, келін!
Қыстыгүні тоңдырмай,
Жылы көрпе жап, келін!
Бедеу келін атанбай,
Жылында бір ұл тап, келін!

Жиналған жалпы, жамағат,
Жас келінді көріңіз,
Ата-баба мирасы,
Көрімдігін беріңіз!
Шығара алмай ештеңе,
Шықпасын босқа теріміз.
Бата алмай тұрған бар шығар,
Бастап басын беріңіз.
Осындай жерде көрініп,
Азамат жігіт өктемдер.
Сараңдарың сазарып,
Бергендерді сөкпеңдер!

Назарын келін жықпаңыз,
Қайын ағасы, қайын інісі,
Көрініп қалып, бұқпаңыз.
Кемпір, шешей, келіншек,
Сақтаулы шығар, тықпаңыз.
Есіңде болсын, көпшілік,
Айтылған сөзді жұтпаңыз!

Ақ сақалды атаңыз,
Қабыл болсын батаңыз.
Бейбастық болма, келінжан,
Кешірілмес қатаңыз,
Енекеңе бір сәлем!

Анау тұрған қайын ағаң,
Қайын ағаңның әдеті —
Құр қалмайтын пайдадан.
Өзінің айтып білгенін,
Алдарыңда сайраған,
Қайын ағаңа бір сәлем!

Толып жатқан абысын,
Өзіңмен, келін, болады,
Абысындарға жағасың,
Көтерсең кейде қағысын.
«Қырағы келін» атанғын,
Көзіңмен көріп шаласын.
Ауыз бағып, сөз қусаң,
Тұтап тұрған жанжалға
Өзіңді-өзің саласың,
Абысындарға бір сәлем!

Ана тұрған құрдасың,
Құрдай тату сырласың.
Сыйламасаң құрдасты,
Абырой таппас бір басың.
Жөнімен жүріп, жол тапсаң,
Риза болар құрдастан
Еркегі мен ұрғашың,
Құрдастарға бір сәлем!

Шүпірлеген бикелер,
«Шашбауыңды берші», — деп,
Келін, жаным, сүйкенер.
«Шығатұғын күйеуге
Бізге кезек келді», — деп,
Құрып отыр жүйкелер,
Бикештерге бір сәлем!

Қайныңыз тағы да келіп тұр,
Келінжан, сізді көріп тұр.
«Ендігі кезек менде», — деп,
Өзіне-өзі сеніп тұр,
Қайныңызға бір сәлем!

Айналамда анталап,
Жақсылар бүгін жиналдың.
Алдымдағы келінжан,
Ұялғаннан қиналдың.
Бетін ашып талайдың,
Әлденеше сыйландым.
Бәріңізге бір сәлем,
Нышаны болсын иманның!

Келіп тұрған келінжан,
Орамалың қызыл-ды.
Орамалың туғаннан
«Ақ болсын» деп сызылды.
Әке-шешең риза,
«Теңін тауып қостым», — деп
Қолаң шашты қызымды.



Беташар.
Орталық Ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры *(1091-бума, 12-дәптер)*

— 7 —

III. УЗАТКАН КЫЗДЫҢ ӨLӨҢҮ.

1. Ҡар Ҡар.

Кызды әкәсенең үҙүнөн аҫпарса ауылдың ҡыҙҙары үҙҙө ҡылып осо өлөндө әйтәҙе:

1.

1. Бер толарсак, бер тобук санда болар ҡар! ҡар!
кырк кәсенеҡ акылы канда болар ҡар! ҡар!
әкәмәй деп ҡылама баҙыҡ кыздар ҡар! ҡар!
әкәҡ үшүн каен атаҡ онда болар ҡар! ҡар!
2. Ҡаҙҙы турҙы акша кар ҡаумак кайда? ҡар! ҡар!
кулун тайдай айкаскан оҡ ҡак кайда? ҡар! ҡар!
азар ҡаксы болсада каин атамыз ҡар! ҡар!
айналайын әкәмдәй болмак кайда? ҡар! ҡар!
3. Бер толарсак, бер тобук санда болар ҡар! ҡар!
кырк кәсенеҡ акылы канда болар ҡар! ҡар!
тешәмәй деп ҡылама баҙыҡ кыздар ҡар! ҡар!
тешәҡ үшүн каин енәҡ онда болар ҡар! ҡар!
4. Ҡаҙҙы турҙы акша кар ҡаумак кайда? ҡар! ҡар!
кулун тайдай айкаскан оҡҡак кайда? ҡар! ҡар!
азар ҡаксы болсада каин енәмеҙ ҡар! ҡар!
айналайын тешәмдәй болмак кайда? ҡар! ҡар!
5. Бер толарсак, бер тобук санда болар ҡар! ҡар!
кырк кәсенеҡ акылы канда болар ҡар! ҡар!
аҡамай деп ҡылама баҙыҡ кыздар ҡар! ҡар!
аҡаҡ үшүн каин аҡаҡ онда болар ҡар! ҡар!
6. Ҡаҙҙы турҙы акша кар ҡаумак кайда? ҡар! ҡар!
кулун тайдай айкаскан ҡак кайда? ҡар! ҡар!
азар ҡаксы болсада каин аҡамыз ҡар! ҡар!
айналайын аҡамдай болмак кайда? ҡар! ҡар!

Жар-жар.
В.В. Радлов. Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары... 3 том. – СПб., 1870.

АЗАЛАУ ФОЛЬКЛОРЫ

Дәстүрлі қазақ қоғамында адам баласының дүниеге келуі, ержетіп, отау құруы ғана емес, оның дүниеден өту кезеңіне де аса мән беріліп, ғасырлар бойына желісі үзілмеген заңдылықтар арқылы реттеліп отырған. Соның негізінде ажал алдындағы адамға дем беру,оның атын өшірмейтін жақсы істерін дәріптеп, соңында қалған туған-туыстарына қолдау білдіру, азалы халден шығаруды көздейтін күрделі рәсімдердің кешенді жүйесі қалыптасқан. Дегенмен, көшпелі қазақ қоғамының азалау дәстүрі ұлттық ерекшеліктен сырт жалпыадамзаттық өлім мен өмірге қатысты таным-түсініктермен тамырласып жатады (сөз киесіне сену, о дүниелік өмірге деген сенім, ғұрыптың тұтастығын сақтау т.б.).

Азалау ғұрпы — халқымыздың өткенге құрмет, сөз арқылы қайғы қасіретті жеңілдету, жетім мен жесірді демеу секілді ұлттық адамгершілік-әдеп нормаларына негізделуімен бағалы. Өлімге қатысты ертеден қалыптасқан ғұрып жүйесі түрлі кезеңдердің ықпалымен өзгеріске түскендіктен, азаға қатысты атқарылатын әрбір рәсім мен жөн-жораның біртұтас жүйесі бүгінгі күнге толық жетпеген. Қалыптасқан дәстүр бойынша өмірден үміті үзіліп, хал үстінде жатқан адамның аманат сөзін (арыздасу, қоштасу) есту, оны орындау тірілердің міндетті парызы саналған. Көп жағдайда марқұмның қара сөзбен айтылған аманаты ақындар арқылы өлең-жырға айналып, ел-жұртына жеткізіледі.

Томды баспаға дайындау барысында марқұмды оң жаққа салуға қатысты айтылатын мәтін, өлімді естірту, азалы топты жұбату, көңіл айту, сүйекпен қоштасу, жоқтаудың түрлі тақырыптағы (әкесін, анасын, жарын, бауырын, ұстазын, ел тұлғаларын) үлгілері ғұрып жүйесіне қарай реттеліп, таңдаулы мәтіндер іріктеліп алынды. Сондай-ақ халық арасында сирек сақталған оң жақта отырып жесір қалған қалыңдықтың жоқтауы мен азалау рәсімінің түрлі кезеңдерінде (жетісі, қырқы, жылына) айтылатын туындылардың берілуі де азалау ғұрпының дәстүрлі жүйесін толық таныту мақсатында атқарылды. Бұл ретте еліміздің кітапханаларының сирек қорларында, Қытай, Ресей қазақтарының арасынан жиналған азалау ғұрпына қатысты фольклорлық үлгілер қамтылды.

АРЫЗДАСУ

Өсиет мен айтайын, ағаларға,
Өзімнен жасы кіші балаларға.
Шықпассың еш қызметсіз иман жимай,
Жиылып шайтан, жындар қамаларға.

Дүние фәни адам малын жияр,
Зекетін, пітірімен бермей тияр.
Бір күні ғазәзіл келсе жетіп,
Қызығын сұм дүниенің сонда қияр.

Ғазәзіл оң иығыңа мінгеннен соң,
Шынымен жан аларын білгеннен соң.
«Бір Құдай ажалымды кешіктір» деп,
Шынымен тілек тілер Алласынан.

.....[1]
Әзіргі қолдың жұмыласынан.
Бір Құдай хақтығынан жанын алар,
Артында жиған малы жүмілә қалар.
Аларсың өсиетім тамам бірдей,
Бөзге орап тар лақатқа, жалғыз салар.
Жиылып ағайыны бетін жабар,
Басына бір қазықтық ағаш қағар.
Көтеріп қолды дұға еткен соң,
Бытырап алды-алдына бәрі шабар.

Шыбын жан көкірекке қайта кірер,
Ораулы шүберекте өзін көрер.
Қараңғы тар лахатта жатқаннан соң,
Өлгенін пенде өзінің сонда білер.

Тітіреп ағзалары жиылар сонда,
Қабірге екі періште кірер сонда.
Жауабын туралықпен бере алмасаң,
Шоқпармен сексен пұттық ұрар сонда.
Қараңғы қабір іші түтін болып,
Әр жақтан жылан, шаян толар сонда.

Жігіттер, шамаң келсе қыл ғибадат,
Отырып ізгілікке көңіліңді сат.

[1] Түпнұсқада бір жол түсіп қалған.

Мұқым бол, келсе шамаң намазыңа,
Періште екі иініңде жазаласа.

Жігіттер, бұ дүниеде артық жиып,
Дүниеде хайуанға еріп күнә қылма.
Жаңылмай бір Аллаға күнде сыйын,
Дүниеде хайуанға еріп қылсаң күнә,
Қайғысын қиямет күн ойлау қиын.

Адам оң жаққа салынғанда айтылатын жоқтау

Түйем жатыр шаңдақта,
Жел бұйдасы ақ мақта.
Жыламай қайтіп шыдайын,
Арысым жатыр оң жақта.
Мінгендей атым бурыл тай,
Алтыннан қазық суырылды-ай.
Арысымды салып оң жаққа,
Амалым қатты құрылды-ай.
Есіктің алды қара андыз,
Жақын еді арамыз.
Көнелерден айырылып,
Арманда кетіп барамыз.

ЕСТІРТУ, ТОҚТАУ

Аққу ұшып көлге кетті,
Ақ сұңқар ұшып шөлге кетті.
Ол адасып кеткен жоқ,
Бәріміз баратын жерге кетті.

* * *

Арғымақтың тұяғы,
Тасты басса сетілер,
Сазды басса жетілер.
Тозбасты ұста соқпас,
Өлместі Құдай жаратпас.

* * *

Өлмейтін өмір жоқ,
Сынбайтын темір жоқ.
Өлмесе ата-бабаларымыздың
Бәрі қайда кетті?!

* * *

Құдай алдынан жарылқасын!
Жаны жаннатта болсын!
Топырағы торқа болсын!
Қаза қайырлы болсын!
Арт жағына қайыр-берекесін берсін!
Жасамаған жасын балаларына берсін!
Ат тұяғын тай басар.
Орнында бар оңалар.
Болмасқа болаттан берік бол!

* * *

Жақсы пенде басына,
Іс түскенде бекінер.
Жаман адам басына,
Іс түскенде өкінер.

* * *

Тұлпардың тұяғы кетіледі,
Қыранның қанаты сетіледі.
Бүтін тұратын дуние жоқ!
Адамның көңілі бірде толады, бірде солады.

* * *

Ақырын Алла оңғарсын,
Ақыретте шапағатшы болсын!
Құдай бергенін алса да,
Берерін алмасын!

Өлім шыққан жерге көңіл айту

«Қайрат» деген қыран бар,
Қайғыға тізгін бермейтін.
«Қайғы» деген жылан бар,
Өзекті шағып өртейтін.
Үміт, сенім, тілек бар,
Қуантып қуат алдырар.
«Жылау» деген — бір сусын,
Ішіңді от қылып жандырар.
«Тәуекел» деген — бір сусын,
Ішсең, мейіріңді қандырар!

Сүйекті үйден шығарғанда айтылатын жоқтау

Қош енді, әкем, қош енді,
Қоштасқан жерім осы енді.
Қателігім болса енді,
Кешір, әкем, балаңды.

Қеттің-ау, әкем, кеттің-ау,
Көзімнің жасын төктім-ау!
Жел ұшырған қаңбақтай,
Бұл дүниеден өттің-ау!

Кең дүниеге сыймадың,
Артыңда қалды жиғаның.
Жұмақтан орын бұйырып,
Жолдасың болсын иманың.

Әкетті сені бақиға,
Алдамшы тірлік жасаған.
Шаңырағың шайқалып,
Мұртынан сынды босаған.
Әкешім кетті жер үйге,
Шайқалмай бақыт тұра ма?!

Ажал келді көлденең,
Шыбыным қалды өлмеген.
Кебін киіп аттандың,
Қоштасып мәңгі елменен.

Тағдырға сырды алдырдым,
Басыма қайғы салдырдым.
Жаным басқа болған соң,
Топырақпен көміп қалдырдым.

Жаратқанға жалынып,
«Жарылқа» деп табынып,
Тастап кеттім амалсыз,
Жатқан соң топырақ жамылып.

Әкешім қайда, мен қайда?!
Әкешім кетті шалғайға.
Жеті қабат жер асты,
Көретін енді күн қайда?!

Жамылды әкем топырақ,
Көз жұмдың-ау зар жылап.
Алладан иман сұрайын,
Басыңа жансын шамшырақ.

Марқұмның сүйегімен қоштасу үлгісі

Кеттің бе енді, кеттің бе?
Бұл дүниеден өттің бе?
«Жесірлік» деген сұм тағдыр,
Басымды бүркеп жеттің бе?

Өлсемші, Алла, өлсемші,
Мені жұртым көмсеңші.
Арысым қалып, мен өліп,
Ел-жұртпен бірге жүрсеңші.

Жан үнім шықты-ау сызылып,
Арманым сөнді-ау үзіліп.
Бір ауыз тіл қатсаңшы,
Елің тұр тұтас тізіліп.

Халқың мынау қаптаған,
Қара жерді таптаған.
Көшіріп қайда барасың?
Бағланың еді-ау баптаған.

Біз қалдық енді зарланып,
Жүрекке қайғы байланып.
Күңіренсек те ел болып,
Арысым келмес айналып.

Қош бол енді, арысым!
Шырқырып қалды дауысым.
Қиямет-қайым болғанда,
Жаннаттан елің танысын!

* * *

Ат байладым қазықсыз,
Аттанып кеттің азықсыз.
Жайнап жүрген бауырым,
Алып та кетті жазықсыз.

Есіктен аттап шыққаның,
Ақырғы дәмің татқаның.
Бір күнгідей болмады-ау
Балаларыңның баққаны.

Есіктің алды жай жатты,
Әкекем ауырып көп жатты.
Жан кеудеге келгенше
«Бала да бала» деп жатты.

КӨҢІЛ АЙТУ, ЖҰБАТУ

Аққу ұшып көлге кетті,
Сұңқар ұшып шөлге кетті.
Ол адасып кеткен жоқ,
Әркім барар жерге кетті.

Арғымақтың тұяғы,
Тасты басса, кетілер.
Сазды басса, жетілер,
Екі арыс аман болсын,
Жетпесті қума,
Келмеске жылама!

* * *

Ақсұңқар ұшты ұядан,
Қол жетпейтін қиядан.
Қанаты бүтін сұңқар жоқ,
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,
Тозбасты ұста соқпайды,
Өлместі Тәңір жаратпайды.
Топырағы торқа болсын,
Қалғанға өмір берсін!
Өлгеннің соңынан өлмек жоқ,
Өлген қайтып келмек жоқ.

* * *

Өтпейтін өмір жоқ,
Сынбайтын темір жоқ.
Қияғы бүтін сұңқар жоқ,
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ.
Шудасы бүтін түйе жоқ,
Кекілі бүтін бие жоқ.
Жанып бітпес көмір жоқ,
Жабырқамас көңіл жоқ.
Батпайтын күн жоқ,
Атпайтын таң жоқ.
Отырсаң ойлап әлемде,
Өлмейтін жан жоқ.

Құс өліп, балапан қалса —
Қияқ қалар.
Ат өліп, құлын қалса —
Тұяқ қалар.
Ата өліп, бала қалса —
Мұрат қалар.
Бала өліп, ата қалса —
Ұят болар.
Арғымақ аттың тұяғы
Сазға басса жетілер,
Тасқа басса кетілер.
Жапырақ ұшып желге кетті,
Аққу ұшып көлге кетті.
Ол ешқайда бармайды,
Бәріміз баратын жерге кетті.

* * *

Базардан келген ақ жаулық,
Шетінен алдым қол жаулық.
Жылама күнім, сабыр ет,
Қалғанға берсін денсаулық.

Ақ көйлек кисе бедер жоқ,
Ойласа ойда нелер жоқ,
Жылама күнім, сабыр қыл,
Өткендерден келер жоқ.

Жылама күнім, жылама,
Жыламасқа бола ма?!
«Жылама» деген — тоқтау сөз,
Жығылған терең тұра ма?!

Сұңқарың ұшты ұядан,
Жалама жартас қиядан.
Жазмыштан адам артылмас,
Жазуы болған сиядан.

Қамшының сабы бояма,
Пендесін Алла қояма?!
Пендесін Алла қойса да,
Қара жер бауыры тоя ма?!

Баланың ана — данасы,
Алладан соңғы панасы.
Өлгенге тоқтау бола ма?!
Болмаған соң дауасы.

Отырсың ба қамығып,
Қайғыдан шапан жамылып.
Әлпештеп баққан анаңды,
Күнің бір өтті сағынып.

Ойпырмай, Алла, құдірет!
Басыңа түсті-ау қасірет.
Сұм ажалға амал не?
Артын ойлап сабыр ет.

Қанаты бүтін сұңқар жоқ,
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ.
Қайраттанып белің бу,
Жеңілмес қайғы атқан оқ.
«Бисмилла» сөздің басы ма?
Артын ойлап, тоқтау қыл,
Кім көшпеген бақиға.

Қайырлы болсын қазаңыз!
Сабырлы болсын азаңыз!
Өлмесе қайда кетіпті?!
Бұрынғы өткен бабамыз.

Қайғырам мен де қазаға,
Ортақ болып азаға.
Жылама, күнім, сабыр қыл!
Жазудан пенде қала ма?

Дүние, шіркін, жалған-ай!
Жетпеген ешкім арманға-ай.
Жылама, күнім, тоқтау қыл,
Амандық берсін қалғанға-ай.

Сөздің басы «Бисмилла»,
Қайғысыз пенде жаси ма?!
Бабасы өтіп дүниеден,
Жылаған екен Бәтима.
Жылаудан сонда уанған,
Қабырғасы қайысып.
Сахаба, нұрлар тыңдаған,
Тыңдағанда жылаған.

Арманда арман бірталай,
Бейіштің жолы кең сарай.
Талайлар өткен дүниеден,
Олардан енді біз қалай?!

Өмірден, қалқам, түңілме,
Сарғайып, жасып бүгілме.
Қайғының қатты тұяғы,
Кім білед, бір күн жіби ме?

Жылаумен өтпес өмірің,
Тоқтау ғып айтқан көңілім.
Иман беріп өткенге,
Қалғанға берсін өмірін.

Зар қағып, қарғам, жылама!
Көзіңнің жасын бұлама!
«Жылама» деген — тоқтау сөз,
Жыламай көңіл тына ма?!

Әкешің еді асыл тас,
Ойласаң шығар көзден жас.
Жылама, күнім, дұға қыл,
Иманы болсын жан жолдас!

Қайырлы болсын қазаңыз,
Сабырлы болсын азаңыз.
«Қиямет жақын» деген екен,
Бәріміз де барамыз.

КӨҢІЛ АЙТА КЕЛГЕНДЕРМЕН КӨРІСУ ӨЛЕҢІ

Жылқы ішінде дөнен кер

Жылқы ішінде дөнен кер,
Ақылы мол кемеңгер.
Кемеңгер атадан айырылдым,
Қалайша жылайды демеңдер.

Ағайын-туған кеп жатыр,
«Жыламаңдар» деп жатыр.
Кемеңгер атадан айырылып,
Ішімді қайғы жеп жатыр.

Алтынды ердің қасы едің,
Ағынды судың тасы едің.
Жыламайын десем де,
Бір ауылдың басы едің.

Дүние жидың етектеп,
Өсірдің жастай жетектеп.
Есімде менің бар ма еді,
Сіз айырылып кетед деп?

Ана бір таудың киесін,
Жайылып жатқан түйесін.
Салулы төсек, салқын үй,
Қиды екен қайтып иесін?

Өзеннің бойын қар алған,
Сай-салаға таралған.
Артында қалған өңкей жас,
Ақыл таппай сандалған.

Алдымда асқар бел едің,
Ақылы дария кең едің.
Ақылшы болған ауылға,
Бәрімізге тең едің.

ЖОҚТАУ

Сәби балалар үшін жоқтау

Алатаудың көркі —
Төсінен аққан бұлағы.
Ағын судың сымбаты —
Жайқалып шыққан құрағы.
Оркиіктің көркі —
Ойнақтаған лағы.
Сұңқарды сұлу көрсеткен,
Қанатының қиясы.
Тұлпар жүйрік болмағы,
Құрыштай құйма тұяғы.
Колында перзент болмаса,
Жігіттің болмас сияғы.
Бала деген — адамның
Койнынан жанған шырағы.
Баласы жоқ пәнденің
Саңырау болар құлағы.
Артында қалса бір мұра,
Жалғанның бар ма тұрағы?!
Қайыптың құсын ұшырса,
Зиратта болмас сұрағы.

Жердің сәні бола ма,
Асқаралы белден соң.

Сағым ойнап көтерген
Меңіреу дала шөлден соң.
Үйрек ұшып, қаз қонған
Шағалалы көлден соң.
Ердің сәні бола ма,
Туып өскен елден соң.
Әйелдің күні не дейсің,
Құдай қосқан ерден соң.
Өмір қызық болмайды
Өзі қатар теңнен соң.
Көлденеңге көнбейді,
Бір-біріне сенген соң.
Дәулеттің төрі сол болар
Араңа бала берген соң.
Еріне әйел еркелер,
Ақ сүтін бөбек емген соң.
Аманы жақсы бәрінің
Дүниеге келген соң.
Ажал жетсе, амал не,
Шарасыз пенде көнген соң.
Көмірдей көңіл күл болар,
Жанған шырақ сөнген соң.
Қара жерде мейірім жоқ,
Өз қолыңнан көмген соң.
Тәуба қылғын бәріне,
Көрмес істі көрген соң.

Есіктің алды мөлдір су,
Еңкейіп алып бетің жу.
Балаңыз кетті келмеске,
Жыламай енді, белің бу.

Өтіпті талай бабамыз,
Бабамыз бен анамыз.
Мейірбан, қайран даналар,
Іздесек қайдан табылар.

Қайырлы болсын қазаңыз,
Иманды болсын балаңыз.
Сол баланың артынан
Бәріміз де барамыз.

Алтыннан салған өңірім,
Сізге де айтқан көңілім.
Жыламай енді сабыр ет,
Қалғанның тілеп өмірін.

Базардан алған ақ жаулық,
Шетінен алдым бір баулық.
Жыламай енді сабыр ет,
Қалғанға берсін денсаулық.

Асылдан соққан тағаңыз,
Құндыздан салған жағаңыз.
Жыламай енді сабыр ет,
Иманды болсын ұлыңыз.

Көрінген таудың қарасы-ай,
Ат шаптырым арасы-ай.
Алладан келген бұл іске,
Адамның бар ма шарасы-ай?!

Жылама, күнім, жылама!
Көзіңнің жасын бұлама!
«Жылама» деген — тоқтау сөз,
Жыламай көңіл тына ма?!

Қанаты бүтін сұңқар жоқ,
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ.
Жыламай енді сабыр ет,
Қалғанға берсін денсаулық.

Қара жер мәңгі тоймайды,
Әркім-ақ соны ойлайды.
Көп жасаған кімдер бар,
Жақсыны Құдай қоймайды.

Ақ көйлек кидім бедер жоқ,
Ойласам ойда нелер жоқ.
Жыламай енді сабыр ет,
Жылағанмен келер жоқ.

Әкені жоқтау

«Бисмилла» еді сөз басым,
Айтсам бір келер көз жасым.
Кетіпті-ау әкем келмеске,
Иманың болсын жолдасың.

Бір пайғамбар Нүсіп-ті,
Басынан сұңқар ұшыпты.
Кеше де жүрген әкешім,
Қара жерге түсіпті.

Имансыз ауыз ашпаған,
Дәретсіз жерді баспаған.
Иманды болғыр әкем-ай,
Артына бізді тастаған.

Әкем келді сексенге,
Жылайын жұртым сөксең де.
Әкемдей, шіркін, жан тумас,
Алтын мен күміс ексем де.

Мұңы бар адам жылап тұр,
Мұңы жоқ адам сынап тұр.
«Жылады» деп сөкпе, жұрт,
Тас қорғаным құлап тұр.

Пейіштің төрі —жапырақ,
Жапырақ түсті жалтырап.
Әкем бір кетті келмеске,
Алдынан жансын шамшырақ.

Меккенің тауы —Медине,
«Жақсы» дейді о дүние.
О дүниеге барғанда
Самалы тисін бетіңе.

Бейітінің басы үш тас-ты,
Басынан сұңқар ұшпас-ты.
Кешеде жүрген әкем-ай,
Бізбенен бүгін қоштасты.

Бәйтерек басы бүрленер,
Бүрленген соң түрленер.
Басқалай туыс не керек,
Сарқытын бізге кім берер?!

Сексенге келген жасыңда,
Пайғамбар келсін қасыңа.
Жеңіл болсын сұрағың,
Солардың бол қасында.

Есіктің алды тобылғы,
Тобылғы бүрі төгілді.
Әкемнен мен айырылып,
Қабырға, қолым сөгілді.

Бұйыртсын Алла иманын,
Қабыл көрсін құранын.
Иманды болғыр, әкем-ай,
Пейіште болсын тұрағың.

Үйің бір қалды тігулі,
Киімің қалды ілулі.
Әкеден бала айырылдық,
Тарлығы дүние білінді.

Асқар тауым әкем ед,
Айдын көлім шешем ед.
Әке-шешеден айырылған,
Біздей сорлы өтер ме ед?!

Мінгенде атым мекер ме,
Бәйгеге қоссам, жетер ме?
Әке-шешеден айырылып,
Көрген бір күнің бекер де.

Жібектен киім жамылып,
Көзімнің жасы ағылып.
Әке-шешені көп ойлай,
Мен отырмын сағынып.

Есіктің алды ырғайлы,
Мұңы бар адам жылайды.

Мұңымды айтып жыласам,
Мұнымды кім тыңдайды?

Мінгенде атым кекілді,
Жолаушы кеткен секілді.
Иманды болғыр әкем-ай,
Келмеске барып бекінді.

Мінгенде атым қаракер,
Қамшыланса шығар тер.
Кешеде жүрген әкем-ай,
Мекені болды-ау қара жер.

Мінгенде атым көк дөнен,
Ажал бір келді-ау көлденең.
Әкемнен мен айырылып,
Шыбын жан отыр өлмеген.

Күн көрінер күймеден,
Іс құтылмас инеден.
Иманды болғыр, әкем-ай,
Не көрер о дүниеден.

Жеңіне киген жеңсесі,
Көтерілмей жүр еңсесі.
«Барғандар келмейд» деуші еді,
Бұйрықша, шіркін, келсеші!

Мінгенде атым аршын көк,
Бәйгеге қостым «барсын» деп.
Алладан ұрпақ сұрапты:
«Шулап бір артта қалсын» — деп.

Сұрапты ұрпақ Алладан,
Сұрапты атын молдадан.
Сол ұрпағың — біз сорлы,
Артыңнан шулап боздаған.

* * *

«Бисмилла» деген — сөз басы,
Өмірдің болмас тозбасы.

Жан әкем өтіп дүниеден,
Өңірді жуды көз жасы.

Алтын ерден қас кетті,
Төгіліп көзден жас кетті.
Жыламай қайтіп шыдайын,
Ақылдан қалғып бас кетті.

Жылқы ішінде қызылды-ай,
Жал-құйрығы сызылды-ай.
Туыс-туған келгенде,
Көңіл, шіркін, бұзылды-ай!

Кешегі күн бесін-ді,
Белдеуден тұлпар шешілді.
Кеше де жүрген жан әкем
Бейішке қарай көсілді.

Тіршілікте мал қайғы,
Өмірін оған жолдайды.
Қызықтырып пайдаға
Қу түлкідей алдайды.
Уақыт, күні жеткенде
Пендесі тірі қалмайды.

Есіктің алды көк жайсаң,
Көк жайсаңда көл жайсаң.
Аға кәрі, бауыр жас,
Не болар күні ойласам.

Жайлаудың тауы көрінер,
Көрінсе көңіл бөлінер.
Әкежан еске түскенде,
Қабырға, қолым сөгілер.

Сағындым, әке, өзіңді,
Мейірімді, жылы көзіңді.
Сағынбай қайтіп жүресің,
«Қарағым» деген сөзіңді.

Сол менен оңың қарыс-ай,
Адалдың айтқан қалыс-ай.

Көре алмай қалдым әкемді,
Әттең-ай, жердің алысы-ай!

Әуеден ұшқан ақ сұңқар,
Қанатымен жер сипар.
Жан әкем дүние салған соң,
Маңдайымнан кім сипар.

Әуеден ұшқан кекілік,
Кекілік отыр бекініп.
Көре алмай қалып әкемді,
Отырмын мәңгі өкініп.

Біз үшін тілек тілесең,
«Біз» деп соғып жүрегің.
Мехнат тартып өмірде,
Біз үшін жадап-жүдедің.

Өмір, шіркін, өтпелі,
Білінбей кетті өйткені.
Айналайын әкем-ау,
Жүз жасасаң көп пе еді?!

Әкем еді тірегім,
Өкпе-бауыр, жүрегім.
Әкем дүние салған соң,
Басылып көңіл жүдедім.

Жаратқан Алла Құдайым,
Қайғыңа салған шыдадым.
Дүниеден кеткен әкеме
Алладан иман сұрадым.

Ақыл айтты халайық,
Сөзге құлақ салайық.
Жолдас болсын иманы,
Дұғаға қол жаялық.

* * *

Есіктің алды төрт кілем,
Төртеуі де түгі жоқ.

Жайнап та жүрген атакем,
Орны жатыр, өзі жоқ.

Есіктің алды мойыл-ды,
Мойылға жылқым қойылды.
Жайнап бір жүрген атакем,
Қандай бір жерге қойылды.

Қиманың суын бойлай жат.
Жағалай бие байлай жат.
Артыңда қалған балаларың
Не боларын ойлай жат.

Қиманың суы екі су,
Еңкейіп барып бетің жу.
Бұл дүниеден пайда жоқ,
Иманың жолдас, белің бу.

Қара орамал басымда,
Қамығамын соңында.
Қамықпас едім соңында,
Жайнап бір жүрсең орнында.

* * *

Асқарым, әке, сен едің,
Балдырғаның мен едім.
Қайғымды сөзге тізбектеп,
Көз жасымды төгемін.

Есіктің алды тал шынар,
Бастарын сипап күн шығар.
«Әкелеп» мен жүгірсем,
Алдымнан күліп кім шығар?!

Бетімнен менің кім сүйер,
Еңсесін маған кім иер?
Жығылып кетсем сүріпіп,
Қолтығымнан кім сүйер?

Әкемнің өртеп күйігі,
Мен болдым қазір бұйығы.

Әке арманын атаймын,
Асылдың болып сынығы.

Көтердің көкке басыңа,
Деуші едің ылғи: «Жасыма!»
Тәрбиелеп, мәпелеп,
Кім келер енді қасыма?

Деуші едің мені: «Өсе гөр,
Мұратыңа жете гөр!»
Қадіріңді білмесем,
Кеше гөр, әке, кеше гөр.

Қызығымды, әке, көрмедің,
Ұзақ бір ғұмыр сүрмедің.
Басыма қайғы түспесе,
Мен мұндай зарлы дер ме едім.

Әкем менің ақ сұңқар,
Әке рухы бізде бар.
Әкеден қалдық төрт жетім,
«Әке көрген оқ жонар».

Әкемді зарлап жоқтайын,
Шерімді төгіп тастайын.
Қапыда кеттің, әкешім,
Аузымнан қайтіп тастайын?!

Ананы жоқтау

Төр жапсарын ояйын,
Орнына сандық қояйын.
Дүниеден өткен анам-ай,
Орныңа кімді қояйын?

Қалайы сандық қапсырдың,
Дәнекерлеп жапсырдың.
Артыңда қалған балаларды,
Анашым, кімге тапсырдың?!
Шайыдан көрпе құрайын,
Дүниеден өткен анама,
Алладан иман сұрайын.

Базардан келген матады-ай,
Матасы белге батады-ай.
Анашымның жоқтығы,
Бір өзіме батады-ай.

Базардан келген көк арба,
Жаңбыр тисе оңар ма?
Қанша адам жиналса,
Анашым сендей болар ма?!

Қайғыдан тарттым сырнайды,
Қайғының оғы зырлайды.
Мен қайғыдан жыласам,
Мұңлы бір адам жылайды.

Арғымақ келер еңістен,
Төрт аяғы күмістен.
Айналайын, жан анам,
Орның болсын пейіштен!

Арғымақ келер ағылып,
Жібектен арқан тағынып.
Айналайын, анашым,
Күнім бір өтті сағынып.

Мінгенде атым қарагер,
Жалынан аққан қара тер.
Анашым, сенің жоқтығың —
Маңдайға түскен қалың сор.

Мінгендей атым кер ме екен,
Маңдайдан аққан тер ме екен?!
Ащы даусым шыққанда
Сұлуымның даусы дер ме екен?!

Анашым келді сексенге,
Жылайын, жұртым, сөксең де,
Анашым енді табылмас,
Етектеп алтын төксем де.

Қайыңнан алған қорегім,
Қайғылы болды жүрегім.

Қиямет мақшар болғанда
Қосылар ма екен сүйегім?!

Жетімді жетім деп пе едің,
Жетімнен ақы жеп пе едің?!
Өзің бір кетіп бақиға,
«Жетім боп қалсын» деп пе едің?

Ауырды анам: «Басым, —деп,
Сексенге келді жасым», —деп.
Алладан ұрпақ тілеген,
Артында «жылап қалсын» деп.

Үй артында арғымақ,
Байлауда тұрмас қарғылап.
Басыма түсті мың қайғы,
Анашымдай тау құлап.

* * *

Алдым биік, артым жар,
Айналарға жерім тар.
Сағынғанда, жан апа,
Бір көруге болдым зар.

Жирен де аттың қасқасы-ай,
Сыдырып өрген таспасы-ай.
Айырылдым сенен, жан апа,
Шығарда жанның басқасы-ай.

Аспанда ұшқан құмайды-ай,
Құмай да бойын сылайды-ай.
Артында қалған балалар,
Апалап кімге жылайды-ай?

Есіктің алды шие еді-ай,
Шиеге жеңім тиеді-ай.
Апам еске түскенде,
Ішім от боп күйеді-ай.

Ақ үйге жапқан үзігім,
Қолыма салған жүзігім.

Жалғаннан көрген балаңның,
Көрмей кеттің қызығын.

Арғымақ келер ағылып,
Жібектен арқан тағылып.
Әлпештеген апам-ау,
Артыңда қалдым сағынып.

Қара бір тау көрінген,
Көрінсе көңіл бөлінген.
Шешесі жоқ біз байқұс,
Зарлап бір өттік өмірден.

Қара бір таудың алысы-ай,
Сылдырап өскен қамысы-ай.
Әлі есімнен кетпейді.
Апамның жайлы дауысы-ай.

Қой айдадым серкелеп,
Жүк жинадым көрпелеп.
Әлпештеген апажан,
Кімге жүрем еркелеп?!

Сорлы боп тудым басымнан,
Қалмаппын өліп жасымнан.
Сағынып, апа, жүргенше,
Шықпады-ау орын қасыңнан.

Қара бір тау көрінер,
Көрінсе көңіл бөлінер.
Апам еске түскенде,
Көзімнің жасы төгілер.

Ананың ұлын жоқтауы

Мінгенде атым қан жирен,
Қан жирен жүрер әр күймен.
Алды-артымды ойласам,
Әуе айналып, күн күйген.

Белеңге шығып қараймын,
Шашымды желге тараймын.

Келмеген соң жалғызым,
Не болам деп ойлаймын,
Кереге бойын бойлаймын.

Әуеден ұшқан кекілік,
Кекілік отыр бекініп.
«Жылады» деп сөкпеңдер,
Жалғызымнан айырылып,
Мен отырмын өкініп.

Қайыңнан алған күрегім,
Қайғылы болған жүрегім.
Алладан мен тілегем жоқ,
Осылай болды тілегім.

Білезік салдым білекке,
Жеткіземе деп тілекке.
Жеткізбей алды жалғызды,
Қайғы толды-ау жүрекке.

Бір пайғамбар Ыдырыс,
Басыма түсті қиын іс.
Қиын да болса қайтейін,
Тартынбай сөйле, отыз тіс.

Есіктің алды күрке еді,
Күркеден атым үркеді.
Жалғанда қимас жалғыздың
Сұм қара жер бетін бүркеді.

Есіктің алды сасыр-ды,
Кезеңнен жылқы асырды.
Қайтейін, әттең, құлынымның
Қара жер жүзін жасырды.

Әуеден ұшқан ұлармын,
Солқылдақ шиге қонармын.
Жалғызымды ойлаумен,
Сақардай қайнап тынармын.

Қара ат міндім қатырып,
Қабырға жүнін батырып.

Жалғызымды ойлаймын,
Ұйқысыз таңды атырып.

Алтын ерден қас кетті,
Жалғызым менің жас кетті.
Жас кеткенін ойласам,
Қарадай көзден жас кетті.

Кереге қостым қапсырып,
Ши ұстадым жапсырып.
Шешең кәрі, балаң жас,
Кімге кеттің тапсырып?

Жүк артайын інгенге,
Мұңымды айтам білгенге.
Құдіреті күшті Құдайым!
Күнімді берсін күлгенге!

Есіктің алды самырсын,
Самырсын мұнар жамылсын,
Бақиға кеткен құлыным,
Іздесем қайдан табылсын?

Тауға біткен жалбызым,
Маңдайға біткен жалғызым.
Жалғызым сенен айырылып,
Көңілді шерге алғыздым.

Есіктің алды бүлдірген,
Етек, жеңін ілдірген.
«Ішім жалын, сыртым шоқ»,
Ешбір жанға білдірмен.

Әуеден ұшқан лашын,
Лашын көктен құласын.
Адамның ісі емес-ай,
Аллаға не амал қыласың!

Дүние жалған бір тұтам,
Қайғыланып қан жұтам.
Жалғызымды Құдайға тапсырдым,
Мен оны қайтіп ұмытам?

Базардан келген шай қасық,
Отырар едің жайғасып.
Кеше отырған құлыным,
Қайда кетті адасып?

Жүк үстінде көк құран,
Молдалар ашып оқыған.
Құраның сенің тыйылмас,
Дастарқаның жыйылмас.

Базардан келген елеген,
Елеген шетін емерген.
Қанша бір ұрсып жатсам да,
«Қалайсың, шеше» демеген.

Тау дегенім тас болды,
Тайлақтың жүні бос болды,
«Айырылмайын» деген құлыным,
Міне, бүгін «жоқ» болды.

Белдеуден тұлпар шешілді,
Пейішке қарай жосылды.
Құлынымнан айырылып,
Біле алмай тұрмын есімді.

Ұшайын десем қанат жоқ,
Киейін десем манат жоқ.
«Жылады» деп, жұртым, сөкпеңдер,
Бұл күнде менде тағат жоқ.

Ағаны жоқтау

Есік алды жапырақ,
Жапырақ тұр жалтырап.
Иманды болғыр, жан аға,
Басыңа жансын шам-шырақ.

Айырылып сенен жасыдым,
Осындай болам деп пе едім?!
Еркелеткен ағекем,
Маңдайыма көп пе едің?!

Ағекем, едің алдымда,
Айырылып сізден қалдым ба?
Балаларың жас қалып,
Сарыуайымға салдың ба?

Көлдей болып көз жасым,
Жылаумен бардым үйіңе.
Орның тұр, өзің жоқ,
Осылай ма еді дүние?

Күмістей ерден қас кетті,
Ауылымнан бас кетті.
Жыламай қайтып шыдайын,
Қырық тоғыз жас кетті.

Құдірет ісін қарашы,
Адамның бар ма шарасы?
Жетім-жесір атанып,
Қалды ғой он баласы.

Ауыр болды қазаңыз,
Артық еді бағаңыз.
Қайғыланды артыңда,
Сыңар қалып ағаңыз.

Күрсінді туған еліңіз,
Біздің кетті сынымыз.
Таяқ ұстап иілді,
Артыңда қалған ініңіз.

Мінгенде атым сұр жорға,
Еңсемді алам тік зорға.
Топты жас бала қалды ғой,
Маңдайдағы қу сорға.

Түнергендей туған жер,
Суалғандай шалқар көл.
Қабырғам кетті-ау иіліп,
Құлағандай асқар бел.

Сағынып сізді шөлдедім,
Дидарыңды көрмедім.

Мен жыламай кім жылар?
Топырақ болды көргенім.

Ойпыр-ай, Алла, жалған-ай!
Жалғаннан көңілім қалғаны-ай.
Көре алмай қалып ағамды,
Өмірім өтті арманда-ай.

Қара бір аттың шабысы-ай,
Аяғының шалысы-ай.
Көре алмай қалдым дидарын,
Аралық жердің алысы-ай.

* * *

Ағекем, арыс, асқар бел,
Ағыздым жылап көзден сел.
Жастай кетіп арадан,
Байладың бізге қайғы-шер.

Айналайын боздағым,
Жайқала өскен орманым.
Оңалғанда заманың,
Енді бір он жыл болмадың.
Айта берсең арман көп,
Бір баланды іске қоймадың.
Таяқ ұстап артыңда,
Айырылып сенен боздадым.

Айналайын Құдайым!
Бір өзіңе жылайын.
Қаралы күнді жамылып,
Басыма түсті уайым.

Қолқа жүрек, бауырым!
Ойламай қайтіп шыдайын.
Қысылғанда тыныс ең,
Ақылды кімнен сұрайын?
Кеудемді керіп қайғы дерт,
Пешпетіме сыймаймын.
Айналайын ел-жұртым,
Есімді қайтіп жинаймын?

Өртенгенде өзегім,
Көзімнің жасын тыймаймын.
Өксігімді баса алмай,
Шыбын жанды қинаймын.

Құдірет ісі таңдандым,
Ақыл таппай сандалдым.
Қолымнан келер шара жоқ,
Бір Құдайға жалбардым.
Қапыра алды сұм ажал,
Естімей сөзін құр қалдым.
Қаралы хабар алғанда,
Жын ұрғандай ырғалдым.
Түнек басты бір күнде,
Деп жүргенде жырғалым.
Көрініп келсе сұм ажал,
Болар ем сенің құрбаның.
Артықша туған асылым,
Маңдайыма сыймадың.

Алдымдағы құрағым,
Ойламай қайтып тұрамын.
Көңілімнің көлі едің,
Сарқылмайтын бұлағым.
Иман беріп Құдайым,
Жұмақта болсын тұрағың.
Көңілімнің күні едің,
Өмірдегі шырағым.
Болмасқа амал жоқ екен,
Шарасыздан шыдадым.

Тату едік өмірде,
Ынтымағы келіскен.
Қанат қаққан кезіңде,
Шықты желің терістен.
Жылаумен қайғы басайын,
Шығып кетсін шер іштен.
Алдыңнан Құдай оңғарып,
Орның болсын пейіштен.
Енді сабыр қылайын,
Пайда жоқ қайғы, кейістен.

Қайғылы болды жылымыз,
Бұны жұртым біліңіз.
Іші-бауырым езіліп,
Жылаумен өтті күніміз.
Бала-шаға жас қалып,
Ауырлады жүгіміз.
Жақсы ағадан айырылып,
Кетті-ау біздің сынымыз.
Жеңдірмесек қайратқа,
Жақсы болмас түбіміз.

Қара жер мәңгі тоймайды,
Әркім-ай соны ойлайды.
Көп жасаған шешен аз,
Жақсыны Құдай қоймайды.

Мінезі жарқын жібегім,
Сен кеткен соң жүдедім.
Бір қанаттан айырылып,
Шарықтамай жүрермін.
Қасіретке буылып,
Тұншықты ғой жүрегім.
Әйелің сырқат, бала жас,
Не болар қайдан білемін?

Қағазда қалды хатыңыз,
Ел аузында атыңыз.
Қолдан келер шара жоқ,
Жақсы болсын артыңыз.

Әйелдің ерін жоқтауы

Ал бастайын сөз басын,
Қайғылы жүрек қозғасын.
Жолдасымды ойласам,
Тоқтамайды көз жасым.

Орауышым оңбады,
Отызға жасың толмады.
Жеті жыл жолдас болғаның,
Жеті күндей болмады.

Орамал тіктім оң кесте,
Шымылдық тіктім шым кесте.
Артыңда қалған жалғызды,
Толтырмай кеттің он беске.

Басқанда жерде із қалды,
Артыңда бір қыз қалды.
Жастай сенен айырылып,
Жыламасқа нем қалды.

Жүкке жиған ішігің,
Домалап жерге түсуін.
Жасым келмей отызға,
Басыма қайғы түсуін.

Саз жағасы былқылдақ,
Шөбі шығар сылқылдап.
Арыздасып-қоштасып,
Жатпадың үйде ыңқылдап.

Жалғызың қайтіп ержетер,
Ержеткенше ес кетер.
Артыңда қалған бір сорлы,
Қайғымен жүріп күні өтер.

Жылқы ішінде боз атың,
Әкелі бала озатын.
Әкесі жоқ жалғызың
Болды ғой енді тозатын.

Омырау толы ақ моншақ,
Әкелі бала мақтаншақ.
Әкесі жоқ жалғызың
Болады енді жасқаншақ.

Кереге жайдым бес бастан,
Қайғылы болдым мен жастан.
Бүйтерімді мен білсем,
Ұшпас па едім жартастан.

* * *

Мінгенде атым кер шұбар,
Тебінген сайын тер шығар.
Тең тұсың сенің келгенде,
Теңселіп үйден кім шығар.

Үйге бір жапқан туырлық,
Заманым кетті қуырылып.
Құрбың сенің келгенде,
Кім шығар үйден суырылып.

Үйге бір салған уықпын,
Әр пәлеге жуықпын.
Айналайын Құдай-ау,
Сәтсіз де күні туыппын.

Үй артында сырығым,
Ұстаған жерде сынуын.
Жолаушылап кеткенде,
Құдай салды-ау құрығын.

Тұскиіз басы шым кесте,
Шым кесте емес, мың кесте.
Артыңда қалған балаң да,
Жете алмай кетті-ау он беске.

Бал қайнаттым бақырға,
Ат байлаттым ақырға.
Жалғанда көрген балалар,
Жетпей де қалды-ау ақылға.

Мінгенде атым қара кер,
Ақырын-қатты соғар жел.
Көрейін деген қызығын,
Көрсетпей алды-ау қара жер.

Үйіңнің ішін өрт алды,
Көкірек басын шершалды.
Жетейін деген арманға,
Жеткізбей ажал ерте алды.

Мінгенде атым сары кер,
Іздедім көп дәрігер.
Іздесем де дәрігер,
Болмады шипа дәріден.

Әуеден ұшқан торғайым,
Балапанын қорғайын.
Зарлы боп туған мен байғұс,
Мандайымда сор қалың.

Қайыңнан болды күрегім,
Қайғылы болды-ау жүрегім.
Қиямет-қайым болғанда,
Қосылар ма екен сүйегім.

* * *

Бозінгендей боздадым,
Өз құрбымнан озбадым.
Оң жаққа салған қу төсек,
Жақсылықпен тозбадың.
Айналайын Құдайым,
Оң жақтан неге қозғадың?

Шақырайын шаяндай,
Бар дауысыммен аянбай.
Қосыла түсіп айырылдым,
Қожке менен Баяндай.
Жасымнан мені зарлаттың,
Құдіреті ұлық бір Алла-ай.
Құдай қосқан жолдасым,
Түсірдің мені қиялға-ай.
Жолдасым еске түскенде,
Отырмын жерден тұра алмай.

Ат байладым ырғайға,
Дауысым жетпес Құдайға.
Дауысым жетсе Құдайға,
Алғаным тірі болмай ма?!

Қара бір таудың шиесі-ай,
Жайылар байдың түйесі-ай.

Салулы төсек, салқын үй,
Қайда кетті иесі-ай?!

«Қой, қарағым, қой!» — деп тоқтау айтылған соң, айтқаны:

— Қой десеңдер, қояйын,
Қойдан қоңыр болайын.
Қойдырыңдар жылауды,
Оқытайын Құранды.
Құран болса да қуат қой,
Алғаныма сауап қой.

Құдай қосқан алғаным,
Артыңда зарлап қалғаным.
Жаныңмен жаным бір болып,
Қасыңда сенің қалмадым.
Опасы жоқ сұм жалған,
Бескүндік өмір алдадың.

.....[1]
Басыма түсті қиын іс.
Құдай басқа салған соң,
Мүдірмей сөйле отыз тіс.

.....
Қайғыңменен жүдейін.
Құдай қосқан жолдасым,
Ағынан иман тілеймін.

Арғымақ келер ағылып,
Жібектен арқан тағынып.
Иманды болғыр ақ досым,
Ел-жұртың келді сағынып.
Ақ бүркей салдым басыма,
Керегеге қарап табынып.
Құдай басқа салған соң,
Көзден жас келді ағылып.

Айтайын, жұртым, зарымды,
Көңілде қайғы — барымды.
Жыламай қайтіп тұрайын,
Кең дүние тарылды.

[1] Түпнұсқада бір жол түсіп қалған.

Айтайын, жұртым, мұңымды,
Басыма түскен күнімді.
Өткіземін зарлаумен,
Күндіз бенен түнімді.

* * *

Ақ бүркей салдым басыма,
Жер ортаға келген шағымда.
Басымнан бағым тайғаны,
Жаратқан Алла осы ма?!

Арман да арман арманның,
Ақ бүркей басқа салғаным.
Тасып тұрған көңілім,
Жасып бір шіркін қалғаның.

Опасыз дүние жалған-ай,
Ақ бүркей басқа салған-ай!
Салмасқа бар ма амалым,
Шырағым сынып қалған-ай!

Құдірет басқа салған соң,
Басымнан бақты алған соң.
Амалым бар ма көнбеске,
Ақылшым сенен қалған соң?!

Ақ бүркей салып жылайын,
Жылатқан соң Құдайым.
Ақылшы қормал серігім,
Жаныңа иман сұрайын.

Қайғы салып жылатқан,
Не жаздым саған Жаратқан?!
Сындырды жер ғып сағымды,
Басыма мына ақ жапқан.

Қайсар ед қатты болаттан,
Аузына бізді қаратқан.
Мейірімді, бауырмал,
Тұлғасын артық жаратқан.

Айырды бізді сол бақтан,
Ордада жанған шырақтан.
Ажалдың оғы жел екен,
Босаға еді құлатқан.

Қаралы күнді жамылдым,
Жаратқан, саған не қылдым?!
Қайғыға қамап жылатқан.
Опасыз жалған не қылдым?!

Ақ бүркей деген бір бүркей,
Әкем, бір қара мүсіркей.
Қайғысыз, қамсыз күн қайда?
Арысым үйде жүргендей.

Ақ бүркей басқа салғаным,
Басымнан бағым тайғаның.
Тайғаны емей немене?!
Арысым еді алғаным.
Ақ бүркей белгі азалы,
Басымнан бақыт тайған соң,
Жоқ екен пенде шарасыз.

Ажал деген атқан оқ,
Арысым тиді саған кеп,
Жұбымызды Жаратқан
Айырған соң амал жоқ.

Бақ құсым ұшты басымнан,
Арысым кетіп қасымнан.
Етегім толды көл болып,
Көзімнен аққан жасымнан.

Сен кеткен соң сынармын,
Қайғы жұтып тынармын.
Құлазып қалған иен үй,
Жасымай қалай шыдармын.

Арысым кетті арадан,
Айырылып ел-жұрт, баладан.
Қамқоры едің бәрінің,
Қабағына қараған.

Ашық-жарқын досым ең,
Қоң тырнақтан қосып ең.
Бірлікте өткен тіршілік,
Түгеді ме осымен?

Арысым едің ардақты,
Болжайтұғын жан-жақты.
Сен өмірден өткен соң.
Балаларың зар қақты.

Шулатты бізді Құдайым,
Мұңымды айтып жылайын.
Ес қатпады жиғаның,
Жаныңа иман сұрайын.

Өмірдің ауыр қыспағын,
Бірге өткізген қас-қағым.
Қате ісімді түзейін,
Ақылшым едің, ұстазым.

Танытқан оң мен солымды,
Демеген созған қолымды.
Мұңымды кімге айтармын,
Бары менен жоғымды.

Ашулансам ақырып,
Сөзімді айтам батырып,
Ендігі күнім не болар.
Бар әлемге жалынып?

Көзімнің жасын төксем де,
Жетім боп қалдым сыңаржақ.
Жер түбіне жеткенде.
Есімнен кетпес бар ісің,
Жүрісің менен тұрысың.
Жер анаңа тапсырдым!

Айырылдым сенен, арысым,
Алдыңнан Алла оңдасын!
Амандық берсін қалғанға,
Иманың болсын жолдасың!

Балалар қашан ержетер?!
Ержеткенше ес кетер.
Опасыз мына сұм дүние,
Соққылап әр күн еңіретер.

Соққыға қалай шыдармын,
Уайымға батып тынармын.
Қайғының жүгі опырып,
Шынардай болып сынармын.

Айттырылған қыздың күйеуі оқыс қайтыс болғандағы ақтай жоқтау үлгісі

Анасының жоқтауы

«Бисмиллә» деп бастайын,
Әуелі сөздің басына.
Мұңымды айтып жылайын,
Жан ашыған досыма.
Досыңа достық белгісі,
Жылайды бізге қосыла
Келгенде жаңа Сыздығым
Он сегізге жасына.
Болғанжан мен Бақтылым
Алып кетті қасына.
Мезгілсіз ұшты ұядан,
Топтанып өңкей қаршыға,
Ақырзаман орнады,
Бұл күнде менің басыма.
Қоңырдың желі көл болды,
Көзден аққан жасыма.
Жаны ашыған жұртымның,
Бәрі келді қасыма.
«Өлгеннің өлмек артынан,
Жоқ» деген нақыл осыма?!

Құдай салса, қайтейін,
Нелер күн өтті арадан,
Нәресте өңкей үш бақы,
Алды қажет жараған.
Әсіресе Сыздықжан,
Хан болып туған анадан.

Сыймай кетті маңдайға,
Асып туған анадан.
Көзімен көрмей, Күләшім
Арманда қалды далада.

Іші-бауырым өртенед,
Күйемін де, жанамын.
«Сыртым жалын,ішім шоқ»,
Өртеніп кетіп барамын.
Айналайын атыңнан,
Ұстыным, қалқам, Сыздықжан,
Қолдарма екен? — деп едім,
Ата пірім — Қарахан,
Жағаладым жалбарып,
Бақсайыс ата Қорасан.
Тура құрық салған соң,
Болмады себеп олардан.

Өлімнен жаман жоқ екен,
Жүрегім қалды жарылып,
Боламызба бізде жұрт
Басымнан тұман арылып.
Келер ме екен сүйрігім?
Ата-ананы сағынып.
Апта өтті, айда өтті,
Сағынбай жүрсін не қылып.
Қалдың ба, қалқам, қатты ұйықтап?
Ақ топырақ жамылып.
Ашылар ма екен ұйқысы?
Жыласақ барып жабылып.
Балапаным, сұңқарым
Ұядан ұшқан айырылып.
Талмай ма, қалқам, қанатың,
Қонбай кетсең қайырылып.
Алтын сүйек сүйрігім,
Ізіңе кеттің зар қылып.

Ақсұңқарым, тұйғыным,
Балапанын қалдырған,
Балапаннан айырылсаң,
Құриды екен әл-дәрмен.
Біз бір сорлы пендеміз,

Боздағынан айырылған,
Боздап қалдық аюдай,
Шиесін теріп алдырған.
Ботасы өлген боз нардай,
Бар ма екен біздей зар қылған?!
Қарағым Күләш жанымның
Қонысын Құдай алдырған.
Өлімі құрсын, өрт екен,
Күйдіріп, өртеп жандырған.
Біздей пенде болмасты,
Жалғызы үшін қайғырған.
Құдіретті күшті құдайдың,
Жоқтан өзі бар қылған.
Топырақтан жаратып,
Бізді құдай жан қылған.
Отыз ұлын Дәуіттің,
Бір намазда жай қылған.
Ибраһим халилді,
Кәпірлер отқа салдырған.
Әзіреті Мұсаны
Сақтап шыққан тағдырдан.
Пайғамбардай Жүсіпті
Зынданға төрт жыл салдырған.
Керуенге кез келіп,
Құл орнына алдырған.
Құтылмайтын болдық біз,
Сыздық, сенің қайғыңнан.
Қияметке барғанда,
Шықпасаң келіп алдымнан.

Молдадан сөз сұрасаң,
Шариғатпен сөйлейді,
«Кебенек киген келер» деп,
Кебін киген келмейді»
«Енді қайтып келер» деп,
Түсіме менің енбейді,
Бала қалса артыңда,
Жоғалып орны өлмейді,
Ақ жарылқап, күн туып,
Шығар қайда мерейді,
Құлыншақтан айырылған
Көрдіңдер ме мендейді?

Біреу кәрі, біреу жас,
Уақтысы жетсе жөнейді.
Өлімі құрысын қатты екен,
Ата мен анаң еңірейді,
Келінім келді үй тігіп,
Сыздығым неге келмейді?!
Болмашы бар бір хабар,
Оған да көңілім сенбейді.
Ақырын сұрап отырмыз,
Құдайым әлде не дейді?
Ақ жарылқап, күн туып,
Шығар қайда мерейді.
Өлген адам тіріліп,
«Пәленше келді» демейді.
«Арыстан өлсе» деген сөз,
Тірі мысық төлейді.

Келе алмай кетті қыршыным
Жиырманың бесіне.
Аузымның суы құриды,
Түсіп кетсе есіме.
Отауың келді, өзің жоқ,
Неге ермедің көшіне?
Құрап қалған ақ үйдің,
Қуанайық несіне.
Он сегіз-ақ жыл екен,
Өлшеп берген несібе.
Еш болмаса кірмедің,
Жиырманың үшіне.
Қолдан келер амал жоқ,
Құдайдың қылған ісіне.
Көкпар шауып бөрі әкеп,
Қуаныш еттің күшіңе.
Көрген қазақ таңғалды,
Көркің менен түсіңе.
Саған берген тұлғаны,
Берген жоқ Құдай кісіге.
Ұйықтасам мұндай есіме,
Кірмеуші еді түсіме.

Үйрек ұшып, қаз қонған,
Көлім қалды суалып,

Көгеріп шыққан бәйшешек,
Құрай болды қуарып,
Қазан ұрды бауымды,
Ашылған гүлі қызарып.
Ауылымның көркі едің,
Сейілге шыққан бұралып.
Болып едің жұртқа еге,
Жаңа-жаңа сыланып.
Бәріміз де журуші ек,
«Иә, Құдайлап» қуанып.
Бұл күнде жүрген адам жоқ
Тұлпар мініп, ту алып.
Баяғыдай заман жоқ,
Жау шаншып жүр, кім барып?
Артыңда Құдай еңіретті,
Ақ отауың тұл қалып.
Отырып қалдық бәріміз,
Жаралы құдай ыңыранып,
Жарылған мұздай күңіреніп.
Ата менен анадан,
Бірге өлген адам жоқ,
Бәрі де кейін тұр қалып.
Иманы жолдас болғай да,
Артын Құдай оңғарып.

Ұшып кетті қаршығам,
Тұғырына қонар ма?
Басыма түскен тұманым,
Ашылар күні болар ма?
Артыңда қалған кемпір-шал,
Енді жұрт боп оңар ма?
Мақшар күні жолығып,
Ғаріп көңілім толар ма?
Есіткен жан, бата қыл,
Құран оқып бұларға.
«Иман бер», — деп тілейік,
Төрт шаһарир, пайғамбар,
Өткен екен олар да.

Айттырылған қалыңдықтың ақтай жоқтағаны

«Бисмиллә» деп бастайын,
Мінәжат қылып Құдайға,
Мұңлы пенде мүсәпір,
Мұңсыз адам жылай ма?
Жыламайын десемде,
Өлімге пенде шыдай ма?
Жалғыз қалып қаңғырдым,
Ата-анам қосқан жұбайға.
Құс алған қуда не сын бар,
Мені халқым сынай ма?
Мырзамды, жұртым, жоқтайын,
Ұнамай ма, ұнай ма.

Бисмиллаға келтіріп,
Сөз сөйлейін тілімді,
Ел-жұртыма айтайын,
Көңілімдегі мұңымды.
Ешкімге Құдай салмасын,
Менің көрген күнімді.
Айдалада ақ мола,
Қылды құдай үйімді.
Әдірә қалып ақ отау,
Егесіз болып тігілді.
Солқылдап тұрған шыбығым,
Иілмей, сынбай жығылды.
Әлпештеп жүрген қарағым,
Қыршынынан қиылды.

Солқылдаған сүйрігім,
Алтын айдар тұлымды.
Еш болмаса бермеді,
Жиырма жыл жұрымды.
Болмады өңім, түсім бе,
Дәуренім көрген бұрынғы,
Лажым бар ма, қайтейін,
Тағдырда болса сызулы.
Алладан екен кітапта
Өмірдің қысқа-ұзыны.
Құдіреті Құдайдың,
Бізге болды бір түрлі.

Жер мен аспан айналып,
Заманым болды бір қилы.
Жүгермек өлім кез болып,
Алып кетті қыршынды,
Тойымды Құдай ас қылып,
Басыма салды шыршуды.

Бұ сықылды заманды
Көремін бе деп пе едім?
Жұртыма жаңа жеткенде,
Жеңі атамның қарынан,
Қолы сонда қырқылды.
Атадан тумай жатып-ақ,
Кісілік іздеп ұмтылды.
«Опасыз» деген осы екен,
Дүние жалған шіркінді.

Туғаннан-ақ, қарағым,
Түрің болды бөп-бөлек.
Шырын болып атама,
Болып едің көп керек.
Асығып жүрді, сорлы атам:
«Жеткіншегім жетсе», — деп.
Көрген қазақ таңғалды,
«Төре ме» — деп, «бек пе» — деп,
Өзімен қатар балалар,
Тамаққа жүр өкпелеп.
Жүйрікті алып мінгізді,
«Көңілі өссін» деп ертерек.
Далада жүрсе кісі боп,
Үйге келсе еркелеп.
Тілеп еді Құдайдан,
«Өмірін ұзақ берсе» деп,

Атаңда болды арғымақ,
Анаңда болды арғымақ.
Өтіп едің тайында,
Әниардан қарғып-ақ.
Шыңға шыққан қарағым,
Құлыныңнан ойнақтап,
Берді Құдай абиыр
Атқа міндің бұлғақтап,

Бала би, Досбол датқадай,
Жас күніңнен қонды бақ.
Арасымен жұртымның,
Қонып еді аруақ.
Шамал тимей, жел тимей,
Сөнді де қалды шамшырақ.
Тозаң алып шаң басты,
Ақ денеңді топырақ.
Жатқан шығар сүйрігім,
Екі көзі жалтырап.
Артыңда қалып мен сорлы,
Отырмын, ойбай, зар жылап.
Төртқара бөз көйлегің,
Киіп кеттің жалбырап.
«Қош» демедім, қоштасып,
Арманым қатты жалғыз-ақ.

Орта жүзге белгілі,
Нағашың да, қайның да,
Даңқы жұртқа белгілі,
Жарықтық атам байдың да.
Келіп ең, аттың алдында,
Атекем неден асықты?
Атқа қосып тайыңда.
Сондықтан қалдың, қарағым,
Бес, алты күн жанымда.
Сұңқар туған шырағым,
Өмірің болды тым қысқа,
Маңдайыма сыймадың,
Мендей бейбақ байғұсқа.
Шыдамай атам сорлыда,
Ертерек салды жарысқа,
Қойнына сыймай қуаныш,
Келгенге ісі дұрысқа.
Қоя берді қосты да,
Ауылнай би мен болысқа.
Замананың сазы деп,
Пристап деген орысқа.
Бәріміз де мәз болдық,
Болыс деген дабысқа.
Кетті менің басымнан
Ұятта, арда, намыста.

Өлімнің жайын білмеушіем,
Емес екен алыста.

Несін айта берейін,
Есепсіз арман менде бар,
«Өлер бала өзгеше»,
Деген мақал сөз де бар.
Ауызға жастай іліндің,
Тілде де бар, көз де бар.
Жетім, жесір бейбақпын,
Тәуір сөзге мен де зар.
Көрмей қалған далада,
Мендей бейбақ кімде бар?!
Аяғыңмен бір басқан,
Ізіңе, қалқам, болдым зар.
Жеткіншектен айырылған
Жерге барып таянар,
Жолдасынан айырылған
Отырып қалып омалар.

Жұрт кандидат сайлады,
Болыстың барып соңына,
Жұртқа риза боп біз сорлы,
Қуаныш қылдық соны да.
Ағасы кетті болыс қып,
Ісін беріп қолына,
Өзімнен кейін «болсын» деп,
Отырғызып орнына.
Жүре берді боздағым,
«Бала болыс» болдыда.
Жастай-ақ тапты боздағым,
Ақылды да, айды да.
Болғанда мұндай сұм өлім,
Барма еді менің ойымда.
Өлімі құрысын, өрт екен,
Кез келді менің сорыма.
Көкірек қайғы, көзде жас,
Жолықтым істің зорына.
Аяғын ас қылды,
Көкешім қылған тойында.

Нағашың — божбан, сүйрігім,
Алдаберген - Сапарбай.

Үлкендердің отырмын,
Атын айтып атамай.
Пәленше «датқа» дегелі,
Аруақтан бата алмай.
Төркінім — найман — Үншібай,
Бәрі де шынжыр қатар-ды,
Үш жүзге ешкім болған жоқ,
Өзімнің марқұм атамдай,
Көшкен күні ақшаны
Түйеге жүрді арта алмай,
Өңкей нәкән кез келді,
Сеңгерлі тұмсық тау таудай
Көлден көлге қонсам деп,
Жағалады шалқардай.
Құдай мені сорлатты,
Дегеніме апармай.
Далада қалдым қаңғырып,
Құлжасын атқан арқардай.
Кеней тігіп күмістен,
Ойнаған алтын сақамдай.
Болаалған жоқ еш бала,
Кешегі менің қалқамдай.
Нәресте кеткен, шырағым,
Күнәға артық бата алмай.
Орасан туған, қарағым,
Түнде жанған гауһардай.

Шырағымнан айырылып,
Далада қалдым қаңғырып,
Мойныма бұршақ салсамшы,
Әулиеге жалбарып,
Болаалмай қалдым армансыз,
Жан үшін жөндеп айналсам,
Мен сорлыға жұртымды
Көрсетпеді апарып.
Ертең деді хабары,
Кетті деп мырзаң аттанып,
Көзімді ашып-жұмғанша,
Кетіпті Құдай демде алып.
Қол ұстаспай, қоштаспай,
Арманда қалдым мен ғаріп.
Тумай жатып Аллаға,

Қалдық екен не жазып?
Ақыретке қыршыным
Ала алмай кетті жол азық.
Маған да, жұртым, берсейші
Қасынан ғана көр қазып.

Талшыбықтай бұралып,
Жаңа-жаңа өскенде,
Ойбай шықты ауылымнан,
Төбемнен жасыл түскендей.
Батыл туған, шырағым,

Еш нәрседен сескенбей,
Айтушы еді бұлар деп,
Шиелгенді шешкендей,
Уақытына келгенде,
Асылғанды кешкендей.
Көзге түстің жастай-ақ,
Құрбыңнан артық сескенбей.

Туғаннан-ақ қарағым,
Қолғанатқа жараған.
Үш атасы бек өтсе,
Хан көтерсе қарадан.
Ақсүйектей бек болып,
Үш ата өтсе арадан.
Ортасы жіп болама,
Екі басы тазадан.
Бай болар Құдай қаласа,
Би болар жұрты қалаған.
Көтермейді жер нені,
Не түспейді ауадан.
Сұңқарымды ұшырдым,
Көлеңкелі саядан.
Болушы едің, базарым,
Ауылға келсең қаладан.
Артық еді сәулетің,
Өзің қатар баладан.

Марқұмның жетісіне дейін айтылған жоқтау өлең үлгісі

Ай толғанда дөңгелек,
Алланың оғы зеңбірек.
Балалары болса жас еді,
Біразырақ қозғайын,
Сөге де көрме төңірек.
Әуеде торғай шырлайды,
Балапанын қорғайды.
Жесір қалған мен сорлы,
Кешегі кеткен ерімді,
Жоқтамасам болмайды.
Әуелеп ұшқан қоңыр қаз,
Қайырылып қонар көліне.
«Келе ме» деген дәмем бар,
Едігедей ерімді,
Туып өскен еліне.

Марқұмды еске алу кезінде айтылған өлең

Сары бір аяқ самаурын,
Ішінен болсын қорегім.
Мұңымды-ау айтып жыласам,
Есітер ме еді құлағың.
Көтерші-ау басың, көрейін,
Тағдырым жетсе өлейін.
Тоғайға шыққан көк қамыс,
Сабағы дейді-ау борықтың.
Сапарға кеткен жан әкем,
Келмеске неге жолықтың?
Үйің бір қалды-ау, тұлдаулы-ау,
Алашқа сөзің тыңдаулы-ау!

Айт күнгі мерекеде айтылған жоқтау

Пенденің Алла панасы,
Өлімге кімнің шарасы?
Жастықпен ешкім білмейді,
Артында қалған баласы.
Өз еркімен кетіп пе?

Шақыртқан шығар бабасы.
Ай қасында сұлтаным,
Таң қасында шолпаным.
Есікке сыймас жоталым,
Көрге бір қайтіп сыйды екен?
Көмуге барған халқымның,
Көзі бір не қып қиды екен?
Бұл күндері майырылып,
Баскиімнен айырылып.
Өлейін десем өле алмай,
Бұрынғыдай жүре алмай,
Ас ішеміз ұялмай.
Әйтеуір тірі болғансын,
Жалғыз жанды қия алмай.
Қоғалы көлді қой кешер,
Қоғасын жайпап ел көшер.
Жұбайым еске түскенде,
Еңіреуменен күн кешер.
Күмістен соққан шарайнам,
Күншілік жолдан көрінер,
Көрінсе көңілім бөлінер.
Жыламай не қып тұрайын,
Еріксіз кетті-ау есіл ер.
Балдары болса жас еді,
Жұбайым үйге бас еді.
Қаумалаған достарым,
«Жылады» деп сөкпеңдер!

Марқұмның тұлданған атына көрісу

Тайынан мініп қара атты,
Бәйге етіп баптап жаратты.
Тоғыз жыл тынбай жүгіртіп,
Минутын елге санатты.
Іле, Нылқы, Күнестің,
Дүлдүлі болды қанатты.
Найзағайдай топ жарып,
Жұртты өзіне қаратты.
Иемдендің «тұлпар» деп,
Тай күнінде жасыңда,
Пырағың болсын бақида,
Сойып берем асыңа.

* * *

Қамшың бір қалды ілініп,
Киімің бір қалды жиылып.
Тұлпарыңды тұлдадық,
Бір Құдайға сиынып.

Тұлпарың болсын қанатың,
Бұрынғы салған санатым.
Құдайдан күтіп сұрайын,
Бақидан көру сағатын.

Тұлданған мынау тұлпарды,
Ешбір пенде мінбесін.
Көрген халық тілек қып,
«Жануары аман жүр» десін.

Тұлданған ат сойылардағы айтылған жоқтау

Қош, есен бол, тұлпарым,
Жылқы ішінде сұңқарым.
Бұл дүниенің сездің бе?
Арыстанды жұтқанын.

Құлағың сал сөзіме,
Жас тия бір келді көзіме.
Қиямет-қайым болғанда,
Қанат бітсін өзіңе.
Сабазымды ал да ұш,
Қысылтаяң кезінде.
Ат жарысы болғанда,
Майданда озып айналдың.
«Сол бір бақыт қайда?» деп
Қабағат қатты ойландым.
Жанындай сені көретін,
Киесі бар деп әр малдың.
Жан досыма тұлпарым,
Менен сәлем айта бар.
Көкірек толы қайғы-шер,
Жанымыз қашан жай табар?
Асына сояр бұл тұлпар,
Мақшарда мінер пырағы.

Ел қамын жейтін есіл ер,
Қара жер болды-ау тұрағы.
Қол жайыңдар, көпшілік,
Оқылсын енді құраны.
Қадірлі қайран жан досым,
Өмірдің қанық сырына.
Оқылып құран атына,
Сойылсын арнап жылына.
Разы болсын аруағы,
Туыс-туған, ұл-қызына.
Ел ағасы есіл ер,
Асыңа ел-жұрт жиылсын.
Атыңды сойып ас бердік,
Сауабы сізге бұйырсын!
Өлмеген болса сабазым,
Жер астында жата ма?
Қол жаяйық, көпшілік,
Келіңіздер батаға!

Марқұмның жылдығында айтылған жоқтаулар

Жетім-жесір атану,
Лайық па еді біздерге?!
Жыл айналды келмеді,
Болмады күдер үзбеуге.
Із-тозы жоқ жоғалттық,
Дәрменім жоқ іздерге.
Көкірек толған қайғы-шер,
Төгейін, ел-жұрт, сіздерге.
Айтайын, жұртым, ойымды,
Болса сөзім орынды.
Сабазымдай пана боп,
Кім түзер оң мен солымды.
Аяулы қайран, сабазым,
Аруағыңа табынам.
Көңілім менің алаң-ды,
Өмірде сенің жоғыңнан.
Қасиетіңді адамдық
Өмір бойы сағынам.
Құдайға бәрін тапсырдым!
Не келеді қолымнан?
Өзің жоқсың ақылшы,

Күн үшін кімге жалынам.
Қапыда сенен айырылдық,
Баста бақтың жоғынан.
Осы күнге кез болдық,
Мандайдың қалың сорынан.
Дүниені опасыз,
Сенсіз де енді не қылам?!
Жайдары, жарқын жүзіңді,
Сағынбай қайтып тұра алам?!
Ойлағанда өзіңді,
Безіп те жүрмін жанымнан.
Біліп те жатыр ма екен?
Мен бейбақтың хал-жайын.
«Ұрпаққа қара» демесең,
Алып та кетсең мен дайын.
Арманда кеткен, асылжан,
Қапыда кеттің қасымнан.
Ұжданы күшті ер еді,
Құс ұшпаған басынан.
Болжаусыз ажал кез келіп,
Айырды асыл затымнан.
Жетім-жесір біз болдық,
Мандайға таңба басылған.
Ақылға жүйрік зерегім,
Еңіреп туған ер едің.
Жоқтамай қайтып тұрайын,
Құласа бәйтерегім.
Айдын көл еді сабазым,
Тартылып шөл болғаны-ай.
«Жесір» деген ат алып,
Мен де бір болдым сор мандай.
Қос қайғы басты иықтан,
Жүремін қайтып толғанбай.
Алды бар да арты жоқ,
Опасыз дүние жалған-ай!
«Ел иесі — ер» еді,
Арманда аруақ болғаны-ай.
Өмірі қысқа болғаны-ай,
Аруақ ата қолдамай,
Қырына Алла алғаны-ай.
Қос шаңырақ бірдей шағылып,
Ауыр салмақ салғаны-ай.

Күйзеле беріп қайтейін,
Сырымды менің жыл ұққан.
Есімді жиып бір жерге,
Сусындадың тұнықтан.
Тірліктің берсін ләззатын,
Алыстан да жуықтан.
Алданыш етіп өтейін,
Паршасын қалған сынықтан.

Ел тұлғаларын жоқтау

(Қаздауысты Қазыбекті қызы Қамқаның жоқтауы)

Бисмилладан бастайын,
Шариғаттан аспайын.
Ішім толды қайғыға,
Азырақ көзім жастайын.
Алаштан озған әкекем,
Жоқтаусыз қайтып тастайын.

Алатаудай әкеме,
Ажалдың сыны келгені.
Жылағанды не қылсын?
Көздің жасын көрмеді.
Тілеуді Құдай бермеді.
Кешегі жүрген әкекем,
Жоқтаусыз тастар ер ме еді?!

Шаншара біз нәсілінен,
Алтау едік анадан:
Сәдібек, Асан, Бөдене,
Үсен менен Балапан.
Бесеуіне аға боп,
Алашқа әкем қараған.
Жолбасшысы кеткен соң,
Айырылды халқың панадан.

Төрт тіреудің бірі едік,
Қиын-қыстау іс келсе,
Бәрінен де ірі едік.
Енді халық не болар,
Асқар тауы құлаған?!

Батыр жинап, ел шаппай,
Қылыш шауып, оқ атпай,
Ақылыңменен жол тауып,
Халқыңның кегін алғаның.

Тақта отырған хан болып,
Өзіне де дұшпан көбейтіп,
Қалған емес азапқа.
Ақылменен жол тапқан,
Байменен ел тапқан.
Батыр мен хандар сасқанда,
Әкеме келіп жол тапқан.

Орынсыз жерде қан төгіп,
Қас қылған емес бір жанға.
Басын иіп, құл болып,
Бағынған емес бір жанға.
Халқыңа арнап жол салдың,
Қолайлы қылып әр заңға.
Жесір қатын, жетім ұл,
Аруағыңа таянып,
Ие болды мал-жанға.
Жоғалмастай жол салып,
Үлгі болып сөз қалып,
Кеткен жоқ әкем арманда.
Өз басында бағы жоқ,
Сүйеніп тұрар ханы жоқ,
Болды ғой қиын қалғанға.
Қара қылды қақ жарып,
Әділ өткен әкекем,
Байытсын Құдай иманға!

Үш жүздің ұлы жиналса,
Алдыңнан кеңес тарқаған.
Ақылың, бағың мол еді,
Айдын көлдей шалқыған.
Сырдың бойын жаратпай,
«Мал өсірер орын» деп,
Қазақтың ұлын өрдіріп
Қоныс әпердің Арқадан.

Ақылың, бағың молынан,
Елің ерді соңыңнан,

Арқасында әкемнің
Отырған жоқ бұл халық
Ешкімнің кейін тобынан.
Он сегізде сөз бастап,
Қазыбек би атандың.
«Болар бала боғынан»,
Қайран, сабаз әкекем,
Мақтауыңа жете алмай,
Қызыл тілім қырқылды,
Білімімнің жоғынан.

Өнерсізім болмаса,
Қалай айтсам жараспас.
Қазақта сенен кім озды,
Жұлдызы туып оңынан?!
Байлығың несін айтайын?
«Кедей» деп адам айта алмас,
«Мырза» деп несін айтайын?
Әркім-ақ қонақ қайтармас.
Сөйлеуге тілім сөз тапса,
Мақтауыңнан тайсалмас.
Өмірімше жырласам,
Мінезіңнің, әкекем,
Мыңнан бірі таусылмас.

Сусыны қанар қазақтың
Ағар бұлақ суалды.
Сіз «осылай болды» деп,
Естіген қалмақ қуанды.
Қасиетті туған әкекем,
Ешкімнен қазақ кем болмас,
Шын беріп кетсең дұғаңды!

— 24 —

артқы ажағын қағынар;
алғанын бейбак сағынса
кашан сәдік ұғынар.

4.

Тәті Алтайдың баласы өлгін соң молда ұоктаған:

Кара бір таудың ұылғасы,
калкына бағлан кулұасы,
Сүйдүктүң ағасы,
алтынмен салған сырғасы,
5 алаштан туспан сөз келсә
алдында ұүрөр ұорғасы.
Кара бір таудың үлгүсү,
аты Алтайдың серкәсі.
Ұарлығы ұалған болмаған,
10 кан караның еркәсі.
Базардан келгін бөз еді,
ұаксыдан калған көз еді,
Еділдің кызыл ұелінді,
саулан бір турған сөз еді,
15 айдыны таудан зор еді,
дәүлөтү көлдөн мол еді,
бізүм бір деген алашка
аласы бір ұок түр'еді.
Аіғыр бір күрен кулундай,
20 адам улын ұактаған,
әділдікә салғанда,
кәпір казак мактаған.
Курама ұіп ел кылып,
кусын таза сактаған,
25 тілі шаінау тентәгін
акылымен токтаткан,
көлдөгү ак кү дауету,

Жоқтау.
В.В. Радлов. Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары... 3 том. – СПб., 1870. – 24-бет.



Жоқтау.
Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры
(1176-бума, 7-дәптер)

НОТАЛАР

Магиялық фольклор

Бәдік

Орындаған: Қабдел Қастер

асықпай



Бәдік айтыс

Орындағандар: Қабдел Қ., Бақтыбай С.
Мағзұм Ж., Елібаева А.
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

асықпай, әндете
жігіттер



Арбау

Орындаған: Әдікеев Қазбек
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

асықпай, әндете



Бақсының сөзі

Орындаған: Әдікеев Қазбек
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

орташа



Жылан шаққанда у қайтару

Орындаған: Құрманғалиев Тілеулес
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

асықпай, созылта



Маусымдық ғұрып фольклоры

Жарапазан

Орындағандар: Қабдел Қастер,
Бақтыбай Сәулетбай

жылдам



Балалар фольклоры

Бесік жыры

Орындаған: Мағзұм Жұмагүл

баяу, тербете



Әлди, балам, әлди-ай

Орындаған: Мағзұм Жұмагүл

баяу, тербете



Ұйықтай қойшы, бөпешім.

Орындаған: Мағзұм Жұмагүл

баяу, тербете



Үйлену фольклоры

Той бастар

Орындаған: Смағұлов Ержан
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

көңілді



Сыңсу

Орындаған: Мағзұм Жұмагүл

баяу, мұңды



Жар-жар

Орындағандар: Қабдел Қ., Бақтыбай С.
Мағзұм Ж., Елібаева А.

жүрдек
жігіттер



баяу
қыздар

Аушадияр

Орындаған: Нуриддин Бек

ойнақы



Беташар

Орындаған: Нуриддин Бек
Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

жүрдек



Азалау фольклоры

Әкені жоқтау.

Орындаған: Тутова Гүлшат

жай, зарлана



Ас - қа - рым ә - ке сен е - дің, Бал-дыр - ға - ның___ мен е - дім.
Қай-ғым - ды сөз - ге тіз - бек - теп, Көз жа - сым - д(ы)оу_ тө - ге - мін.

Ананы жоқтау.

Орындаған: Тутова Гүлшат

қайғылы, зармен



Ау! Төл жап - сы - рын о - я - йын,
Ор - ны - на сан - дық қо - я - йын. Дү - ние - ден өт - кен
а - нам оу! Ор - ны - на кім - ді қо - я - йын.

Әйелдің күйеуін жоқтауы

Орындаған: Тутова Гүлшат

зарлана



ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов *(1835—1865) — қазақ халқының ұлы ғалымы. Ол алғашында ауыл мектебінде сауат ашып, араб, парсы, көне түркі тілдерін меңгереді. Кейін Омбы кадет корпусына түсіп, еуропалық деңгейде жан-жақты білім алды. Бұл біліктілігін халқының игілігіне жаратып, оның әдебиетін, тарихы мен этнографиялық мұрасын жинап, зерттеп, жарыққа шығарып, әлемге танытуды мақсат етті. Шәкірт шағынан бастап әкесінің көмегімен «Қозы Көрпеш—Баян сұлу», «Едіге» жырларының алғашқы нұсқаларын хатқа түсірді. Өзі жетекшілік еткен ғылыми экспедициялары кезінде қырғыздың «Манас» эпосын, қазақтың ертегілерін, аңыз-әңгімелерін, халық поэзиясының үлгілерін көптеп жазып алып, орыс тіліне аударып, оларға қатысты зерттеулер жазды. Олардың қатарында «Қазақ поэзиясының түрлері», «Орта жүз қазақтарының аңыз-әңгімелері», «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздардан», «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Алты шаһардың, яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) жайы» т.б. еңбектері бар.*



Потанин Григорий Николаевич *(1835—1920) — Орта Азия елдерінің табиғатын, фольклоры мен этнографиясын зерттеген саяхатшы, ғалым. Ш. Уәлихановпен бірге оқыған және ғылым жолында әріптес, дос болды. Ол 1852 жылы Омбыдағы кадет корпусын бітіріп, 1853—1858 жылдар аралығында Семей мен Омбы өңірлерінде әскери қызмет атқарды. Кейін Санкт-Петербург университетінің табиғаттану бөлімінде оқып жүріп, студенттік толқуларға қатысқаны үшін Сібірге жер аударылды. Еркіндік алысымен Орыс география қоғамының мүшесі, астроном К. Струвенің басқаруындағы экспедицияға қатысып, 1863—1864 жылдары Шығыс Қазақстанның Зайсан көлі мен Тарбағатай тауын зерттеді. Зайыбы А. Потанинамен бірге Орта Азия мен Сібірдің түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур т.б. халықтарының фольклоры, этнографиясы туралы құнды материалдар жинап, қоныс-мекендерінің табиғаты, органикалық құндылықтары туралы жазған зерттеулері «Ортағасырлық Европа эпосындағы шығыс сарындары» (1899) атты еңбегінде жарияланды. Қазақ фольклоры үлгілерін, жалпы түркі тілдес халықтардың халық әдебиетін жинап, «Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз әңгімелері және ертегілері» (1916) атты еңбек жазды.*



Радлов Василий Васильевич (Фридрих Вильгельм) (*1837—1918) — шығыстанушы, этнограф, Ресей Ғылым академиясының академигі. Берлин университетін бітіргеннен кейін, жас ғалым Ресейге қоныс аударып, тіл үйрену мақсатымен Алтай өңірінде оқытушылық қызмет атқарды. Осы кезден бастап түркі халықтарының әдеби мұраларын жинап, зерттеумен шұғылданады. Ол Еуразия аумағында бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, түркі және Сібір халықтарының мол фольклорлық мұраларын жинақтады. Соның негізінде 1870 жылы жарыққа шығарған «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» атты көптомдық еңбегінің 3-томында қазақ фольклорының мол үлгілерін жариялады. Олардың арасында ғашықтық, батырлық, тарихи жырлар, аңыз-әңгімелер, қиссадастандар, айтыс үлгілері мен ақын-жыраулар мұрасы да қамтылды. Ғалым тарихи-салыстырмалы зерттеулерінің нәтижесінде Орта Азия, Қазақстан және Сібірдегі түркі халықтары фольклорының түп төркіні ортақ екенін дәлелдеді.*



Пантусов Николай Николаевич *(1849—1909) — көрнекті этно граф, археолог, филолог, шығыстанушы, фольклортанушы ғалым. Н. Пантусов 1874 жылдан бастап Верный қаласында (қазіргі Алматы) тұрып, Жетісу губерниясында жауапты қызметтер атқарды, қазақ билері съездерінің ұйымдастыру жұмыстарын басқарды. Ол 1880 жылы Құлжада болған тұста сол қалада түркі тілдерінен аудармашылар мектебін ашты. Өмірінің соңғы жылдары Орта Азия мен Қазақстанның ескі археологиясын, мәдениеті мен әдебиетін зерттеді. Әсіресе Ұлы жүз қазақтарының арасында көп жүріп, зерттеу жұмыстарына материалдар жинады. Н. Пантусовтың «Древности Средней Азии» (1902) атты көрнекті монографиялық еңбегіне «Памятник Козы Корпеш—Баян сулу» деген ірі зерттеу мақаласы енген. «Образцы киргизской литературы» деген атаумен бірнеше жинақтарды жарыққа шығарды. Бұл басылымдарда қазақ, ұйғыр ауыз әдебиеті, олардың әдет-ғұрпы туралы көптеген материалдар қамтылған.*

Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы *(1856—1932) — башқұрт халқынан шыққан аса көрнекті этнограф, фольклортанушы. Ресей империясындағы белгілі оқу орны — Орынбор Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген соң, 1876 жылдан Түркістан өлкесіне әскери қызметке жіберіліп, бүкіл өмірін Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген түркі, мұсылман халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге арнаған. Ташкент қаласында әскери-халықтық басқармада, Орта Азия университетінде, қазақ ағартушылары құрған «Талап» ғылыми-зерттеу қоғамында қызмет еткен. Эпостық жырларды, ертегілер, аңыздар, балалар фольклоры, шешендік сөздердің түрлі үлгілерін жинап, «Этнографиялық материалдар. Сырдария облысы қазақтары» деген сериямен Ташкент, Қазан, Орынбор, Астрахан қалаларындағы мерзімдік баспасөзде, ғылыми қоғамдардың басылымдарында жариялап, кейбірін орыс тіліне аударды. Өзі халық арасынан жинаған қазақ мақал-мәтелдерін «Киргизские пословицы» деген атпен 1900 жылы Ташкентте кітап етіп бастырды. Бұл кітапты толықтырып, 1923 жылы Мәскеуде «Мың бір мақал», 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақал-мәтелдері» сияқты кітаптарды жарыққа шығарды.*

Жансүгіров Ілияс *(1894—1938) — қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, қоғам қайраткері. Аса дарынды ақын, жазушы, драматург, көсемсөз шебері. Оның сөз зергері ретінде қалыптасуына қазақ халқының ауыз әдебиеті мен музыкалық фольклорының асыл қорынан жастайынан сусындауы әсер еткені анық. Көптеген жырлар мен дастандарды жаттап өседі. Жас кезінде әкесі Жансүгірдің жинаған әдеби мол мұрасы да өз жәрдемін тигізеді. 1922 жылы Ілияс ауыз әдебиеті үлгілерін жинайтын Жетісу ғылыми экспедициясына қатысады. Лепсі мен Қапал уездерін аралап, халық арасында ауызша сақталған тұрмыс-салт жырларын, мақал-мәтелдерді, өтірік өлеңдерді, тарихта болған адамдар мен жер-су аттарына байланысты аңыздарды қағазға түсірді. Ә. Диваевтың басшылығымен төрт айдай рухани мұра жинаумен айналысуы және осы сапарында ел әдебиеті туралы мол деректер табуы ақынның өз халқына деген сүйіспеншілігін арттырды. Мәскеу қаласында «Өтірік», «Сүйінбай», «Зар заман. Албан Асан» жинақтарын жарыққа шығарды.*

Көпеев Мәшһүр Жүсіп (Адамжүсіп) *(1857—1931) — ақын, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің аса көрнекті өкілі. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жариялауға ерекше үлес қосқан тұлғалардың бірі. Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Бұхарада, Ташкентте оқып, Орта Азия халықтарының әдебиетімен кеңінен танысқан. Мәшһүр Жүсіп араб және парсы тілдерін жетік білген. Ол өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, бастырумен де айналысты. Сонымен бірге ол — күллі ғұмырын қазақ халқын сауаттандыруға жұмсаған ағартушы. Шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырларды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттады. Оның «Мес» деп аталатын төрт томдық қолжазбалар жинағы ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы.*

Марғұлан Әлкей Хақанұлы *(1904—1985) — аса көрнекті қазақ ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, этнограф, тарихшы, фольклортанушы. 1940—1941 жылдары «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы», «Жамбыл Жабаев» т.б. еңбектері жарық көрді. 1941 жылы КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінің тарих бөлімін басқарды. Осы қызметте жүріп, «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта кандидаттық (1943), «Қазақ халқының эпикалық жыр-дастандары» тақырыбында докторлық диссертация (1945) қорғады. «Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері» (1959), «Шоқан және Манас» (1971) т.б. ғылыми еңбектер жазды. Ғалымның Орта Азия мен Қазақстан мәдениетінің тарихи тегін тануда сүбелі мұра болып саналатын 300-ден астам ғылыми зерттеу еңбектері бар.*

Қоңыратбаев Әуелбек *(1905—1986) — көрнекті түрколог, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол 1905 жылы Қызылорда облысының Шиелі ауданында дүниеге келген. Кеңес өкіметі орныққан 1922—1930 жылдары Ташкентте шыққан алғашқы комсомол газеті «Жас қайрат», Қызылордада басылым көрген «Еңбекші қазақ», «Сыр бойы» газеттерінде жұмыс істеді. Кейін Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтында, Қазақ КСР Ғылым Академиясының аспирантурасында оқыды. Ұзақ жылдар Қазақстан ҒА Тіл және әдебиет, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық, Қызылорда педагогикалық институттарында қызмет атқарды. «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жыры туралы», «Әдебиетті оқыту методикасы», «Эпос және оның айтушылары», «Қазақ эпосы және түркология», «Қазақ фольклорының тарихы», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Абайдың романтизмі» т.б. сүбелі ғылыми еңбектер жазды. Ол халық мұрасын жинауға да белсенді араласып, ел арасынан фольклорлық, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, еліміздің сирек қорларына тапсырып отырды.*

Адамбаев Балтабай *(1909—1995) — белгілі фольклортанушы ғалым, халық әдебиеті мұраларын жинаушы, ақын. Филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Ұлы Отан соғысына қатысушы. Ол 1945—1994 жылдар аралығында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба, фольклортану бөлімдерінде қызмет істеді. Қазақстанның барлық аймақтарына ұйымдастырылған ғылыми фольклорлық экспедицияларға қатысып, халық мұраларын жинады. Зерттеу нысаны қазақтың шешендік өнеріне, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерге қатысты болғандықтан, осы салаларда ірі-ірі зерттеу еңбектерін жазды. Орта Азия мен Қазақстанның көптеген жерлерін аралап, ауыз әдебиеті үлгілерінің жиналуына, қолжазба қорларының қалыптасуына белсене араласты. Ресей, Өзбекстан, Татарстан мұрағаттарындағы халық мұралары үлгілерін жинады. Шешендік сөздер, тарихи аңыздар, мақал-мәтелдер т.б. фольклорлық жанрларға қатысты бірнеше зерттеу еңбектері жарық көрді.*

Төреқұлов Нысанбек *(1921—2009) — филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы, халық мұрасын жинаушы. Ол Түркістан облысы Бәйдібек ауданының Досан ауылында туған. Алматы Жоғары партия мектебінің журналистика факультетін бітіріп, 1961 жылдан бері М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарды. Ғылым жолында қазақ кеңес әдебиетінің тарихы, қазақтың айтыс өнері туралы, Жамбылдың шығармашылығы мен өмірбаяны жөнінде, қазақтың шешендік өнері, билері мен шешендері туралы еңбектер жазды. Олардың арасында «Қазақтың қанатты сөздері» , «Современный казахский фольклор», «Қырық хикая», «Жүз жасаған бәйтерек», «Алатау асқарынан жыр асырған», «Қазақтың жүз шешені (1—4-кітап), «Даланың дара дiлмарлары» (1—2-кітап), «Ғұмырнамалық баян» т.б. еңбектері бар. Әр жылдары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған фольклорлық экспедицияларға қатысып, халық әдебиеті үлгілерінің мол қорын жинауға, оларды жүйелеп, зерттеуге үлес қосты.*

Тілеужанов Мәтжан *(1927—1995) — филология ғылымдарының докторы, профессор, әдебиет зерттеушісі, халық мұраларын жинаушы. Орал педагогикалық институтында оқып, 1950 жылдан өмірінің соңына дейін осы оқу орнында оқытушылық қызмет атқарды. Қазақстан Ғылым академиясының аспирантурасында дәріс тыңдап, кандидаттық (1957), кейін докторлық (1982) диссертациялар қорғады. Институт қабырғасынан «Этнопедагогика және фольклор» кабинетін ашып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар фольклорлық-этнографиялық мұраларды, ауыз әдебиеті үлгілерін, араб, латын жазуымен басылған сирек кітаптар мен қолжазбалар жинаумен айналысты. Ғылым саласында да өнімді еңбек етіп, халық әдебиетіне байланысты «Дала дауысы», «Дала мұңы», «Дала арулары», «Сырым Датұлы туралы», әдебиеттануға қатысты «Астарлы әзіл», «Ел әдебиеті», «Халық тағылымы», әдістемелік құрал, оқулық ретінде «XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі сатиралық шығармалардың көркемдік иірімдері», «Ғабит Мүсірепов әңгімелеріндегі юморды оқыту жөніндегі методикалық ұсыныс», «Сатира мен юморды мектепте оқытудың кейбір мәселелері», «Сырым Датов және оның шешендік сөздері», «Қазақтың халықтық педагогикасының кейбір мәселелері» т.б. зерттеу еңбектерін жазды.*

Уахатов Бекмұрат *(1932—1984) — фольклортанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Павлодар облысы, Лебяжье ауданы, Қорт ауылында дүниеге келген. 1954 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. «Қазақ әдебиеті» газетінде, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Текстология және қолжазба бөлімінің аға ғылыми қызметкері, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. Уақатовтың ғылыми еңбектерінің негізгі тақырыбы қазақ фольклорының мәселелеріне («Жоғары кластарда көркем шығарманы талдау», 1965; «Таланттар, туындылар», 1969; «Қазақтың халық өлеңдері», 1974; «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы», 1983 т.б.) арналған. Б.Уахатов — қазақ фольклорындағы тұрмыс-салтқа қатысты өлеңдердің табиғатын терең танып, тарихпен тығыз байланыстыра қарастырған.*

Бекмұрат Уақатов алпысыншы жылдардан бастап түрлі экспедициялар құрамында Қазақстанның көп жерлерін аралап, ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алып, Институттың қолжазбалар қорына тапсырған.

Саттаров Қыдырәлі *(1941—2011) — фольклортанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол Өзбекстанның Ташкент облысы Жоғары Шыршық ауданына қарасты Ақсақ ата ауылында туған. Қазақстанның оңтүстік өңірінен, Өзбекстан аумағында, Сырдария, Әмудария құйылыстары бойында өмір сүрген қазақтар арасынан халық мұраларын жинауға ұйытқы болып, олардың жүйеленуіне, зерттеліп жариялануына басшылық жасады. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан Республикасы Ташкент өңіріне ұйымдастырылған бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедицияларға жетекшілік етті. Ел арасынан жиналған халық әдебиеті үлгілерін (200-ден аса жинақ) жанрлық тұрғыдан іріктеп, алғы сөзін, мәліметтерін жазып, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырды.*

Тұрсынов Едіге *(1942—2016) — фольклортанушы, филология ғылымдарының докторы. Ол қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисін, дәнекерші, бақсы, ақын, болжаушы абыз, сыншы, жырау, сал, сері сияқты ауыз әдебиетін жасаушылардың пайда болу және қалыптасу тарихын, көне түркі фольклорының бастауларын, Қорқыт туралы аңыздың түпкі мазмұнын типологиялық тұрғыда зерттеген.*

Тұрсыновтың «Генезис казахской бытовой сказки», «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері», «Древнетюркский фольклор: истоки и становление», «Происхождение носителей казахского фольклора», «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» атты монографиялық зерттеулерінде қазақ ауыз әдебиетінің шығу тегі, пайда болу, даму жолдары, жанрлық, көркемдік ерекшеліктері жан-жақты зерттелген.

Ол қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жариялауға ерекше үлес қосқан ғалым. Ғылым саласында да өнімді еңбек етіп, халық әдебиетіне байланысты «Бозінген», «Құйыршық», «Аяз данышпан», «Золотая бита», «Қазақ бақсы-балгерлері», «Қазақтың халық ертегілері» сияқты көптеген жинақтарды құрастырған.

Абылқасымов Болатжан *(1950—2009) — фольклортанушы, филология ғылымдарының докторы. 1985 жылы «Жанр толгау в казахской устной поэзии» атты тақырыпта кандидаттық, ал 1990 жылы «Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Оның ғылыми еңбектері қазақ фольклорының мәселелерін: архаикалық жанрлардың спецификасы мен типологиясын, генезисін, жанрлық арақатынасын, олардың қазақ фольклорындағы орны мен мәнін айқындауға, зерттеуге арналған. Толғау жанрын түркі тектес халықтар (ноғай, құмық, қарақалпақ т.б.) мұраларының материалында зерттеп, терме жанры мен толғаудың жігін айқын ажыратқан. Ал «Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры» деп аталатын іргелі зерттеуінде ғалым фольклортанудағы ғұрып фольклоры деп аталатын кешенді жүйені жіктеп зерттеді, әсіресе бақсылықтың табиғатын таныту мақсатында терең талдаулар жасады.*

Б.Ш. Абылқасымов қазақ фольклоры мен ақын-жыраулық поэзиясының жалпы теориясын жасауға және олардағы кейбір өте маңызды заңдылықтарды ашуға елеулі үлес қосқан.

СУРЕТТІ СӨЗДІК

Аза тұту – адамның қаза болуына байланысты қайғыру ғұрпы. Аза тұту рәсімі — дүниежүзі халықтарының барлығына тән құбылыс. Әсіресе, ерекше түсті киім кию, киімдерін жырту, өзіне жара салу, марқұмды жоқтау және мадақтау, өлікті жөнелтудің кезеңдері, аластау т.б. ғұрыптар әлемнің барлық халықтарында кездеседі. Қазақ қоғамында аза тұту ғұрпы адам қайтыс болғаннан кейінгі бір жыл бойы атқарылады. Осы кезеңде қоштасу, жерлеу, көрісу, қаралы ту тігу, тұлдау, қара жамылу рәсімдерінің барлығы орындалады. Азалы үйдің сол жағына тігілген қаралы ту сол адамның жасын да білдіреді. Жас жігіт болса — қызыл, орта жастағы адамға — қара, қарт кісіге — ақ түс таңдалады. Үйде адамның ер-тұрманын, сауыт-сайманын, тәуір киімдері мен басқа да бұйымдарын көрнекті етіп қояды. Әйеліне, қызына жылына дейін ашық түсті киімдер киіп, әшекей бұйымдар тағуға тыйым салынады. Тіршілігінде мінген атының жалын күзеп, құйрығын тірсектен жоғары кесіп, кекілін төбесіне түйіп жібереді. Мұны «тұл ат» дейді. Бұл ат дәстүр бойынша марқұмның асына сойылады. Көш-қон кезінде «тұл атты» өлген адамның қаралы жесірі немесе туған қызы жетелеп жүреді. Аза тұту тек ер адамдар үшін жасалады және әйелдер мен балаларға қатысты қолданылмайды. Жыл толып, асы берілген соң азалы ту жығылып, қаралы жағдай тоқтатылады.

Ат кекілін кесу — «араздасу», «қол үзу» деген мағынаны береді. Қазақ қоғамында аттың кекілін кесу «айырылысудың, өзара жауласудың белгісі» ретінде танылады. Ел арасында өкпелесіп, ренжіскен адамдардың арасындағы қарым-қатынастың үзілуін, тоқтауын білдіретін ғұрып. Бұл жылқыны қазақтың ерекше құрмет тұтқандығын білдіреді. Этнограф-ғалым А. Тоқтабай:

«Жылқы қазақтың әдеттік құқығында дау-дамайды шешуші, шешілген дауды бекітуші құрал болған. Қазақтың бүкіл жер дауы, жесір дауы, қылмыстың көптеген түрлері жылқыға телінген, жылқы арқылы шешілген. Қазақ қоғамында билік айтудың өзі жылқыға, жылқының тұрпатына қарап шешілген. Жеті жарғыдағы ат құйрығын, ат кекілін кесу, құн алынып дау аяқталғанша бітім жоқ дегенді білдіреді. Шын мәнінде екі адам, екі ел «енді бітімге келмейміз, мәңгілік аразбыз» дегенде аттарының кекілін кесіп тастайтын болған», — деп жазады.

Айдар қою – көне дәстүрдің түрі. Баланы қырқынан шығарып, қарын шашын алғанда оның төбесіне бір шоқ шашын қалдырып, оны «айдар» деп атаған. Өскеннен кейін моншақ араластырып, өріп қоятын болған. Айдар тек ұл балаға қойылады. Мәселен, «Қобыланды» жырында «Тұлымдысын тұл қылды, Айдарлысын құл қылды» деген жолдар кездеседі. Халықта айдар көз тиюден, түрлі аурулардан сақтайды, көзі өткір жанның назары баладан ауып, оның төбесіндегі айдарға түседі деген сенім болған. Ұзақ уақыт ұл баласы болмай зарыққан ата-аналар да балаларына айдар қояды. Айдарды бала бес жасқа, сүндетке отырар шаққа келгенде алып тастайды. Сол күні ауыл ақсақалдары жиналып, арнайы мал сойылады. Балаға жақсы тілектер айтылып, бата беріледі. Айдар қою — моңғол, түркі, маньчжур, қытай сияқты көптеген халықтарға тән ежелден келе жатқан дәстүр. Ел ауқымында сақталған көне балбал тастар мен бейнелер ата-бабаларымыз айдар қоюды ертеден-ақ қолданғанын аңғартады.

Ақжолтай – «қадамы құтты» деген ұғымды білдіреді. Бұл сөз көбіне жаңа түскен келінге, жаңа туған балаға, үйге келген қонаққа байланысты айтылады. Қонақ келген күні мал төлдесе немесе қуанарлық жаңалық болса, оны «құтты қонақ» деп құрметтеп, сый-сияпат жасайды. Халқымыздың «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады, Құтсыз қонақ келсе, қорадағы қойға

қасқыр шабады» деген мақалы — осы дәстүрдің дәлелі. Келін түскеннен кейін сол шаңыраққа жағымды жақсылық келсе, «келіннің аяғынан, малшының таяғынан», «ақжолтай келін болды» деп қуанады. Ұзақ уақыт бала көре алмай жүрген ата-ана бала асырап алып, оның артынан әйелдің өзі бала көтерсе, ол баланы «ақжолтай, майкөтен» деп мадақтап, ерекше жақсы көріп, оған құрметпен қарайды.

Ақсарбас атау – құрбандық шалу ғұрпы. Қазақ қоғамында адам ауыр науқастанғанда, қауіп-қатерге ұшырап, жаны қысылғанда Алла атымен «Ақсарбас» деп үш рет дауыс көтеріп, құрбандық шалған. Ол тек қиыншылық туғанда ғана емес, қуанышты күндері де, алыс сапардан немесе жорықтан аман-есен оралғанда да шалынады және құрбандық малдың түр-түсіне ерекше назар аударылады. Себебі, жақсылыққа арналған малдың түсі міндетті түрде ақ сары немесе көк болуы шарт. Ақ пен көк түс түркі халықтары үшін жоғарғы рухани әлеммен байланыстың дәнекері болып саналады. Әсіресе, жас малдың маңдайында ақ жолағы болса, дұға-тілек қабыл болады деп ырымдалады. Халық арасында ақсарбастың үш түрі сақталған. Көбіне қойдан бозқасқа, жылқыдан көккасқа және сиырдан қызылқасқа мал арналады.

Аластау – отқа табыну дәуірінен келе жатқан ырым. Византия императоры II Юстинге (б.з. 568 ж.) Түрік қағанатына жіберілген елшілердің «олар ордаларына кіргізбес бұрын бізді екі оттың ортасынан өткізіп, жын-шайтаннан тазартты» деген естелігі — осының айғағы. Қазақ малшылары қыстаудан жайлауға көшкенде бүкіл көшті жанып тұрған оттың арасынан өткізіп, тазалау жүргізген. Ең бастысы, бесікті, отаудың босағасын, жас жұбайлардың төсек орнын, үйдің ішін жөн білетін, көпті көрген аналар мен әжелер «алас, алас, аш пәледен қалас», «тіл мен көзден алас» деген сөздерді

айта жүріп отпен аластайды. Бұл мақсатта адыраспан немесе арша пайдаланылады. Халық ауру-сырқат жын-шайтан, албастылардың ықпалынан пайда болады деп түсінгендіктен, науқастарды да отпен аластап отырған. Жас босанған әйел мен балаға да қаскөй күштер үйір болмасын, шілдеханаға жиналған жастар дертке шалдықпасын, сәби тез аяқтанып кетсін деген ниетпен «Бәдік» өлеңі айтылатын болған.

Андаласу – ант берудің түрі. Қазақта екі достың бір-біріне ант беріп, бірге туғандай бауырлас болуын андаласу деп атайды. Бұл туралы Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Нәсілі бір болмаса да екі түрік ағайын болғысы келсе, бір жерін қанатып, қандарын сүтке яки қымызға қосып бөліп ішеді де «қаны қосылған қарындас болдық» дейді. Біздің қазақтың «құда-анда» дегендегі «андасы» осы сөз», — деп жазған. Андаласқан адамдар ақтық демі үзілгенше бір-бірінен жан аямас дос, тамыр болуға, тіпті жан қиюға дайын болуға сөз байласады. «Анда» сөзінің шығу төркіні: моңғол тілінде — дос, жолдас; бурят тілінде — жақын дос, маньчжур тілінде — дос деген мағынаны білдіреді. Осы ретте құдандаласу деген ұғымға да тоқталып, оның «құда» мен «анда» сөздерінің бірігіп, құдалық арқылы дос, жолдас болу деген мағынаны білдіретінін аңғарамыз.

Арқан керу – құдалар қалыңдықты алып кетуге келгенде орындалатын ғұрып. Құдалар келе жатқан кезде сол үйдің келіндері, бала-шағасы алдынан шығып, арқан кереді. «Арқан керу» салтын жасаған адамдарға құдалар жағы тиісті жоралғысын (әшекей бұйымдар, мата, ақша т.б.) береді. Кейде адамның иісі сіңген затқа ит-құс жоламайды деген сеніммен малдың қорасын айналдыра арқан керіп қоятын да ырым болады.

Аруақты сыйлау (*жеті шелпек т.б.*) — ата-баба аруағына сену және сыйыну дәстүрі. Наным-сенім бойынша о дүниелік болған адамдардың рухы осы өмірдегі жақын адамдарын қоршап, қорғап жүреді деген түсінік болған. Тіпті, жаугершілік замандарда да жауынгерлер жауға қарсы «Аруақ, аруақ» деп шапқан. Бала көтере алмай жүрген әйелдер, науқастар аруақтың басына түнеп, зиярат етеді. Халық арасында «Аруағын сыйламаған, аруақтан қорықпаған адам — Құдайдан да қорықпайды» деген ұғым қалыптасқан. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейтін ұстаныммен дүниеден өткен жақындарының рухын риза етуді міндет санайды. «Аруаққа арналып ас-тағам берілетін кезде аруақтың негізгі асы бауырсақ-шелпексіз өтсе, онда аруақтар аш қалады,«залалы» тиюі мүмкін деген түсінік те сақталған. Аруақ асы — бауырсақтың өзі емес, одан шығатын иіс. Сондықтан ол жын-шайтанға қарсы ықпал етеді деген сенім болған.

Ас беру – ата-бабаның аруағына сенуден туындаған рәсімдердің бірі. Өлім-жітімде жасалатын кәденің соңғысы, еске алу рәсімі. Ас беруді «жылын беру» деп те атайды. Бұған арнайы сойылатын жылқыны марқұмның қырқында (қырық күн өткен соң берілетін ас-су) тұлдайды. Көбіне оған марқұмның міниіс аты белгіленеді. Ас беруге қайтыс болған адамның туыс, жекжат, дос-жарандары атсалысады. Кейде оны той есебінде де өткізіп, ат шаптырып, бәйге береді. Осыған орай қазақ қоғамында «Ас пен той ортақ» деген қағида қалыптасқан. Ел арасында беделді, сыйлы болып өткен қария, ақсақалдардың рухына арнап артындағы ұрпағы, туыстары арнайы үлкен ас береді. Мұндай астарда жүздеген ордалар мен үйлер тігіліп, үш жүзге сауын айтылған. Есімдері елге танымал ақсақалдар, батырлар, палуандар, әнші-жыршылар, көкпаршылар,

мергендер арнайы шақырылып, бәйге аттары әкелінеді. Астың салты бойынша ат, балуан, ақын бәйгесі — ас берген елдің намысы. Оны сыртқа жібермеуге тырысқан. Жас адамдарға мұндай ас берілмейді.

Асырап алу – өз кіндігінен ұрпақ болмағанда немесе балалары тоқтамай шетіней бергенде туысқанның болмаса басқа біреудің нәрестесін өзіне бала етіп алу. Қазақ қоғамында асырап алу — ежелден келе жатқан ғұрып болып саналады. Ұрпақсыз отбасы жақын туыстарының бірімен келісімге келіп, ұнаған бір баласын асырап алады. Асырап алушы жағы ауыл ақсақалдары мен туған-туыстарын жинап той жасап, үлкендердің батасын алады. Сол күні баланың қолына ортан жілік ұстатып, екі жақ көпшілік алдында анттасып, уәде беріседі. Ел ортасында балаға жілік ұстату — асырап алушының оны туған баласындай көріп, мұрагер ретінде тануы, екі жақтың өзара ризашылығын айқындауы.

Ас қайыру – дастарқанда берілетін бата. Бата беру — қазақ халқының ежелден қалыптасқан игі дәстүрлерінің бірі. Әр отбасы асқа отырғанда «бісміллә» деп отырып, асты аяқтаған соң бата беріп, ас қайырады. Қазақ қоғамында ас қайырылып, бата берілмей дастарқаннан тұрып кету әдепсіздік болып саналады. Батаны сол дастарқанда отырған жасы үлкен, аузы дуалы ақсақал береді. Қалған адамдар «әумин» деп бетін сипайды. Асты қара сөзбен де, өлеңмен де қайыра береді.

Ат тұлдау – қазақ халқының дәстүрлі аза тұту ғұрыптарының бірі. Өлген адамның тірі күнінде мінген атының жалын жоқтау айтып жүріп күзеп, құйрығын тірсектен жоғары кесіп, жалын күзеп, кекілін төбесіне түйіп жібереді. Аттың ерін теріс қаратып ерттеп, үстіне киім-кешегін, қару-жарағын жайып қояды. Ең үстіне бас киімін қойып, отбасынан

кесіліп алынған арқанмен буып байлайды. Мұны «тұл ат» дейді. Бұл атқа мінуге болмайды және бір жыл бойы жылқымен бірге бос қоя береді. Жыл толғанда марқұмның асына сойылады. Атты соярда да жоқтау айтылады. Көш кезінде «тұл атты» өлген адамның қаралы жесірі немесе туған қызы көш алдында жетекке алады. Көш жолында кездескен ауылдар бұл көштің «қаралы» екенін біліп, ас-суларын алып шығып, арнайы тамақтандырады. Тұлданған аттың кесірі тиеді деп ұры да, барымташы да алмаған. Атты тұлдап қою қайтыс болған адамға деген соңғы құрметті білдіреді.

Ауызға түкіру – бала тәрбиесіне қатысты ертеден келе жатқан ырымдардың бірі. Қазақ қоғамында аты аңызға айналған, ел таныған ақындар мен шешендерге, дуалы ауыз билер мен ақсақалдарға, батырларға сәбидің аузына түкірткен. Бұл рәсімді тура мағынасында түсінуге болмайды, себебі мұнда тек ишара түрінде қимыл-әрекет қана жасалады. Халық түсінігі бойынша ауызға түкіргенде атақты адамдардың жақсы қасиеттері, өнері мен мінез-құлқы жас балаларға беріледі. Баланың ата-анасы атақты адамдарға өтініш жасап, солардай азамат болсын деп ырымдайды. Бұл ырым халық арасында күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр.

Ашамайға отырғызу — бала үш жасқа келгенде орындалатын, тәрбиелік мәні бар атқа мінгізу рәсімі. Ашамай — атқа баланы үйрету үшін арнайы істелетін ердің қарапайым түрі. Оған отыру бала өмірінің ең маңызды сатысы саналады. Алғаш ұл бала туса, ата-анасы оған арнап бір құлынға ен салады. Оны «бәсіре» деп атайды. Бала атқа мінуге жарағанда әлгі құлын ат болып, қолға үйретіліп, жуасытылады. Белгіленген күні мал сойылып, ауыл адамдары жиналып, кішігірім той жасайды. Әйелдер

жағы құрт-майын әкеліп, шашу шашылады, жақсы тілектер айтылады. Дастарқан жайылып, ұлттық ойындар ұйымдастырылады. Бұл іс-шаралардан кейін әйелдер баланы салтанатпен үйден шығарады. Ауылдың ең құрметті ақсақалы баланы атқа мінгізіп, батасын береді. Бір жігіт баланың атын жетектеп бүкіл ауылды аралап шығады. Баланың ата-анасы ақсақал мен жігітке шапан жауып, сый-сияпат көрсетеді. Ауыл адамдары шама-шарқына қарай балаға сыйлықтар береді. Осы рәсімнен кейін көшіқонда бала ешкімнің көмегінсіз өз көлігімен жүруге мүмкіндік алады.

Әмеңгерлік – күйеуі қайтыс болған әйелдің қайын інісіне немесе қайын ағасына, күйеуінің жақын туысының біріне тұрмысқа шығуы. Әлеуметтік және тәрбиелік мағынасы бар дәстүрдің бірі. Көшпелі қоғамда әйел талақ етілгеннен кейін ғана төркініне орала алады. Ал басқа уақыттарда ру аясынан шығарылмайды. Ол негізінен қайтыс болған жігіттің інісі болмаса жақын ағайынының түтінін түтетеді. Әмеңгерлік мәселесі күйеуінің жылына дейін ауыл ақсақалдарының кеңесімен шешіледі. Оның басты мәні — балалардың қараусыз жетім өспеуі және қайтыс болған адамның қалған малы, дүние-мүлкі бөтен жаққа кетпей, балаларының қажетіне жұмсалуы. Жасы келген әйелдің ержетіп қалған балалары болса, ол әмеңгерлікпен тұрмыс құруға мәжбүрленбейді. Отбасының түтінін түтетіп, мал-мүлікке ие болуға рұқсат беріледі.

Байғазы – қазақ халқының тәрбиелік мәні бар дәстүрі. Негізгі мақсаты жеткіншек баланы жақсылыққа, игі мақсатқа жетелеу. Байғазы негізінен балаларға үлкендер тарапынан беріледі. Бала жаңа киім кигенде, жаңа зат алғанда әжелері мен апаларына, аға-жеңгелеріне барып

көрсетіп, мақтанышын сездіреді. Ал үлкендер өз кезегінде киімнің жарасымдылығын айта отырып, алғыс-тілектерін де білдіреді. Аяғында киіміне түйме, тана тағады немесе арнайы сыйлық береді. Бұл сый «байғазы» деп аталады. Үлкендер байғазы беру арқылы баланың көңіл күйін өсіріп, келешекке деген сенімін арттырады.

Балаға ат қою – көне дәстүрлердің бірі. Қазақ қоғамы оған үлкен жауапкершілікпен қараған. Балаға есім беретін адамның жақсы қасиеттері нәрестеге жұғады деген сеніммен жасы үлкен, сыйлы адамға қолқа салады. Сол күні туған-туыс жиналып, дастарқан жайылады. Таңдалған адам азан шақырып, қолындағы нәрестенің оң құлағына қойылатын есімді үш мәрте қайталап айтады. Қазақ арасында кісі есімі түрлі себептерге байланысты қойылады. Мәселен, туа біткен ерекшеліктеріне байланысты Қалдыбай, Қалдықұл, Анарбай, Қаракөз, Қарашаш, Ақбөпе т.б. аттар беріледі. Баласы тоқтамаған отбасылар Тоқтар, Тұрсын, Тұрсынкүл, Өлмес, ұл балаға зарыққандар қызға Ұлболсын, Ұлтай, Ұлжан сынды есімдер қояды. Ат қойылғаннан кейін көпшілік әке-шешесіне ізгі тілектер айтып, қариялар сәбиге бата береді. Жиналғандардың бірі қазанның құлағын даңғырлата қағып, жаңа есімді үш рет қайталап, жұртқа жария етеді.

Баланы бесікке салу – бала тәрбиесіне байланысты атқарылатын ғұрып. Арнайы мал сойылып, ауыл адамдары жиналады. Баланы бесікке бөлеу рәсімі көп балалы, сыйлы әйелге тапсырылады. Ол бесіктің жабдықтарын ретімен салып, баланың құрметіне әкелінген құртмай, бауырсақ, қант, кәмпит, күміс ақшаны уыстап, «тыштыма-тыштыма» деген сөздермен бесіктің түбек байланатын тесігіне салады. Астынан тосып отырған әйел «тышты-тышты» деп, әлгілерді бала-шаға

мен әйелдерге үлестіріп береді. Осы рәсімнен кейін бесікті отпен аластап, нәрестені бесікке бөлейді. Бұл ретте бесікке мынандай тоғыз нәрсе салады: белбеу, жүген, үлкен кісінің тақиясы, қамшы, пышақ, айна, тарақ, жүзік. Бала алғаш ұйқыдан оянғанда айна-тарақ пен пышақтан өзге заттарды алып тастайды. Ал бесіктің үстіне жеті нәрсе жабылады. Шетінеген баланың бесігі пайдаланылмай, зиратының басына апарып қойылған.

Баланы майлап сылау – баланы күтудегі дәстүрлі тәсіл. Қазақ халқы жас нәрестенің күтіміне ерекше мән беріп, баланың дене бітімінің дұрыс қалыптасуын ерекше қадағалаған. Сәби бір жасқа келіп, талпынып жүре бастағанша денесін маймен сылап, аяқ-қолын созып, жетілдіріп отырған. Бұл мақсатта ерітілген қойдың құйрық майынан арнайы сылаумай дайындап, сәби қырқынан шыққанша күнде шомылдырып, майлау-сылау жұмыстарын қатар жүргізген. Баланы сылап жатып, қол-аяғын «өс-өс» деп ақырын тартқылап созады. Қалың болсын деп бас бармақпен қасын, қыр мұрынды болсын деп мұрнын ұшын, салалы, әдемі болсын деп саусақтарын бір-бірлеп маймен сылайды. Жауырыны жабыспас үшін білегінен ұстап, сәл көтеріп, созады.

Бала көтеру үшін жасалатын ырымдар халық сеніміне байланысты туындайды. Қазақ қоғамында кез келген жас отау дүниеге сәби әкеліп, ұрпақ жалғастыруды мақсат етеді. Сондықтан бедеулік әр отбасы үшін үлкен бақытсыздық болып есептеледі. Халық түсінігінде бедеулік көз тиюден, зұлым жын-шайтандардың кесірінен болады. Кейде баласыз әйел жаңа босанған әйелдің жолдасын ұрлап, дұға оқып, жылы күйінде астына басып жатады немесе сол әйелдің іш киімін ұрлап киюге мәжбүр болады. Ал жолдасы ұрланған әйелдің өзі болмаса баласы

өліп қалуы мүмкін деген түсінік бар. Кейде босанған әйел баласының кіндігін бедеу келіншекке еркімен беретіні, оны кемпірлер етке қосып қуырып, әйелге жегізетіні туралы түрлі мәліметтер кездеседі. Болмаса, бесікке бөлеу кезіндегі шашудан, қырқынан шыққан баланың иткөйлегін қалап алу арқылы сәбилі болу секілді ырымдар ел арасында молынан сақталған. Балаға зарыққан ата-ана ел арасында атағы шықан әулиелердің басына түнеп, бала сұраған. Аяғы ауыр әйел «ұл табамын» десе, еркектің қару-жарағын, шалбарын ырым етіп басына жастанып жатады. Қыз туғысы келсе, қызыл ала шыт, әйелдің көйлегін, жүзік, сырға, алқа тәрізді әшекейлерді жастық астында ұстаған.

Бата, бата алу, бата сұрау – қазақ халқының өте ертеден келе жатқан әдет-ғұрыптарының бірі. «Жаңбырменен жер көгереді, батаменен ер көгереді» деген нақыл сөзді ұстанған бабаларымыз қуанышты тойларда, дастарқан басында, алыс сапарға аттанарда қол жайып, ақ батасын береді. Үлкенді сыйлағандықтан, батаны сол елдің аузы дуалы шешеніне, елге құрметті қариясына бергізеді. Батаның жас талап жеткіншекке, сапарға шыққан жолаушыға, дастарқанға, жақсы іске риза болғанда, жаңа ай туғанда т.б. айтылатын түрлері бар. Дастарқанға берілетін батаны «ас қайыру» деп те атайды. Кейде жастар батаны рухани күш-қуат беретін ұлы күш ретінде танып, қария адамдардан арнайы барып та сұрайды. Мал соярда да бата жасалады. Мағыналық жағынан ақ бата және теріс бата болып бөлінеді. Теріс батаны ата-ана балаға, келінге аса қатты кейігенде, әбден көңілі қалғанда алақанын теріс қаратып тұрып берген. Теріс бата қарғыстың, жазаның ең ауыр түрі және ол ел ішінде өте сирек қолданылған. Теріс бата алу адамның сүйегіне таңба болып, халық та ондай адамнан теріс айналған.

Бата аяққа шақыру – қыз ұзату кезінде орындалатын ғұрып. «Бата аяқ» — жастардың алда болар үйлену тойына байланысты жаңа құдалардың өзара қорытынды келісімі. Күйеу жігіттің туыстары қызға сырға салуға барғанда «бата аяқ» өткізіледі. Осы басқосуда тойдың болар уақыты, қалың мал мөлшері, кәде-жоралар белгіленеді. Кейде бұл келісуді «баталасу» деп те атайды. Оның кесімді және кесімсіз бата («Сырға тағар», «Баталасу») сияқты екі түрі сақталған. Кесімді батада тойдың уақыты, шығын көлемі, мал саны нақты белгіленетін болса, кесімсіз батада тойдың өтетін уақыты ғана анықталып, себептерге байланысты өзге мәселелері кейінге қалдырылады. Қыз айтырушылар жағы ақшалай немесе мал түрінде сыйлық кәдесін береді.

Бәсіре – ер балаға арнайы сыйланатын құлын. Отбасында ең алдымен ұл бала туса, ата-анасы мен туыстарының атынан оған бір құлын атайтын болған. Бұл алғашқы сый «бәсіре» аталады. Бала атқа мінуге жарағанда құлын да өсіп, ат деңгейіне жетеді. Көне наным бойынша баланың болашағы оның бәсіресімен тығыз байланысты. Сондықтан да бәсіре иесінің тақымы тигенінше ат мінілмейді, сойылмайды және сатылмайды. Кейде бала 7-8 жасқа келгенде де, тіпті ат жалын тартып мінуге жараған шағында да туыс-туғандары бәсіре атап жатады. Бұл жағдайда бәсіресін бала өзі күтімге алып, мініске үйретеді. Оны меншікті мал ретінде бағалауға, өсіріп, пайдалауға үйренеді. Бұл — баланың көңілін өсіріп, оны ынталандырып тәрбиелеудің алғашқы жолы. Бәсірені кейде «жиенқұйрық» деп те атайды. Себебі жиен ең алғаш нағашыларына келгенде кәде ретінде бір мал атап, айдатып жібереді.

Беташар – қазақтың келін түсіру тойында орындалатын тәрбиелік мәні зор ғұрыптық рәсім. Жаңа түскен келіннің желегі арнайы

«беташар» рәсімі жасалмай ашылмайды. Беташар — көне заманнан жалғасып келе жатқан өзіне тән ерекшелігі, жол-жоралғысы бар салт-дәстүр. Бет ашатын адам той иесіне, елге сыйлы, ақындығымен танылған адам болуы керек, келіннің руынан болмауға тиіс. Жас келіншектің екі жағында ауылдың екі көргенді келіндері тұрады. Беташар әнінің негізгі мазмұны өсиет айтып, ақыл беру, қайын жұртымен таныстыру және қалыңдықтың көркі мен сымбатын, мінез-құлқын сипаттаумен анықталады. Қалыңдық ата-енесі, қайнағасы және қайынбикесі т.б. өлең шумақтары арқылы жеке-жеке танысқанда, әрқайсысына иіліп сәлем беріп, құрмет көрсетеді. Өнер көрсетіп бет ашқанда риза болған жігіт туыстары көрімдік беретін дәстүр әлі де жалғасып келеді. Беташар ақтық байлаған қамшымен қалыңдықтың бетін ашу арқылы аяқталады.

Боз бие шалу – құрбандық шалудың түрі. Аса маңызды оқиғаларға байланысты жасалатын ғұрып. Атап айтқанда, хан сайлауында, жаугершілік заманда батырларға ақ жол тілегенде Аллаға жалбарынып, құрбандыққа боз бие шалған. Жауласқан екі ел бітімге келіп, татуласқанда да боз биені шалып, қанына екі жақтың елшілері саусағын малып, жауласпауға ант берген. Жеті атаға толып, қыз алысып, қыз берісуге рұқсат алу үшін де боз биені құрбандыққа шалып, ақсақалдардың кеңесіне жүгінген. Соның негізінде руластар бір-бірімен баталасып, бәтуаласып қыз алысып, қыз беруге рұқсат еткен. Бұл дәстүр бүгінге дейін сақталып әрі жалғасып келеді.

Дауыс шығару (жоқтау айту) – аза тұту ғұрпында орындалатын рәсімдердің бірі. Өлгенді жоқтау көне замандардан келе жатқан ескі әдеттің сарқыны болып саналады. Л.Я. Штернбергтің тұжырымына

қарағанда, қайтыс болған кісіні мадақтау, оның өлгеніне күйіне қайғыру арқылы оны өмірге қайтаруға, яғни қайта тірілтуге болатындығына алғашқы адамдардың сенгендігіне байланысты жылап-сықтап, жоқтау айту әдеті қалыптасқан. Жоқтаудың мазмұнында марқұмды мадақтаумен қатар туған-туысының, жесірі мен бала-шағасының, дәрменсіз қарттарының болашағы туралы уайым айтылады. Аяғында ауыр қайғыға көндігіп, марқұмға иман, жұмақтан орын тілеумен аяқтайды. Қазақ қоғамында ауқатты, халық арасында беделді адамдар қайтыс болғанда ат шаптырып, ақындарды алдырып, арнайы жоқтатқан.

Енші беру – отбасы мүлкін бөлісуге байланысты дәстүрдің бірі. Қазақ қоғамында ұлы ержетіп, отау құрғаннан кейін ата-анасы оған мал-мүліктің, ыдыс-аяқтың бір бөлігін бөліп беріп, бөлек шығарады. Мұны «енші беру» деп атайды. Егер ата-анасы ерте қайтыс болса, үйдегі ұлдың үлкені енші бөлуге жауапты болып саналады. Ол өзінен кейінгі інілеріне әке-шешеден қалған дүниеден тең бөліп беруге міндетті болады. Кейбір жағдайларда ата-ана еншіні алдын ала бөліп, дайындап қояды. Қыздарға берілетін дүние-мүлік «жасау» деп аталады.

Есік-төр көрсету – келінге ел-жұртты таныстыруға байланысты атқарылатын ғұрып. Той аяқталғаннан кейін жас келінді күйеу жігіттің туыстары «үйді көрсін, бұдан былай ұялмай емін-еркін аралассын» деген ниетпен қонаққа шақырады. Бұл дәстүр «есік-төр көрсету» деп аталады. Келін шақырылған үйге құрықол келмейді, мүмкіндігі жеткенше сый-сияпат әкеледі. Есік-төрді көргеннен соң сол ауылдың ағайын-туыстарымен жақындасып, араласа бастайды. Кейде қыздың әке-шешесі мен туыстары да күйеу балаға есік-төр көрсетіп, қонаққа шақырып жатады. Ол да қалыңдықтың жеңгелері мен сіңлілеріне сырға, сақина,

орамал сияқты әшекей бұйымдар сыйлап, аралас-құралас болып кетеді. Соған орай дастарқан жайылып, күйеу жігітке төс салынған табақ тартылып, бірге келген құдалар мен күйеу жолдасқа киіт кигізіледі.

Естірту – жақын туысы қайтыс болған адамға қазаны хабарлау рәсімі. Бұл дәстүр қазақ халқында ертеден бар. Естірту басына қайғы түскен адамның ауыртпашылығын жеңілдету мақсатымен орындалады. Қазаны жол-жөнекей немесе жеңіл-желпі естірте салуға болмайды. Естіртуге ел ішіндегі сыйлы, сөзге шешен, жасы үлкен бірнеше адам жиналып, топ болып барады. Қайғылы хабарды естіртканде тікелей ашық айтпай, көркем сөз арқылы тұспалдап, салыстырмалы түрде жеткізеді. Естіртудің соңы көңіл айтып, қайғылы хабарға ортақтасып, жұбату рәсіміне ауысады. Жаугершілік замандарда қайғылы хабарды естірткен жаушы үйге қарай «ой, бауырымдап!» шауып келетін болған. «Үйге қарай жүгіруге болмайды», «атпен шауып келуге болмайды» деген тыйым сөздер осыған байланысты туындаған. Кейде естіртуші қаралы хабарды есіктің табалдырығына оң аяғын салып, босағаны керіп тұрып жеткізген. Осыған байланысты «Табалдырықта тұрма», «Босағаны керме» деген тыйымдар қалыптасқан.

Жар-жар (аужар, аушадияр) – қыз ұзатыларда қыздар мен жігіттер тобының кезек айтысуы арқылы орындалатын ғұрыптық рәсім. Бұл жырды жар-жар немесе аужар, кейде аушадияр деп те атайды. Оны үйдің сыртынан жігіттер бастайды және ішкі жақтағы әйелдер оған өлеңмен жауап береді. XIX ғасырдың басында Тарбағатай өңірінде болған И. Сиверс жар-жар туралы былай жазды: «Кешкісін енді төсекке жата

бергенімде, әйелдер мен қыздар көрші киіз үйге жинала бастады. Не болып жатқанын білгім келіп, аудармашымен бірге сонда бардым. Әйелдер оттың айналасында отырып, ғұрыптық өлеңдерін айтып отырды. Ал сырттан он бес еркек оларға өлеңмен жауап беріп тұрды. Өлең «дуэлі» біртіндеп күшейе түсті, әйелдер жағы жігітті мақтаса, еркектер жағы қалыңдық пен оның болашақ өмірін мадақтап жатты. Екі жақта да қалыңдық пен күйеудің рөліндегі өзінің әншісі болды. Олар тек өлең айтумен ғана емес, киімдерінің сәнділігімен де ерекшеленді. Ән айту таң атқанша жалғасты».

Жарысқазан – әйелді босандыруға байланысты ырым. Аяғы ауыр әйел толғата бастағанда үйге ауыл-үйдің жөн білер әйелдері жиналып, оны жеңіл босандыру үшін түрлі ырымдар жасайды. Толғақ күшейген кезде үй ішіне бақан қойылып, арқан керіледі. Әйелдің шашы тарқатылып, түймелері ағытылады, сандық пен қоржындардың аузы ашылады. Келесі атқарылатын кәде әйелдің толғағы жиілей бастағанда орындалады. Ауыл әйелдері жиналып, шашуларын шашқаннан кейін үйдің отанасы қазан көтеріп, сақтап жүрген жылы-жұмсағын ортаға шығарып, «жарыс қазан» асуға кіріседі. Шай қайнатылып, сүт пісіріледі. Ара-арасында «қара қазан бұрын қайнай ма, қара қатын бұрын туа ма» деп, пышақты қазанға әлсін-әлсін жанып-жанып қояды. Бұл әрекеттер —әбдіре ашылған, тең шешілген, түйін тарқатылған сияқты, шай қайнатым, сүт пісірім немесе ет піскенше қазанмен жарыса тез босансын деген ниеттен туындаған.

Жаушы жіберу – маңызды тапсырмаларды орындау үшін арнайы адамдар жіберу. Жаушы сөзі Махмуд Қашқаридың сөздігінде «хабар, хабар беру» деген мағынада қолданылады. Қазақ қоғамында болашақ

күйеудің әкесі құдалықтың алдында қыздың үйіне ауылдағы сыйлы, көпті көрген, тілге шешен адамды «жаушы» етіп жібереді. Кейбір өңірде жаушылар сырт белгісімен-ақ ерекшеленіп тұрады. Жеңіл киініп, шалбарының бір балағын етігінің қонышына тығып, екінші балағын сыртына шығарып қояды. Қазақ арасында бұл салттың XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін болғандығын кейбір деректер айғақтайды. Х. Арғынбаевтың пікіріне қарағанда, бұл әдет қыз әкесі құдалыққа қарсы болмай, жаушының жолы болып қайтуы үшін жасалатын ырым. Құдалар тобын ерткен жаушы жігіттің тегімен таныстырып, келу себебін айтқаннан кейін қыз әкесі туыстарымен ақылдасады. Оң келісім берсе, «жаушылар» қыздың әкешешесіне «қарғыбау» тастап кетеді. Қыздың туыстары «жаушыға» шапан жауып, «шеге шапан» кәдесін береді.

Жеңгетай – екі жастың арасына дәнекер болатын адам. Жігіт жеңгесі де, қыз жеңгесі де үлкендер мен жастар арасындағы делдал — бірінің өтінішін, екіншісінің тілегін жеткізуші, жас пен жастың арасын жалғастырушы. Қазақ отбасында қыздың тәрбиесі ата-анасы мен аға-жеңгелерінің міндетінде болады. Әсіресе, қыз баланың өмірінде жеңгенің рөлі ерекше зор. Көбіне жеңге қайын сіңілісінің есімін тура атамай — «Еркемай», «Еркежан» деп еркелетеді. Олардың арасында бірге туған апалы-сіңілілердей сырластық, сыйластық, жақын қарым-қатынас орнайды. Мұндай жеңгелер қайын сіңілісінің жақсы жерге барып, бақытты болғанын қалайды. Сол себепті оған лайықты жұбай болатын жігіттерді қарастыра жүреді. Қызда ойы бар жақсы жігіт болса, олардың арасында дәнекер болып, кездесулер ұйымдастырады. Еңбегі үшін жігіт қыз жеңгесіне тарту-таралғысын беріп отырады.

Жылу жинау – көмек көрсетеуге байланысты қалыптасқан дәстүр. Отбасы кездейсоқ немесе өзге де жағдайлармен қиындыққа тап болғанда, әсіресе өртке ұшырап баспанасынан, мүлкінен айрылғанда, жұтта малынан ажырап қалған кездерде туған-туыс, көрші-қолаң, ауыл адамдары жиналып, көмек көрсетіп отырған. Ол дәстүр «жылу жинау» деп аталады. Зардап шеккен отбасына әркім шама-шарқынша малынан, ыдыс-аяғынан, азық-түлігінен, киім-кешегінен және т.б. дүниесінен бөліп береді. Оны «жағдайы жетіп отырған адамның нашарға арнап жылу беруі Алла алдындағы іс» деп санаған. Бұл туралы Тәуке ханның «Жеті жарғысында» да айғақты деректер келтіріледі. Жылу жинауды халық арасында беделді, сөзі өтімді ел ағалары ұйымдастырады.

Жоралғы – туыстарға, жасы үлкен адамдарға, құрбы-құрдасқа көрсетілетін сыйластық, сый-сияпат, құрмет. Қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша жасалатын кәделерді «жоралғы» деп атайды.

Итжейде, иткөйлек – сәбидің қырқынан шыққанға дейін киетін көйлегі. Нәрестенің денесіне батпау үшін тігісі сыртына қаратылып, жөрмеліп тігіледі. Бала қырқынан шығарылған күні иткөйлекке түрлі тәтті қант-кәмпитті түйіп, иттің мойнына байлап жібереді. Ауыл балалары итті қуып жетіп, иттің мойнындағы тәттілерді алып, бөліп жейді де көйлекті иесіне қайтарып береді. Бұл ырым сәби «итжанды мықты болсын» немесе осы көйлек арқылы барлық қауіп-қатер итке ауыссын деген сенімнен туындаған. Қазақта «итжанды» деген сөз оның беріктігі мен төзімділігін білдіреді. Рәсімнен кейін итке тамақ беріледі. Бала көтере алмай жүрген келіншектерге иткөйлекті сыйлайды немесе бір кесіндісін

береді. Ілкі замандарда жолаушы алыс сапарға шыққанда, даулы іске барғанда, батырлар жауға шапқанда иткөйлекті өзімен бірге алып жүрген. Халық арасында иткөйлектегі баланың періштесі пәле-жаладан қорғайды деген түсінік болған.

Көңіл айту – кісісі қайтыс болған адамдарды жұбату, қайғысын бөлісу мақсатында жүзеге асырылатын әрекеттер жүйесі. Ел адамдары «Қайғы бөліссе азаяды» деп, қайтыс болған адамның отбасын жылы сөзбен жұбатып, қайғысына ортақтасуды парыз санайды. Көңіл айтуда шешендік сөздер арқылы адамың көңілін ғана жұбатып қоймайды, Алланың жазғанына көнуге, сабырлы болуға шақырады. Қаралы үйге көңіл айтып келген адамды алдынан шығып қарсы алмайды және кетіп бара жатқанда қоштасып, шығарып салмайды. Алдынан шығып қарсы алу аруақты сыйламау болып табылады, ал кетіп бара жатқанда шығарып салмау мұндай қаралы жағдай келген адамның басына келмесін деген ниетті білдіреді. Қаралы үйге көңіл айтушылар кісі қайтыс болған күннен жылы өткенше келе береді.

Көңіл сұрау – ауырып жатқан адамның хал-жағдайын білу, ауыртпалығын жеңілдету үшін атқарылатын шара. Көңіл сұрау қазақ халқының дәстүрлі әдебінде адамдардың бір-біріне деген құрмет, сыйластығын білдіреді. Төсек тартып жатқан адамның хал-жағдайын біліп, көңілін сұрау әр қазақ үшін адамгершіліктің белгісі, азаматтық парыз болып саналады. Көңіл сұрап келген адам «Алла дертіңе шипасын берсін», «Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады» деген сияқты жылы сөздер айтып, науқастың көңілін көтеруге тырысады. Кешке, бейуақытта, түнде көңіл

сұрап бару әдепсіздік болып есептеледі. Науқастанып жатқан адамға қайғылы хабарды, біреудің қайтыс болғанын айтпайды.

Көтендестіру – көнеден келе жатқан ырым. Босанатын күндері қатар екі әйелдің біреуінің босанғанын екіншісі сыртынан көріп қойса, жаңа туған балаға шілде қотыр шығады деп түсінген. Сондықтан екеуі де аяқ-қолын бауырына алғанша бірін-бірі көрмеуі керек деген сенім болған. Бір-бірін көріп қалған жағдайда нәрестелері қырқынан шыққаннан кейін екі келіншекті бір үйге әкеліп, арқаларымен дәлме-дәл түйістіреді. Сол кейіпте екеуі ыдысқа салыған асты бір-біріне ұсынады. Бұл ырымды «көтендестіру» деп атайды.

Қалыңдық ойнау (ұрын бару) – қалыңмалдың көп бөлігі төленгеннен кейін күйеу жігіттің қалыңдығының ауылына алғаш рет келуі. Мұны «қалыңдық ойнамақ» немесе «ұрын бару» деп атайды. Күйеу жігіттің қасына үштен тоғызға дейін дос-жарандары еріп барады. Олар қосшы аталады. Күйеу мен жолдастары түрлі кәделерін де ала барады. Бірінші кәде — «ілу». Ертеде ілуге

түйе, жылқы, сиыр және шапан апарған. Күйеу бала шапанды босағаға іліп кетеді. Оны қыздың туыстары алады. Күйеу жігіттің ұрын барған 3-4 күн аралығында ауыл жастары мен қыз жеңгелері кішігірім тойдуман өткізеді. Жеңгелері жігіт пен қызды кездестіріп, өздеріне тиесілі сый-сияпаттарын алады. Бірақ күйеу жігіт қыздың әке-шешесіне көрінбейді. Дегенмен қалыңдықтың әке-шешесі жолдастары арқылы күйеудің қоржынына түрлі сыйлықтар салып жібереді. Бұл қоржын «боқжама» аталады. Қалыңдық жеңгесі арқылы жігітке орамалға түйіп сырға, сақина, білезік сияқты ұсақ-түйек заттар беріп жібереді. Бұл заттарды алдынан шыққан қарындастары мен олардың құрбыларына үлестіріп береді.

Қол ұстатар – күйеу жігіт қыз ауылына ұрын барғанда орындалатын салттың бірі. Қазақ қоғамында ұлын үйлендіріп, қызын ұзатқан кезде түрлі ғұрыптар орындалады. Соның бірі — қол ұстатар. Қыздың жақын жеңгесі алғаш кездесіп отырған қыз бен күйеуді қол ұстастырып, сол үшін күйеу жігіттен «қол ұстатар» кәдесін алады.

Қонақасы – мейманды күтуге арналған дастарқан мәзірі. Қазақ отбасында үйіне келген адамға міндетті түрде тегін қонақасын беріп, оған жайлы төсек-орын ұсынып, күтіп жіберу дәстүрі ежелден орын алған. Бұл туралы қазақ жерінде болған саяхатшылар мен зерттеушілер тамсана жазған. Халық арасында шақырумен келген қонақты «арнайы қонақ», кездейсоқ жолаушыны — «құдайы қонақ», күтпеген қонақты «қыдырма қонақ» деп атайды. «Қонақасы — Тәңір ақысы» деп түсінетін ел адамдары қонақты төрге отырғызып, дәмді тамағын аузына тосып, мүмкіндігінше сый көрсетеді. Қонақасына қазақша ет асылып,

мүше тартылады. Ертеде, егер қонаққа дұрыс күтім көрсетілмесе, онда ол дала заңы бойынша билер сотына жүгініп, айып төлетуге құқылы болған. Адам қайтыс болған күні жиналған адамдарға мал сойып тамақ беруді де «қонақасы» деп атайды. Ол негізінен алыстан келген туыстары үшін беріледі.

Қоржынтой – күйеу жігітті қалыңдыққа аттандырар алдында жасалатын той. Алдымен жігіттің әке-шешесі «қоржын тігеміз» деп туыстары мен көрші-қолаңдарын жинап, қоржын шай береді. Қоржын шайға келгендер өздерімен тойға шашу ретінде қанткәмпит, киім-кешек, түрлі орамалдар мен маталар әкеледі. Оларды да қоржынға салады. Қоржынды ашатын әйелге арналып орамал мен мата салынады. Қоржынды толтырылғаннан кейін сыртына қоржын ашуға жиналатын қыз-келіншектерге арнап сақина, білезік, түрлі моншақ, сырға сияқты әшекей заттарды қосып тігеді. Бұл әшекейлерді қоржын ашқан әйелдер ырымдап, «жұғысты болсын» деп бөлісіп алады.

Құдалық – балаларды болашақ жұбай ретінде атастыру ғұрпы. Құда түсудің негізгі түрлері: бел құда, бесік құда, қарсы құда, сүйек жаңғырту және ержеткен балаларды айттырып үйлендіру. Бел құда — екі жолдас жігіттердің әйелдері бір уақытта жүкті болса, бір-бірімен «Егер менде қыз, сенде ұл туылса, құда боламыз» деп сөз байласуы. Бесік құда — балаларын бесікте жатқан кезінен атастырып қою. Қарсы құда — екі отбасы қарым-қатынастарын нығайту мақсатында бірі-бірімен қыз алысып, қыз берісуі. Кейде қалың мал беруге шамалары келмейтін жоқ-жітіктер де өзара келісіп, қарсы құда болады. Бұрын құда болған кісілер құдалықты тағы жалғастыратын болса, оны «сүйек жаңғырту»деп атайды. Айттырып құда түсу — халық арасында кең тараған үйлену түрі. Баласы үйлену дәрежесіне жақындағанда әкесі лайықты қалындық іздеуге тырысады. Алдымен экзогамиялық дәстүрмен қызды жеті атасынан әрі қарай таратып іздеген және өзіне барлық жағынан тең адаммен құдаласуға әрекеттенген. «Тең теңімен, тезек қабымен» деген мақал осыдан шыққан.

Құйрық-бауыр асату – құдаларды күту кезінде орындалатын ғұрып. Құйрық-бауыр асату — қазақ дәстүрінде құда болудың заңды белгісі. Екі жақ келісіп құда болған жағдайда, олардың алдына қатықпен араластырып, ұсақтап туралған құйрық май мен бауыр қойылады. Әкелуші әйел «бауырдай жақын, құйрықтай тәтті болыңдар» деп тілек білдіреді. Үлкен құда ауыз тиеді де, өзінен кейінгілерге береді. Ең кіші құда ауыз тигеннен кейін қонақтарға кезекпен құйрық-бауыр асатады. Асау үшін еңкейе берген адамның бетіне қолындағысын жағып жіберуге тырысады. Ә.Т. Төлеубаевтың пікіріше, төстік беру, құйрық-бауыр асату сияқты ғұрып тек серттесуді ғана білдірмейді. Бұл ғұрыпта қойдың ең майлы жерлерін пайдаланудың өзі болашақ отбасына байлық пен береке тілеуді білдіруі мүмкін, бір-бірінің бетіне майды жағып жіберу де осыған байланысты болса керек. Кейіннен бұл ғұрыпқа әзіл-қалжың, ойын ретінде қарайтын болған. Құйрық-бауыр желінген соң құдалар жағы табаққа кәде салады. Бұны табақ әкелгендер бөліп алады.

Құлақ тесу – қыз баланың өсу деңгейін белгілеу дәстүрі. Қыз жеті немесе тоғыз жасқа келгенде құлағын теседі. Себебі ол жеті жасқа дейін «ойын баласы» болып саналады. Жеті жасқа толған соң құлағын тесіп, оны ересек өмірге дайындай бастайды. Бұл күні қыздың анасы, туысқан апа-жеңгелері жиналып, дастарқан жаяды. Алдымен қыздың сырғалығын екі жағынан тарымен уқалап, жансыздандырады. Содан кейін қыздырылған инемен теседі. Құлақ тесу барысында әйелдер «құлағын жаман сөз, өсек-аяң естімесін, тіл-көзден сақтасын» деген сияқты ізгі тілектер айтқан. Кейде тесікке қызыл иттің жүнінен есілген жіп өткізіп қойған деген деректер де кездеседі. Себебі иттің жүні құлақ қотырланбай тезірек жазылуына септігін тигізеді деген сенім болған. Халық арасында қыздың құлағын тесу ұл баланы сүндеттеумен бірдей деген түсінік бар.

Қыз ұзату – қызды күйеуіне қосуға байланысты атқарылатын ғұрып. Қалыңмалдың көп бөлігі төленгеннен кейін күйеу жігіт ұрын келеді. Осы жолы ауыл әйелдеріне «кемпір өлді», «бақан тастар», «ит ырылдатар», «шымылдық ашар», «төсек салар» кәделері беріледі. Жақын жеңгесі күйеуге қыздың қолын ұстатып — «қол ұстатар», шашынан сипатып — «шаш сипатар», құшақтатып — «қыз құшақтатар» кәделерін алады. Қалыңмалды толығымен төлеген соң күйеу жігіт қалыңдығын алып келуге аттанады. Қалыңдықты алып кетер уақыт таяғанда қыз құрбыларын ертіп, қоштасу үшін туған-туыстарын аралайды. Туыстары қызға мүмкіндігінше түрлі сыйлықтар береді. Күйеу жігіт осы жолы той мал айдап әкеледі. Қыздың жеңгелеріне, сіңлілері мен құрбыларына түрлі кәделер үлестіреді. Үйден шығатын күні қыз сыңсу айтып, ата-анасымен, туған-туыстарымен, ауылымен қоштасады. Осы кезде орындалатын әннің бірі — жар-жар немесе аужар, оны кейде сарын деп те атайды. Қызбен бірге шешесі мен бірнеше туыстары шығады. Тұрмысқа шыққаннан кейін қызға төркіндеп келуге тек бір жылдан кейін ғана рұқсат беріледі.

Қырқынан шығару – баланың даму деңгейіне қатысты ғұрып. Баланың туғанына қырық күн толысымен оны қырқынан шығару рәсімі жасалады. Ілкі замандарда алғашқы қырық күн бала үшін қауіпті болып саналып, одан өткеннен кейін ғана нәресте осы әлемде біржолата қалады деген сенім болған. Баланы қырқынан шығару ауылдағы ең сыйлы, үбірлі-шүбірлі сақа әйелге тапсырылады. Сол күні қырық шелпек пісіріліп, таңертеңгі таза су қайнатылып, оған қойдың қырық құмалағын, қырық теңге т.б. салып, баланы шомылдырады. Шашы мен тырнағын алып, оны тұмар ретінде киіміне тігіп қояды. Баланы шомылдырып, шашы мен тырнағын алған адамға сақина, ыдыс-аяқ, күміс қалақ

т.б. сыйлықтар беріледі. Иткөйлегін «итжанды, мықты болсын», көйлек арқылы барлық қауіп-қатер итке ауыссын деп иттің мойнына байлап жібереді.

Қымызмұрындық – биенің жаңа маусымдағы қымызын ішуге орай өткізілетін той. Қымызмұрындық әр өңірде әртүрлі аталып өтеді. Жетісу, Батыс Қазақстанда қымызмұрындық делінсе, Сарыарқада биемұрындық, Шыңжаңда — биебау, Моңғолияда биебайлар деп аталады. Қымызмұрындық үшін арнайы жақсы биелер таңдалады. Олардың алғашқы сүтін екі-үш күн жинап, ашыған соң ақсақалдар мен көрші-қолаң, ауыл адамдары желінің басындағы «қымызмұрындыққа» жиналады. Сол күні мал сойылып, дастарқан жайылады. Қыстық соғымнан сарқылып, арнайы сақталып қалған майлы ішек асылады. «Ақ мол болсын» айтылып, желіге, айғыр мен биенің жалына айран құйылады. Желінің басындағы дастарқанға еттен бөлек құрт, ірімшік, сүт, айран қойылады. Артынан қымыз ішіліп, жиналғандар үй иесіне алғыс-тілектер айтылып, ақсақалдар батасын береді. Жиналған жұрт түрлі ойындар мен жарыстар ұйымдастырып, ән айтып, көңіл көтереді.

Мойнына бұршақ салу – көне ғұрыптың түрі. Баласы болмай зарыққан ата-ана мойнына көгеннің бұршағын салып, Алладан жалбарынып ұрпақ сұрайды. Перзенті ауыр науқастанып, хәл үстінде жатса немесе қатты қиындыққа ұшыраған адам да мойнына бұршақ салып, Құдайдан көмек сұраған. Мұндағы бұршақ деген — «көгеннің желісіне өткізілген, лақ, қозы байлайтын шағын бүлдірге жіп, бір жақ басы — түйіншек, екінші жақ басы — ескен жіптің тұйық ілмегі».

Мүшел қайыру – қазақ халқының жас есептеу үлгісі. Қазақ қоғамында он екі жыл уақыт мүшел деп аталады. Бірінші мүшел он үш жаста аяқталып, одан әрі он екі жылдан қосылып отырады. Жасы жүзден аса өмір сүрген адамның мүшел жасы тоғыз рет айналып келеді. Мәселен, он үш жастан кейін екінші мүшел — жиырма бес жас, үшінші мүшел — отыз жеті жас, төртінші мүшел — қырық тоғыз жас, бесінші мүшел — алпыс бір жас, алтыншы мүшел — жетпіс үш жас, жетінші мүшел — сексен бес жас, сегінші мүшел — тоқсан жеті жас, тоғызыншы

мүшел — жүз тоғыз жас, оныншы мүшел — жүз жиырма бір жасқа сәйкес келеді. Мүшелге өтер уақыт қауіпті есептеліп, ең жақсы бір киімін не болмаса бір қымбат затын жақын досына сыйлайды, садақа беріп, «құдайы» таратады. Мүшелге кірген адам сақтанып жүруге тырысады. Алыс сапарға шықпауға, той жасамауға, адамдармен ренжіспеуге әрекеттенеді.

Неке қию – екі жастың жұбайлық өмірге аяқ басқанын куәландыру ғұрпы. Қазақ үшін неке — қасиетті ұғым. Халық оны «ақ неке» деп ардақтайды. Неке қию қыздың қалыңмалы толық төленіп болғаннан кейін ұзату тойында орындалады. Қалыңдықтың туған шаңырағынан кететін күні молда шақырылып, үйде қыздың әке-шешесі, екі куәгер, неке қиюшы ғана қалады. Үйдің төр жағына күйеу мен қалыңдықты әке-шешесімен қатар отырғызады. Молда оларға қарама-қарсы, оң жақта куәләр отырады. Күйеу мен қалыңдықтың алдындағы сақина салынған ыдысқа су құйылып, молда дұға оқиды. Кейін жастардың өзара келісімін сұралады. Егер қыз ұялғаннан үндемесе де келісім берген болып саналады. Шариғат бойынша ата-анасы разы болса, жеткілікті. Қиылған некені «неке суын» ішкізу арқылы бекітеді. Неке суын қалыңдық пен күйеуден бөлек некелесуге қатысушылардың бәрі ұрттайды. Неке қиылғаннан кейін қыздың әкесі жастарға тілек айтып, батасын береді.

Оң жақта отырған қыз – тұрмысқа шықпаған бойжеткен. Қыз бала он үш жасқа келіп, алғашқы мүшелге толғанда ата-анасы киіз үйдің оң жағына шымылдық құрып, көрпе-төсегімен қызын «оң жаққа шығарады». Бойжеткенді «оң жақта отырған қыз», ал шымылдықты «көсеге» деп атаған. Үлкендердің «көсегең көгерсін» деген алғысы осыдан туындаған. Оң жаққа отыру қыз баланың бойжетіп, қалыңдық болуға жарап

қалғанын білдіреді. Осы кезден бастап қыздың тәрбиесіне, жүріс-тұрысына ерекше көңіл бөліне бастайды. Шашын қос бұрым етіп өріп, шолпы тағады. Кесте тігу, тамақ істеу сияқты үй шаруасына үйрете бастайды. Шымылдықты көрген қонақ бұл үйдің бойжеткен қызы бар екенін сезінген.

Отау тігу – бала үйлендірге байланысты ғұрып. Ұзатылған қыздың жасауына отау қосылып беріледі. Оны қалыңдықтың туыстары дайындап береді. Отау жас жұбайлардың алғашқы шаңырағы болғандықтан, оны мейілінше әсемдеп, толық жабдықтауға мән берілген. Ақ босағаның белгісі ретінде жабыны ақ киізден жасалып, ою-өрнектермен безендіріледі. Отауды жинақтауға шамасына қарай қыз туыстарының барлығы араласады. Дайын отау қыз ұзатылардан бұрын жіберіліп, ауыл әйелдері келін келгенге дейін тігіп қояды. Ақ отау үлкен шаңырақтың оң жағына тігіледі. Оның шаңырағын кез келген адам көтере бермейді. Ауылға сыйлы, ең өнегелі әйел немесе көп балалы кәрі күйеу таңдалады. Кәрі күйеу алыста болса, қос ат жіберіп, арнайы алғызады. Отау аса көлемді болса, аттың үстінде отырып көтереді. Кәрі күйеу еңбегінің төлеуіне ат мінеді, не түйе жетектейді. Отауға кірген жас келін мен жігітке арнайы дастарқан жайылып, ет беріледі. Жігіт мойын омыртқаны таза мүжіп, сүйегін ақ матаға орап шаңырақтан сыртқа лақтырады. Бұл шаңырақтан шыққан түтін лақтырылған сүйектей тура түтесін деген ұғымды білдіреді.

Өгізге теріс мінгізу – жазаның бір түрі. Үлкен адамға, ата-анаға тіл тигізген, қол көтерген, тәлім-тәрбиеге көнбеген, шектен шығып көргенсіз қылық жасағандарға қолданылатын жазаның ауыр түрі. Бұндай адамның мойнына құрым киіз ілініп, бетіне күйе жағады. Кейін өгізге теріс қаратып мінгізіп, ауылдың ішімен алып жүреді. Айыпты адам халық

алдында масқараланып қана қоймай, одан болашақта бұндай қылық жасамайтыны туралы уәде алынып, жұрт алдында кешірім сұратады. Жазаның ең ауыры айыптыны елден қуу кесімі болған. Кейде өгізге теріс мінгізу құдалық кезінде де жасалады. Құдаларға талап қойып, оны орындай алмағандарға жаза ретінде беріледі. Кей өңірлерде әйелдер жағы күлкі үшін талап қойып, орындай алмаған құдалардың бастарына киіз қалпақ кигізіп, үстеріне су құйып, беттеріне ұн, балшық жағып, өгізге теріс мінгізіп мазақ қылған.

Өлік жөнелту – жерлеу ғұрпын толық атқару. Қайтыс болған адамды үйдің оң жағына шымылдық ішіне немесе ши құрып, соның ішіне жатқызған. Адам қайтыс болысымен жан-жаққа хабаршылар жіберіледі. Келушілер қаралы үйге жақындай бере «ой, бауырым-ай» деп кіріп, туыстарымен көріседі. Ауыл әйелдері жесірінің маңына жиналып, жаулығын алып, әшекейлерін шешіп, шашын тарқатады және басына қара мата байлайды. Негізінен әйелдер ғана дауыс шығарып, жоқтау айтады. Үйдің есігінің алдына мақта, қара шүберек байлап қояды. Сол күні үйдегі беті ашық сұйық тамақтардың барлығы төгіледі, ас-тамақ берілмейді. Мәйітті жуындыруға әр атадан 5-6 адам қатыстырылады. Жатқан орнын су құюшы адам тазалап, орнына арпа, бидай шашады, аршамен аластайды. Бұл артындағы ұрпағы бидайдай өсіп-өнсін деген ұғымды білдіреді. Мәйітті жуып болған соң оны ақыретке (кебінге) орайды. Үйден шығарарда сырмақ немесе текеметке (иман киіз) салып көтеріп, «дәуір» жүргізеді. Тіршіліктегі күнәсін басқа адам алуға тиісті бұл жосын-жоралғыны «ысқат оқу» деп атайды. Кейін жаназасы шығарылып, киізге немесе кілемге орап шығарады. Осы кезде мәйіттің басындағы шүберекті айналдырып алып, жерге көміп тастайды. Қарт адам қайтыс болса, «жасын берсін» деген ниетпен халыққа «жыртыс» таратады. Жасы үлкен әйелдің жыртысына ине-жіп шаншып береді. Қайтыс болған адамның міниіс атының жалын күзеп, құйрығын тірсектен жоғары кесіп, «тұлдайды» және оны жылына дейін бос қоя береді. Себебі бұл жылқы марқұмның асына сойылады. Мәйітке қабір қазуда да жер жағдайына байланысты түрлі ерекшеліктер кездеседі. Оңтүстікте ақымдап жерлеу қалыптасқан. Қабірді көбіне жеті адамға қаздырады. Қайтыс болған кісінің «қонақасын», «жетісін», «қырқын», «жылын» беру оның артында қалған туған-туыстарының парызы болып табылады.

Өлі-тірі кәдесі – баланы үйлендіруге байланысты жасалатын жоралғы. Қалыңмалға қоса берілген еркек малды «өлі-тірі» деп атайды. Ол қыз үйінде аруақтарға арнап сойылып, марқұмдарға бағышталып Құран оқылады. Кейбір дереккөздеріне қарағанда, «өлі-тіріге» тұз, шай қосып әкеледі. Ертеректе «өлі-тіріге» жылқы берілген болса, кейін қой аталып жүр. Қыз әлі келін болып түспегендіктен, «өлі-тірі» етінен жеуге тыйым салынады. Ал Қазақстанның шығысында өлі-тіріден қыз дәм тату керек, болмаса іш құрылысы аурушаң болады, тіпті оны жемей тұрып, қалыңдық барған жерінің тамағын ішпеу керек» деген сенім сақталып қалған.

Сәлемдеме – біреу арқылы беріліп жіберілетін зат, сый-сияпат. Көптен бері көріспеген, сағынысқан адамдар бір-біріне қысқы сыбаға, жеңсік ас, керекті затын жіберіп отырады. Мұны «сәлемдеме» деп атайды. Сәлемдеме жіберу қазақта ертеден келе жатқан дәстүр. Сәлемдеменің міндетті түрде бағалы, құнды зат болуы шарт емес. Ол — адамдар арасындағы құрмет, сыйластықтың белгісі.

Сәлем салу – тәрбиелік мәні зор ғұрып. Сәлем салу үлкендерге деген құрметті көрсетеді. Келін ата-енесін, қайын ағаларын көргенде, дастарқаннан үлкен кісілер табақ қайтарғанда иіліп сәлем салады. Үлкендер жағы келінге алғыс-тілек айтып, бата береді. Сәлем салу арқылы келін мен ата-ененің, туған-туыстардың арасында сыйластық орнап, қарым-қатынас жақсарады. Бүгінгі күні сәлем салу Қазақстанның оңтүстігі мен батысында ғана сақталып қалған. Күйеуі қайтыс болған немесе аяғы ауыр әйелге сәлем салу міндеттелмеген.

Сүйек жаңғырту – бұрынғы құдалықты жаңғырту ғұрпы. Бұл — қазақ қоғамында ертеден келе жатқан ғұрып. Ұзақ уақыт құда болған адамдар «сары сүйек құдалар» деп аталады. Сүйек жаңғырту — сары сүйек құдалардың туыстық қатынасты үзбеу мақсатында тағы құда болып, құдалықты жалғастыруы. Сүйек жаңғырту алыстап кеткен құда-жегжаттардың арасын жақындастыру, қайта қосу үшін атқарылады.

Сүндетке отырғызу – ислам дінінің шарты бойынша баланы 5 немесе 7 жаста сүндетке отырғызады. Ол ислам дінімен бірге еніп, одан әрі ата-бабаларымыздың әдет-ғұрпына айналып кеткен. Сүндетке отырғызу — тазалықтың, мұсылмандықтың белгісі. Қазақ қоғамында баласын сүндетке отырғызу әр ата-ананың борышы болып саналады. Оның атқарылуына көбіне сәрсенбінің сәтті күнін таңдалады. Баланы сүндетке отырғызатын күні үйге молда шақырылып, дастарқан жайылып, туған-туыс жиналады. Молда Құран оқып, үлкендер жағы балаға бата береді. Молда баланың сүндеттелетін терісін қаздың майымен уқалап, жансыздандырады да өткір ұстарамен кесіп алады. Қан тез тоқтау үшін, орнына таза күл сеуіп, үстіне кесе төңкеріп қояды. Балаға жарасы тез жазылуы үшін, ұзын көйлек кигізеді. Сүндет тойға келген туған-туыстар мен ауыл адамдары міндетті түрде балаға сыйлықтар береді. Сүндетке отырғызған адамға қой, кейде жылқы беріп, шапан жабады. Бұл сыйлықты «сарпа» деп атайды.

Сүтақы – күйеудің тарапынан қыздың шешесіне берілетін сый-сияпат. Ол қызды бағып, тәрбиелегені үшін беріледі. Сүтақы кәделердің ішіндегі үлкені әрі бағалысы болып саналады. Оны құдалар қызды алуға барғанда ел-жұрттың, туған-туыстың алдында көрсетіп береді. Ерте кезде сүтақыны малдай берген болса, кейінгі кезде әрқилы бағалы заттар, киім-кешектер немесе ақшалай тарту түрінде тартылады.

Сыңсу – қыз ұзату тойында айтылатын үйлену ғұрып жырларының бірі. Ол ұзату тойы аяқталып, қыз үйден аттанар уақытта айтылады. Қаншалықты қиын болса да тағдырдың жазуымен туған жерімен, өскен үйімен, туған-туыспен, құрбы-құрдастарымен қоштасуға тура келеді. Дәстүр бойынша осы кезде қыз ата-анасына, аға-жеңгелеріне, іні-сіңілілеріне бір-бір шумақ өлең арнап, сыңсу айтады. Қыз сыңсуды

өз жанынан шығарады немесе ішкі толқынысымен үйлесетін қалыпты шумақтармен жеткізеді. Кейбір жеңгелері оның сыңсуына үн қосып, жиналған ел-жұрттың көңілін елжіретеді, еріксіз көздеріне жас алғызады. Соңында үлкендер оларды сабырға шақырып, жұбатады, жақсы тілектерін айтып, баталарын береді.

Сыралғы – түскен олжадан өзгелерге де берілетін үлес. Негізінен аңшылыққа байланысты туындағаны туралы деректер кездеседі. Аң аулаудан олжалы, қанжығасы қанданып келе жатқан аңшыға немесе саятшыға кездескен адам «майлансын» деген тілек айтып, олжасынан үлес алуға тырысқан. Мәрт аңшылар сұраған-ның сөзін жерге тастамайды. Халық бұл дәстүрді «сыралғы» деп атаған.

Тана тағу – құда түсуге байланысты рәсімдердің бірі. Тана — сәндік үшін тағатын түйме сияқты әшекейдің бір түрі. Бала ең алғаш өз бетінше еңбектеніп, бір жұмысты тиянақты атқарса, жеңгесі немесе ауыл әйелдері «Ержетті деген осы, бәрекелді!» деген сияқты сөздермен қолпаштап, баланың бөркіне, болмаса кеудесіне тана тағып береді. Бұл — баланың өзіне деген сенімділігін арттыру, мерейін өсіру үшін орындалатын дәстүр. Әке-шешесі де бұған шүкіршілік етіп, тана таққан әйелдерді жинап, қазан көтеріп, дастарқан жаяды. Кейде әкесі мал сойып, ауыл ақсақалдарының батасын алады. Тана тағудың екінші бір мәні баланы тіл-көзден сақтайды деген сенімнен туған. Тана көбіне әйелдердің киіміне, қыздардың тақиясына, бөркіне, омырауға, жағаға тағылады.

Тасаттық – жауын шақыру үшін атқарылатын ғұрып. Араб тілінен аударғанда Алла разылығы үшін қайыр, садақа беру деген мағынаны білдіреді. Ұзақ уақыт жаңбыр жаумай, құрғақшылық болып, егін,

шөп шықпаған кезде жергілікті халық жиналып, молда шақырып «тасаттық» береді. Молда Құран оқып, жиналғандар Алладан жаңбыр тілеп, дұға етеді. Құрбандыққа дені сау, күйлі мал құрбандыққа шалынады. Кейбір өңірлерде бауыздалған малдың қаны суға ағызылса, екіншілерінде жерге көміп тастайды. Суға ағызудың себебі, бұл ғұрыптың Су иесіне арналатындығынан болса керек. Кей жағдайда тасаттықты қорым басында да береді.

Тілашар – баланың тілі шыққанда жасалатын той. Ата-ана арнайы мал сойып, ауылдағы көпті көрген, ділмар қарияларды жинап, дастарқан жаяды. «Тілі тез шығады» деген ырыммен балаға қойдың тілін жегізеді. Ішекпен буындырған болып «Сөйлейсің бе?» деп сұрақ қойып, үш мәрте «сөйлеймін» деген уәде алады. Ақсақалдар балаға «Жиреншедей шешен бол, Жәнібектей көсем бол!» деп ақ баталарын береді. Қазіргі кезде баланың ең алғаш мектеп табалдырығын аттау құрметіне арнап өткізілетін той да «тілашар» аталады. Ертеде дәулетті, қолы жеткен адамдар балаларын Омбы, Орынбор, Бұқара, Самарқан сияқты қалаларға жіберіп, медреселерде білім алуға мүмкіндік жасаса, қарапайым халық ауыл ішіндегі молдаларға оқытқан.

Тоқымқағар, тоқымсалар, тоқымсілкер – жасөспірім бала алғаш жол жүріп, сапарға шығарда атқарылатын ғұрып. Арнайы мал сойылып, дастарқан жайылады. Бала мешікті атын мініп, ауыл аралап, тойға халықты өзі шақырады. Үлкендер жағы: «Жігіттің тоқымы жерде қалмасын, ат-көлігі аман келсін» деп бата береді. Бұл той «тоқымқағар», «тоқымсалар» немесе «тоқымсілкер» деп аталады. Ол баланың жеке-дара ат мініп, дербес болған мәртебесін белгілеу үшін жасалады. Сапарға шығарда ауылдың сыйлы, жасы үлкен қариясы «бісміллә» деп атқа баланы қолтығынан демеп мінгізіп, жүгенге ақтық байлайды. Анасы осы кісідей болсын

деген ырыммен әлгі ақсақалдың ерінен тоқымын шығарып алып, жол жүріп бара жатқан баланың артынан қағады. Тойға келген қауым баланың тоқымына шашу қыстырып қайтады.

Төркіндеу – ұзатылған қыздың төркін жұртына арнайы баруы. Қазақ қоғамында қыз тұрмысқа шыққаннан кейін бір жыл өткізіп барып туған шаңырағына төркіндеп барады. Осы аралықта бұрын үйінен ұзап көрмеген қыз бала отбасын, ата-анасы мен бауырларын, туыстарын қатты сағынады. Төркіндеу кезінде ол жақындарына арнайы сыйлықтар ала келеді. Әке-шешесіне бір-бір жағалы киім, қалғандарына түрлі киім-кешектер, заттар, әшекей бұйымдар әкелуге тырысады. Сағынышын басуы үшін төркіндеуге бір айдай уақыт беріледі. Қызы мен күйеу баласы арнайы келгенде отбасы мал сойып, кішігірім той-томалақ өткізеді. Қонақтарды қыздың жақындары, жекжаттары жеке-жеке шақырып, сый-сияпат жасайды. Төркіндеу дәстүрі жатжұртқа кеткен қыздың сағыныш-мауқын басып, демалып қайтуы үшін жасалады.

Төс қағыстыру – амандасудың түрі. Ұзақ уақыт көріспеген туыстар, құрбы-құрдас адамдар кездескенде төс қағыстырып, бір-бірімен қауышып амандасады. Алдымен қол алысып, содан кейін құшақтасып, оң мен солға ауытқып төс қағыстырады. Төс қағыстырып, құшақ айқастырып амандасу сағынышты білдіреді, әсіресе ер адамдар үшін сәлемдесудің ең құрметті түрі болып саналады. Наурыз мерекесі кезінде ер адамдар қол алысып, төс қағыстырса, әйелдер жағы құшақтасып амандасқан. Құдалық рәсімі кезінде құйрық-бауыр асасқаннан кейін «Құда — мың жылдық, күйеу — жүз жылдық» деп, жаңа құдалар төс қағыстырады. Бұл құдалықтың берік болуын меңзейді.

Тұсау кесу – бала алғаш жүре бастағанда атқарылатын ғұрып. Бала жүре бастағанда тұсау кесу рәсімі жасалады. Арнайы мал сойылып, дастарқан басына абысын-ажындар мен ауыл әйелдері жиналады. Баланың аяғын ала жіппен немесе қойдың майлы ішегімен байлап, кеседі. Кейде жіпті көк шөптен де есіп жасайды. Кейде бала аяғының екі жанына тамақ салынған ыдыстар қойылады деген деректер кездеседі. Байланған жіпті ауылдағы жүрісі жылдам, пысық әйел

пышақпен немесе ұстарамен қияды. Сүріншек, жайбасар адамға құлық білдірмейді. Қойдың майлы ішегі байлықтың, берекенің, ала жіп — адалдықтың, тазалықтың символы. Көк шөп «көк шөптей өсіп, өнсін» деген сенімді, ас-тамақ салынған ыдыстар — ырыстың, молшылықтың белгісі. Рәсімнің аяғында тұсау кескен әйелге арнайы сый-сияпат беріліп, ауыл адамдары алғыс-тілектерін айтып, бата береді.

Тымаққа салу – шала туылған баланы жетілдіру үшін атқарылатын әрекеттердің бірі. Мерзімінен бұрын туған нәрестені бесікке бөлеуге, құндақтауға келмейтіндіктен, жылы әрі жұмсақ теріден тігілген тымақ сәбидің жатуына өте қолайлы болып келеді. Көбіне «өмір жасы ұзақ болсын» деп ырымдап, сәбиді ұзақ өмір сүрген, көпті көрген көнекөз қарияның тымағына салады. Тымақты керегенің басына іліп, күн сайын келесі керегеге ауыстырып іліп отырады. Осылайша баланың жетпеген күндерін есептеп отырған. Айы-күні жеткенде баланы тымақтан шығарып, бесікке бөлеп, есімін қойып, жаңа туған балаға жасалатын рәсімдер атқарылған.

Үзеңгіден өткізу – баланы зиянкес рухтардың қастығынан сақтандыру тәсілдерінің бірі. Қазақ халқы баласының өмірде бақытты, өнегелі, батыл болып өскенін қалайды. Осыған байланысты ел ішінде түрлі әдет-ғұрыптар қалыптасқан. Соның бірі — үзеңгіден өткізу рәсімі. Сәби қырқынан шыққаннан кейін ел ішіндегі ержүрек батырдың, дуалы ауызды би-шешеннің, танымал тарихи тұлғаның үзеңгісінен өткізіп алуға тырысқан. Рәсім кезінде ат үстінде отырған адам оң аяғын үзеңгіден шығарып тұрғанда ата-ананың бірі құндақталған баланы үзеңгінің таралғысынан өткізеді. Бала ержетіп, өскенде «Пәленшенің үзеңгісінен өткен, бағы зор» деген сөздер айтылып жүреді.

Үкі қадау, үкі тағу – адамды зиянкес рухтардың қастығынан қорғау үшін жасалатын ырым. Дәстүрлі қазақ қоғамында үкі киелі құс болып саналады. Оның қауырсынын тіл-көзден сақтайды деген сеніммен нәрестенің бас киіміне, бесігіне, жүйрік атқа, домбыраға, босағаға тағып қояды. Қауырсын үлпілдеген әдемі болғандықтан, көздің сұғы адамға емес, үкіге түседі деп түсініп, ерте замандарда батырдың қамшысына, найзасының ұшына, сал-серілердің бас киіміне де үкі таққан. Сондай-ақ үкі тағу — қыздың айттырылғандығын білдіретін белгі. Қызға құда түсуге келген құдалар қалыңдыққа үкі тағады және осы рәсімнен кейін ғана құдалықтың қалған жоралғылары жасалады.

Уыз көже – малдың алғашқы сүтінен даярланатын тағам. Малдың төлдегеннен кейінгі бастапқы сүті уыз деп аталады. Енесінің уызын тойып емген төл тез ширайды және мықты болып өседі. Қазақтың «уызына жарымаған» деген сөзі осыған байланысты айтылған. Халық арасында уыздың қара уыз, сары уыз, ақ уыз сияқты түрлері кездеседі. Жаңа туған малдың ең алғашқы сүтін қара уыз, төлі емгеннен кейінгі сүтін — сары уыз, бір күннен кейінгі сүті ақ уыз аталады. Тағам дайындау үшін жаңа туған сиыр, қой, ешкінің екі-үш күн өткен тәтті ақ уызы алынады. Уызды қазанға құйып, баяу отта қайнатып, керегінше күріш қосады. Уыз көже пісірілген күні көрші-қолаң, ауыл адамдары, туған-туыстар арнайы дастарқанға шақырылып, уыз көжеден дәм татады. Үлкендер үй иесіне «төл мол болсын», «ақ дастарқаннан ағарған ас арылмасын» деген сияқты тілектер айтып, бата береді. Уыз көжеге шақыру — ежелден қалыптасқан дәстүр және қонақжайлылықтың айқын көрінісі.

Шаш сипар – қыз ұзатуға байланысты кәденің бірі. Күйеу жігіт қалыңдығының ауылына ұрын келгенде түрлі әдет-ғұрыптар жасалады. Соның бірі — шаш сипар. Бұл сапарға байланысты ауыл жастары мен қыздың жеңгелері кішігірім басқосулар ұйымдастырады. Қыздың жеңгелері жігіт пен қызды оңаша кездестіріп, өздеріне тиесілі сый-сияпаттарын алады. Ең жақын жеңгесі төсекте қатар отырған қыз бен күйеудің қолдарын ұстастырып, қалыңдықтың алғаш рет шашынан сипатып, «шаш сипар» кәдесіне қол жеткізеді.

Шілдехана – баланың өмірге келу құрметіне арналған ойын-сауық. Оны «шілдехана» немесе «шілде күзет» деп атайды. Жас босанған әйел мен жаңа туған сәбиге қаскөй күштер үйір болады деген сеніммен алғаш нәрестені жын-періден қорғап, «күзету» мақсатында пайда болған. Баланы қауіп-қатерден қорғау үшін бала туылған үйде үш күн бойы шам жағылып, күзетіледі. Уақыт өте ол ойын-сауық кешіне айналған. Әйел босанған күні кешке ауыл жастары жиналып, көңіл көтереді. Таң атқанша қыздар мен жігіттер ән салып, айтысады, түрлі ойындар ұйымдастырады. Кейде шілдехана үш күнге дейін созылады. Шам жағып күзету — адамның туылған және қайтыс болған кездерінде жасалатын рәсім.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абылқасымов Б. Телқоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры. — Алматы, 1993.
2. Ақ бата: Бата сөздер / Құраст.: С.Негимов, Т.Қазиұлы. — Алматы, 1992.
3. Ақ сандық, көк сандық: Балалар фольклоры. Құраст. Ш.Ибраев. Түсінігін жазған К. Матыжанов. — Алматы: Жазушы, 1988. — 256 б.
4. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке. — Алматы, 1984.
5. Әзібаева Б.У. Қазақ эпосының сюжеттері. — Алматы, 2014.
6. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. —Алматы: Ана тілі, 1991.
7. Бабалар сөзі: жүзтомдық. 72, 79, 90, 91, 93, 94-томдар. — Астана: Фолиант, 2011.
8. Байтұрсынов А. Бестомдық шығармалар жинағы. I том. Әдебиет танытқыш. — Алматы: Жібек жолы, 2002.
9. Бата тілектер / Құраст. Н.Уәлиев. — Алматы: Арыс, 2005.
10. Боздағым: Қазақтың жоқтау жырлары / Құраст. Т.Арынов. — Алматы, 1990.
11. Дәдебаев Ж. Түс аяны. — Алматы: Ғылым, 1992.
12. Дужин К. Свадебные обряды у киргизов Кокбектинского округа // Северная пчела. - 1855. - № 92. - С.16-18. , 98 б.
13. Дін мен дәстүр. II кітап. Тал бесіктен жер бесікке дейін. - Астана, 2017. -176 б.
14. Жақсылықов А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы (типология, эстетика, генезис). — Алматы: Қазақ университеті,1999.
15. Жәнібеков Ө. Жолайрықта. -Алматы: Рауан, 1995. - 110 б.
16. Жақыпов А. Сүлейменнің асы // Қазақ әдебиеті. -2001. - 3 қыркүйек.
17. Жетісу әуендері / Құраст. С. Медеубекұлы, Б. Мүптекеев. — Алматы, 1998.
18. Жүнісов А. Бабалар дәстүрі: қазақтың байырғы тұрмыс-салт ғұрыптары. - Алматы: Өнер, 1992. - 80 б.
19. Календарные обычаи и обряды в странах зарубежной Европы: Исторические корни и развитие обычаев. — Москва: Наука, 1983.
20. Кастанье И.А. Надгробные сооружения киргизских степей // Труды ОУАК. - СПб., 1911. - Вып. 26. - С. 51-56., 71 б.
21. Кенжеахметұлы С. К. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. — Алматы: «Алматы кітап баспасы» ЖШС, 2010. - 312 б.
22. Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. — Алматы: Санат, 1998.
23. Колбасенко И.С. Киргизская колыбель. Несколько слов об уходе за детьми у киргизов // Протоколы заседания акушерско-гиникологическогообщества в Киеве. -1890. - Вып.6. - С. 35-41.
24. Кон Ф. Предварительный отчет по экспедиции в Урянхайскую землю // Известия Восточно Сибирского отдела ИРГО. - 1903. - №1. - С. 56-64.
25. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. Фольклор кезеңі. — Алматы: ҚАЗақпарат, 2007.
26. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-15-том. — Алматы, 2011.
27. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-5 том. — Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012.
28. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. — Алматы: Арыс, 2005.
29. Қайыржан К. Сөз — сандық: Қазақтың көне сөздері. — Алматы: Өнер, 2013.
30. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. — Алматы, 2001.
31. Қазақы тыйымдар мен ырымдар / Құраст. А. Құралұлы. — Алматы: Өнер, 1998.
32. Қазақ ырымдары. Казахские поверья / Құраст.: А. Қайбарұлы, Б. Бопайұлы. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.

33. Қазақстан: Ұлттық энцклопедия. Т. II / Бас редактор Ә. Нысанбаев. — Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
34. Қазақ бақсы-балгерлері / Құраст. Ж.Дәуренбеков, Е.Тұрсынов. — Алматы, 1993.
35. Қазақтың музыкалық фольклоры. — Алматы, 1982.
36. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. — Алматы, 2005, 2006.
37. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Қазақстан, 1995. - 238 б.
38. Қасқабасов С. Ойөріс. — Алматы: Жібек жолы, 2009. — 303 б.
39. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. — Астана: Аударма, 2002. — 584 б.
40. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қазақ, hәм хандар шежіресі. - Алматы: Дастан, 1992. - 120 б.
41. Материалы по казахскому обычному праву. - Алматы: Жеті жарғы, 1996. - 208 с.
42. Материалы по обследованию хозяйства и землепользования киргиз Семипалатинской обл. Зайсанский уезд. - СПб., 1913. - Т. 3. - 609 с.
43. Мұсаханқызы Ө. Монғолия қазақтарының өлікті жерлеу әдет-ғұрыптары // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1994. - №6. - 62 б.
44. Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры: Хрестоматия / Құраст.: Б.Абылқасымов. — Алматы, 2004.
45. Оспанұлы Е. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Қазақ, орыс, ағылшын тілінде. — Алматы: Orda Invest, 2009. — 224 б.
46. П. Обычай казахов Семипалатинской области // Русский вестник. - 1878. - № 9. - С.23-46.
47. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. Часть III. — Спб., 1870.
48. Руденко С.И. Очерк быта северо-восточных казаков // Казаки: Сборник статей. - Л., 1930. - Вып. XV. - С. 1-62.
49. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. — Алматы: Ғылым, 1997.
50. Садырбаев С. Халық ауыз әдебиеті. — Алматы: Қазақ университеті, 1990.
51. Сиверс И., Фальк И.П. Письма из Сибири. -Алматы: Ғылым, 1999. - 136 с.
52. Снесарев Г.П. Реликты домусульманских веровании и обрядов у узбеков Хорезма. - М.: Наука, 1969. - 336 с.
53. Тал бесіктен жер бесікке дейін. Қазақтың отбасылық ғұрып жырлары / Құраст. К.Ісламжанұлы. —Алматы, 1996.
54. Той: Құтты болсын тойларың / Құрастырғандар: Ж.Дәуренбеков, Б.Сапаралы. — Алматы: Өнер, 1993. — 729 б.
55. Тоқтабай А. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі жылқы феномені. Тарих ғ. д. дисс. автореф. - Алматы, 2010. - 52 б.
56. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-нач. XXв.). -Алма-Ата: Ғылым, 1991. -213 с
57. Турсунов Е.Д. Возникновение баксы, акынов, сери и жырау. — Астана, 1999.
58. Түс жору түрлері және қазақтың ырымдары. — Алматы, 2005.
59. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. — Алматы, 1974.
60. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. — Алматы: Ғылым, 1993.
61. Ыбыраев Ш., Алпысбаева Қ., Әлібек Т. Халық әдебиетін жинау, жүйелеу және сақтаудың әдістемелік құралы. — Алматы, 2009.
62. Ісламжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. — Алматы, 2007.
63. Шәлекенов У.Х. Қазақтың жанұясының кейбір мәселелері // Зерде. -1993. - № 6. - Б. 51-58.
64. Штернберг Л.Я. Первобытная религия в свете этнографии. - Л., 1936. - 204 с.

РЕЗЮМЕ

Шестой том десятитомного сборника «Антология степного фольклора» включает избранные образцы магического фольклора (заклинание, заговор, благопожелание, песня баксы, запреты, снотолкование, приметы), ремесленного и календарного фольклора, а также семейно-обрядового фольклора. От рождения до смерти жизнь человека сопровождается различными ритуалами и обрядами. Он отражает широкий спектр когнитивных (мифологических, религиозных) взглядов и убеждений об окружающей среде, жизненном опыте. Обрядовый фольклор - сложная система, которая функционирует синкретически через единство различных ритуальных действий. В основе традиционных текстов, произносящихся во время определенного ритуала, изначально присутствует магическая функция, а затем забытые ритуальные значения обряда. Большинство жанров ритуального и магического фольклора исполняются не только на словах, но и сопровождаются определенными действиями. Сила магии заключается не только в словах, но и в действиях исполнителей. В жанрах «благопожелание» и «проклятие» преобладают сила слова, а в жанрах «заклинание», «заговор» и т.д. слова и действия играют одинаковую роль. К сожалению, многие тексты, отображающие эти жанры полностью не описаны и не зафиксированы. В традиционном казахском обществе магический и обрядовый фольклор обладали свойством регулировать установленную систему поведения человека в обществе.

В истории сбора, публикации и изучения обрядового фольклора важно отметить роль путешественников и исследователей, побывавших в казахских степях со второй половины XVIII века. Российские ученые В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Н.Ф. Катанов, Н.Н. Пантусов, А.Е. Алекторов, Ф. Плотников рассматривали жанр в сравнении с обрядовым фольклором и этнографией тюркских народов. И в трудах основоположников отечественной фольклористики Ч. Валиханова, Ы. Алтынсарина, А. Диваева, А. Байтурсынова, Х. Досмухамедова, а также их продолжателей М. Ауэзова, С. Сейфуллина, Б. Кенжебаева, М. Габдуллина, М. Сильченко, Ш. Ахметова, Б. Уахатова, С. Каскабасова, Ш. Ибраева и других ученых, были научно сформулированы некоторые закономерности обрядового фольклора.В советское время не было возможности изучить и обобщить роль обрядового и магического фольклора в традиционной культуре, а также особенности жанра в целом. Поэтому традиционный казахский фольклор, связанный с древними верованиями, впервые был исследован как сложная жанровая система в монографиях Б. Абылкасымова «Телконыр» (1993), К. Матыжанова «Духовные истоки» (1995), «Казахский семейный

фольклор» (2007). Образцы обрядового фольклора были собраны и изданы в разные годы В.В. Радловым, Н.Н. Пантусовым, А. Диваевым, И. Жансугуровым, М. Хакимжановой, Ф. Габитовой, Б. Жакыпбаевым, С. Жакыповым, М. Тлеужановым, М. Гумаровой, Т. Сыдыковым, Е. Турсыновым, К. Саттаровым, Ш. Ибраевым, Б. Абылкасымовым, К. Матыжановым и другими.

Большинство текстов обрядового фольклора взято из фондов редких рукописей Института и Центральной научной библиотеки, а также материалов фольклорных и этнографических экспедиций, собранных в стране и за рубежом.

При подготовке тома к изданию составителями были учтены мнения, выводы и рекомендации ведущих ученых-фольклористов страны, Ученого совета и специалистов Института. В результате была определена структура тома, в котором представлены лучшие образцы жанра. Эти тексты сравнивались с рукописями и печатными вариантами текстов, написанными и изданными на основе арабского алфавита, устранены ошибки допущенные в предыдущих публикациях, а бывшие редакционные изменения и правки были устранены. Наряду с книжной версией научного издания подготовлены аудиозапись и электронная версия в современном цифровом формате.

Структура тома включает приложения: краткое определение фольклорных жанров, иллюстрации, заметки, этнографический словарь с рисунками, ссылки, резюме (на русском и английском языках). Определение древнетюркских, местных и иностранных слов (арабский, персидский, русский и др.). Для иллюстраций использованы картины из личного фонда художника Ералы Оспанова. Для звукозаписи текстов были приглашены известные артисты и дикторы страны. Специальный штрих код доступа помещен на обложке книги. Электронная версия книги размещена на известных сайтах и вебпорталах.

SUMMARY

The sixth volume of the ten-volume anthology of steppe folklore includes selected samples of magical folklore (incantation, spell, goodwill, baksy'ssong, prohibitions, dream interpretation, signs), craft and calendar folklore, as well as family ritual folklore. From birth to death, a person's life is accompanied by various rituals and ceremonies. It reflects a wide range of cognitive (mythological, religious) views and beliefs about the environment, life experience. Ritual folklore is a complex system that functions syncretically through the unity of various ritual actions. In the core of traditional texts pronounced during a certain ritual, there is initially a magical function, and then the forgotten ritual meanings of the rite. Most genres of ritual and magical folklore are performed not only in words, but also accompanied by certain actions. The power of magic lies not only in the words, but also in the actions of the performers. In the genres "goodwill" and "curse" the power of the word prevails, and in the genres "incantation", "spell", etc. words and actions play the same role. Unfortunately, many texts reflecting these genres are not fully described or recorded. In traditional Kazakh society, magical and ritual folklore had the ability to regulate the established system of human behavior in society.

In the history of collecting, publishing and studying the ritual folklore, it is important to note the role of travelers and researchers who have visited the Kazakh steppes since the second half of the 18th century. Russian scientists V.V. Radlov, G.N. Potanin, N.F. Katanov, N.N. Pantusov, A.E. Alektorov, F. Plotnikov considered the genre in comparison with the ritual folklore and ethnography of the Turkic peoples. In the works of the founders of national folklore Ch. Valikhanov, Y. Altynsarin, A. Divaev, A. Baitursynov, H. Dosmukhamedov, as well as their successors M. Auezov, S. Seifullin, B. Kenzhebaev, M.Gabdullin, M. Silchenko, Sh. Akhmetov, B. Uakhatov, S. Kaskabassov, Sh. Ibraev and other scientists, some patterns of ritual folklore have been scientifically formulated. In Soviet times, it was not possible to study and generalize the role of ritual and magical folklore in traditional culture, as well as the peculiarities of the genre in general. Therefore, the traditional Kazakh folklore associated with ancient beliefs was first studied as a complex genre system in the monographs of B. Abylkasymov "Telkonyr" (1993), K. Matyzhanov "Spiritual origins" (1995), "The Kazakh family folklore" (2007). Ritual folklore patterns were collected and published in different years by V.V. Radlov, N.N. Pantusov, A. Divaev, I. Zhansugurov, M. Khakimzhanova, F. Gabitova, B. Zhakypbaev, S. Zhakypov, M. Tleuzhanov, M. Gumarova, T. Sydykov, E. Tursynov, K. Sattarov, Sh. Ibraev, B. Abylkassymov, K. Matyzhanov and others.

Most of the texts of ritual folklore were taken from the collections of rare manuscripts of the Institute and the Central Scientific Library, as well as materials from folklore and ethnographic expeditions collected in the country and abroad.

When preparing the volume for publication, the compilers took into account the opinions, conclusions and recommendations of the country's leading scientists-folklorists, the Academic Council and specialists of the Institute. As a result, the structure of the volume was determined, which presents the best patterns of the genre. These texts were compared with manuscripts and printed versions of texts which were written and published based on the Arabic alphabet, mistakes made in previous publications were eliminated, and former editorial changes and corrections were eliminated. Along with the book version of the scientific publication, audio recording and electronic version in a modern digital format have been prepared.

The structure of the volume includes appendices: a brief definition of folklore genres, illustrations, notes, ethnographic dictionary with pictures, links, summaries (in Russian and English). Definition of ancient Turkic, local and foreign words (Arabic, Farsi, Russian, etc.). Pictures from the personal fund of the artist Yeraly Ospanov were used as illustrations. Famous artists and announcers of the country were invited to record the lyrics. A special access barcode is placed on the book cover. The electronic version of the book is posted on the well-known sites and web portals.

МАЗМҰНЫ

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН 7

МАГИЯЛЫҚ ФОЛЬКЛОР 11

БӘДІК 12
Бәдік өлеңдер 13
Бәдік *(I түрі)* *13*
Бәдік *(II түрі)* *16*
Бәдік *(III түрі)* *17*
Бәдік *(IV түрі)* *18*
Бәдік айтыс *(I түрі)* *19*
Бәдік айтыс *(II түрі)* *22*

Арбау 27
Арбау *(I түрі)* *28*
Құрт арбау 29
Жылан шаққанда уын қайтару арбауы 31
Жылан, қарақұрт шаққанда оқу *(I түрі)* *32*
Жылан, қарақұрт шаққанда оқу *(II түрі)* *32*
Ұшық 33
(*Ауру адамдарды ұшықтауға арналған*) 33
Күн жайлату 34

БАҚСЫ САРЫНЫ 37
Бақсы сарыны *(I түрі)* *38*
Бақсының сөзі *57*
Ұзақбай бақсының сарыны 61
Ешмұхамед бақсының сарыны 63

БАТА 71
Шілдехана батасы 104
Тұсаукесер батасы 105
Сүндет тойға бата 106

АЛҒЫС 113

ҚАРҒЫС 121
Қысқа қарғыстар 123

ТЫЙЫМ СӨЗДЕР 129
Балаға байланысты тыйымдар 130
Әйел адамға қатысты тыйымдар 130
Төрт түлікке қатысты тыйымдар 131
Аңшылыққа қатысты тыйымдар 132
Табиғатқа қатысты тыйымдар 132
Тұрмысқа қатысты тыйымдар 134
Қазаға қатысты тыйымдар 140
Тағамға байланысты тыйымдар 140

ЫРЫМДАР 145
Балаға арналған ырымдар 146
Әйелге қатысты ырымдар 150
Қазаға қатысты ырымдар 153
Төрт түлікке қатысты ырымдар 154
Тағамға байланысты ырымдар 156
Үй тұрмысына қатысты ырымдар 158

ТҮС ЖОРУ 163
Жақсылыққа жорылатын түстер 164
Жамандыққа жорылатын түстер 172
Жорамал түстер..... 176

ЭПИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТҮСІ 180
Жүсіп пайғамбардың түс жоруы 180
Мәлік Дұғардың түс көргені..... 181
Мөңке бидің түсі 185
Харон Рашид патшаның түсі 186
Ақсақ Темір туралы..... 186
Әмір Селжүктің түсі 187
Бабыр мырзаның Самарқан қаласын алар алдындағы түсі..... 187
Бекет атаның түс жоруы 187
Ертеден жеткен аңыз 188
Алпамыстың әкесі Байбөрінің түсі 188
Қобыланды батырды Құртқаның түсінде көруі 188
Едігенің түс жорытуы..... 189
Мамайдың анасы Қараүлектің түс жоруы 191
Ер Сайынның әйелі Аюбикенің түсі..... 193
Қыз Жібектің түс көруі..... 195
Абылай ханның түсі 196
Жантай батырдың Бөгенбай батыр туралы түсі 197
Барақ батырдың түсі..... 198
Абылай ханның түсі 202
Жәнібек батырдың түсін Абылайдың жоруы 203

КӘСІПКЕ ҚАТЫСТЫ ФОЛЬКЛОР 209
Мал атасы..... 210
Қамбарата 210
Қамбаратаға..... 210
Ойсылқара 211
Ойсылқараға 211
Зеңгібаба..... 212
Зеңгібабаға 212
Шопаната 213
Шопанатаға..... 213
Сексеката..... 214
Сексекатаға 214
Төлді қалай шақырады? 215
Баласын сую 216
Қой телу (I түрі)..... 217
Қой телу (II түрі) 217
Қой телу (III түрі) 218
Бие сауу жыры..... 219
Мал баққанда 219
Сарымай алу өлеңі 220
Саба толқу жыры..... 220
Томаға тарту 221
Қармақ салу жыры (I түрі) 222
Қармақ салу жыры (II түрі) 223
Жүн сабау жыры..... 223
Шай теру жыры 224
Айбалта..... 225
Алма теру жыры 225
Тары егу..... 226

МАУСЫМДЫҚ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫ 231
Жарамазан 232
Наурыз жыры 241
Жыл құсын көргенде 242
Тырналар қайтқанда 242
Жаңа айды көргенде 242
Ай туады дөңгелек 243
Жаңбыр жауғанда 243
Желге 243

ОТБАСЫЛЫҚ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫ 247

БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫ 249

СӘБИЛІК САЛТ ЖЫРЛАРЫ 250
Баланы майлап-сылағанда 250
Бесікті аластау 250
Бесікке бөлеу 251
Бесіктен шешіп аларда 251
Бала алғаш отырғанда 251
Жаңа киім кигізгенде 251
Өс-өс! 251
Тұсау кесу жыры 252
Тәй-тәй 253

БЕСІК ЖЫРЫ 253
Бесік жыры *(I нұсқа)* *253*
Бесік жыры *(II нұсқа)* *253*
Бесік жыры *(III нұсқа)* *254*
Бесік жыры *(IV нұсқа)* *255*
Әлди, әлди, әл бөпем 256
Әлди, балам, әлди-ай 258
Әлди, бөпем, әлди 261
Жылама, әлди, жылама 261
Бөбегім-ау 263
Әлди, әлди, ақ бөпем 263
Бөпешім менің ұға ма? 265
Ұйықтай қойшы, бөпешім 266

УАТУ-АЛДАРҚАТУ ЖЫРЛАРЫ 267
Уату 267
Ақ бөпем 267
Жұбату 267
Құлақ кесу 267
Айналайын баладан 268
Айналайын айдан 268
Ойнар 268

СҰРАМАҚ 269
Апам үйіне барамын 269
Бақа 269
Ауылың қайда? 269
Кім айтар? 269
Кім күшті? 270
Түйе, түйе, түйелер *(I түрі)* *271*
Түйе, түйе, түйелер *(II түрі)* *272*
Түлкішек 273

МАЗАҚТАМА 273
Кетік 273
Кетік балаға 273

Асық-ай ... 274
Сүйімжан ... 274
Ойнамасаң, ойын бақ ... 274
Алдаушы ... 275
Бауырсақ ... 275
Тәжікелесу ... 276

ҚАЛАМАҚ ... 276
Қаламақ *(I түрі)* ... *276*
Қаламақ *(II түрі)* ... *276*
Қаламақ *(III түрі)* ... *277*
Қаламақ *(IVтүрі)* ... *277*
Қаламақ *(V түрі)* ... *277*
Қаламақ *(VI түрі)* ... *278*
Қаламақ *(VII түрі)* ... *279*
«Тоқтышақ» ойынындағы қаламақ ... 279
Кім керек ... 280
Ақ серек, көк серек ... 280
Ақ сандық, көк сандық ... 281
Жасырынбақ ... 281
«Көз қарасу» ойыны ... 281

САНАМАҚ ... 281
Санамақ *(I түрі)* ... *281*
Санамақ *(II түрі)* ... *282*
Санамақ *(III түрі)* ... *282*
Ойлап тап ... 283

ОЙЫН ӨЛЕҢДЕРІ ... 283
Саусақ санау ... 283
Саусақ санау ойыны ... 284
«Қуыр-қуыр, қуырмаш» ... 285
Ойынға шақыру ... 286
«Серік-серік» ойынында айтылатын өлең ... 286
«Қасқырқақпан» ... 288
«Соқыртеке» ... 288
«Ай керек» ... 289
«Ақ бұзау» ... 290
«Қалай айтуды білемін» ... 290
«Шымбике» ... 293
«Сен тұр, сен шық!» ... 294
«Ақ серек, көк серек» ... 295
«Айқұлақ» ... 295
«Қара құлақ» ... 296

ҮЙЛЕНУ ФОЛЬКЛОРЫ ... 299

ТОЙБАСТАР ... 300

ЖАР-ЖАР ... 307

АУШАДИЯР ... 315

НЕКЕ ҚИЯР ... 317

СЫҢСУ ... 317
Ұзатылып бара жатқандағы көрісулер ... 319

БЕТАШАР ... 337

АЗАЛАУ ФОЛЬКЛОРЫ ... 351

АРЫЗДАСУ ... 352
Адам оң жаққа салынғанда айтылатын жоқтау ... 353

ЕСТІРТУ, ТОҚТАУ **353**
Өлім шыққан жерге көңіл айту 355
Сүйекті үйден шығарғанда айтылатын жоқтау 355
Марқұмның сүйегімен қоштасу үлгісі 356

КӨҢІЛ АЙТУ, ЖҰБАТУ **357**

КӨҢІЛ АЙТА КЕЛГЕНДЕРМЕН КӨРІСУ ӨЛЕҢІ **361**
Жылқы ішінде дөнен кер 361

ЖОҚТАУ **362**
Сәби балалар үшін жоқтау 362
Әкені жоқтау 365
Ананы жоқтау 371
Ананың ұлын жоқтауы 374
Ағаны жоқтау 377
Әйелдің ерін жоқтауы 381
Айттырылған қыздың күйеуі оқыс қайтыс болғандағы ақтай жоқтау үлгісі 389
Анасының жоқтауы 389
Айттырылған қалыңдықтың ақтай жоқтағаны 394
Марқұмның жетісіне дейін айтылған жоқтау өлең үлгісі 400
Марқұмды еске алу кезінде айтылған өлең 400
Айт күнгі мерекеде айтылған жоқтау 400
Марқұмның тұлданған атына көрісу 401
Тұлданған ат сойылардағы айтылған жоқтау 402
Марқұмның жылдығында айтылған жоқтаулар 403
Ел тұлғаларын жоқтау 405

НОТАЛАР **410**

ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ **420**

СУРЕТТІ СӨЗДІК **436**

ӘДЕБИЕТТЕР **472**

РЕЗЮМЕ **474**

SUMMARY **476**

МАЗМҰНЫ **478**

ЕСКЕРТПЕЛЕР ҮШІН

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ
АНТОЛОГИЯСЫ

6-том

ОБРЯДОВЫЙ ФОЛЬКЛОР

(на казахском языке)

Утверждено Ученым советом Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова

Редактор Ж. Қайранбай
Корректор М. Солтанғазина
Компьютерде терген Е. Сманова
Аудио мәтінді оқығандар:
С. Жақан, А. Серіков, Г. Тутова, Ж. Толғанбай, Д. Есімбеков
Аудио мәтінді дайындаған Е. Елгезек
Беттеген А. Жұмағалиев

Басуға 28.10.2020 ж. қол қойылды.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «DS Baltica».
Пішімі 70 × 108 $^{1}/_{16}$. Көлемі 30,25 б.т.
Таралымы 10 000 дана.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

«Brand Book» ЖШС баспаханасында басылды